



ЖҰҚАШ
КӘРІБАЙҰЛЫНЫҢ
ЖИҒАН-ТЕРГЕНІ



*Карыбаев
Исхак*

ЗА ХРАБРОСТЬ, СТОЙКОСТЬ И МУЖЕСТВО, ПРОЯВЛЕННЫЕ В БОРЬБЕ С НЕМЕДИКО-ФАШИСТСКИМИ ЗАХВАТЧИКАМИ, И В ОЗНАМЕНОВАНИЕ 40-ЛЕТИЯ ПОБЕДЫ СОВЕТСКОГО НАРОДА В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЕ 1941—1945 ГОДОВ

УКАЗОМ ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО СОВЕТА СССР от 11 марта 1985 г. НАГРАЖДЕН ОРАДЕНОМ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ I степени

Секретарь Президиума Верховного Совета СССР *Умарбеков*

№ дела *7686583*

В № 400285



„ДВАДЦАТЬ ЛЕТ ПОБЕДЫ В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЕ 1941—1945 гг.“



„ЗА ПОБЕДУ НАД ГЕРМАНИЕЙ В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЕ 1941—1945 гг.“

УДОСТОВЕРЕНИЕ

ЗА УЧАСТИЕ В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЕ

*Краскомету
Исхак*

УКАЗОМ ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО СОВЕТА СССР от 9 мая 1945 года НАГРАЖДЕН МЕДАЛЬЮ

„ЗА ПОБЕДУ НАД ГЕРМАНИЕЙ В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЕ 1941—1945 гг.“

От Юстиции Президиума Верховного Совета СССР медаль вручена

31.05.45 1945 г.
М. П. *Нашиев* *Аидина*



„СОРОК ЛЕТ ПОБЕДЫ В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЕ 1941—1945 гг.“



УЧАСТНИКУ ВОЙНЫ

Награжден медалью:

за Отвагу *Ж.*

ИЗВЛЕЧЕНИЯ

из „Положения о медали „За отвагу““ (Утверждено Указом Президиума Верховного Совета СССР от 17 октября 1938 г.).

1. Медалью „За отвагу“ награждаются военнослужащие рядового, командного и начальствующего состава Рабоче-Крестьянской Красной Армии, Военно-Морского Флота и Войск пограничной охраны за личное мужество и отвагу в боях с врагами Советского Союза на театре военных действий, при защите неприкосновенности государственных границ или при борьбе с диверсантами, шпионами и прочими врагами Советского государства.

2. Награждение медалью производится Президиумом Верховного Совета СССР.

3. Награжденные медалью должны подавать личный пример храбрости, мужества и отваги в борьбе с врагами Советского государства и служить образцом для других граждан при исполнении государственных обязанностей.

Ж № 718786



„60 лет ВООРУЖЕННЫХ СИЛ СССР“



УДОСТОВЕРЕНИЕ

*Каробаев
Жукаш*

В СООТВЕТСТВИИ С УКАЗОМ ПРЕЗИДИУМА
ВЕРХОВНОГО СОВЕТА СССР

от 7 мая 1965 года

НАГРАЖДЕН ЮБИЛЕЙНОЙ МЕДАЛЬЮ

**„АВДАЦАТЬ ЛЕТ ПОВЕДЫ
В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ
ВОЙНЕ 1941—1945 гг.“**

ОТ ИМЕНИ ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО
СОВЕТА СССР МЕДАЛЬ ВРУЧЕНА

М. Каробаев 1967 года

*Баламушевский районский
комитет КПСС
М. П. [подпись]*

**„ТРИДЦАТЬ ЛЕТ ПОВЕДЫ
В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЕ
1941—1945 гг.“**



УЧАСТНИКУ ВОЙНЫ

УДОСТОВЕРЕНИЕ

*Каробаев
Жукаш*

В СООТВЕТСТВИИ С УКАЗОМ ПРЕЗИДИУМА
ВЕРХОВНОГО СОВЕТА СССР

от 25 апреля 1975 года

НАГРАЖДЕН ЮБИЛЕЙНОЙ МЕДАЛЬЮ

**„ТРИДЦАТЬ ЛЕТ ПОВЕДЫ
В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ
ВОЙНЕ 1941—1945 гг.“**

ОТ ИМЕНИ ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО
СОВЕТА СССР МЕДАЛЬ ВРУЧЕНА

М. Каробаев 1977 года

*Баламушевский районский
комитет КПСС
М. П. [подпись]*

УДОСТОВЕРЕНИЕ

*Каробаев
Жукаш*

В СООТВЕТСТВИИ С УКАЗОМ ПРЕЗИДИУМА
ВЕРХОВНОГО СОВЕТА СССР

от 12 апреля 1985 года

НАГРАЖДЕН ЮБИЛЕЙНОЙ МЕДАЛЬЮ

**„СОРОК ЛЕТ ПОВЕДЫ
В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ
ВОЙНЕ 1941—1945 гг.“**

ОТ ИМЕНИ ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО
СОВЕТА СССР МЕДАЛЬ ВРУЧЕНА

М. Каробаев 1985 года

*Баламушевский районский
комитет КПСС
М. П. [подпись]*

„50 лет вооруженных сил СССР“



УДОСТОВЕРЕНИЕ

*Каробаев
Жукаш*

В СООТВЕТСТВИИ С УКАЗОМ ПРЕЗИДИУМА
ВЕРХОВНОГО СОВЕТА СССР

от 26 декабря 1967 года

НАГРАЖДЕН ЮБИЛЕЙНОЙ МЕДАЛЬЮ

**„50 лет вооруженных
сил СССР“**

ОТ ИМЕНИ ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО
СОВЕТА СССР МЕДАЛЬ ВРУЧЕНА

М. Каробаев 1967 года

*Баламушевский районский
комитет КПСС
М. П. [подпись]*

УДОСТОВЕРЕНИЕ

*Каробаев
Жукаш*

В СООТВЕТСТВИИ С УКАЗОМ ПРЕЗИДИУМА
ВЕРХОВНОГО СОВЕТА СССР

от 28 января 1978 года

НАГРАЖДЕН ЮБИЛЕЙНОЙ МЕДАЛЬЮ

**„60 лет вооруженных
сил СССР“**

ОТ ИМЕНИ ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО
СОВЕТА СССР МЕДАЛЬ ВРУЧЕНА

М. Каробаев 1978 года

*Баламушевский районский
комитет КПСС
М. П. [подпись]*



КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2004 жылғы 14 қыркүйектегі

№ 1439 Жарлығы бойынша

**Қарыбаев
Жукаш**

**„1941-1945 жж.
Ұлан Отан соғысындағы
Жеңіске 60 жыл“**

медальмен наградалды

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2004 жылғы 14 қыркүйектегі

№ 1439 Жарлығы бойынша

М. П. [подпись]

К. Нурпейісов

А. А. А. А. А.
и т. д.

19.05.2025

И. А. А.



Жұмагүл Жұқашқызы

**ЖҰҚАШ
КӘРІБАЙҰЛЫНЫҢ
ЖИҒАН-ТЕРГЕНІ**

Павлодар, 2025

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84 (5Қаз)
Ж 80

Ж 80 Жұқаш Кәрібайұлының жиған-тергені. Құрастырушы Ж.Жұқашқызы – Павлодар: ЖК «Сытин А.А.» баспаханасы, 2025. – 344 б.

ISBN 978-601-284-499-3

Бұл кітапқа ғұлама Мәшһүр Жүсіптің көзін көріп, батасын алған шежіреші, Ұлы Отан соғысының ардагері Жұқаш Кәрібайұлының Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Абай ақын, жыраулар, билер, хандар өмірінен естігені бойынша жазып қалдырған мұралары енгізілді. Жазбалар қалам иесінің жинақтау ретімен алты дәптер болып жүйеленіп беріліп отыр.

Дәптерлердегі тың естеліктер қазақ руханиятына қосылар құнды жәдігер болмақ.



ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84 (5Қаз)

ISBN 978-601-284-499-3

© Жұқашқызы Ж., 2025



Алғысөз

Менің әкем Кәрібайұлы Жұқаш Ұлы Отан соғысының ардагері, көзі қарақты, көп оқитын, оқығанын зерделей білетін парасатты жан еді. Тоқсан екі жасында дүниеден өткенге дейін газет-журнал жаздырып алып, кітап оқып, өмірін саналы өткізе білді. Оқығандарын жеке дәптерлерге жазып, ой түйіп, бағалап отыратын. Әкемнің атасы Мәшірап – он саусағынан өнер тамған, өз қолымен алғашқылардың бірі болып диірмен салған кісі. Әкесі Кәрібай ұста болған. Мәшһүр Жүсіп Көпеев ауылымен көршілес тұрған. Мәшһүр ата табиғатынан өнерлі адамдарды жақсы көрген, сондықтан да бұларға деген ықыласы ерекше болыпты. Шарапи мен Кәрібай да жас жағынан қатарлас болып, бірін-бірі құрметтеп өтіпті.

Мәшһүр бабамыз сүйегіне түсетін адамдардың бірі ретінде Мәшірап атамды атапты. Бүгінде Мәшірап бабамның бейіті Мәшһүр Жүсіп бабамыздың кесенесінің сыртында жерленген.

Осылайша ауылы аралас, қойы қоралас, аса сыйластықта болған Мәшһүр Жүсіп Көпеев туралы, оның шежірелерін, өлеңдерін, сол кездегі айтыстарды, Абай өсиеттерін, хандар мен билер, батырлар, елеулі оқиғалар туралы жинақтап, алты дәптер етіп жазып, үнемі оқып отырушы еді.

Әкемді мәшһүртанушы деп те атауға болады. Себебі М.Ж. Көпеевтің көзін көрген, сөзін естіген, араласқанын білетін Қуандық Пазылов (М.Ж. Көпеевтің немересі), Абай Шарапиев (шөбересі), Қазыбек Нұралин (ұстаз), Амангелді Қаңтарбаевтар (журналист) үнемі әкемнен көптеген естелік, деректер алып, өз кітаптарына пайдаланғанына куә болдық.

Міне, әкемнің дүниеден өткеніне де 18 жыл өтіпті. Маржандай етіп жазған 6 дәптері сақтаулы тұр, ойлана келе, әкеме тағзым ретінде осы жазбаларын кітап етіп шығаруды жөн көрдім. Балалары, немерелері, ұрпағы оқып, ғибрат алсын. Алты дәптерді өзі «бірінші», «екінші» деп нөмірлеп қойыпты, сондықтан мен де әкемнің ойын бұзбай, дәптерлердегі жазбаларды сол күйінде жариялауды жөн деп санадым.





Жұқаш Кәрібаев

Жұқаш Кәрібаев – Ұлы Отан соғысының ардагері, 1915 жылы 10 қазан күні Павлодар облысы Баянауыл ауданының Жаңажол ауылында дүниеге келген. Ұстаның отбасында туған, ата-анасы төрт перзент көріп, тәрбиелеген. Солардың ішінде әкем үлкені болды, мектеп бітіргеннен кейін Павлодар қаласындағы ауыл шаруашылығы техникумына оқуға түсіп, оны үздік бітіріп, өзінің туған ауылына жұмысқа орналасады.

1942 жылы 22 маусымда әскерге шақырылады. Омбы қаласында үш айдың ішінде дайындығын тәмамдап, соғысқа аттанады. Әкем 107-ші гвардиялық дивизияның полкінде соғысып, Воронеж қаласын азат етуге қатысқан. Бірінші шабуыл кезінде дивизия қаланы босата алмай үлкен шығынға ұшырайды. Қосымша көмек келген соң, дивизия екінші рет шабуылға шығады. Воронеж қаласын алу кезінде жауынгер әкем аяғынан ауыр жарақаттанады. Воронеждің көшесінде қансырап, бір тәулік бойы жатады. Келесі күні түнде әкемді алып шығып, госпитальға апарады. Содан Тамбовқа жіберіп, бірнеше ота жасалып, әкем ауыр халде болады.

Госпитальдің бастығы жерлесі болған екен, бір кезде Қазақстанда қызмет істепті, орайы келгенде әкемді үйге қайтарыпты. Үйге оралған соң, тәуір болғаннан кейін өз мамандығы бойынша ветеринар дәрігер болып жұмысын атқарады.

Ұлы Отан соғысындағы ерлігі үшін I дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін» («За отвагу») медалімен марапатталды.

1944 жылы ауылдағы ең сұлу бойжеткен (жолдастарының айтуынша) Шайхина Күлнәбираға үйленеді, ол бастауыш сынып мұғалімі болыпты. Жас отбасындағы екі маманға «Найзатас» алтын өндіретін руднигіне жолдама береді. Үлкен балалары сол жерде дүниеге келеді. Сол кезде арнайы білімі бар мамандар тапшы болғандықтан, 1949 жылы әкемді «Алексеевка» совхозына жібереді, сонымен қатар, «Жаңажол» және Қ. Сәтбаев атындағы совхоздарға маман етіп тағайындайды. Әкемнің жұмысының ауыса беруіне байланысты анамның қызметін тастап, бала тәрбиесі және үй шаруашылығымен айналысуына тура келеді. Қалған бауырларым мен сіңлілерім «Алексеевка» совхозында туды.

Мен 11-сыныпта оқып жүргенде әкем сырқаттанып қалды. Үлкен апайым студент еді, ең кіші сіңлім 2 жаста, одан үлкені 5 жаста,



інім 7 жаста, одан ересегі 12 жаста болатын. Сондықтан 11-сыныпты бітірген соң үй-ішінің жағдайына алаңдап, жұмысқа тұрып, ата-анам көмектестім. Бауырларым мен сіңлілерім үшін ата-ананың міндетін атқардым десем, артық айтқандық емес. Бауырларым мен сіңлілерім сол «Алексеевка» совхозында туып, сонда орта мектепті бітірді. Ата-анам 53 жыл бақытты өмір сүрді. Өмірге 7 перзент әкеліп, тәрбиелеп, бәріне жоғары білім берді. Балалардың алған мамандықтары: мұғалім, дәрігер, сәулетші, қаржыгер, бухгалтер.

Әкем мал дәрігері болып 32 жыл істеді, зейнеткерлікке шыққанда Екібастұз қаласына, балалардың қолына көшіп келді. Ата-анам Қасымхан атты кіші ұлының және немерелерінің қолында тұрды.

Әкемнің атасы Мәшірап бабам мен баласы Кәрібай Мәшһүр Жүсіп атамен жақсы қарым-қатынаста болған. Сол кезде әкем 17 жаста болатын, әкесі Кәрібаймен, атасы Мәшіраппен бірге Мәшһүр Жүсіп атамызға барып, сол кісінің батасын алған.

Әкем көп оқыған, өте зерек жан еді, Мәшһүр Жүсіптің әңгімелерін жатқа білетін. Әлі есімде, әкемнің Мәшһүр Жүсіп туралы әңгімесін тыңдауға журналистер, жазушылар, мектеп директорлары, ғылым кандидаттары келетін: Иманғали Мәненов, Зейтін Ақышев, Бақи Әбдіқадыров, Төлепберген Алдабергенов, Амангелді Қаңтарбаев, Жәкен Қазыбеков, Әди Әлкебаев, Құсан Балтабеков, Қуандық Пазылов, Зекебай Солтанбаев, Тастыбай Сәкенұлы, Серік Канкишев. Солардың ішінде Мәшһүр Жүсіптің шөбересі Абай Шарапиев уақыт тауып, әкемнің әңгімесін тыңдауға келіп тұратын. Ол әкемнен Мәшһүр атасы жайындағы әңгімелерді қағазға жазып алып, кейін әкеме қайта әкеп көрсетіп, қолын қойдыртып алатын.

Әкемнің Мәшһүр Жүсіп туралы айтқан әңгімелері Т. Шарапиев пен С. Көпеевтің «Ғұлама ғұмыры», Қуандық Пазыловтың, Абай Шарапиевтің кітаптарында, Зекебай Солтанбаевтың көптомдық шығармаларының 2-томында, Амангелді Қаңтарбаевтың «Отарқа» газетіндегі топтамаларында жарық көрді.

Мен әкемді мақтан тұтамын, әр адамның қолынан келе бермейді: соғыстың зардабын көріп, отбасын құрып, балаларға жоғары білім беріп, сонымен қоса, Мәшһүр Жүсіптің әңгімелерін кейінгі ұрпаққа жеткізуді шамасы жеткенше мұқият атқарды. Әкем 2007 жылы 92 жасында өмірден өтті.

**Қызы Жұмагүл Жұқашқызы,
Екібастұз қаласының Құрметті азаматы**



Кәрібаевтар әулеті

Кәрібаевтар отбасымен дәм-тұзымыз жарасып, туыстық, жолдастық, достық қатынаста болғанымызға жарты ғасыр болған шығар. Көкірегі шежіреге толы Жұқаш ата саналы ғұмырын оқумен өткізіп, оқығанын, көргенін жас ұрпаққа тағлыммен жеткізе білді. Шоқтығы биік ақсақалды көріп, әңгімесін тыңдауға талай азаматтар құмартып тұратын, әсіресе, ауылы аралас болған ғұлама М.Ж. Көпеев туралы естен кетпес естеліктерін біраз қаламгерлер шығармаларына арқау етті. Қызметін де абыроймен атқарып, перзенттерін адал жолға тәрбиелеп, өмірден абыздық орнын алып ұзақ жасап, 92 жасында дүниеден өтті.

Күлнәбира апамыз дастарханы берекелі, үйінен қонағы үзілмейтін, көпшіліктің көзайымы болған отанасы болды.

Жұқаш атаның бабасы Мұсабай інісі Исабаймен қажылыққа барып, екеуі де сонда жерленеді. Бұл оқиға Мәшһүр бабамыздың «Қажыларға» деген поэмасында баяндалады. Мұсабайдан туған Мәшірап ұста Мәшһүр бабамызға көп қызмет еткен екен: арбасының дөңгелектерінің темір шендерін тартып, ат-сайманын жөндеп, аттарын тағалап, пышақ, балталарын қайрап, ай сайын Құмдыкөлден Ескелдіге әдейі келіп, ұстарамең шашын алып береді екен. Мәшірап атаның денесі Мәшһүр бабамыздың (көзі тірісінде рұқсатын алған) ырзалығымен үлкен баласы Шарапидің қасына жерленген. Мәшірап ата – алғаш Баянауыл төңірегінде жел диірмен орнатқан адам. Оның баласы Кәрібай да мықты ұсталардың бірі болған. Жұқаш атаның «Айдаболдан ұл туса, ағашқа күн туады», – деп мақалдап отыратынын енді түсіндім.

Соғыста бір аяғынан айырылып, протезбен жүрді. Балалары Роза, Жұмагүл, Төлеухан, Қасымхан, Жанна, Ләззат, Сәулелер атанасын мәпелеп күтіп, перзенттік борыштарын адал атқарды.

Бір досын көргенше адам асығады,

Бір достан бойын аулақ қашырады.

Бір досқа барлық сырын түгел айтып,

Бір достан ішкі сырын жасырады.

Міне, осындай адал досым, аяулы құрбым – Роза Жұқашқызы. Сонау жастық шағымызды бастан кешіріп, сырымыз да, жырымыз да бір болып, екеуіміз де 80-нің ауылына тақап қалдық. Роза – музыкант, лириканы жақсы көреді, көп оқиды, көп оқыған адаммен әркез әң-



гімең үйлесе кететіні белгілі, айтатын тақырып та көп, аз ғана көрмей қалсам, сағынып тұрамын. Торқалы тойларда, басыма түскен ауыртпалық кезінде жанымнан табылатын, биязы мінезімен ақылын айтып, ашуымды басатын, көңілімді көтеретін, жұбататын жан құрбымның болғанына тәуба деймін. Келмей қалса телефонмен есеп беріп, оның көзқарасын біліп, ақыл-кеңесін аламын. Менің балаларым да, немерелерім де Роза апайларын, әжелерін аса құрметтейді, жақсы көреді.

Төлеухан атты ұлы ұзақ жылдар қалалық архитектура саласында жемісті еңбек етті, үш баласы, немерелері бар, қазір Алматыда тұрып жатыр.

Ләззат, Сәулелер – дәрігер, ата-ана тәрбиесін ақтап, өз жолдарын тауып, бала тәрбиелеп, өмір көшінде өз орындарын тапқан жандар.

Қара шаңырақ иесі Қасымхан Серігін үйлендіріп, немерелерін көріп, өкінішке орай, өмірден ерте өтті.

Жұқаш атаның енді бір баласы – Жұмагүл Жұқашқызы ата-ана алдындағы парызын әдемі орындады. Ауылдан көшіріп әкеліп, әуелі көпқабатты үйде тұрды, кейін осы Жұмагүлдің ерен еңбегінің арқасында қаланың қақ ортасынан коттедж салғызып, ата-анасының қариялық өмірін жайлы етті. Ата-анасы өмірден өткенге дейін осы үйде тұрып, рахаттанып, қонақтарын қарсы алып, замандас, ауылдастарымен әңгіме-дүкен құрып, бақытты шақты бастарынан кешірді деп ойлаймын.

Жұмагүл Жұқашқызы 1966 жылы орыс мектебін аяқтап, екі жылдан кейін Алматы ауыл шаруашылығы институтының экономика факультетіне түсіп, 1974 жылы бітірді. Екібастұз қалалық мемлекеттік кірістер бөліміне аға экономист болып кіріп, екі жылдан кейін Екібастұз қаласы бойынша бақылау ревизиялық басқармасының аға ревизоры қызметін атқарды. Қызмет баспалдағымен осылайша біртіндеп көтерілген ол білікті маман ретінде қаржы министрлігінің резервіне ілікті. 1984 жылы Екібастұз қалалық қаржы бөлімінің бастығы болып тағайындалды. Осы қызметте 9 әкіммен 23 жыл абыройлы қызмет атқарды, адалдықтың ақ жолынан таймай, ел сенімін ақтап, қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосты. Оның адал қызметі туралы Ж.Сәдуақасов «Отарқа» газетінің 2021 жылғы 25 қарашадағы санында «Сенім мен білік қағидасы» атты мақала жазса, А.Құлниязова «Голос Экибастуза» газетінің 2021 жылғы 11 қарашадағы санында «Финансист от бога» атты мақала жазып, елге паш етті.





Ұзақ жылдардағы жемісті еңбегі үшін Жұмагүл Жұқашқызы қалалық, облыстық әкімдіктің, мәслихаттың құрмет грамоталарымен, алғыс хаттарымен марапатталды. «Екібастұз қаласына – 50 жыл», «Павлодар облысына – 75 жыл» төсбелгісіне, «Екібастұз қаласы алдында сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісіне ие болды. 2018 жылы қалалық мәслихаттың шешімімен «Екібастұз қаласының Құрметті азаматы» атағы берілсе, 2025 жылы «Павлодар облысына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталды. Әкесінің 6 дәптер қолжазбасын кітап етіп шығаруы да Жұмагүлдің бет-бейнесінің айқын дәлелі деп білемін.

Жеңіс Мейірман





БІРІНШІ ДӘПТЕР





Құдая, бергеніңе шүкір!

Біз – қазақ еліміз, Сарыарқа – байтақ жеріміз. Міне, өз алдымызға егемендік алып, ел болдық. Пайғамбарымыздың жасыл туы желбіреп, ұрпақтан-ұрпаққа жете берсін. Қазақты жер жүзіне мәшһүр еткен Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевқа мың алғыс. Иә, Алла, күннің көзін кір шалмасын, татулықтың гүлі солмасын, егеменді елімді ата-баба әруағы қолдасын, дастарханнан тоқтық кетпесін, ел шетіне жоқтық жетпесін. Патшамыздан тақ кетпесін, халқымыздан бақ кетпесін! Әумин!

*Жұқаш Кәрібаев, 85 жастағы қарт,
Ұлы Отан соғысының ардагері,
«Отарқа» газеті, № 1, 4.01.2001 жыл*





Қазақ халқының үш жүзге бөлінуі

Бұл қазақ қай уақыттан үш жүз атанды? Қырық сан Қырым, отыз сан ұрым, он сан Оймауыт, тоғыз сан Торғауыт, он сан Ноғайға бөлгенде, Орманбет би өлгенде Ноғайлының елі ала тайға дауласып, Ноғайлы елі бүлініпті. «Ала тайдай бүлінді» деген сөз сонан қалыпты деседі.

Сол заманда Құндыкер, Қобан, Қотан, Қоғам деген адамдар болыпты. Майқы би тоғыз ханды қолынан таққа отырғызған кісі екен. Тоғыздың ішіндегі қырсық ханның бірі – Қызыл Арыстан.

Бұқарда хан болып тұрғанда мешіт салдырған. Осы күні бір өзінде он бес азаншы азан айтып тұратын мешітті сол Қызыл Арыстан хан салдырған екен. Бәйбішесі бала көтермеген әйел болыпты. Қызыл аяқ деген елді жаулап алғанда шапқыншылықтан келген қызды Қызыл Арыстан өзі әйелдікке алып, сол әйелінен сауысқанның аласындай бір бала ала болып туыпты. Бәйбіше өзінен тумай, тоқалдан туғанын күндеп, бір күні ханға айтыпты:

– Мына баланы балам бар деп сақтама, қарашығын батырып, көзін жоғалт, мынау өскенде еліңді ала қып, ала тайдай бүлдіреді. Соны естіген хан қырық жігітке:

– Мына баланы және тапқан шешесі екеуін Сырдариядан әрі өткізіп қоя беріңдер, өлсе өлсін, өлмесе өз бетімен қаңғырып жүріп күнін көрсін, – деп бұйырыпты. «Бұл елді енді қатын мен бала көрмесін», – деген ғой. Сонымен шешесі мен баласы Сыр суынан өтіп, Қаратау мен Алатаудың алабына келіп, жан сақтап күнелтіпті. Бала өз асын өзі алып ішерлік болған соң ішерге ас болмай, өз бетімен қаңғып кетеді. Дәл 12 жасқа келген кезде Майқы бидің баласы Үйсінге кез болыпты. Бірақ бір ауыз тіл қатпайды, бала үндеместен қала беріпті. Үйсін келген соң әкесі Майқы биге айтады:

– Бүгін бір ағаштың көлеңкесінде отырған бала көрдім, ай десе аузы бар, күн дейін десем, көзі бар, көрген кісі қызығып, бір қасық сумен жұтып жіберерліктей, жалғыз айыбы – тілі жоқ екен, – дейді.

Майқы би өзі ақсақ, өмір бойы арбамен жүреді екен. Арбасына көлік жеккізбей, жаяу кісіге тартқызады екен. «Мені сол балаға алып барыңдар», – депті. Бала Майқы биді көргенде ұшып тұра келіп:





– Ассалаумағаләйкум, Қаны біткеннің қазығы, бұқара елдің азығы, – деп сәлем беріпті.

– Уағалейкумәссәләм, әмсе аман бол, кісі болайын деп тұрған ұл екенсің, қолына алып, қайырып салушының жоқтығынан тұр екенсің, кел, балам, қасыма мін, – деп, арбасына мінгізіп үйіне алып келіп, үлкен той жасаттырыпты. Төрт күн ошақ қаздырып, төбел бие сойғызып төменгі елді, жорға бие сойғызып жоғарғы елді, ала бие сойғызып аймақты елді жиғызыпты. Ердің ері, егеудің сынығы деп өзінің баласы Үйсінді басшы қып, оған 100 жігіт қосып беріп, Майқы би айтыпты:

– Қаратаудан әрі асыңдар, Ұлытау, Кішітау деген таулар бар, Қаракеңгір, Сарыкеңгір, Жезкеңгір, Айдаһарлы, Құдайберді деген жерге барып ірге теуіп, салық салып, ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен ел болуды, жұрт болуды ойлаңдар. Күндердің күнінде осы бала хан болады, сендер қараша боласыңдар, ханы әділ болса, қарашасы табанды болса, қара жерден кеме жүргізеді деген», – деп батасын беріп аттандырып салыпты дейді.

Бұлар Ақтау, Ортаудан асып, Шу мен Сарысудан көктей өтіп, Майқы бидің айтқан жеріне келіп, ұйқыны бұзып жылқы алды, күймені бұзып қыз алды. Көш елді жол-жөнекей шапты, елу елді тағы шапты, өз алдына мал малданып, жан жанданып үйлі-баранды бола бастайды. Сатусыз дүние алған соң, қалыңсыз қыз алған соң ел-жұрт болмасқа немене. Бұлардың мұндай болғанын Арыстан хан естіп, Құндыкер, Қотан, Қоғам, Қобандарға және Майқы биге елші жіберіпті:

– Менің баламды жігіт, желеу қосып беріп желіктіріп жібергені не қылғаны, баламды өзіме әкеліп беріп, қалағанын алсын, – деп. Содан Майқы би Қотанұлы Болатты бас қылып, 100 жігіт қосып:

– Сендер барып шақырып алып келіңдер, – депті. Бұлар келген соң бұрынғы келгендер:

– Қайт деген сөзді бізге айтпаңдар, өздерің қайтыңдар, аты бес-тисінде қартаятын, жігіті жиырма бесінде қартаятын, тауықтан басқа құсы жоқ, көк шөпті жұлғаннан басқа ісі жоқ, еркегі ат болатын, әйелі жат болатын, тымақты тақияға айырбастайтын, пышақты қасыққа айырбастайтын, бидайдың нанын жегенге, ожаумен көженің суын ішкенге құтыратын, бөдененің бір санын жесе күпті болатын, сарттың жаз болса тұзын, қыс болса отыны мен көмірін тасығаннан басқа қызығы жоқ жерде не ақыларың бар? – деген соң, «рас-ау расы» деп, шақыра келгендердің өздері де қайтуды жөн көрмепті.





Қызыл Арыстан хан ашуланып қайта-қайта кісі жібере берген соң Қоғам ұлы Алшынды жүз жігіт қосып және он үш ақсақалды жібереді. Есеп сан үш жүз он үшке жетсе де дүние жүзі бетіне шыдамайды, – депті. Үндемей үйде жата берсе де, Бабыр еңбек дегендей, ақсақал шал үйде жатып, жұмысты жайлап жатқандай аңызы бар. «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» атанған кісі осы болса керек. Бұлар енді ел болғанымызды жұрттың көзіне түсірейік деп баяғы ала баланы алашаға салып, бір биіктің басына шығарып, оған Алаша хан деп ат қойды. Бастапқы келген жүз жігіт, оның бастығы – Ұлы жүз Үйсін деп ат қойып, түп қазығы салықшы, жауға шапқанда бұлар шаппасын тас түйін болып тұрсын, – депті. Ортаншы келген жүз жігіт, оның бастығы – Болатқожа, бұл Орта жүздің тосқауылшысы болсын деп, оны Орта жүз Ақжол деп атапты. Соңғы келген жүз жігіт, оның бастығы Алшын беті қайтпайтын жаужүрек, жан қадірін білмейтін бұлар кезуілші болып, қарсы алдында жұрт көзінше жауға шабатын болсын деп Кіші жүз Алшын деп ат қойыпты.

Қазақтың үш жүз атанған жері осылай екен. Бұрынғы заманда қазақтың Жүз деген аталарының аты болған. Алаш деген де аталарының аты болған. Жүз деген атты руға қойған, Алаш деген атты ұранға қойған. «Жауға шапқанда «Алаш» деп шабыңдар, Алаш демегенде атаң да болса ұрып жыға беріңдер!» деп бата қылыпты. Кешегі «Алаш Алаш» болғанда, Алаша хан болғанда, үйіміз ағаш, ұранымыз Алаш болғанда үш жүздің баласы қазақ емес пе едік» деп айтылған сөз содан қалған деседі.

Сол Алаша ханнан бұрын қазақ ел болып, жұрт болып көзге көрініп, ауызға алынған емес. Өз алдына отау тіккен емес, әр жұртқа қонақ болып жүрген. Болатқожа дейді, Ақжол дейді, екеуі – бір-ақ кісінің аты, өзінің шын аты – Жанарыс, жұрт аузында Ақжол аты қалған.

Ұлы жүздің ұраны – Бақтияр,

Орта жүздің ұраны – Ақжол,

Кіші жүздің ұраны – Алдияр. Естіген құлақтың жазығы жоқ, менікі – естігенді жаза беру. Біліп жазушыға таласым жоқ, сөздің өтірігіне нанба, келісіне нан.

19 ақпан 1976 жыл





Қазақтың қойдай бетімен жайылған, емін-еркін өз тізгіні өзіне тиіп, қатын керек болса Ноғайлардың қызын еріксіз, сұраусыз алып кете бергендігінен, Ноғай халқы бұл күнге дейін қазақты жек көріп кеткендігі сол дейді.

Қалмақ ежелден қазақтың атасының асындай болған, одан олжаға ұл түссе құл дейді, қыз түссе күң дейді. Бетпақтың шөлінде таңбалы Нұра деген жер бар, сонда тасқа басқан таңбалар бар. Үш жүздің баласы қазақтың таңбаларында, талас болса сол тасқа барып тарасады. Алаша ханның тұсында басылған таңба дейді.

Бұдан бұрын сағымнан пайда болған Шыңғыс хан да 92 баулы Қыпшаққа таңба үлестіріп берген деседі. Алаша ханның тамы Қаракөңгір өзенінің күнбатыс жағында, Ташкент, Түркістан ұсталары жасаған, күйдірген кірпіштен үш жыл асықпай салса керек. Алаша ханнан тұқым, нәсіл жоқ. Жалғыз баласы Жошы бала күнінде аңға шығып, мінген аты құланға елігіп-желігіп, бала атына ие бола алмай, атының басын тежей алмай жығылып, ат сүйретіп өлтірген соң, қасындағы бірге шыққан жігіттері ел бетін көре алмай зым-зия жоғалып кеткен. Баладан да, жанындағы жігіттерден де хабар-ошар болмаған соң хан да, елі де тегін еместігін түсініпті. Бір күні Алаша хан:

– Кімде-кім баламның өлімін естіртсе, сол естіртушінің басын аламын, – деп хабарлапты. Сонда Кетбұға деген домбырашы күй тартады екен, ханның үйіне барып аңыратып күй тартып баланың өлгендігін сездіріпті. Сонда домбыраға тартқан күй «Алаша хан, Жошы хан, Ақсақ құлан жосыған, Ат сүйретіп өлтірді-ау, бұйырып хақтан келтірді-ау, жалғзынан айырылып, зар жылаған осы хан!» деген мағынаны білдіріпті. Сонда Алаша хан:

– Әй, Кетбұғам-ай, сенің домбыраңның дауысы бүгін бұзылды-ау, мен біліп отырмын: жалғызымның өліп қалғандығын дәл келтірдің-ау!» – депті, жиылып отырған көпшілік:

– Хан-Алдияр, тақсыр, өз аузыңнан естідік-ау – деп, көңіл айтыпты. Сол уақытта құлан шуы деген уақыт екен, малдың да, аңның да балалап, төлін өргізетін кезі болса керек. Хан жарлық қылыпты:

– Төрт түлік малды төлінен айырсын, жаңа туып жатқан жас төл енесінен ажырасын, хайуан да мендей аза тұтсын, – деп, өзі ас-су ішпей, төсегінен басын көтермей теріс қарап жатып алыпты.

Хан қара қылды қақ жарған әділ екен. Екі дәруіш келсе, ұйқыда жатып шошып оянған ғой, ұшып түрегеліп, ас ішіп отырған аяғын жер-





ге қоя салып, сол екі даукердің көңілін дауалатпай ішкені ас болмай-ды екен. Сонда ханның ханымы хан жатқан үйге кіріп келіп:

– Тақсыр, есіктің алдына екі даугер келіп тұр, – депті. Сонда хан:

– Дауы не екен сұрадың ба? – дегенде, ханым:

– Сұрадым, біреуі – бөтен адам, алыс жердің жолаушысы екен, екіншісі – өзіміздің Жөнбас, жолаушы алыс жолға кетіп бара жатқанда қайтарда алармын деп Жөнбасқа ат басындай алтын тастап кеткен екен. Сол жолаушы барған сапарынан қайтып келіп, қойып кеткен алтынын сұраса, Жөнбас бермепті. «Баяғыда сенікі болғаны не керек, менің көзім, қолым үйреніп, бауыр басып қалдым, енді саған бермеймін», – депті, дауы осы көрінеді. Сонда хан: «Былшылдамай өзіне берсін, кімде-кім болса да аманатты аман сақтар болар, иесі сұрап келсе, өзіне қайтарар болар» – дегенде, ханым: «Төреңізге құлдық, тақсыр, хан екі сөйлесе, қара болады, қара екі сөйлесе қатынмен тең болады деген, бұл бала жасаған иемнің сіз бен бізге сақтатып қойған аманаты емес пе еді, аманатын иесі өзі алды деп өкпелегенмен өкпе жүре ме», – дегенде, хан басын көтеріп алып:

– Сенікі дұрыс екен, бәйбіше, менікі бұрыс екен! – деп хан саба-сына түсіп, ас ішіп, төрт түлік малдың төлін жамыратыпты. Сонда бір бозінген ботасынан жеріп, ботасын емізбепті. Хан мына бота аштан өліп қалса, обалы менің мойныма кетеді-ау деп:

– Осы ботаны өзінің енесіне алғызған кісіге қалыңсыз қыз берер едім, – деген соң, баяғы Кетбұға бес саусағын сірімен қаптап алып күй тартып, ханның баласының мән-жайын неше түрлі зарменен, домбыраның күйімен сөйлетіп, естіген жұрттың көз жасын ағызыпты, түйе де есінен танып өміреніп, ботасын емізіпті. Сол күйдің аты «Бозінгеннің күйі» деп аталыпты. Бала күнімізде Қызылтауда екі шал домбыра тартымпаз еді, біреуі – Күлік Ақай Қыялшы баласы, екіншісі – Қақсал Отыншы деген, сол екі шалдан соң үш жүздің баласында сол екеуіндей күй шертетінді көргемін де жоқ, естігем де жоқ. Сол екеуінің тартатын күйлері «Бозінгеннің күйі», «Боз айғырдың күйі», Қазан қаласын ең алғашқы орыс алғанда қатын-бала, қыздарының үн қосып зарлаған зары – «Алшағырдың ащы күйі» және Тәттімбеттің «Сылқылдағы» деп тартушы еді. Естіген жұрт сүйсініп тыңдап, аузынан суы ағып, мұрнынан боғы ағып, көзінің жасы ағып жылап отырушы еді.

Алаша хан баласының өшін құланнан алам деп жұртқа сауын айтырып ат жараттырды. Қыз бен бозбалаға ор қаздырды. Құлан өт-пес деген су құлан үшін қаздырған ор екен. Сонда құлан қуғанда





жұрт көзіне түскен құланнан бес-ақ құлан құтылыпты. Шу бойындағы құланның құтылған жерін Бес құлан деп ат қойыпты. Екі жүйрік ат бар екен, құланды қойдай қайырып соғатын. Біреуі – Аңқайторы, екіншісі – Аққабак. Аңқайторы өлген жерді Аңқай деп, Аққабак өлген жерді Қабак деп ат қойған екен.

Баласы өлген кезінде келіні оң жақта отырып қалыпты, баламды жоқтатам деп келінін алғызып оң жаққа түсіріп, баласының бір санын тауып алып, соған там салғызыпты. Бұл күнге дейін Жошының тамы дейді. Онан соң Алаша ханның тамын келіні салдырыпты. Өзеннің жел жағында бір мұралтай төбенің үстінде. Жетікөңгірді қыс қыстап, жаз жайлап жүрген бір найманның шалы айтыпты:

– Алаша ханның тамының жоғарғы бір кірпіші түсіп еді, сол кірпіште жазу бар екен, Қасырауын ханның ханымы, аты Қақбибі деп жазылған, қазақтың қазақ болып көзге түсіп, ауызға ілінгені осы Алаш ханның хан болып бас қосып, біріктіріп орын тептіргенінен қалған. Содан бері Алаш ұранды қазақ жанжал, ұрыс, төбелес болса «Алаш, Алаш» деп айқай салса, естіген қазақта ес қалмайтыны содан.

20 ақпан 1976 жыл

Қазақтың жаңа аталарының аты

Қазақтың баласының үш жүзге бөлінген жері, жаңа аталарының аты:

Бірінші – Ақарыс (Ұлы жүз);

Екінші – Жанарыс (Орта жүз);

Үшінші – Бекарыс (Кіші жүз). Үш жүздің баласы осы үшеуінен тарайды. Жанарыс баладан зарығып, қатыны да, өзі де күдер үзіп бара жатқан кезінде Жанарыстың үйіне құдайы мейманбыз деп алты қожа келіп түсе қалыпты. Сонда Жанарыс қуанып алты қожаны алты үйге кіргізіп, алтауына алты қой сойғызып құрмет қылған екен. Сонда қожалар әбден разы болып, Жанарысқа батасын беріп, «Сен бұдан былай алты баланың атасы боларсың, сол туған балаларға алтауымыздың атымызды қой!» – деп батасын беріпті. Қожалардың аттары: Қарақожа, Ақтанберді қожа, Дара қожа, Момын қожа, Смайыл қожа, Қосым қожа. Сонан соң Жанарыстан алты ұл туып, балаларының аттарын алты қожаның атымен атайды екен. Бәйбіше-





сінен төрт ұл туады: Қара қожа, Ақтанберді қожа, Дара қожа, Момын қожа; тоқалдан – Смайыл қожа, Қосым қожа.

Қара қожадан Арғын туды;
Ақтанберді қожадан Қыпшақ туды;
Дара қожадан Қоңырат туды;
Момын қожадан Найман туды;
Смайыл қожадан Уақ туды;

Қосым қожадан Керей туды. Тарақты – қыздан туған жиен. Орта жүздің Жеті арысы деп атайтын жеті арыс – осылар. Тарақты Арғынның апасынан туған бала екен дейді. Оң жақта отырып, қыз бір төремен ойнап-күліп жүріп буаз болып қалып, бір бала туып, «бұл бала кімнен пайда болды?» деп сұрағанда, ұялып үндей алмай шашын тарай беріпті. Сонан соң туған балаға Тарақты деп ат қойыпты. Бұл Тарақтының Арғынның баласына нөқта ағасы болатын да жері бар, себебі Арғынның апасынан туған себепті және төре жоқта тарақты Төре болуға жарайтын да жері бар, себебі ойнастан тұса да әкесі төре болғандықтан. Арғын бабамыздың бәйбішесінің аты – Аргүл, мұнан екі ұл туды: Құтан, Бұтан. Бұтан жас кезінде өліп, одан тұқым жоқ. Құтаннан Мейрам сопы жалғыз туған. Бұл туралы бұрынғы ақындардан қалған бір ауыз өлең бар:

«Сұрасаң арғы атамды ер Құтан-ды,
Солтанбек әзизден ол бата алған-ды.
Мейір ұлы Қарашаш деген бір қыз туып,
Қуандық, Сүйіндік болып сонда аталды». Көтеш ақыннан

Уақ Жарқынбек сұраған екен:

– Бұл ақындық ата-бабаларыңызда бар ма, әлде нағашы тегіңізде бар ма? – деп. Сондағы Көтеш ақынның айтқан жауабы:

«Қазақта Арғын аға болған зерек,
Өзгеден ол кісінің жөні бөлек.
Біздердің түп атамыз – ақын Құтан,
Өзгеден өлеңге ұста болса керек».

Бұқар жырау айтыпты деген бір сөз бар:

«Бәрімізді сұрасаң – Құтан байдың баласы,
Қара қожа бас болып қабыл болған тәубасы».

Арғын бабамыздың екінші әйелінің аты Момын екен, бұл әйелінен бес ер бала туған: Ақ сопы, Қара сопы, Сары сопы, Арық сопы, Нәдір сопы.





Ақ сопыдан екі бала туады: Толыбай ұранды Қанжығалы, Мая-
боз ұранды Тобықты. Қара сопыдан екі бала туады: Қарағай ұран-
ды Қарауыл, Барлыбай ұранды Бәсентиін. Сары сопыдан екі бала
туады: Үшбай ұранды Атығай, он екі атаның ұлы – Дәуіт. Арық сопы-
дан, Нәдір сопыдан үрім бұтақ, жұрағат жоқ. Арғын бабамыздың 106
жасқа келгенде алған тоқалының аты Айнакөз екен, онан бір ер бала
туады, аты – Тәнпіс. Тәнпіс сопыдан екі бала туады: Үсенбай, Елемес.
Үсенбайдан бір бала туды, аты – Қарамерген, онан – Байташ. Қара-
ман, Төлеке, Қырықмылтық дегендер де бар, бұлар Орынбор жақта
алты болыстан астам ел болыпты, оларды Тоқал-Арғын деп атайды.
Елеместен Орман туды, онан екі бала: Шағыр, Бөлтірік. Шағырдан
Шақшақ, Қошқар, Жәнібек батырлар туады, беті қайтпайтын, мойны
бұрылмайтын батыр болған деседі.

23 ақпан 1976 жыл

Мейрамның таралуы

Мейрам сопының бәйбішесінің аты – Нұрпая, қайын атасы –
Кіші жүз Алшын – Құдасбайдың қызы екен. Нұрпаяны қыс ішінде ұза-
тып алып қайтыпты, шешесі бір жыл бұрын өліп, жеңгесінің қолында
болған. Кіші жеңгесі бикештің шешесінің жоқтығын білдірмеймін,
өзім ертіп апарып саламын деп бірге шығыпты және жетімдікке бір-
қыз қосып беріпті. Көш ілгері кетіпті де, күйеу жігіт кейін қалып көштің
ізімен келе жатса, көштегі үш әйел бір жерге дәретке отырған екен,
қараса біреуінің сідігі тоңды қарс айырып жіберіпті. Түнде қонған
жерде Мейрам әйелі Нұрпаядан сұраса:

– Ол – Қарқабат, сигенде, отыра қалып дүрілдеткенде қасын-
дағы өзіміз де шошып қаламыз, аттар да үркеді, – депті. Бұлар елге
келіп орныққан соң екі елдің арасы жаугершілік болып, қатынас
болмай, Нұрпаяның жеңгесі қалып қойған екен. Сонан кейін Нұрпая
Мейрамға:

– Мына ағайдың төсі тиген жеңгемді басқаға қимаймын, өзің
ал, – деп, Мейрамның өзіне қосыпты, – мынау күнді де өзің ал, мұның
жатыны асыл, өнейін, өсейін деп тұр, бір жұрттан келген үш әйел бір
жерде болайық, – деп, оны да алғызыпты. Нұрпаядан Қуандық, Сүйіндік
туады, жеңгесінен Бегендік, Шегендік туады, Қарқабаттан Болат қожа
туады, сөйтіп өсіп-өніп бес Мейрам атанған екен. Сүйіндіктің қайын



атасы – Ұлы жүз, Өгіз бидің қызы екен, бұл қызды да жеңгесі ертіп келіп, еліне қайта алмай, Сүйіндіктің қолында отырып қалыпты. Мейрам сопы өлген соң Нұрпая бәйбіше болып отырып қалыпты. Қара мал еншілері бөлек екен де, жылқы еншілері бірге екен. Сонда Қуандық жылқы еншісін бөліп алуға келгенде Сүйіндікке айтыпты:

– Мен өзім бір сыбаға болып аламын, мына алты балам алты сыбаға болып алады, өзге қарашаңырақтағылар бір сыбаға бола-сындар, – деп дау қылыпты. Сүйіндік Болат қожаны оңаша шығарып алып:

– Мына Қуандық алты баласын арқа тұтып маған көптік қылды, сен маған жақтасып жасаққа шықсақ қалай болады, сен маған болыссаң, артық мал бергім келмейді, – депті. Сонда Болат қожа Сүйіндіктің қолындағы жеңгесін сұрапты, сонда Сүйіндік:

– Өзің қыз аламын демесең, мен сенен бір таңбалы байталды аяймын ба, алам десең, ал, – депті. Жеңгесін беріп, Болат қожаны ертіп алып Қуандықпен жасаққа шыққан екен. Қуандықтың ең кіші баласының жас шамасы Сүйіндік шамалас екен, Қуандық алты баласын ертіп жасаққа келгенде Болат қожаның қылған ісі: жерден алты томар шымды қолымен жұлып алып, Қуандықтың алты баласын алты шыммен ұрып жығып, Қуандықтың өзіне келіп айтқан екен:

– Сөзге келіп түзулікке келесің бе, жоқ болмаса балаларыңның қасына сені қосайын ба? – деп. Қуандық:

– Сен бәрімізден кіші болсаң да, сенің ырқыңа көнбеске амал жоқ, – депті. – Бұрынғылардың айтқан сөзі бар еді: «Қой асығы демеңдер, қолайыңа жақса сақа ғой, жасы кіші демеңдер, ақылы асса аға ғой» деп, енді мен аға емеспін, сен ағасың, жылқыны қалай бөлсең де билігін саған бердім.

Сонда Болат қожа:

– Мына жатқан жылқыны қақ ортасынан жүріп екіге бөлемін, таңдаған жағын сен ал, сен аға едің, қалған жағы Сүйіндікке қалсын, мен өз еншімді Сүйіндіктен алармын, – деп бітімге келіпті. Алты балам алты сыбаға алады деген Қуандық жанымен қайғы болып, Болат қожадан қорыққанынан жылқының жартысын айдап қайтыпты. Қуандықтың алты баласын шым кесекпен ұрып жыққаннан кейін, енді мұның аты Қаракесек болсын деп сонан кейін Болат қожа Қаракесек атаныпты.





Төртуыл атанғаны туралы

Нұрпая бәйбіше Бегендікті, Шегендікті, Сүйіндікті, Олжакелді деген асыранды бала – осы төртеуін де өз қолынан үйлендіріп, енші бөліп беріп, сол төртеуін Төртуыл атандырған. Бегендіктен – Қозған, Шегендіктен – Қақсал. Олжакелді – Қаржас туысы басқа болса да, Төртуыл десе қосыла кетеді. Қозған – одан Оразкелді, Оразкелдіден екі бала туады: Тәңірберді, Сарык; Тәңірбердіден үш бала туады: Ораз, Малқар, Жолым сопы. Сарықтан екі бала туады: Қожамберді, Тоқтас. Қожамбердіден үш бала туады: Байназар, Есназар, Қозыбақ. Тоқтас қатын алған екен, бәйбішесінен Есіл бойындағы Қарақозған, тоқалының аты Сарықыз екен, онан туғандар Сарықыз Қозған аталады. Қозған деген кісі қозғала берген соң және қозы берген соң Қозған атанып кетіпті. Шегендіктен – Қақсал, Қақсал деген кісі аты емес, қақсай бергендіктен Қақсал қойған. Олжакелді туралы бір ауыз сөз. Сүйіндік пен Қуандық енші алысқанда Нұрпаяның қолындағы асыранды бала Олжакелдіні Қуандық мен аламын деп, Сүйіндік бермеймін деп екеуі таласып, асықты қаржылатыпты. Асықтың қаржуы Сүйіндікке түсіп, сол алған екен. Содан Олжакелді аты қалып, Қаржас атаныпты.

Сүйіндіктен бір бала туды, аты – Суғыншы, шешесі ұлы жүз Өгіз бидің қызы екен. Суғыншыдан екі бала туды: Шуманак, Мәжік. Мәжіктен екі бала туды: Малай, Жәдігер. Малайдан төрт бала туады: Қатке, Дәулет, Жәнібек, Тыныбек. Жәдігерден үш бала туады: Байтік, Шақай, Сары. Бұл Малай, Жәдігер өзге Төртуылдан аз болғандықтан, күні бүгінге дейін Төртуыл атында. Құлболдымен бірге туысқан Жанболды аз болғандықтан, күні бүгінге дейін Жанболды атанып келеді.

Шуманактан үш бала туды: Құлболды, Жанболды, Жолболды (Орманшы). Бұрынғы ақындардан қалған бір ауыз өлең бар:

Мәжікпен бір туысқан ер Шуманак,

Қойыпты Құлболдыны құдай қалап.

Айдабол өз ішінде ел ұстаған,

Бақ берген Алла өзі, таудай талап.

Құлболдының бәйбішесінің аты – Мақпал. Мақпал бәйбішеден үш ұл туды: Күлік, Тұлпар, Айдабол. Айдабол он үш жасында ердің құнына билік айтып, би атанған екен. Ол замандарда Арғын Сырдарияның күнбатыс жағын мекен қылып жүреді екен. Бір кездерде Арғындар Сырдариядан өтіп, Қаратауды жайламақшы болыпты.



Мұны Қаратауды мекен қылып жүрген Қарақалпақ пен Алшындар естіп, Арғын бұл жаққа келіп қоныс қылса, бізге таң атырмайды, күн шығармайды, сондықтан Құлболдының көшін өткелден өткізбейік деп, өткелдің екі жағына көп кісілер келіп тұра қалыпты. Сонда Айдабол жалғыз өзі келіп, өткелді қамап алып өткізбейміз деп тұрғандарды ұрып жығып, қалғандары қашып кетіп, елінің 20 шақты басты адамдары келіп тұрыпты. Сырдарияның өткелінен мал аяқтап өте алмайды екен. Сонда Мақпал бәйбішесінің астында торы жорға аты бар, жүк артқан 80 нарды жетелей судан өтерінде Қарашоғы Мәнәт жәмшінің етегін түріп алып, іркілместен аты да үйректей қайқаңдап, нарлары да шегініп қалмай, қаздарша байпаңдап өткелден өте шығыпты.

Өткелдің ар жағында қалай өтер екен деп тұрған ел адамдары, нелер жақсы бәйбішелері дәнеме дей алмай, «Пай-пай, бәйбішенің бөксесін-ай!» – депті. Сонда Мақпал бәйбіше:

– Күлсендер күлерсіңдер, күндердің күнінде күлкілеріңді тыя алмай жүрерсіңдер, бұл қай бөксе дейсің, Айдабол шыққан бөксе, артың болса Айдаболдай ұл тап, – деп бөксесін қаққан екен.

Шуманақ өлгенде Жолболды емшекте қалған бала екен. Анасы Жолбикені Қаржас алып, Жолболды шешесінің құшағында кетіп, бала ержеткен соң Жолболдыға қатын алып беріп, енші берген – Қаржас. Артынан өз қолы өз аузына жеткен соң Құлболдының балаларын тауыпты, бірақ Құлболды балаларынан зорлық көретін болса Қаржас ыңғайласа бастайды. Жолбике дегенде Қаржасқа қосылып кетеді. Жолболдыдан Орманшы деген ел өсіп өнген.

Айдаболдың бәйбішесінен екі бала туды: Малқозы, Жанқозы. Екінші әйелінен үш бала туды: Қарақозы, Аққозы, Бозқозы. Үшінші әйелінен үш бала туды: Тайкелтір, Қожакелді, Қошетер.

Күліктің таралуы

Күліктен төрт бала туды: Тілеуімбет, Наурыз, Ақыл, Сексен. Наурыздан төрт бала туды: Ақай, Түкей, Шобалай, Шобай. Ақайдан екі бала туды: Санмырза, Бекмырза. Санмырзадан бес бала туды: Байғана, Айғана, Мешітбай, Тайғана, Сегізбай. Мешітбайдан бес бала туды: Әлдебек, Бүйен, Көтен, Қарабек, Шалақазық.

Әлдебектен екі бала туды: Ақылбек, Әкімбек. Әкімбектен – Қабылбек, Қабылбектен төрт бала туды: Имаш, Қабыз, Ғабит, Сәбит.





Тілеуімбет Күліктің бәйбішесінен жалғыз туады. Тілеуімбеттен Бегім, Қойтан. Бегімнен Ақжігіт, одан Санжасар, Мыңжасар, Жүзжасар (?), одан Көпей, Мағырып. Көпейден Мәшһүр Жүсіп, одан: Шарапи, Мұхамедәмен, Пазыл. Шарапиден – Төлеубай, Сүйіндік, Пазылдан – Қуандық, Шегендік, Қажым. Жанқозыдан үш бала туды: Лапақ, Төлебай, Қосқұлақ. Лапақтан екі бала: Мамыт, Көсте. Төлебайдың бәйбішесінен Едіге, Еламан, тоқалынан Малкелді, Елкелді, Жылкелді туады. Қосқұлақтан Жолан, Ысқақ туады. Мамыттың бәйбішесінен 9 бала, тоқалынан 4 бала туады. Едігеден бес бала: Шоң, Торайғыр, Қикара, Сарман, Қосдәулет (соңғысы Боржық деген тоқалынан туды). Еламанның бәйбішесінен бес бала: Жәуке, Көрпебай, Текебай, Тұрсынбай, Шонты. Тоқалынан алты бала туады: Атап, Ботан, Нұралы, Боқбай, Жауқашар, Ақанай. Жәукеден үш бала: Ниязбақы, Аңғай, Үшбас туды. Ниязбақыдан Керім, Түсіпбек; Аңғайдан Қара, Әлжан, Баймағамбет; Үшбастан Көпей, Көпейден Ақжігіт туады. Көрпебайдан Темірбай, Естай, Тақырбас. Темірбайдан Аманбай, Асылбек, Әлжаппар; Аманбайдан Шұғайып, Қадыр; Естайдан Жүніс, Ахмет, Мақы; Естайдың тоқалынан Амантай, одан Алтай, Мұрат, Сарыбай туады. Жүністен Әбіш, одан Қасен, Қасеннен Мұбарак туады. Тақырбастан Қожамбет, Жақып, Ержан; Қожамбеттен Оспан, Бәкір, Жақыптан бала жоқ. Ержаннан – Сыздық, одан – Серік. Текебайдан Шодан, Теменбай, Асан; Шоданнан Қосшығұл, одан Ысқақ, одан Ақтайлақ, Нарбота, Ақбота, Ақтайлақтан Айту, Нарботадан Кәкіш, Ақботадаң Бибіғайша атты қыз туады. Темешбайдан Қасен туады.

Еламанның тоқалынан 6 бала, Тұрсынбайдың бәйбішесінен – Пазыл, Құдияр, Боштай. Пазылдың бәйбішесінен – Айтен, Шегебай, Байменкөт, Досқара; Айтеннен Әбіш, Асқар; Шегебайдан Баязит, Ілияш; Досқарадан Жұмат, одан Әубәкір, Хамзе; Байменкөттен Смайыл, одан Қызыр, Бәйменкөттің тоқалынан Шөкі, Риза, Шапық туады. Пазылдың тоқалынан – Есмағамбет; Есмағамбеттен Ахмет, Айып, Жүсіп; Ахметтен Қажым, одан Шалабай, одан Аманкелді; Айыптан Мұқаш, одан Серік; Жүсіптен Жәлел, одан Марат, Серік; тоқалынан Омарке, одан Шайхыахмет, үшінші әйелінен Исабек, Мұсабек, Сабыр туады. Боштайдан Құсай, Сүлеймен; Құсайдың бәйбішесінен Жұпар, одан Мұқыш, одан Рақымтай туады. Құдиярдан Кепешбай, Мұсабай, Исабай, Қарыт, кенжесі Ыбырай; Кепешбайдан Ыдырыс, одан Тәш, Тәштен Қайырбек, одан Ораш, Нұраш туады. Мұсабайдан Мұсайып, Ахмет, Түлкі (шын аты Жүсіп), Мәшірап туады. Түлкі молдадан Қасеқарый, Жолмұрат, Шадым, Әлдеш, Қаражігіт, осы бесеуінен де тұқым жоқ. Мәшіраптан Кәрібай, Ақмолда, Құрманғали; Кәрібайдан



Жұқаш, Бүркіт, Айнабек; Жұқаштан Төлеухан, Қасымхан; Бүркіттен Арман, Ерлан; Айнабектен Ерден, Нұрлан, Төлеутай; Ақмолдадан Қазтай, одан Дүйсек; Құрманғалидан Оматай, Серікбай туады. Жоғарыдағы аттары аталған Кепешбай, Мұсабай, Исабай – үшеуі де қажыға барған, Мұсабай, Исабай ағалы-інілі екеуі бірін-бірі іздеп барып Мекке, Мәдинада қайтыс болған.

Тұрсынбайдың екінші әйелінің аты – Айдай, Керей қызы екен, бұдан Қылжырбай, Шоқыбай, Тасыбек туады. Қылжырбайдан Дүржан, одан Әбдіразақ, Әбдіразақтан Әбдікәрім, Мұқамбетжар, Аллажар, Әбдірахман, Әбдірахманнан Талғатбек, Әбдікәрімнен Қайрат, Мұқамбетжардан Болат, Жанат туады. Шоқыбайдан Ысқақ, Әжікей, Әбсаттар, Әбдіқадыр; Ысқақтан Ұлықман, Нағман, Нұғыман, Қасен, Қасеннен Саламат туады. Тәсібектен Махмет, Қазықан, Әмірхан, Мәнен; Махметтен Қасен, одан бір бала бар. Қазықаннан Шайхы, одан Бәкір, Шәкір; Бәкірден Ерсің, Шәкірден Арман туады. Әмірханнан Рақым, одан Құттай, одан Соқыр; Мәненнен Ораз, одан Болат, Бейбіт; Иманғалидан Жұмабек, Әубәкір, Қуандық; Мәуліттен Шахкәрім, Шаймұрат, Қаныш, Қабыш, Нұркен туады. Кенжесі Айтжан, одан Асқар; Шонтыдан Айтбақы, Байбақы, Жанбақы; Айтбақыдан Дүрман, Балқожа; Дүрманнан Әміре, одан Аспандияр; Балқожадан Қасен, Бүбежан, Шайқы; Байбақыдан Құлмағамбет ұста, одан Жәми, Мәкәр, Әмір; Жанбақыдан Әлдекей, одан Біләл туады.

Бәйтеннің бәйбішесінен – Уайыс жалғыз, тоқалынан – Мәлмек, Мұрсал; Уайыстан – Амин, Абсағи, Кәрібай; Аминнен – Нағымтай, Нағымтайдан Қазылып, Шаяхмет, Аманжол, Рыспай; тоқалдан – Ғалым, Әлім, Жанат.

Малқозының бәйбішесінен – Жаманай, Бәйімбет; тоқалынан – Сарыбатыр, Толыбай, бұл екеуінің шешесі Бозқозының қалыңдығы екен, оң жақта отырғанда Бозқозы өліп, келінін Малқозы алыпты.

Малкелдінің бәйбішесі Ұлы жүз Бабабек деген байдың қызы екен, аты Ақбұйра, бұдан Ақпанбай жалғыз туады, Рыс деген тоқалынан Секербай, Әлипе туады.

Ақпанбайдан Асарбай, Бөктері, Әділше, Темірболат; Әділшеден Молдажан, Омархан, Бәшар, Ділдаш; Ділдаштан Боқшал, Әбілда, Қоқай, Мәукей туады. Еламанның тоқалынан 6 бала: Атан, Ботан, Жауғашар, Бақбай, Нұралы, Ақанай туады. Жауғашардан Бозбай, Түйеші, Тауасар, Тасай, Шаумен туады. Нұралының бәйбішесінен Байжан, Тайжан, Бошай туады, тоқалынан 8 бала туады: Қожырдан Әбжан, Әбжаннан Тәшім, Тәшмұқан, Құдыш; Құдыштан Асылхан,





Әлихан, Қанапия; Қанапиядан Нәкен, Ғалы, Күләй; Асылханнан Бүркіт, Лашын, Сандуғаш, Сұңқар туады.

Бұқар жырау мен Көтеш әңгімелері

Абылай ханның заманында 92 жас жасаған Қаржас ішінде Алтынторы Қалқаман батырдың баласы Бұқар жырау деген қария болған. Заманындағы адамдар бұл кісіні Көмекей әулие дейді екен. Көмекейі бүлкілдеп, қатты дауысы жоқ, сөйлейді де отырады екен, қара сөзді тақпақтай үйлестіріп айтады екен. Абылай хан өтейін деп жатқанда Бұқар жырау айтқан екен:

– Қайырусыз жылқы баққызған ханым-ай, қалыңсыз қатын құштырған ханым-ай, үш жүзден үш кісіні құрбан қылсам, сонда жаның қалар ма екен, ханым-ай!

Сонда Абылай айтыпты:

– Мақтамаңыз, мақтағаныңызбен Абылай деген даңқыма лайықты іс істей алмадым, қазақтың баласын орнықты жұрт қылып, шәһарлы ел қылып кете алмадым, көңлімдегі арманым осы, – депті.

Үйсіндердің бір үлкен тойы болып, сол тойға Арғындардан кісі шақыртыпты. Арғын елі бір жұтта жұтаңқырап қалып, нашарлау ат мініп, аттарының құйрығы шолақтау болса керек. Үйсіндердің байып тұрған кезі болса керек, Көтеш ақынның балалау кезі болса керек. Тойда Арғындардың өлең айтатыны бола қоймапты. Сонда Үйсіндер келемеж қылып, «әу деп үретін иттеріңді ертіп шықпаған екенсіңдер», – депті. Сонда Үйсіннің Күлфила деген ақын қызы:

«Жеңгелікке жүреді екі қатын,
Сақтап жүрмін Алланың аманатын.

Арғындардың жігіті алдап отыр,

Шолтаң-шолтаң еткізіп шолақ атын», – дегенде Көтеш

ақын айтқан екен:

«Жеңгелікке жүреді екі зайып,
Өлең сөзді айтамын жұртқа жайып.

Ат шолағын, құдаша, қылсаң айып,

Біте шолақ нәрсенің бәрі де айып».

Күлила қыз үндей алмай отырып қалыпты. Көтеш ақынның ең алғашқы аты шығып, өлең айтқан жері осы болса керек.





8-хикая. Дос батыр туралы

Орта жүз Арғын бес Мейрамның бірі Қаракесек болады. Қаракесек оның аты емес, шын аты – Болат қожа, Болатқожадан Ақша мен Түйте туады, Түйтеден Майқы мен Танас туады, Майқыдан Әлтеке мен Сарым туады, сол Әлтекенің баласы – Дос батыр 78 жасында жалғыз баласы Қожанәзір екеуі қалмақтың қолына түскен екен. Сонда қалмақтардың «бұл қазақты өлтіріп тастайық» дегендері болыпты. Енді бірі:

– Жок, әкелі-балалы екеуін бірдей өлтіріп, тұқымын құртпайық, ежелден қалмақ пен қазақ соғыста бірін-бірі өлтіргені болмаса, қолға түскенді өлтіру жоқ еді ғой, – деп басу айтыпты. Қалмақтардың ыбыр-сыбырынан сескеніп, жаны шошып Дос батыр:

– Сыбыр-сыбыр етеді, сыбыры құлақтан өтеді, өзім өлсем боғым-ай, Қожанәзір құлыным-ай, – деп жылай беретін болыпты. Қалмақтар мұнысын көрген соң «әкелі-балалы екеуі өзара кеңессін, келісіп бірін бізге олжаға қалдырсын, бірін еліне баруға босатайық» деп келісіпті. Сонда баласы ұшып түрегеліп:

– Әкетай, мен сіздің көк лағың болайын, мені құдай жолына құрмалдық қылып, ел-жұртыңды тапсаң етті, – деп жылап қоя бергенде, Дос батыр:

– Қалмақ шалға зәру емес, жас ұланға зәру, жас ұланды өлтіре ме, өздеріне тән қылып, ел қылып, жұрт қылып алады, мен елге барғанда не бітіремін, қаздың етін асадым, жетпіс сегіз жасадым, сені мұнда қалдырып мен елге барсам, екінің бірі, егіздің сыңары айтады, алысым былай тұрсын, жақыным айтады, дұшпаным былай тұрсын досым: «мына жалмауыз талайдың басын жалмаған жауыз емес пе, жалғыз баласы Қожанәзірді жалмап салып, ұялмай жылт етіп келуін қайтерсің» дері анық, «сен барсаң, Дос батыр өлген жоқ, міне, тірі» деп ел қуанар, сен балалы болсаң, солар қалмақтан менің кегімді алар, – деп батасын беріп, баласын қайтарып, өзі қалмақтың қолында қала береді. Қожанәзір еліне аман-есен келіп, үйленеді, одан бір ұл туады, атын Жидебай қояды. Жидебай төрт жасқа келгенде шешесі өліп, бала жетім қалады. Мұнан кейін Қожанәзір тоқал алады, аты – Анар, Анардан алты ұл туады, Анардың бойы тапал болғандықтан, бес қанат үйдің уығын байларда керегеге жетпейтіндіктен, Жидебайды аяғының астына жатқызып, қашан уық бай-





ланып болғанша Анардың «баспалдағы» болатын көрінеді. Ол кезде жаугершілік көп, малшы жалдамайды. Сонымен бір үйдің бар шаруа тірлігі Жидебайдың мойнында болады. Тоқалдан туған алты ұлдың бірінен де Жидебайға көмек болмайды, мұны көрген қатын-қалаш: «Шырағым-ай, көзің ашылмады-ау, өз шешең тірі болса, үйі құрғыр тігілмей қалса да сені аяғының астына салып тұрмас еді-ау!» – деп мүсіркейді екен. Сонда Жидебай:

– Бұл істеп жүргені – маған достық, жасында пісіп-қатсын, көнтерлі болып, шыдамды болсын дегені емес пе, – дейді екен. Сүт пісіргенде алты баланың алдында алты аяқ, алты қасық, оларға бөлек-бөлек құйып береді, ал Жидебайдың қолына тезек салған қапты беріп, «отты қарай отыр» деп нұқып қояды екен, «сонысы жанымға батады», – дейді екен Жидебай. Жидебай сегіз жасқа келгенде Қаракерей Қабанбай батыр бүгін түнде Дос батырдың інісі Әлмұраттың үйінде қонып отыр дегенді Жидебай естіпті. Ұйықтап жатқан баланың түсіне Дос батыр кіріп, баланы бабасының әруағы түртіп оятып: «Балам, Қаракерей Қабанбай батырдан бата алып қал», – дейді. Бала ұшып түрегеліп, үстінде жеңіл жыртық боз көйлегі бар, Қабанбай батырды іздеп келсе, Қабанбай батыр аттанып кетіп бара жатыр екен. Бір мезгілде еліктей ұшып келе жатқан бала екенін таныған соң, тоқтап тұра қалады, көп кісімен жорыққа аттанып кетіп барады екен. Бала жетіп келіп:

– Ассалаумағаләйкум! – деп сәлем береді.

– Уағалайкумассәлам, жолың болсын, сәлемші балам, қайда барасың? – деп сұрайды. Сонда бала:

– Атың шыққан өз атамыз едіңіз, сізден бата алып қалайын деп келіп едім, – дейді. Қабанбай батыр:

– Бата-сата не береді дейсің, төрт алма жайым бар еді, соның біреуін саған бердім, ал, балам, – деп жүріп кетіпті. Сөйтсе, төрт алма жайдың біреуі қызыл түлкі екен, соны беріп кеткен екен.

9-хикая. Абылай хан

Абылай үш жүздің баласы – қазаққа хан болғанда Әлтеке-Сарым- Жидебай батыр атақты батырының бірі болып, Абылайханға қолбасшы болған екен.

Абылай бір жаққа аттанарда, қосын жүргізерде Үйсіннен Ақшабдар атты алғызып, Әлтеке-Сарым Жидебай батырға мінгізеді



екен. Бұған айсыз қараңғы түн тал түстей, боранды күн ашық күндей болады екен. Жан таба алмаған жерді көріп қойғандай табады. Біреудің пышақ, шақпағы бара жатқанда бір жерде қалған болса, айсыз қараңғы түнде болсын, жауын-шашын көзсіз боран болсын, жүріп келе жатып найзасын тіреп тұра қалып, «ал осы жерден қарай қой» дегенде қалған нәрселерін тауып алады екен. «Сен осыны қалай тауып аласың?» – дегенде, жанға сырын айтпайды екен. Сонда Абылай хан:

– Осының бастап жүретін қызыл түлкісі бар, – дейді екен. Бір жорықта Абылай хан біреуге қадағалап тапсырып қойыпты:

– Ұйықтап жатқанда осы Жидебайдың қойнын ашып қарашы, – деп. Сол адам аңдып қарауыл қарап жүріп, ұйықтап жатқанда ақырын басып барып қойнын ашып қараса, өңірінің астында, төсінің үстінде жатқан қызыл түлкіні көріп, түлкі жалт қарағанда үрейі ұшып қаша жөнеліпті. Ханға келіп көргенін айтыпты. Көргені бар болсын, екі көзінен айырылыпты. Жидебай батыр жеті қатын алып, өзі жүз бес жасқа келіп өлген екен.

Алатау жақта адам тауып бара алмайтын жерде бір тайпа ел болыпты. Ол ел өмірі жау дегенді білмейтін ел болса керек. Аман-есен жатады екен. Жидебай бастап барып шауып талапты. Сол елде бір Сарықожа деген қожа бар екен:

– Бұл елді, жерді өзімізден басқа адам өмір бойы таба алмайтын еді, дәуде болса көзі ағарғыр, көзі соқыр болғыр Жидебай ғой, – деген екен. Сол Сарықожаның лепесі қабыл болып, Жидебай көзінен ерте айырылыпты, Қожаның барып аяғына жығылса да болмапты.

– Ауыздан шыққан түкірік, қайта жұтса мөкүрік, ауыздан шыққан соң болмайды, – депті. Өлтеке-Сарым Жидебайдың тамы Қарқаралының сыртында Қызылтауды басып ағатын Нұра өзенінің бойында Мәшүріп күңнің моласының қасында. Осы Мәшүріп күң өзі күң болса да, көп ұлтқа мазар басы болып аты атанып қалған.

10-хикая.

Шоң мен Тіленші бидің бас қосуы

Екі елдің дау-жанжал, ердің құны, нардың пұлы сияқтыларды Төртуылдың билері бас қосып бітім қылып, ел арасын тыныштандырып, жайластырады екен. Сонда Қаракесектің биі – Тіленші, Төртуылдың биі – Шоң би екеуі бас қоспақшы болып, Шоң би Қаракесекке жүр-





мекші болып, Айдабол Тәйкелтір бидің Өрік деген тоқалынан туған Өтепсақауды ала жүрейік деп барса, Өтеп кедейлікте, қарақасқаның өзі екен. «Атым, тоным жоқ» деген соң Тәйкелтірдегі Мәнтен байддың торы жорға атын алдырып мінгізіп, шұға шекпенін кигізіп алып жөнеліпті. Сонда Өтепсақау:

– Алдынан буа сөйлейін бе, артынан қуа сөйлейін бе? – деп сұрағанда, Шоң би:

– Артынан қуамын деп жүргенде жеткізсе жақсы, шалдырмай шығып кетсе қапы соғып қаларсың, не болса да алдынан буа сөйле, – депті.

Билер бас қосып сөзді бастағаннан-ақ Өтепсақау ешкімге сөз бермей, Тіленшінің аузын аштырмайды. Сонда Тіленші не дерін білмей:

– Мынау өзі жағасы кір-кір немең кім өзі?! – депті. Сонда Өтепсақау:

– Көйлек кірі жуса кетер, көңіл кірі айтса кетер, сүйек кірі қайтсе кетер? – депті. Тіленші тұрып:

– Менің сүйегімде не кір бар екен, әкем – Бекболат, бабам – Қазыбек, – деп, Бошанға, Болатқожаға дейін шұбыртып сөйлегенде, Өтепсақау:

– Әкең айсыз қараңғы түн еді, жер ошақтың басында, көгеннің қасында жататын шешең Солымқара күң еді, – дегенде, Тіленші сөз таба алмай Шоңға Айтқан екен:

– Әй Шоң-ай, мына сөзді биті быжынаған, құрты құжынаған жаманнан естіртпей, өзің-ақ айтып тынсаң етті, – дегеннен басқа ештеңе айта алмапты. Сол Қазыбектің ұрпағында «кімсің» дегенге «Кішікіпіз» дейтіндер бар, онысы – «біз Солымқарадан емеспіз» дегені, Кішік қатынның аты болса керек, Солымқарадан жирендіріп қойған Өтепсақаудың сөзі болмаса кімнен туғанын кім біледі.

12-хикая. Абылай хан мен билері

Бір күні Абылайхан қарамына көз тойған үш жүзден озған алаяқ билерімен бас қосып отырғанда:

– Дүниеде тозбайтын не нәрсе, өлмейтін не нәрсе, осыны тауып беріңдер де, менен қалағандарыңды алыңдар, – депті. Сонда






отырғандардың біреуі «тас тозбайды, темір тозбайды, асқар тау өлмейді, аққан су өлмейді, қара жер өлмейді, ай мен күн өлмейді», – деп, бірі оны, бірі мұны айтыпты. Абылай хан өзі біліп отырған жоқ, білсе сұрай ма, бұл сөздер көңіліне ұнай қоймапты. Сонда түп тегі Қыпшақ Таймас – Жұдас деген адам тамам билер дүрілдесіп отырғанда ләм-мим деп сөз қатпай, сөздерін тыңдап босағада отырған орнынан ұшып түрегеліп, Абылай ханның алдына шарт жүгініп отыра қалып:

– Алдияр тақсыр, бұлардың айтып отырғаны – өлетін нәрселер, тозбайтынды ұста соқпайды, өлмейтінді құдай жаратпайды демеп пе еді, ал енді мен тозбайтынды, өлмейтінді айтып берейін: құдай дескен құда болады, құшақтасқан дос болады, дос болғанда бірінен-бірі жүйрік ат алады, қыран құс алады, түзу мылтық алады, ат өледі, құс қашады, түзу мылтық қисаяды, достық сондаймен тозады. Төсекте бас қосылсын, төскейде мал қосылсын деп құда болады, бірақ кит саларда бір дау, мал берерде екі дау, ұзатарда үш дау, кіргізерде төрт дау, осының салдарынан бірде болмаса бірде құдалық та тозады. Ал құдай қосқан құда емес, құшақтасқан дос емес, бірінен-бірі жан аямайтын, көрмесе сағынысып тұрысатын екі адам болады, міне, сол екеуінің татулығы тозбайды, қара жердің өлгені – қар астында қалғаны, асқар таудың өлгені – басын мұнар шалғаны, аққан судың өлгені – мұз болып тоңып қатқаны, ай мен күннің өлгені – түнеріп барып батқаны. Өлмегенде не өлмейді, ғалымның жазған хаты өлмейді, жақсының аты өлмейді, – деген екен. Естіген жұрт та, Абылай хан да айызы қанып риза болып, қамқа тонын жауып, толық тоғызын беріпті. Отырғандар шулап:

– Батырдан – сауға, мергеннен – сыралғы дегенде, Таймас-Жұдас:

– Мұны бір қымбат дүние көріп байламай бара жатқаным жоқ, атамыз Абылай ханның бір сөзін шешіп беріп алған олжасы екен деп балаларым мұра қылып айта жүрсін, – деп, байламастан алып шығып жүре беріпті.





13-хикая.

Қасен баласынан

Ерте заманда Тобықты Құнанбаймен қажыға бірге барған Сілеті бойындағы Қыпшақ Құрман баласы Қасен қажы сөйлейді. Шиірбай жолаушылап келе жатып бір ауылға қоныпты. Жазғы шілденің айы екен. Аузын ашқан соң ұйықтап қалыпты. Бір мезгілде Шікеңді оятып, қолына су құйыпты. Бата қылдырып мал соймағанына, тым болмаса мал соямыз деп мезіреті жасамағанына Шиірбай кектеніп отыр екен, абайласа, асқаны сүр ет екен, бата бергенде:

– Мынау жас ет екен десем, сүр ет екен ғой, Шықбермес Шығайбайдың өзі екен ғой. Өлді деп Қарынбайды естуші едім, бұл итің әлі күнге тірі екен ғой, – депті.

14-хикая.

Шыңғыс ханды хан көтергені

Айтушылардың айтуы бойынша, Шыңғыс ханды 27 жасында Шүршіт ортасында хан сайлап, таққа отырғызғанда әр жұрттан билер жиналып, көптің ынтымағымен хан қойған екен. Сонда Майқы би арбасын жаяу кісілерге тартқызып барыпты. Сендер төрт аяқты айуанға мініп келдіңдер, мен өмірімде айуанға мініп көргенім жоқ, бәріңнен артықшылығым осы, – деп, төбе би болып отырған Шыңғыс ханды өз қолымен таққа отырғызған осы Майқы би екен. «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» атанған Майқы би – осы екен.

15-хикая.

Мөңке бидің сөзі

Ноғайлының елінен шыққан Мөңкі бидің айтқан сөзі.

Азарсың, жұртым, азарсың, азғаныңның белгісі –
Тайғақ, тайғақ көлдерден балық шығар деп еді,
Ол балықты аулайтын
Үш ашалы шанышқылы қайық шығар деп еді,
Қылмысы жаққан жандарал алып шығар деп еді,
Қылмысы жақпас қырсықты



Екі етегі су болып,
Бір жаратқан тәңірге налып шығар деп еді,
Ауылдарың шу қылған, жаулықтарын ту қылған
Сайып шығар деп еді,
Оқшантай жоқ, кісе жоқ
Белбеу шығар деп еді,
Жүгініс жоқ, малдас жоқ көлбеу шығар деп еді,
Заманақыр адамы менмен шығар деп еді,
Үй басына тоқ еткен келі шығар деп еді,
Енесімен керіскен келін шығар деп еді,
Келіні айғыр, енесі саяқ шығар деп еді,
Бір уысқа толмайтын аяқ шығар деп еді,
Қай жақ болса қойысың сол жақ шығар деп еді,
Бұзау, тайынша, танаға жүк артылар деп еді,
Қарап тұрған жігітке қыз артылар деп еді,
Асып жатқан дариядан су тартылар деп еді,
Көкек айы болғанда кемпір күйлер деп еді,
Егіншінің қатыны байын билер деп еді,
Тоған басы мұрап деп арық шығар деп еді,
Сол арықтың ішінде ыңғайы жаманның
Пышағы мен шақпағы қалып шығар деп еді,
Бес қойға алған өгізді тегін дерсің деп еді,
Егін егіп, тарының сөгін жерсің деп еді,
Жалаң аяқ сарттарды бегім дерсің деп еді,
Асқа деген қамыстан осы шығар деп еді,
Сол үйдің ішінен қозы жауырынды,
Қой бұтты биі шығар деп еді,
Заманақыр болғанда ат қояндай,
Ер құмандай болады,
Садағын көздеп ілер деп еді,
Өлеңтіні жағалай тал шығады деп еді,
Тал шыбықтай бұралған сал шығады деп еді,
Соққан бейіт секілді үй шығады деп еді,
Қырыққан серке сықылды биі шығар деп еді,
Бар құмары арақ болып,
Көрінгенге мазақ боп,
Соңғы іштанын салып шығар деп еді.





Мәшһүр Жүсіптің бес жаста медресеге оқуға барғаны

Жалғанда бір еңбегім жанбаған жан,
Тілімді жөн деп адам алмаған жан.
Тапталып көрінгеннің табанында,
Сәулесі болмас мендей қалмаған жан.
Атамыз берген екен әуел баста,
Мектепке доңыз жылы, дәл бес жаста.
«Смайыл Қызыл ағаш» деген жерде,
Бес шақырым жерде ауыл – Бұзаутаста.
Медресе Баянаула қаласында,
Амалсыз атаң айтса қаласың да.
Ойлайсың кім болды деп бізден ғарып,
Жиналған көп шәкірттің арасында.
Сонда молда Нәжмиден қазірет екен,
Ол қысын Баянтауда қылған мекен.
Қалаға бір жыл қыстап пәтер тұрып,
Сәтқожа екен молда ұстап құрған дүкен.
Бес жаста нәсіп болып бізге дүкен,
Би қисап көрдік қиын қанша тікен.
Нәжмиден хазірет сүйіп шын көңілмен,
«Бұқарлығым!» деп лепес қылған екен.
Бел босанбай өмірінде бүгілуден,
Көз жасы бір тыйылмай төгілуден,
Себебі Бұқарлығым деп айтқанда,
Қаққан қазық секілді жүгінуден.
Артына мінгестіріп алып келді,
Бес жаста бес шақырым жерге берді.
Ал әкесі қайтқанда енді үйіне,
Соңынан жүгірмей ме жас бала енді.
Атамыз дін жолына белін буды,
Бұл Мәшһүр сол секілді ерден туды.
Көшенің қақ басынан қуғанынан,
Жеткенше медресеге атпен қуды.
Басқа қамшы тиген соң жаман састым,
Қорғалауға жер таппай әбден қаштым.
Медресеге қуып кеп бір-ақ тықты,



Қайтып әкем демеске амандастым.
Байжан хазірет көшесі қуған көше,
Қамшыменен шықпыртқан әлденеше.
Енесінен түңілген жас қозыдай,
«Кім ойлапты бар ғой, – деп – әке-шеше!»
Ұмытпаймын торы ат бар сонда астында,
Атамыз шын ниетті дін қасында.
«Кел, түйебас қылайық!», – деп балалар,
Біз жатамыз бәрінің ең астында.
Ауыл әлі баяғы Бұзауақта,
Балалардың таяғы біздің баста.
Шөкел ұлы Дүржанбай халпе болды,
Келер жылы біз онда алты жаста.
«Жеті жаста, – деп сұра – болдың қайда?»
Дүние жастан келген жоқ бізге майда.
Төртуыл халпе тұрған Қызылтауда,
Орманшы «Қожан сопы» деген жайда.
Туғаннан ғарыплықты тудық ұстай,
Адасқан бау-бақшадан бұлбұл құстай.
Халпенің бибісінен сабақ алып,
Өткіздік өмір сонда ала қыстай.
«Болам – деп – тірі жетім» кім ойлаған,
Бізді үйге ата-анамыз бір қоймаған.
Жерден майда, біз жұмсақ болдық сол күн,
Балалар үстімізде көп ойнаған.
«Шәр кітап» алты жаста ұстағаным,
Сол күнде өлең жатқа қостағаным.
Екі жыл Баян, бір жыл Қызылтауда,
Үш жылдай түнеп түзге қыстағаным.
Үйреніп бала жастан білдім тілді,
Сабадым шәр кітапты жатқа енді.
Үш жастан соң орнығып тұра алмадым,
Туған жер мен ағайын бауыр елді.
Қой жылы бала екенмін жерге түскен,
Кіндігім Қызылтауда Тоқтық кескен.
Тауық та жұтап қалып, малдан таза,
Жаз шыға Баянаула тауға көшкен.
«Мәні» оқыған жоқ басқа бала,





Араб, парсы өлеңдеп жатқа және.
Самардай қақсағаным бар жазығым,
Үш жылдай жер аударды ата-ана.
Бір жерде «жын» бар десе оқу атты,
Жалма-жан даярлайды әкем атты.
«Тимеші үйде отырсын», – деп айтпайды,
Шешем қандай, мінезі тастан қатты.
Көзім жасын құдайым иген емес,
Жастан маған жақсы орын тиген емес.
Бір жыл жатып бір жерден келсем үйге,
Шешем иіскеп бетімнен сүйген емес.
Жаста болып көргем жоқ құнды пұлды,
Бала біткен бәрі де менен оңды.
Талай елдің баласы тулақ қылған,
Қыс болса үстімдегі қатқан тонды.
Аузы ашықтар аямай көп сабайды,
Пейіліме өзімнің деп сабайды.
«Сен сабақты аласың жылдам-жылдам,
Бізге молда ұрсады», – деп сабайды.
Жазығым сол, зерекпін, неден екен,
Сонда да жасымадым, болдым емен.
Сабақ білмей, болмаса ойын ойнап,
Мен таяқты молдадан жеген емен.
Ас келмеді алдыма толық аяқ,
Бес пен алтыда, жетіде жүрдім саяқ.
Қайда басы құралған көп баладан
Тойып жүрдім жемеген күнде таяқ.
Бейнет беру жағына құдай мырза,
Құдай өзі берген соң никак нельзя.
Ойнағаны қылады ақ түйе бас,
Шындағаны шыңғырған дауысыма ырза.
Алды-артымда серік жоқ жалғыз өстім,
Бес жаста ғарыплыққа тұтқын түстім.
Жаға кір, бит атаулы бізде қонақ,
Жең дал-дал түте-түте болып үстім.
Бір үш жыл ұдайымен солайша өтті,
Өлмей тірі жүрумен сегіз жетті.
Құдыреті құдайымның еріксіз айдап,



Келтірді Баянтауға хазыретті,
Атамыз үй салуға талап етті,
Бала үшін күзетем деп бір мешітті.
Тауық жылы салам деп бастаған үй,
Кемдікпен шатырсыз боп сол жыл өтті.
Қыстағы мешіт түбін, салған үйін,
Көңілінде бізді оқыту болып түйін.
Молда бибі Дүржанбай, халпе-сәлпе,
Олардың біз тауыстық бейбіт күйін.
Тұрмай ма Баянтауға хазырет енді,
Мерген Жақып үйіне пәтерге енді.
Гөй-гөйді тауыстым ғой деп тұрғанда,
Өмірге таусылмайтын дәй-дәй келді.
Елудің тоғызына келген жасы,
Он тоғызда жалғыз ұл бар баласы.
Бір қыз бар тоғыз жасар Бибісінен,
Төрт-ақ жан бір үйлі боп болған басы.
Қалаға Баянаула бүгін келді,
Апарып ертеңіне мені берді.
Менен басқа оқыған бір бала жоқ,
Жарыдым мен әке-шешеге енді.
«Биданнан бек біл!» – деумен сабақ берді,
Мен екі айтқызбаймын бір сөзді енді.
Ағузы бисмилләні мәнісімен,
Қызығып үйрететін жөні келді.
Ғылымды он екі пән өзі білді,
Кісі еді сөзге ұста, шешен тілді.
Айтқанын доптай қағып түсірмеймін,
Алдына дәл өзіндей бала келді.
Еңбегін жандыруға құдай берді,
Көрсен де көре алмаған талай жерді.
Сөзі жерде қалмасын білгеннен соң,
Үйретті күн-түн демей төгіп терді.
Баласын серік қылып бірге қосты,
Берген соң құдай қолға қыран құсты.
Құлболды Ишан баласы Пазыл, Мағзұм,
Өткіздік осы үшеуміз бір жыл қысты.
Көз-көңіл құлын жастан нұрға тойған,





Таусылмас көл теңіз ғой құдай құйған.
«Хазіреттен сабақ алып оқысын!» – деп,
Күттіріп Мұса мырза бір қыс қойған.
Сойдырып ту бие мен семіз тайды,
Үйдіріп жан-жағына қант пен шайды.
«Алдына тіке тұрып күтіп тұр!» – деп,
Сатылған жалдап берген Баянайды.
Жарасып екі Мағзұм қатар жүрген,
Сауықпен ойнап-күліп дәурен сүрген.
Біз жүрдік екеуінің ортасында,
Итіндей Асқап, Кәһап соңына ерген.
Не керек енді бізге ұйқы, тамақ,
Ет жеусіз тұруменен қалды табак.
Үш-ақ жанбыз ең алғаш келген жылы,
Хазіреттен ала қыстай сабақ алған.
Сол қыста көзі ауырып хазірет жатты,
Қиналып өз жанына жаман батты.
Немене «бидан» деген сөз бе оларға,
Жатқа айтып жүндей төпей сартылдатты.
Жазады үйренгенін Мәшһүр жатқа,
Өлеңдеп жүре берді соғып жатқа.
«Бір бала іштен қақсай туыпты», – деп,
Ілінді жұрт аузына сол күні атқа.
Ал енді баға бердің болып бұлақ,
Бермедік тыңдаушыға тыныс қонақ.
«Сарып нақу» деген оқу бар екенін
Қазақта естімеген бұрын құлақ.
Нұр болғыр жатқан жерің, қайран Мұса!
Балалар, шамаң келсе маған ұқса.
Жазылған хат жүзіне қаламменен,
Қазақта еш болмаған өлең қыса.
«Тарғын» мен «Қозы Көрпеш» шықпай ма енді,
Кім білген оқып бұрын мұндай тілді.
Өлеңі төрт жігіттің қосақталып,
Хазіреттің үйіменен бірге келді.
Көргеннен оны Мәшһүр жазып алды,
Соқтырып жұрт алдына жатқа салды.
Аузынан сілекейі шұбырумен,





Тамаша, естіген жан аң-таң қалды.
«Сөйле!» деп ұмтылып тұр біздің өңеш,
Тілім тағы тақылдап көнер емес.
«Көпейдің бір баласы қақсап туған», –
Деп сол күн жұрт аузында болдым кеңес.
Күн еді аға сұлтан сол күнде енді,
Баянтау қаласына Мұса келді.
Алдына көремін деп алдырғанда,
Тынбастан жазған Мәшһүр қақсай берді.
Парасат нұрыменен әбден білді:
– Қаққай деп құдай бұдан көз бен тілді.
– Мынау Мәшһүр болатын бала екен, – деп,
Ел назары, тіл менен лепес қалды.
– Ей сопы, бұл балаңды жақсы бак, – деп,
– Не болсын мұнан артық тіл мен жақ деп.
Аяумен мейірі түсіп былайша айтты:
– Балаңа мұнан былай үкі тақ, – деп.
– Жалғанда аз күн тірі тұрсын, – дейді,
– Қандырар талай құлақ құрышын, – дейді.
– Мынау нағып тұрсын деп сілтемеді,
– Өмірі көп жасағыр болсын! – дейді.
Сол күнде айтқан сөзім жұртқа жақты,
Ерлер назар қылған соң сондай бақты,
Қызының басындағы бір тал шоғын,
Қолымен Бибі Мәриям өзі тақты.
Табылды маған қамқор ата-ана,
Туысқан бауырдай Мағзұм және.
Көз ашылды, жүзіме нұр шашылды,
Сүйкімді көрінгенге болдым бала.
Бетімді бір жан енді қаққан емес,
Ұстазға мендей ешкім жаққан емес.
Ұстаздың жамағаты қойнындағы,
Қызынан бір елі кем баққан емес.
Көңілімде сайрап тұр ғой бәрі дайын,
Менен аяп көрген жоқ көздің майын.
Ғабдолла Халфе қызы Бибі Мәриям,
Аты аузымнан қалмайды жұма сайын.
Солардың сонда түскен махаббаты,





Сүйсінген артылумен жан ләззаты.
Ерден, пірден ілтисат назар болып,
Мәшһүрдің жұрт аузында қалған аты.
Қыс өтті, жер жібіді, жердің үсті,
Қаладан Хазірет үйі елге көшті.
Мұстафа – болыс, Мұса – дуанбасы,
Шорманның ортасына барып түсті.
Дүниеде табылған соң мұндай молда,
Атамыз не сақтасын бізді қолда.
Бір көк қасқа құнанға мінгізді де,
Апарып тастап кетті тағы сонда.
Мұстафа Шорманұлы, өзі – болыс,
Ұстаған молласы бар, молда Жүніс.
Күтуге Хазірет үшін міндетті етіп,
Бір жазша іргесінен берген қоныс.
Хазіреттен оқымайды ұсақ бала,
Бала жоқ менен басқа тағы және.
«Мұқтасар», «Шарық» Ғабдолла қоса оқимын,
Оны місе тұтпаймын деп: «Аз ғана».
Хазіреттің он жас үлкен ұлыменен,
Және артық қадыр пұлы құныменен.
Шорманның көп табына кіргеннен соң,
Мен қалай бір жүре алам оныменен?!
Мәшһүрдің жас шамасы тоғыз кезі,
Менімен түйдей құрдас жалғыз қызы.
Ұл мен қыз бірге жүріп көрген бар ма,
Қаңғыды тағы Мәшһүр жалғыз өзі.
Үй тола бала оқытқан молда Жүніс,
Барады қаңғып Мәшһүр қылып жүріс.
Барғанмен үндемей жәй тұра ма,
Шықпай ма айтысумен жанжал, керіс?!
Ауызын «а» дегізіп ашырмаймын!
Айтысуға келгенде бастырмаймын.
Хазіреттен естіп білген жат сөзбенен,
Бала түгіл молласын састырамын.
«Әй, сені ме?» деуменен кіжінеді,
Мәшһүрдің өзіне де сезінеді.
Тамам бала оқудан шығып алса,





Жазған Мәшһүр тапталып езіледі.
«Ал, қылайық – деседі – ақ түйе бас».
Мәшһүрдің бір шықпайды көзінен жас.
Аяғаны астынан тұрғызып алып,
Бар болғаны – болысқаны: «Ал, – дейді – қаш!»
Маған сонда жоқ шығар тимеген қол,
Мұстафада бықыған ұл мен қыз мол.
Бір Ақбура: Хазыреттің жалшысы бар,
Адамзатта аяйтын жалғыз-ақ сол.
Аяғанмен жете ме әлі көпке,
Бір өшіксе көп бала көне ме епке?!
Балалықта басымнан өткен күнді,
Қалай тізіп сөйлейін бәрін жіпке?!
Аямастан құдайдың бергенін біл,
Қыздар қалды тірідей әр жерде тұл.
Сонда аямай соңымнан қуған жандар
Тіке тұрды алдымнан қусырып қол.
Айналайын Құдайдан қылған мұндай,
Сол кезде де жүргем жоқ болып жымдай.
Кім кетіпті үндемей сырт айналып,
Тиген жанды қып-қызыл шие қылмай.
Бала кезден емдедік талай тазды,
Саған, Мәшһүр, обал жоқ, өзіңе аз-ды.
Хазыреттің үйі сонда жүруменен,
Сол ауылда өткіздік екі-үш жазды.
Өсуменен Баянтаудың қаласында,
Құдайдың жан сақтау мен панасында.
Не берсе де Құдайдың берген бағы,
Сегіз бенен он бестің арасында.
Кеудеге он бес жаста ғылым толды,
Толумен тасып кетіп, өлең қонды.
Әш-шәһрият апатқа татбиқ келіп,
Апат сол жұрт аузында Мәшһүр болды.
Кеудені кеткеннен соң өлең кернеп,
Ой кетті бет алдына сай-сайды өрлеп.
Бас жоқ, көз жоқ беталды шаба бердік,
Кім болдырып көріпті көзі терлеп.
Біледі мұны тегіс бұл Орта жүз,





Жаз өтсе тақау тұр ғой соңында күз.
Қыздарға тұмар қылып тақтыруға,
Өлеңмен ғашықлықпен қозғадық сөз.
Құдайдың міне шебер құдыретін көр,
Білмедік қайда екенін есік пен төр.
Өлеңін ғашықлықтың сезіп қалып,
Атамыз он алтыда аударды жер.
Бұлбұлдай қақсаған күн-түн сайрап,
Бекітіп тұра алмадық тілді байлап.
«Бала оқыт, мал тауып бер, тұрма үйде», – деп,
Жіберді жер Сібірге еріксіз айдап.
Ғашықтықта нем бар еді қыспай көтті,
Өз тілім өз басыма көп пәле етті.
Атаның қылған ісі мирас болып,
Сонымен жер Сібір боп өмір өтті.
Жиырма тоғыз жасымда Бұқар бардым,
Басымнан арылмастай сыбаға алдым.
Дамолла, Хамзе қожа кездей ұшырап,
Тоғыз ай сонда біраз тұрып қалдым.
Бес жаста бисмиллә айтып жаздым хатты,
Бұл дүние келді маған тастай қатты.
Сегізден тоғызға аяқ басқан шақта,
Мұса еді қосақтаған «Мәшһүр» атты.
Ітипат көп жақсылар етіп еді,
Шарапат ұстаз пірден жетіп еді.
Ұстазым Қамар хазырет сүйгендіктен,
«Ой, құзғын-ай!» – деуменен кетіп еді.
Таппады жаным сая күйгенінен,
Маңдайға тоқтамады тигенінен.
Дамолла Хамзе күліп әр сөзіме,
«Уай, әулие!» – деуші еді сүйгенінен.
Қолдаған әр орында ғайып пірім,
Тарқаған сөз сөйлеумен ішкі шерім.
Қайда барсам жоқ болған бұл жаһанда,
Ұстазға жек көрінішті болған жетім.
Деп кеткен біреу «жынды»), біреу «бақсы»),
Бір кісі көпке қалай ұнамақшы.
Ташкенттегі ұстазым осы күнгі,





Ықыласымды қош алып, көрген жақсы.
Жаңа шығып келеді ащы терім,
Бүктетіліп шабуға жетпей жерім.
Күндіз-түні басыма пана болған,
Қожабаһауаддин – кәміл пірім.
Жүрген-тұрған жерімнен пәле қашқан,
Тас басып, қанша қиын таудан асқан.
Жанкешті қыр қыдырған, су сыдырған,
Қыдырдың қыдырғанда ізін баққан.
Қаңғырып жүргендіктен некен-саяқ,
Жерім көп әр орында жеген таяқ.
Құдайға шүкір, хақтың пендесімін,
Мейірбан төккен лұтын аямай-ақ.
Иншалла, жоқ сөзімде биттей жалған,
Аузыма сөздің шынын тәңірім салған.
Лұтты қандай есепсіз көп болса да,
Тағы өзі қаһарына сондай алған.
Жалғанда күйіп текке жасаған жас,
Бойыма өмір бойы бір сіңбей ас.
Ырзамын, қылған бәрін ием өзі,
Жадыратқаны, қысқаны бәрі – бір бас.
Мен өлеңді өмірімше өттім қоймай,
Жібермес семіртумен және соймай,
Қайғы һәм бала жастан құмар ісім,
Беруші өзі болған соң тіпті тоймай.
Ей, Алла, айналайын бергеніңе,
Ғибратпен, шын ықыласпен көргеніңе.
Керексіз бұл жалғанға қылдың бір жан,
Жүдемес қажып ешкім өлгеніңе.
Өлсең, саған, кім айтшы, қамығады,
Түсінбеген сөзіңді шала ұғады.
Тұра берсең жалғанда бұл қалыппен,
Қатын-бала күтуден жалығады.
Бұл сөзімнің бәрі шын, жалғаны жоқ,
Жалығумен тіпті өзім қалғаным жоқ.
Бұл жалғанда көңіліме алған істі
Қолым жетіп ешбірін алғаным жоқ.
Өмірімде болмай маған кетті тойым,





Хат, қаламым, өлеңім – жылқы, қойым.
Мен дегенде жан біткен теріс айналып,
Орнына кеп көрген жоқ ешбір ойым.
Бұқар бардым, еңбегім сонда қалды,
Ташкенттікін жолдағы ел ұрлап алды.
Қыдырсаң да дүниені таба алмассың,
Бір еңбегі жанбаған біздей жанды.
Кім-кімменен бас қоссам, ойы басқа,
Үйде отырып жаримын өш пен қасқа.
Үйде-түзде күн кештім жалғыздықпен,
Жари алмай өмірде бір жолдасқа.
Деп ойлап: «Алданбайын болмашыға»,
Білмедім бала күннен қырға шыға.
Кеудеде қуат біткен кетіп қалып,
Жерім жоқ қош көрінген ұрғашыға.
Жоғары қарай беріп, төмен бақпай,
Өзімді өзім жасқаншақ қылып қақпай.
Қара құлдың жұмысын қылмаған соң,
Қатын деген жұртқа қалдым жақпай.
Берген өнер құдайым тіл мен жақтан,
Бұл – шын сөз біледі жұрт, емес мақтан.
Тіл мен жақтың қатынға керегі не,
Құлды артық көреді мал мен бақтан.
Наданнан бойыңды алыс қылып сақтан,
Берілген маған ғылым хиқмат хақтан.
Ақ жағынан көретін көздер жоқ боп,
Өңшең соқыр қарайды қара жақтан.
Жүсіпті ақ жағынан Жақып көрді,
Қырық жыл жылап, көзі ағып, өмір сүрді.
Қара жағын көрумен ағалары,
Жойылтып жоқ қылуға аңдып жүрді.
Керуенге бақыртумен құл деп сатты,
Мысыр барып зынданға нақақ жатты.
Зылиқа ақ жағынан көріп қалып,
Өрт болып өз-өзінен күйді қатты.
Бір жағың – ақ болғанда, бір жақ – қара,
Тәңірің солай жаратқан бар ма шара?!
Қара жақтан қараушы ортасында,





Жалғыз қалдың сопайып ей, бишара!
Білгенге болды тәмам енді сөз жоқ,
Елуден астың анық, саған жүз жоқ.
Тұр мейлің, бұл жалғанда жөнел мейлің,
Ақ жағынан көретін бір де көз жоқ!
Жаудың басы – өз нәпсің, бермейді ерік,
Қосақталып лағын тұр, оған серік.
Қанша ойлансаң құдайдан аз-ды саған,
Дұшпаныңа осынша қылған жерік.
Білмей жүрсің жүгіңді мойныңдағы,
Өмір бойы қанбаған ойының-дағы.
Қара жақтан қақ басы қарушының,
Өмір-жолдас қатының қойныңдағы.
Қартаюмен жастарға болдың суық,
Бас орнында бұл күнде үрген қуық.
Емен болсын, көтерсін қалайша үйді,
Іске жарап жалғанда жалғыз уық.
Жүрегінің басында қалды дағың,
Күннен-күнге жуықтап өлер шағың.
Ақ жағыңнан көруші жан жоқ болып,
Аймағыңа айқын боп қара жағың.
Бұл жалғанның жүзінде көңілің өспей,
Көрінгеннің жұртында қалдың көшпей.
Қашан көзге көрінген асыл нәрсе,
Асылдықтан қор болдың көзге түспей.
Бала күнде толумен кеудең нұрға,
Мастықпен түсіп кеттің талай орға.
Шарқ ұрып ұшып жүрген дер кезінде
Зерек құстай жаңылып, түстің торға.
Еске түсті-ау басымнан кешкен күндер,
Талай уын жалғанның ішкен күндер!
Бопаламдап ішінде кетіп жатыр,
Неше түрлі көкейді кескен күндер.
Тіршілік көрсетті бәрін мұның,
Сен қазбалап сұрайсың несін оның?!
Тілің сөйлеп, жүрегің оянғанмен,
Қайда жеткен, созғанмен қысқа қолың?!
Текке шаршап зарықпа, қызыл тілім!





Салғанменен бейнетке ғылым-білім.
Зеректіктің сазайын көп тартумен,
Қақсауменен дамылсыз өтті күнім.
Жарық сәуле көре алмай, бір таң атып,
Кеткен күнді айтасың қашан батып.
Сату-сою жағына жарамсыз боп,
Қойға ере алмай қотанда қалдың жатып.
Арам болды жалғанда бізге базар,
Тірідей көрге түсіп, болдық мазар.
Міне, осындай мән-жайы ғарыптардың,
Шарапатлы ерлерден тиген назар.

*1976 жылы 9 қыркүйекте көшірілді.
Мәшһүр Жүсіптің 54 жасында жазған сөзі, Жолмұраттың өз қо-
лымен жазып алған нұсқадан көшірілді, көшіруші –
Жұқаш Кәрібайұлы*

Күліктің ең үлкені – Тілеуімбет

Күліктің ең үлкені – Тілеуімбет,
Қайратты, қайсар екен қайтпаған бет.
Бір өзінен он алты ұл туып-өсіп,
Соғысып көп қалмақты қылыпты мерт.
Он алты ұлдың он төртін қалмақ алған,
Мен айтпаймын өтірік сөзді жалған.
Бесім, Қотан екеуі қалып тірі,
Мінекей, біз солардан нәсіл қалған.
Ақжігіт дәл Бесімнің өз баласы,
Толықсып бірдей өскен мал мен басы.
Санжасар, Мыңжасар мен Жүзжасардың,
Туысқан Көпей, Мағұрып – аналасы.
Дүниеден кім қалады кетпей көшіп,
Ойлаймын уақытты жүрген тосып.
Солардың біз бір жүрген жұрағаты,
Көпей – фамилиясы, Мәшһүр Жүсіп.
Бір шайырдың сөйлеген насихаты
Стамбұл, патша болсаң Құдыс-Шамға,
Бұқар мен хүкім етсең Үндістанға.





Ағылшын, Қытай, Жапон, Румды алып,
Дін түзеп әмір етсең бұл жаһанда.
Тұтсаң да жеті ғылымның бәрін тегіс,
Кіресің ақыр бір күн көрстанға.
Есепсіз бай болсаң да Қарынбайдай,
Сахи боп, мал шашсаң да Атымтайдай.
Патшадай Әмір-Темір дін түзетіп,
Болсаң да Едіге батыр, Арыстандай,
Шешен бол Жиреншедей қызыл тілге,
Ахырда жатар орның тар лахат жай.

9 қыркүйек 1976 жыл

Тіл мен көз (Мәшһүр Жүсіптен)

Бір сөзді жазып отырғанда, бір сөз ойға түсіп кетеді. Шоң би, Торайғыр би және қасында Тайкелтір бидің тоқалынан туған баласы Өтеп сақау бар және Торайғыр бидің атшысы Ыстықмұрт Ерсары бар, Қаракесекке бітімге бара жатып, бір ауылға жақындап қалғанда, бір моланың басында доп-домалақ ақ тасты көріп, айнала тұра қалып, тамаша қылып көреді де, кете барады. Ауылға барып қоныпты. Байдың екі ала бас ботасын, екі ақ қарабас марқасын көріп, таңданысыпты. Бұлар кеткенше екі бота да, екі марқа да пышаққа ілініпті. Сонан соң бұлар әңгіме қылыпты:

– Мына екі бота мен марқаға біздің көзіміз тиді, кешегі біз таңданған тас қайтті екен?! – деп, әлгі ауылдан аттанып әдейі барып тасты көрсе, ортасынан қақ жарылып жатыр екен дейді. Қазақтың «Адам тілі бас жарады, бас жармаса, тас жарады» дегені осыдан қалыпты.

Ел аузынан. Жетес бидің тоқтамы

Үйсін Төле би тоғыз жасында, сексенге келіп отырған Жетес биді іздеп келеді. Екі-үш күн қонақ болған соң Төле би қайтпақ болғанда Жетес би оған бата береді, сөзінің соңында:

– Балам, бұйымтайыңды айта отыр, бата басқа бітер, қына тасқа бітер, жолға шығып өкінбе, ақылың болса түңілме, атамда бір





сөзім қалды деп түкірме, тағы немді қаладың? – дейді. Сонда Төле би:

– О, қасиетті ата, ат берсеңіз, өліп қалады, тон берсеңіз, тозып қалады, онан да өлмейтін, тозбайтын бұйымтайымды айтайын, – дейді. Жетес би:

– Әп, бәрекелді, айта бер, – депті. Төле би:

– Әр он жастың арасын бір белес десек, соны неге ұйғарып, неге баладыңыз? – деп сұрапты. Сонда Жетес Би:

– Онға келдім, ойнадым, қызығына тоймадым; жиырмаға келдім, бойладым, онда да балалықты қоймадым; есейе келе жақсы сөзге сүйіндім, жаман сөзге күйіндім, сұлу келіншектерге шүйілдім, жауларыма қызыл түлкі болдым, қыран бүркітке алдырмадым, құмай тазыға шалдырмадым, қатар құрбының көңілін қалдырмадым; қырыққа келгенде арғымақтай аңқылдадым, тау тасындай саңқылдадым, ақ алмастай жарқылдадым, құз қыранындай шаңқылдадым, барымды жоқ деп сарқылмадым; елуге келдім, биік қырға шықтым, арғы жағының алыс-жақынын байқамадым, дәулетімді шайқамадым; алпысқа келдім, алты тарау жолға түстім, қайсысының алыс-жақынын ойлап білмедім; жетпіске келдім, жеңілгенімді білдім, бала мен келінге билігімді бердім, айтқанына көндім, айдауына жүрдім; сексенге келдім, оң жағымда от, сол жағымда су, алдым – жар, артым – құз, қалай қозғалсам да тірілік деп біле алмадым, – депті.

*Жазған: Кереев, көшірген: Кәрібайұлы Жұқаш,
Мәшһүр Жүсіп сөздерінен*

Ақылды әуелі Алла мыңға бөлген

Ақылды әуелі Алла мыңға бөлген,
Кім жақын құдіретіне, соған берген.
Тоқсан мен тоғыз жүзі тамам кетіп,
Біреуі бұл ғаламға ортақ келген.
Онан қалған ақылды алты жарған,
Тәртеуін ғылым, білім иесі алған.
Күллі еркекке біреуін қойған сыйлап,
Тағы біреуі бөлінбей жеке қалған.
Оны тағы екіге жарған екен,
Жарты ақылды қатындар алған екен.





Темірдің қорытылған боғындай боп,
Жартысы айдалада қалған екен.
Көшпелі алған тауып біздің қазақ,
Ақылың сол себепті болып аз-ақ.
Қатыннан қалған жарты ақылменен
Жүрерсің қалай сендер болмай мазақ.

*Қасен қаридан жазып алдым,
28 қыркүйек 1957 жыл*

Мәшһүр Жүсіптің 1918 жылы байлар туралы айтқандарынан үзінді

Бұл күнде байлар малының боғын сатты,
Кедейге тас темірдей тиді қатты.
Малының ауырып өлген етін сатып,
Борышқа белшесінен кедей батты.
Арық-семіз бәрі де толып жатыр,
Күні жеткен күнінде барып жатыр.
Сат дегенде кедейге пұлдаушы еді,
Қардан санап қанша ақша алып жатыр.

Қожалар туралы

Мәшһүрді бар екен деп есіне алсын,
Аяғын аңдығандар кейін салсын.
Жасында қожа кесіп сүндеттеген,
Жақтырмаса қалғанын кесіп алсын.

Сақау ақынның (руы – Орманшы) Қуандық-Азнабай, Сапақтың Қорысбай деген інісіне ас бергенде Кенесарының ағасы Саржан төреге айтқан бір ауыз өлеңі:

«Құдай артық жаратқан тілегіңді,
Гауһар тастан жаратқан жүрегіңді.
Бір атқанда өткіздің жеті шоттан,
Бақытыңа сай келген білегіңді».



Мәшһүр Жүсіптің суыр аулаған Қозғандарға шығарған өлеңі

Ал суырдың естіп пе едің әңгімесін,
Құдайға құл болған жан адал жесін.
Ағайынды аң екен суыр, тышқан,
Айтайын інде жатып көрген ісін.
Бір аң бар: суыр деген жонда жүрген,
Жерінде жонда жүрген Қозған көрген.
Қаша алмай жазық жерде қолға түсіп,
Бейшара қорыққанынан інге кірген.
Сонда Қозған суырға амал тапқан,
Базардан пұл көріпті суыр сатқан.
Қозғаннан бір жан қалмай аттанысып,
Бір сомнан сатып алды темір қақпан.
Аттанды ауқым салып үй басына,
Суыр қашты жондағы ордасына.
Терісін ақша қылып бейшараның,
Еті мен майын жеді таңғы асына.
Терісін үйтіп жеді, соймас болды,
Етіне дәндеген соң тоймас болды.
Жондағы толып жатқан көп суырдан
Тұқымға жалғыз суыр қоймас болды.
Бұл Қозған басын қосып кеңеседі,
Суырға дұшпан болып егеседі.
– Бір арыз қырдағы елге айталық, – деп,
Жиылып тамам суыр кеңеседі.
– Жылайық қырдағы елге арыз салып,
Оқыр ма суыр хатын қазақ танып?
Саршұнақ тышқанды жіберейік,
Жеп қояр Қозған көрсе ұстап алып.
– Аң едің ағайынды, суыр, тышқан,
Кем емес жүйріктің ұшқан құстан.
Саршұнақ тышқан, хатты алып, сен бара көр,
Жеп қояр бізді көрсе Қозған – дұшпан.
– Салып бер қағазыңды қойыныма,
Жіппенен мықтап байла мойыныма!
Бейшара, арызыңды жеткізейін,
Мысықтың жолықпасам ойынына.



– Оймен жүрсең мысықтың көрмес көзі,
Тышқанның білінбейді басқан ізі.
Бір қағаз печаттаған алып келді,
Ішінде оқып көрсе мынау сөзі:
– Бұл Қозған терімізді бітеу сойды,
Тауыпты: «Пұл болады!» деп, мұндай ойды.
Қағазға мөр басатын биіміз жоқ,
Жиылып қаранейлер қолын қойды:
«Қырда жатқан ел едің,
Қуандық пен Сүйіндік.
Суыр деген аң едік,
Қозғаннан көрдік қиындық.
Қысылғаннан бір жаннан,
Сіздерге қарап сыйындық.
Екінші арыз айтамын
Арғын менен Найманға.
Осы Қозған кем бе еді,
Қырдағы елден қай малға?
Суырлық төбе қалмады,
Қой мен сиырын жайғанда.
Арамсынып қоймады,
Насихат айтып тоқтау сал,
Дәндеген бұл жандарға!
Қозған деген хайуанға!
Құныққан бұл Қозғандар,
Ұйықтамады ұйқыны.
Талақ қылып тастады,
Қатын, бала, күлкіні.
Залалы тиіп жүрсе де,
Ауламады бұл Қозған
Қасқыр менен түлкіні.
Біткен Қозған жонда жүр,
Інге келіп телмірді.
Күнде келіп салады,
Қақпан деген темірді.
Құтылмадық біз байғұс
Қозған деген азаптан.
Өлгенінше бұл Қозған
Құтылмасын мазақтан.



Басқа шығар тұқымы,
Қырдағы елден, қазақтан.
Жаралған шығар бұл Қозған
Шүршіт пенен Қалмақтан.
Бұл ескі сөз тарихта,
Қалған ескі ғасырдан».

Мәшһүр Жүсіп айтады екен: «Үш суыр өлтірген адам бір адамды өлтіргенмен тең», – деп.

*Мәненұлы Иманғалидан көшіріліп алынды.
Көшіруші: Кәрібайұлы Жұқаш, 12 қыркүйек 1976 жыл*

Мұхамедәмен туралы

Мәшһүр Жүсіптің Мұхамедәмен деген қадірлі баласын 1921 жылы Ташкентте мектеп директоры болып тұрған кезінде әйел теңдігін қорғамақ болғанда, тоқалдыққа алмақ болған қаскөйлер түнде аңдаусызда өлтіріп кетеді. Ел ішінде Мәшһүрге қайғылы өлімді ел жақсылары келіп естірткен екен. Сонда Мәшһүрдің баласына шығарған өлеңі:

Қан түсті алпыс үште аяғыма,
Оқ тиіп түзде жүрген саяғыма.
Көп сөйлеп ақыл-естің жоқтығынан,
Кетіппін тағы түсіп баяғыма.
Келмеген қайдан білсін бастарына,
Ұшырамақ әркім өзі тастарына.
Шағамын мен мұңымды біраз жұртқа,
Арғынның алаш білген жастарына.
Бозінген, боз айғырдай түскен күйге,
Келе алмай бір кеткеннен қайтып үйге.
Атадан алтау болып туса дағы,
Бар деген бір жалғыздық ұшырап күйге.
Толық боп, көзге түсіп туған төлім,
Алынған жұрт қолына аққан сөлім.
Турашыл, түзушілдің сыбағасы,
Кесімді әуел ахыр, нақақ өлім.
Жасыңнан бұрылмаған бетің ыққа,



Ұл едің қарсы тұрған атқан оққа.
Құдайға ырзамын қат-қат шүкір,
Толық боп жарап кеткен құрмалдыққа.
Құдайдың бір зор ісі маған берген,
Толық қып бергендігін алаш көрген.
Жаманға ат айтқанмен жоқ сыбаға,
Мал арам пышақтамай бітеу өлген.
Туған соң жер қазылып қойылуға,
Жем болған жаман-жәутік тойынуға.
Құдайға шүкір, мұндай қылған семіз,
Жараған қашан арық сойылуға.
Таңбасы ғарасатта қып-қызыл қан,
Шәйіт боп өлгеніне деп бұған нан,
Демейді жаман өлім, тіпті, мұны,
Шәйтті кәрі-бала, естіген жан.
Түскен жоқ олжа болып шабындыдан,
Жарамсақ шықпайды өнер жағымдыдан,
Ұлт үшін жанын кешіп өлді-ау шәйіт,
Өлмей ме жаман да үйде қағындыдан!?
Өзімді жыным бар ма өзім жойып,
Отырмын хақ ісіне мен ден қойып.
Жемісім ахиреттік толық болып,
Есірдім ішпей мас боп, жемей тойып.
Құдайым бала берген махаббатты,
Татымды жеміс қылып бек ләззатты.
Сүйгенін «шұнағым» деп, у ішкізді,
Аузыма сүп-сүйкімді балдай тәтті.
Тәңір ісі, оңай емес – бәрі қиын,
Той болды, естігелі ұлы жиын.
Көтеріп жерден басым әрең алдым,
Иемнің меһірбанды берген сыйын.
Ешкімнен кем болған жоқ көрініс те,
Жаманға өңі түгіл жоқ қой түс те.
Күнәсіз жас сәбидің орнын беріп,
Түсірді жұрт көзіне отыз үште.

*Жолмұраттан жазып алған: Кәрібайұлы Жұқаш,
14 қыркүйек 1976 жыл*



Қаршыға мен бұлбұлдың айтысқаны

Бұл күнде алтын азып жез болыпты,
Дүниеде жақсы-жаман сөз болыпты.
Гүл іздеп Гүлістанда жүрген бұлбұл
Бір күні Қаршығаға кез болыпты.
Сұрапты Қаршығадан сонда бұлбұл:
– Жалғанда ынтызарым, бір қызыл гүл.
Қаршыға, сен де құссың, менде құспын,
Ақылың сенің менен емес қой мол.
Бектердің оң қолында тұрағыңыз,
Ерттеулі күнде жүйрік пырағыңыз.
Кекіліктің мойыны мен жүрегін жеп,
Табылар әрбір құстан мұрадыңыз.
Татисың қымбат баға – қадыр пұлға,
Серуенге патшалармен шығып жолға.
Жазым боп, жазатайым түссең торға,
Түсірмей алып кетеді қолдан-қолға.
Өткіздім әрбір түнді сайрауменен,
Басымды тікенекке байлауменен.
Көрем деп қызыл гүлдің ашылғанын,
Ұзақ түн зығырданым қайнауменен.
Қызыл гүл мен ұйықтамай ашылмайды,
Көзімше аузы ашылып, шашылмайды.
Оянсам, ұйықтап кетіп ашылады,
Қасіретім бір көре алмай басылмайды.
Сайраймын ұзақ түнде көремін деп,
Көре алмай ұзақ түнде қасіретім көп.
Ғұмырымда ашылғанын бір көре алмай,
Барамын бұл жалғаннан мен уайым жеп.
Сонда Қаршығаның қайтарған жауабы.
Қаршыға сонда келді жақындасып,
Бұлбұлмен сөйлесуге жауаптасып:
– Құссың да бір ақымақ, ақылы жоқ,
Бір гүлге ғашық болған пайдасы жоқ.
Аузыңды ақылың болса жабар едің,
Үндемей сабыр қылып бағар едің.
Тілі жоқ секілді мылқау болсаң,



Күніне мың мұратты табар едің.
Боласың сен ақылды менен қайтіп,
Зарықтың бір гүл үшін жапа тартып.
Күніне мың мұратым болар ғасыл,
Адамға үндемеймін бірін айтып.
Бұлбұлдың жауабы:
– Қаршыға, мұны айтқан сен бір ерсің,
Тілегін әр пенденің тәңірім берсін.
Табылған мылқау болып мұрат болса,
Болмаған ғасыл мұрат кете берсін.
Мұрныңды шошайтасың мақтағанға,
Жүресің келемеж боп көп тағанға.
Қолында көрінгеннің болып тұтқын,
Мәз болып жүресің де сақтағанға.
Жегізбес саған етті қаныменен,
Бір құстың тояттатпас саныменен.
Өзіңді ертеңді-кеш ашықтырар,
Алсын деп құс көрінсе жаныменен.
Бір ұрттам қан ішесің бір құс алсаң,
Сен – ақымақ тамақ үшін болған сарсаң.
Арбакеш сарттарға құс болғанша,
Онан да жақсы емес пе өліп қалған!?
Жаратқан бір құдайға жалынамын,
Зарланған ұзақ түнде мінажатым.
Бітпесе бір мұратым кете барсын,
Ғаламға дастан болған бұлбұл атым.
Мұратым бітпесе де көңілім тоқ,
Қарғамен сендей қаңғып жемеймін боқ.
«Шіркіннің Қаршығадай сайрауын-ай!» –
Деп айтқан бір қазақты көргенім жоқ.
Құс болсаң, бозбалалар, бұлбұлдай бол,
Табылар іздегенге бір қызыл гүл.
Ет үшін бір-екі өлі торға түскен,
Тіл алсаң бола көрме Қаршыға сол.





Мәшһүр Жүсіптің қожа мен молдаларға шығарғаны

Өсекті Қожа менен молда айтады,
Қожа, молда өзгеден оңды айтады.
Араз қып балдан тату ағайынды,
Өсіріп дау-жанжалды зорайтады.
Ғайып істі балгер менен бақсы айтады,
Құмалақ пен тамырдан тәсбі айтады.
Бізді жалған айтар деп ойламас деп,
Ишан менен қожалар жақсы айтады.
Шарифат кітап сөзі қалды тозып,
Бәйге алды талай өтірік шыннан озып.
Қожа, молда көбейіп үй басына,
Барады быт-шыт қылып жұртты бұзып.
Айтпайды жағымды сөз шарифатын,
Көбейтіп өсек сөздің түпкі затын.
Құрметпен «Молдекең» деп кеткеннен соң,
Қол жумақ бұл өнерден қалды қатын.
Бой тоқтатып, өз аузын жаба алмайды,
Айтар сөз онан өзге таба алмайды.
Екі үйге кезек-кезек күнде кіріп,
Біреуін біреуіне жамандайды.
Табынар пайдасы жоқ тасқа қалмақ,
Бұл қазақ үлгі сөзді сонан алмақ.
Орынсыз есіл малды жерге шашып,
Иесіне қиямет күн ауыр салмақ.
Шұқанақ жырғанменен көл болмайды,
Айтпаса өсек екі үйге тіл болмайды.
Жер жүзін күннің көзі қаптағанмен,
Өзі қожа дегенмен ел болмайды.
Жылау жоқ бір түн, сірә, көзін жастап,
Бейішке апармақ боп жұртты бастап.
Басымды бір шұлғытып, бір мүлгітіп,
Тәсбіні жыбыр-жыбыр серпіп тастап.
Мөр басқан ұзын-ұзақ қағазым бар,
Оқитын мезгіл-мезгіл намазым бар.
Ақыретті ойлаған бір қайғым жоқ,



Дүние үшін арызым жоқ: ашуым бар.
Басыма перне бұрған ақ домалақ,
Қолымда есеп алар бар құмалақ.
Келінше жаңа түскен сыбыраймын,
Қожа деп келе берсе сол жұмалап.
Арамды жұрт көзінше бір татпаймын,
Тәртіпсіз өмірімде жер баспаймын.
Сопылық, тақуалығым жұрт көзінше,
Арақтан оңашада мен қашпаймын.
Ерте-кеш есіл дертім жылқы-қойда,
Алдаушы таяғым бар, түгел бойда.
Отырмын қайда барсам алаң болып,
Не берер осы маған деген ойда.
Айналайын жайнамаз ұзын желім,
Ақ тәсбімді көргенде шұлғиды елім.
Бөтен бастақ, несие сөз айтпаймын,
Баладай зорға шыққан жаңа тілім.
Бір шынға он өтірік қосып жамап,
Алды-артын ақ мәрлінің орап, тамап.
– Бәлен, – дейді – тәпсірде, сөйлетші, – деп,
Нандырдым өтірікпен жүндей сабап.
Өзім оқу білмеймін жалғыз парак,
Білсем бүйтіп жүрмес ем болып ғаріп.
Қой-қошқарды алуға ептілімін,
«Осылай айтыпты» деп Масқат-шәріп.
Бір-екі ауыз араптан айтамын тіл,
Білмейтіні жоқ қой деп айтады ел.
Кейде Хазірет, кейде Ишан болып,
Боламын қол жетпейтін бір ескек жел.
Қой-қошқарды алуға бұздық түрді,
Біз де талай қыдырып көрдік елді.
Ала қағаз Ишаннан алып келіп,
Былш еткізіп бастырдық қара мөрді.
Ишан деп біледі ел-жұрт танып,
Пір де болып қоямыз Құран алып.
Ақша берсе батаны көп қыламыз,
Жылт еткізіп қалтаға бүктеп салып.
Кіреміз күні-түні көп намазға,



Оразамыз таусылмас ұзақ жазға.
Қажы екен деп жұрт ықылас қылу үшін,
Қажы парыз болмаса да бардық сонда.
Бай болса күнелтпек қой үйде жатып,
Қылмаған ісім жоқ қой басты шатып.
Қысы-жазы несие жинап жүрміз,
Намаз бенен оразаны жұртқа сатып.
Кім көрінсе, «Бол, – дейміз – маған бала»,
Екендігім ойда жоқ өзім шала.
Малсыз кісі шақырса бір баспаймыз,
«Ғұзырым бар» деп жүре алмас бір аз ғана.
Мен барсам мал береді бір қара сый,
КәраMAT мен болар деп боларға сый.
Күні бүгін мол қылып бермесе де,
Өлсе басы байлаулы бір қара сый.
Таспа сүйреп, жем жеген қотыр тайлак,
Ер тоқым жоқ бір атты берер жайдак.
Кәбісінің бергені қошқар болар,
Ұмасын салпылдатып кетем айдап.
Шошақ келер қожаның төбетейі,
Ұқсат десе бүлкілдер көмекейі.
«Қай жерде піштіретін бала бар» деп,
Аңдығаны баланың шөметейі.
Мәшһүрді бар екен деп есіне алсын,
Аңдығаны аяғын кейін салсын.
Жасында қожа кесіп сүндеттеген,
Жақтырмаса қалғанын кесіп алсын.
Құдай-ау, бергеніңе мың бір шүкір,
Қыламын шүкірлікпен пікір-зікір!
Салып көр Түркістанның базарына,
Жүз қожаға тұрмасам, бетке түкір!

*Мәшһүрдің қолжазба нұсқасынан көшірме.
Көшіруші: Кәрібайұлы Жұқаш, 29 маусым 1980 жыл*



Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының сөзі: «Ақ қағаз, қалам, сия келді бізге»

Ақ қағаз, қалам, сия бізге келді,
Жабырқай, жабы малдай жүрген кезде.
Қолыма қағаз-қалам алғаннан соң
Түрленіп кірер Мәшһүр әрбір сөзге.
Сөйледім балалықта қардай борап,
Нәрсе емес ол біреуден алған сұрап.
Әр жерде бұрыннан да босатпайтын,
Ақ қағаз, қалам, сия алдымды орап.
Алдымен өлең жаз деп қағаз келген,
Жақекең қозғалады қызыл тілмен.
Кеудеме Құдай өнер бергеннен соң,
Қағазда он саусағым атша желген.
Білмеймін кез болғанын маған қайдан,
Бәйгеден келіп жүрмін құнан-тайдан.
Кеше мен бүгін болған Мәшһүр емес,
Келемін ат атанып бірталайдан.
Қызыл тіл сөйлеуші еді желдей есіп,
Жақсылықта жүрген күнде көңіл өсіп.
Жарыста талай топта озып жүрген,
Жүргенде бәйгедегі күйге түскен.
Жастық та қылдық қона желіп жүріп,
Керек қой қылсақ тәубе хақтан қорқып.
Қызығын жігіттіктің көріп өттік,
Киіктей оқыралаған орғып-қарғып.
Барады өмір, шіркін, аттай шауып,
Жаңбырдай себелеген сөзім жауып.
Бозбала, тіршілікте қимылдап бақ,
Өрмектей асты-үстіне кетпей азып.
Бес жаста не екенін білмей өстік,
Асық ойнап, әуре боп онға жеттік.
Он бесте баламын ғой деген оймен
Ісіне бұл жалғанның қапыл кеттік.
Жиырмада түк болмады жүрісіміз,





Он болмады жиырма бесте бір ісіміз.
Отызда ойлы-қырлы болып жүріп,
Дүниемен онша болмай келісіміз.
Отыз бес ойға кірді, қуанған жоқ,
Жүруде қырықта бізге жол қалған жоқ.
Қолыңды жеткен күнде серме де, бақ,
Артынан қанша қусаң да бұл жалған жоқ.
Еріншек жоқ нәрсеге ерінеді,
Мол нәсіп талайлыға беріледі.
Он бес пен жиырма бесте кім біліпті,
Бадырайып енді артыңнан көрінеді.
Күн сайын өз-өзіңнен жас боласың,
Әр істен жаспын ғой деп жасқанасың.
Ішпейсің піскен астан мезгілінде,
Мезгілі өткеннен соң аш қаласың.
Құлыннан құнан менен тай өсіпті,
Ат болар толғаннан соң болып бесті.
Отыз-қырықтан асқан соң ойланамыз,
Он бес пен жиырма бесте қылған істі.
Өнерге шыдай алмай біз шабамыз,
Қанша шапсақ та бұрынғы жоқ бағамыз.
Әлі орынды бітірген бір жұмыс жоқ,
Ойланшы бұдан былай не табамыз.
Балалық өтті-кетті басымыздан,
Көп шығар сүрген дәурен жасымыздан.
Түлкідей таудан қашқан бұлаң етіп,
Жалған-ай, өте шықтың қасымыздан.
Мынау қыршын жас болып өсіп едім,
Жарқырап топта көзге түсіп едім.
Бұлбұлдай қызыл тілім сайрағанда,
Гөй-гөйіне дәуреннің басып едім.
Ұнатқан көрген пәнде шабысымды,
Қолымнан жібермедім нәсібімді.
Ілінген жұрт аузына Мәшһүр едім,
Алты алаш түгел білген дабысымды.
Бұл күнде асып-тасқан халден астық,
Өнермен жүйріктерге қатарластық.





Қызыл тілді қылыштай сермеп шайқап,
Дегеннің неше менмен көңілін бастық.
Бұл күнде кетіп қалды бізден жастық,
Кеткен соң бастан жастық енді састық.
Кәрілік арқан бойы алыс емес,
Аулына өлгендердің жақындастық.
Екен ғой өткен күннің бәрі мастық,
Мастық бастан кеткен соң енді адастық.
Қызығын танып жалған болмаған соң,
Өлімге мұндай күнде саудаластық.
Ұғып ал, құлағың бар замандастар,
Талап қыл, біздей болма, өңкей жастар!
Бұзылған бұл заманның уақытында
Шын сөзің өтірікке болмайды астар.
Айырылды бір-бірінен жақын достар,
Бере алмай желге төтеп түбі бостар.
Он өтірікке бір шынды қосып айтса,
Пәле деп естіген жан соны қостар.
Келіспес біле тұра арам жесек,
Жаман ғой бәрінен де өтірік-өсек.
Адамы бұл заманның сондай болар,
Келер менен кетерін қылмас есеп.
Бір емес, екеу емес, көп айтыпты,
Әңгіме ете тұрып деп айтыпты.
Дүниенің ең артығы жалғандағы,
Нәрсе(сі) үш-ақ түрлі деп айтыпты.
Біреуі – жақсы болсын жатар орның,
Түзеп бақ үй-жайыңды күні бұрын.
Қош, жақсыны іздеп бақ санаменен,
Адамның артылады ақыл-ойы.
Екінші – дәмді болсын ішер асың,
Ұмтылып шауып тұрсын ықыласың.
Бір жанды күтпегенде неге пайда,
Бар ма еді өз жаныңда өзің-қасың!?
Ішумен қанды мейірің, тойдың-дағы,
Бастадың неге қайтып қойдың-дағы?
Жалғанның артықтығы, ойлап тұрсаң,





Жарыңыз жақсы болсын қойныңдағы.
Сыйлайды жақсы қатын алған байын,
Түрленіп сыпырады тұрған жайын.
Қиғаш қас деген сөз әуел бастан,
«Күтемін, тәубе, – деген, – бір өз байым!».
Даяр тұрар ер тоқым мінер атқа,
Байын сыйлап жетеді ол мұратқа.
Қолтықтап көтереді атын ұстап,
Құдай солай жолықтырсын халал затқа.
Келгенін бала деген тістен байқап,
Ішкен асын береді бетін шайқап.
Жатса да даяр тұрар өз қасында,
Әдеппен шешіндіріп етік-байпақ.
Мұнан кейін салады көрпе-төсек,
Бай-кедей, жаман-жақсы қылмас есеп.
Кәрі-жасы маңдайыңа тап болған соң,
Артынан ол қатынның ермес өсек.
Кешікпей жетіп келсін қойыныңа,
Білегін салса жылдам мойыныңа.
Иіскеп, аймаласып тамақ-беттен,
Әзілмен жауап берсін ойыныңа.
Келеді тағы ұйқы жатқаннан соң,
Ойынға жақсы ғашарат батқаннан соң.
Қолдарын әрең жазар құшақтаған,
Намаз уақыты болып таң атқаннан соң.
Тұрасың дәрет алып қадам басып,
Жаныңнан бірге тұрса араласып.
Құманда су жоқ болып, суық болса,
Суын жылытып, бәйек болса асып-сасып.
Дәреттен келгеніңше даяр қылар,
Қолында құманы бар қарап тұрар,
Іш дәрет алғаннан соң даярланып,
Дәреттің тәртібімен суын құяр.
Жаяды жайнамазды құбылаға,
Азан айтып тәкпір оқып бір Аллаға.
Таспық тартып намазын болғаннан соң,
Ішер ас келеді даяр боп құзырыңа.





Отырар орнын сабырмен көрпе жазып,
Жуады аяқ-табақ, ішкен қасық.
Шәй самаурын, ләззат тағам ішкен шақта,
Отырса қасыңызда сұхбаттасып.
Алған жарың осылай болса керек,
Ғылым-білім, өнерлі болса зерек.
Ерлерін сондай қатын тәрбиелесе,
Жалғанның азы-көбі неге керек.
Иман табар сол қатын қылған істен,
Қызметіне тік тұрса ерте-кештен.
Қылған ісі мінсіз боп бағаланса,
Ерлері тасып сонда күйге түскен.
Ишарат айта салған бұл бір сөзім,
Апырмай, сондай жанда екі көзім.
Жақсы әйел ерге нәсіп бола қалса,
Кім қияр сол қатынның басқан ізін.

Мәшһүр Жүсіптің қолжазбасынан көшірілді.

Көшіруші: Кәрібайұлы Жұқаш, 29 маусым 1980 жыл





ЕКІНШІ ДӘПТЕР





Жерлес ағайыны Тастыбай Сәкенұлының құттықтауы

«Ассалаумағалайкум!» деп,
Сізге бір тағы келгім кеп.
57 жыл өткен Жеңіске,
Тілеймін ұзақ болсын деп.

Жеңіске бізді жеткізген,
Жан алысып, жан берген
Фашист деген тексізбен,
Жаман інің кеп тұрмын,
Қалжыңдайын деп сізбен.

Неміске бердің бір аяқ,
Қолыңа алдың ақ таяқ.
Несіне бардың сол итке,
Тығылып үйде жатпай-ақ.

Ұрыспа мына балаңа,
Қалжыңым бұл, жан аға!
Құттықтауға кеп тұрмын,
Уақыт салып араға.

Өзілдейді бұл інің,
Кешегі батыр ағаның
Қара шыбын қағатын
Шамасы да жоқ бүгін.

Тілеймін, аға, саушылық,
Қалмасын дәмің таусылып.
Тыңдарға құлақ бар болса,
Айтарың көп қой – баршылық.

Соғыстың көрдің ауырын,
Тоқтамай соқсын тамырың.
Құтты болсын, жан аға,
Тоғызыншы мамырың.

9.05. 2002 жыл





Саққұлақ би, Мұса мырза және Қопа бидің сөздері

Саққұлақ Қанжығалы Бөгенбай батырдан тарайды. Бөгенбай Абылайдың бір деген қолбасшысы болған адам екен. Мұса мырзаның асында Нұралы деген қадірлі баласы өлгенде келіп көңіл айта алмаған адамдарға өкпелеп айтқаны:

– Сәдуақас, Біләл, мына сөзге құлақ сал,

Сен атам дейсің, мен ботам деймін, екеуін ал да, безбенге сал, – депті.

Ақылдың жөні төте еді,

Ұрсаң бағаң кетеді.

Ұрыспасаң не етеді,

Алшынбайдың Қақабайы, амансың ба?

Аққа айналады, қараға байланады деген Әлдебектің Әкімбегі, амансың ба?

Атбергіш атанған Ордабайдың Мақаны, амансың ба?

Ат берген, ат алған мырза емес, сөзіне опа қылған – мырза, сөзіне опа қылса, құдай риза деген Қарабайдың Тәтті мырзасы, амансың ба?

Мұса мырза Қанжығалы Кәрібай болыстан сұрапты:

Болат деген не нәрсе,

Сағат деген не нәрсе.

Қанат деген не нәрсе,

Жанат деген не нәрсе,

Ағат деген не нәрсе? – деп. Сонда Кәрібай «Сақаң айтсын» депті. Саққұлақтың жауабы:

– Ауыздағы отыз тіс болат емей немене,

Әділ жүрек кеудеңде сағат емей немене,

Қатар өскен замандас бір-біріне қанат емей немене,

Тоқтышақтың терісін илей кесең, жанат емей немене,

Істеген ісің Кәрібай, ағат емей немене.

Мұса мырза Саққұлаққа сәлем беріпті:

– Ассалаумағаләйкум, Орта жүз Арғынның ақсақалы! – деп. Сонда Саққұлақ:





Уағаләйкумуссәлам, Орта жүздің шамшырағы, – деп сәлем алыпты, сонда екеуінің қайсысы шешен, айтыңыздар? Көпшіліктің айтқаны:

– Мұса мырза шешен, – деседі.

Саққұлақ: Қопам, біраз әңгімелер айта отыр, – деп Қопа биден сөз сұрапты. Сонда Қопа би айтыпты:

– Сұрасаң сөз Қопадан, базарлы жерден тартынбан,

Миуалы жеміс бәйтерек бұтағы бұлтқа шалынған.

Керек болса сұрап қал, тірі күнде бар тұрған,

Қадірін білмей айырылма қолыңдағы алтыннан, – депті.

Саққұлақ:

– Өзіңізге тартқан балаңыз бар ма? – деп сұрапты, Қопа:

Көк ала көлде нар қамыс,

Мұз үстінде өрт алар.

Атадан жаман ұл туса,

Түйе үстінде ит қабар, – дегендей, менің баламды қабатын шығар депті. Саққұлақ отырып:

– Ей, Қопам, атыңды неге Қопа қойды екен, Қозғанда ұры көп болған соң паналасын деп қойды ма екен, – депті. Қопа:

– Атымды Қопа қойғаны рас, Қозғанда ұры көп болып, паналайтыны да рас, бірақ неше түрлі саққұлақ төбеттер қуып, айдап шығарып жіберді, – деп жауап беріпті. Саққұлақ үндей алмапты.

Қопа бидің сөзі

Мұса мырзаның үйінде Қопа шекпенімен бетін жауып ұйықтап жатқан үстіне Сәтқожа кіріп келіп, отырмастан таяғының ұшымен:

– Мына діңкиіп жатқаның кім өзі?! – деп Қопаның бетін ашыпты.

Сонда Қопа басын көтеріп алып былай депті:

– Ақ таяғың қолыңда, ақ сәлдең басыңда, көк шолағың астыңда, Қаратаудың басынан қаңғып келіп, Қаракөлдің басына түнеген күні түнде көк шолағыңды қасқыр жеп еді, сондағы қасқыр мен деп тұрсың ба? – деген екен, тауып айтқан сөз емес пе!





Мұса мырза Қопаға:

– Халің қалай? – дегенде,

– Қолында алтын таяғы бар адамның халі жаман бола ма, Мұсажан?! – депті.

Қопа Қаракесек Бижан байдың үйінде қонып жатып, қонақасыға соятын қозыға былай деп бата беріпті:

– Апырау, мына тоқтының енесі жарытпаған ба, болмаса келін сауып қақтаған ба, не болмаса қойшы құрғыр жөндеп бақпаған ба, қой мен қозы жамырасқанда енесін сол уақытта таппаған ба!? Алты ай жаздай бишараны соймай жүріп әдейі Қопа келеді деп сақтаған ба!? – депті. Сонда тоқтыны қоя беріп, құнан қой сойдырыпты Бижан бай.

Қопаның Керей Тұрлыбекке айтқаны

Тұрлыбекке (советник) сәлем беріп, амандаспақ боп Қопа би барса, Тұрлыбек басын көтермепті, Сонда Қопа би:

– Сенің атың Керей ме? Сенен басқа кісі кедей ме? Бергелі сәлем мен келдім, басыңды көтер, серейме! – депті.

Татыбай деген адам айтыпты

Құлақтыға сөз айтсаң, құлағының астында,
Құлақсызға сөз айтсаң, құба дөңнің астында.
Айтып-айтпай немене ұқпаған соң,
Құлағын мақтаменен тықпаған соң.

Татыбайдың Қозған Мұстафаға айтқаны:

Атаң сенің – Ботығай, Ботығай әкесі – Ыбырай,
Сенің аяғыңды қақитып, сұлатып қойған құдай.





Есімбай сөзі:

Кетпей тұр бастан тұман күнде айналып,
Шешеннен мылқау озды, тіл байланып.
Тұлпардан мәстек озып, бәйге алып жүр,
Әйтеуір заман кетті шырқ айналып.

Тобықты Өскенбай қажы өлгенде баласы Құнанбайға жүз кісімен Мұса мырза көңіл айтуға барғанда ішінде бір молласы былай деп көңіл айтыпты:

– Қараша халқың қалды қамығып,
Хан, сұлтаннан айырылып,
Жаңа жұрт болдың жаңғырып.
Саусаң аққан судай сарқырап,
Көзің бұлттан шыққан күндей жарқырап,
Сақалың боз айғырдың жалындай,
Мұртың ақ жібектің талындай,
Төр алдында таудай болған, сұлтаным-ай!
Өлім – Құдайдың бұйрығы,
Өлмеймін деген көңілдің жүйрігі.

Алладан ажал келсе, артында бала-шағасы қалды деп кідірмейді. Әке өліп, артында бала қалса, «Әмин» десе дұға болады. Әке өліп артында бала қалмаса, «кун фаякун туржа кун» сонда болады.





Мәшһүр Жүсіп шығармаларынан

Мәшһүр Жүсіптің шабдар құнанмен айтысы

Малқозы Имамбек қажының Сыламбек деген аяулы баласы өлгенде, қыркы кезінде Мәшһүр Жүсіп арнап дұға жасауға барады. Ертеңіне қайтарында «сыбағаңыз» деп арбасының жетегіне бір жауыр әрі арық шабдар құнан байлайды. Мәшһүр былай шыққан соң «маған ат олжа емес, сөз олжа» деп, шабдар құнанмен айтысып үйіріне тастап кетеді.

Мәшһүр:

Сен, шабдар, келіп қалдың қай жағымнан,
Кім ығыр қып осынша мінген саған?
Арқа-басың ошақтай болған жауыр,
Мал сықылды түрің жоқ, сиқың жаман.

Шабдар айтады:

«Келдің, – деп айыптама мені – қайдан?»,
Шыққам жоқ жергілікті малды байдан.
Төлеуге Айдаболға келіп тұрмын,
Көк тақым, қанды балақ ұры Алтайдан.

Мәшһүр:

Малсың ғой жүгің жетіп арып келген,
Жетекпен талай жерге барып келген.
Қай көзі ашылмағыр оңбаған ит
Сүйретіп сонша жерден алып келген?!

Шабдар айтады:

Бір иттен бір ит барып алып келген,
Онан бір ит саудалап алып келген.
«Өлмегенге, – дегендей – өлі балық»,
Кез болдым күйінішті кісісі өлген.
Бір көзім ашылмаған сорым қайнап,
Күнелттім өмір бойы ит-құс жайлап.
«Әйтеуір өлген кісі мінбейді» – деп,
Жіберді ысқатына мені байлап.

Мәшһүр:

Мінген жан сені желіп шапқан екен,
Арқанды ошақтай қып баққан екен.





Мінбейтін, түспейтұғын моладағы
Өлікке байлап, ебін тапқан екен.
Қор болған мал екенсің жетімдейін,
Қүдіретім-ау, не дейін, бетім дейін.
Ұрлық малы өлікке сен арналсаң,
Мен байып сеніменен жетілмейін.

Шабдар айтады:

«Желқомдап мінеді ерікке қоймай», – дейді,
«От-суға жарымай, тоймай!» – дейді.
«Мына бір шыбындарды қарасайшы,
Ағатай, қайтер мынау, ойбай!» – дейді.

Мәшһүр:

Сол өлік Арғын ба еді, Керей ме еді,
Облысы Омбы ма еді, Семей ме еді?
Ысқатқа сендей малды байлағаны,
Малы жоқ қара қасқа кедей ме еді?

Шабдар айтады:

Бай кісі топ-толық топтан озған,
Анау-мынау кісі емес – Қақсал-Қозған.
Өз өлігін осынша өзі қорлап,
Уасуаса бұл жұмысты сайтан бұзған.

Мәшһүр айтады:

Жоқ шығар сенен басқа бір қарасы,
Ыңғайлы, келген осы бар шамасы.
Жанашыр, бауыр, туған жоқ болғанмен,
Жан ба еді қатыны мен жоқ баласы.

Шабдар айтады:

Баласы бар бойы өскен сымдай болған,
Қатын бар қылшық алтын қындай болған.
Ұяласы, иттен көп туысқаны,
Бәрі ақылды тап-таза сұмырай болған.
Үшеуі ұл, біреуі қыз – бар төрт бала,
Екі қатын, бір кәрі ғаріп ана.
Артында қалған жанашыр ағайындар,
Ысқатына байлапты он бес қара.
Өлік өлсе, белгілі Біләл – басы,
Талап апты ағайын, кәрі-жасы.
«Басым көп, менен артық ғаріп жоқ», – деп,





Бір тайын алған Байбек – өз ағасы.
Қожахмет, Асқар дейді үлестірген,
Саған сондай бердік деп есіттірген.
Аттан – тайлық, тайыншадан қойлық алып,
Жоқ орнынан болмашы несіп терген.
Қожахмет, Кейкіге айтқан оңашалап:
– Сізге бір тай байлаттым бедел салып.
Өзіме арзан сатып кетіңіз! – деп,
Кейкі: «Құп!» – деп айтқан соң алданып қап.
Боранда жүрген жандай мал ықтырып,
Өздерін қызыл танау зорықтырып.
Тай қолына тиген соң мойын бұрмай,
Түк бермей кеткен Кейкі жер соқтырып.
Өлік малы сол қанша ырыс екен,
Бір жан жоқ деп айтарлық: «Бұрыс екен!».
Олжа алған өлік малын үлестіріп,
Асқар да даусыз мисыз қырыс екен.
Шынында олжаласып өзді-өзі алған,
Баязит пен Әшімге көп дау салған.
Ишаны Баязиттің қасына ерген,
Тіпті елеп жан болмапты көзіне ілген.
Шықпаған кеудесінде жаны болды,
Жылқы деуге құйрық пен жалы болды.
Сауабы өліктерге сарып ететін,
Ұрлықтың арам сирақ малы болды.
Арқа басы ошақтай жауыр болды,
Сойса асқа жарарлығы сауыр болды.
Алтайдан келгендігін айтқаннан соң,
Жетектеп алып кету ауыр болды.
Атанған бала жастан Мәшһүр өзі,
Барғаны Сыламбектің қырқы кезі.
«Ат олжа емес, маған сөз – олжа», – деп,
Мәшһүрдің сонда жазып кеткен сөзі.
«Арқаң бар мінгізбейтін ерді салып»,
Шыбын бар қуалайтын мазанды алып.
«Жаз жауырдан без» деген бұрынғылар,
Таба ғой жылы орныңды өзің барып.



Мойныма бағып жүрсем сүйек байлап,
Күл-талқан қылар бір күні ит-құс шайнап.
Жауырына жапсырып бір қағазды,
Жіберген қуып Мәшһүр үйіріне айдап.

7 қаңтар 1983 жыл

Сайтанның саудасы туралы (М. Жүсіп сөзі)

Сөз болар жаза берсем жоқтан-бардан,
Далаға от жақтырып қалап қардан.
Бір нақыл жұртқа жат, таңсық бір сөз,
Хазырет Ғайса рухы Пайғамбардан.
Бос сөзді ауызға алып айтпаймыз біз,
Ынсапты шын құлақпен тыңдаңыз сіз.
Базарға жұрт жиналған келе жатқан,
Сайтанға жол үстінде ұшырапты кез.
Қысқарттым кетпейтіндей сөзді ұзартып,
Тыңдаушы кетпесін деп жалқау тартып.
Ол малғұн келе жатыр жолмен айдап,
Он қашыр, бес есекке жүгін артып.

Ғайса Пайғамбар:

– Жаныңа шын сөйлесек пайда, – дейді, –
Дінің қатты, құр тілің майда, – дейді.
Сұрады тақсыр Ғайса тұра қалып,
– Барасың, айтшы Лағын, қайда? – дейді.

Сонда Лағын:

– Сен шықтың тура жолмен асып, – дейді, –
Біздерге жол қисығы нәсіп, – дейді. –
Жалпақ жұрт барып жатқан сол базарға,
Келемін мен де істеуге кәсіп, – дейді.

Ғайса:

– Топыраққа бас ұрмаймын деп қылып ар,
Бұрынғы дәуреніңе сен болдың зар.
Басқа жұрт тері-терсек, жүн сатады,
Сататын, малғұн, сенің не пұлың бар?

Лағын айтады:

– Жүгім бар, көрмейсің бе, он бес көлік,
Келемін айуанға артып екі түлік.



Халықтың тиыштығын іздемеймін,
Саламын бас қосылған жерге бүлік.

Файса:

– Есекті қашыр менен танып тұрмын,
Өтірікті шындай қылдың, нанып тұрмын.
Біле алмай артқан жүгің не екенін
Тамаша, қайран асыр қалып тұрмын.

Сонда Лағын сөйлейді:

– Артқаным бір есекке ылғи жалған,
Жалғанда өтірік жоқ мұнан қалған.
Нанбасаң еріп жүр де, көзіңмен көр,
Базарға қызығымды қалай салған.
Артқаным бір есекке – Мәкар-қайла,
Мұнымен келтіремін үлкен пайда.
Бір тиынға он тиын пайда аламын,
Жұрттың басы қосылған жиын жайда.
Күншілдік бір есекке тиеп артқан,
Жібек кендір арқанмен буып артқан.
Базарға мұнан бұрын көп барғанмын,
Жерім жоқ бұл саудадан залал тартқан.
Артқаным бір есекке өңшең зорлық,
Есепсіз мал табамын қылмай ұрлық.
Мен алмай оның малын кім алады,
Иттер бар көріп жүрген малдан қорлық.
Пайдасыз бос орынға жүрмеймін тек,
Көрінген бір жерім жоқ ешкімге жек.
Жүре алмай келе жатыр бір есегім,
Мастанып артқан оқтан – ылғи өсек.

Сонда Файса сөйлейді:

Мұны естіп тақсыр Файса таңғалады,
Көрумен көңіл көзі аңғарады:
– Ішер ас, киер киім, тамақ емес,
Керек қып бұларыңды кім алады?

Сонда Лағын:

– Базарға алып барып салам қатар,
Алдымен жетіп келер алыпсатар.
Түк қоймай өтірігімді талап алып,
Ол да алдап көрінгеннен дәмін татар.





Көтерме өтірігімді менен алған,
Бар көшімен олар да айтар жалған.
Кім айтса өтірік сөзді, сол әкетер,
Қор болып қашан өтірік жерде қалған?
Білмейді ешкім менің ұрлығымды,
Байлықпен көріп біздеі сұмдығымды.
Қатынның ең жаманы, иті алады,
Талаумен Мәкар-қайла, қулығымды.
Закон жоқ мұны жерге қалдыруға,
Оларға өзім ерікті алдыруға.
Білмейтін ештеңені жаман алар,
Айламен алдар байын нандыруға.
Базарға алып барса не қалады,
Қараумен әр нәрсені көз талады.
Білетін күншілдіктің қадыр, құнын,
Оқыған көп оқуды молда алады.
Шыр айналар базар барсаң басың қатып,
Сөйлеп жүр өз білгенін әркім шатып.
Жұрт билеген ұлықтар таласумен,
Зорлығымды алады пұлға сатып.
Неге болыс болады малын шашып,
Қашан болып шыққанша малын шашып.
Текке тиын біреуге кім береді,
Зорлық қылып алмаса өкімі асып.
Қарсы келсе бетіне, басын шайнар,
Құнсыз, пұлсыз кедейдің соры қайнар.
Өзі апарып ұлыққа тығар малын,
Ішпес, жемес Шықбермес Шығайбайлар.
Біреу ұн, біреу пұттай май алады,
Біреу қой, біреуі тайынша, тай алады,
Тәкаппар боп жетілген қалтасы мол,
Кернеген надандығы бай алады.
Томпайып қалтасына жүрген сыймай,
Біреуге, ешбір жанға көзі қимай.
Барлығын алғаннан соң менен сатып,
Дүрдиер өз үйіне өзі сыймай.
Бай біткен болғандықтан қара бауыр,
Арқасы ер салмастан болар жауыр.





Не айтып, не қойғанын білмес өзі,
Тырнадай өзін-өзі қылған ауыр.
Сиырдай қатып жүрер дал болған құрт,
Көмейде жоқ, маза бос сөйлеумен ұрт.
Ынтығар екі танау бос жел үрлеп,
Семіз деп құр көзімен айтсын деп жұрт.
Жүргенін өзі білмес батпақ сазда,
Үлкендер айтып қояр аздап-аздап.
Арлан тазы еніндей бұлтиюмен,
Адырайып екі көзі шығар жаздай.

Сонда Ғайса айтады:

– Айтпа, тоқта, малғұн, болды, – дейді, –
Айтқаның бәрі орнына қонды, – дейді. –
Апарып мұны қайда өткізесің,
Он қашыр тиеп артқан пұлды, – дейді.

Лағын:

– Бұл бір жүк шірімес соны, – дейді, –
Басқадан он есе артық құны, – дейді. –
Бұл жерде көп тұрмаймын, алушы жоқ,
Өткізіп қайтқанша мұны, – дейді.

Сонда Ғайса сөйлейді:

Сонымен Лағын сайтан базар барды,
Он бес көлік жүкпенен топты жарды.
Лезде апа-сапа қылды бәрін,
Ұйқы-тұйқы көбейтіп дауды-шарды.
Алдынан алушылар даяр жетті,
Қолдан-қолға түсірмей талап кетті.
Қайтуда тағы ұшырап Пайғамбарға,
Мән-жайын саудасының кеңес етті.
– Бес есек жүк өзді-өзінің орнына өтті,
Жүк еді он қашырда бір ретті.
Артқаным бәріне де төмиғы еді,
Біреуін тіленшілер талап кетті.
Иніне ауыр қоржын салған алды,
Қайыр сұрап жұртшылап алған алды.
Пірге қол тапсырушы пірөдарлар
Жұрттан жинап қажыға барған алды.
Бір қашыр жүк бұларға түгел жетті,





Тоғызы өтпей, сол біраз тентіретті.
Қожа, молда, ишандар елді жеген,
Дағдарып тұрған кезде сол сап етті.
Ақсақал қажы, қожа саттым шалға,
Бейнетпен мал таппаған жүріп жалға.
Қожа, молда көтеріп алды бәрін,
Еңбексіз жұрттан алған тегін малға.
«Бір үйде қалай шыдап жатамыз, – деп, –
Мұны алсақ көп олжаға батамыз, – деп, –
Сайтаннан көтерме алған бұл тамифыны,
Қыдырып үйден-үйге сатамыз», – деп.
Бұл пұлмен бірі мешіт салмақ болды,
Біреуі мүлгіп Ишан боп қалмақ болды.
Біреуі шай, біреуі ет қайнатып,
Жұрттан пайда шығарып алмақ болды.
Бұлардың тағы айтайын қылар ісін,
Кейбіреулер жүреді бұзып түрін.
Бас басында бір мәсуақ омырауында,
Егеп өткір қылуға тамиф тісін.
Тәспіні жыбыр-жыбыр серпіп тастап,
Наданды қисық-қыңыр жолға бастап.
Бұлардың қылған ісін қылмайды ұры,
Құйылған кеудесінде шайтан қоры.
Мал табу бәріңде болып қапты,
Малы сол: ғұсыр, зәкат, қазан асы.
Жұрттың басын сиқырлап айналдыру,
Мақсаты: мойындарына Құран асты.
Тамиф үшін түгел тауып қару-жарак,
Наданға жасап алып, будан арақ.
Күнәнің жинайтұғын тырнаушысы,
Қажы барып алып келер сақал тарак.
Қапшығын қайыршылар тоқып алған,
Өнер жоқ бұлар білмей қапы қалған.
Онысы жерге шашқан бидай-тары,
Торғайды келу үшін торғай бастап.
Жұрттан зәкат алуға дұрыстауға,
Байларға бала оқытты, айтып жалған.
Шайтаннан сауда қылған көтерме алып,





Орнына бұлар жүрді, шайтан қалып.
Қаперден асып кетті көпіріп сөйлеп,
Сияға былғамаймын қалам салып.
Байқамай жазып өттім бес-алты ауыз,
Еркіме қоймаған соң қыздырып қол.
Ақ қағаз, қара сия қосып басын,
Түсірдім жұрт көзіне, риза бол.

9 қаңтар 1983 жыл

Мінжан қыздың сөзі (М. Жүсіптен)

Бұрынғы заманда Мінжан деген ақын қыз Шәкі деген төремен ойнап-күліп жүргенін Алтыбас Қыпшақтар біліп, естіп, елінің басты жақсы адамдары Балқожа мен Қанқожалар Мінжан қыздың елінің басты адамдарына кісі жіберіп:

– Жесірімізді адалдай берсін, әйтпесе алмаймыз, – деп хабарлапты. Соның дауын Қанқожа мен Балқожа екеуі бір жаз даулапты, қыздың күйеуі Төлеке деген жігіт екен. Қыз күйеуін шақыртып алып:

– Бір құдықтың басына бірнеше ел қонып өтеді, сиыр баспа-лап ішеді, ит жалайды, сөйткенмен сол құдық өмір бойы ішуге жарамай қала ма? Бұрынғы сиырдың ішіп-тышқанын, иттің жалағанын не қылсын, өзі көріп тұрмаған соң, тұнық мөлдір болса, кейінгілер жапырласып, жанталасып іше бермек қой, – деп, күйеуін сөзге түсіріпті. Содан кейін күйеуі елінің жақсыларының айып аламыз дегеніне қарамастан, ұзатып алып жүрейін деп жатқанда Мінжан қыздың айтқаны:

Жігіттер, барша білмес, жоқ табылмас,
Шырқаған қараңғыда оқ табылмас.
Қыз Мінжан Төлекемен басын қосса,
Қанқожа, Балқожамен түк те қылмас.
Отқа саулап жанады қойдың қиы,
Қыз Мінжанның келмей жүр биыл күйі.
Көт дауын ала жаздай даулаймын деп,
Қанқожа мен Балқожаның қашты миы.
Не жаздым Алтыбастың бозбасына,
Жүрмей ме жақсы кісі сөз басында.
Бір қыздың оң жақтағы бұтын даулап,
Саумал құйып ішпек пе борбайыма.



Қорықпаймын Балқожаның өкімінен,
Оң жақта ойнап күлдім Шәкіменен.
Тозбайды, қаңсымайды, кемімейді,
Алмаса сылыттырып бәкіменен.

Сөз деген айтылған соң жерде қалмайды, бұл қай замандағы Қанқожа мен Балқожа. Кенесары заманындағы Алтыбас Қыпшақтың атақты Шоң, Шорманындай кісілері екен. Қыз 3-4 ауыз өлеңмен адамшылықтарын, абыройын кетірді, сондағы қызыққаны ат пен шапан ғой! Неше ат пен тондық абыройын алдырды, кейінгіге үлгі өнеге қалдырды. Қыз болсаң, Мінжандай бол.

10 қаңтар 1983 жыл

Батпа Бейсенқызының жұмбағы (М. Жүсіптен)

1905 жылы осы төмендегі жұмбақты Сыр мазапатындағы Ақмешіт атырабында тұрушы бір қыз айтыпты, «Осы жұмбақты шешкен адамға қалың малсыз тиемін», – деп. Сондағы қыздың жұмбағы:

Ертемен тұрдым, үш бала көрдім,
Екеуі жалаңаш, біреуінің киімі жоқ.
Етегі тола ақша төгіледі деген,
Ойында, қиялында дәнеме жоқ.
Және сонда үш көл көрдім,
Екеуі құрғақ, біреуінің суы жоқ.
Суы жоқ көлден үш балық алдым,
Екеуі өлі, біреуінің жаны жоқ.
Және сонда үш үй көрдім,
Екеуі жалаңаш, біреуінің шымы жоқ.
Және сонда үш қазан көрдім,
Екеуі жарық, біреуінің түбі жоқ.
Және сонда үш пышақ тауып алдым,
Екеуі сынық, біреуінің сабы жоқ.

Суы жоқ көлден жаны жоқ балықты алып, шымы жоқ үйдің ішінде отырып, түбі жоқ қазанға асып, сабы жоқ пышақпен кесіп жедім, қарным қабақтай, бұтым таяқтай болды. Сүйтіп отырып, сол отырған үйімнің жабығынан шығып кеттім, есігі ойымда да жоқ.

1905 жылы 15 қарашада Мәшһүр Жүсіптің қызға қайтарған жауабы: «Мен ендеше талай Батбанькін батырып, жоқ етіп жіберетін-



нің өзімін. Бар болса жарыққа шықсын, не бар болсын, не жоқ болсын, сөйлеген сөз әшкере болып халыққа шықсын, мен Баянауылда тұрушы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлымын».

Ертемен тұрдым, үш бала көрдім дегені: 1) тұл әміл; 2) қырыс дүние; 3) дүниеқор адам. Бұған дәлел болуға Қадыс шәрт бар. Адам осы үшеуімен үш ағайынды есепті, ана екеуі – асыл жалаңаш нәрсе, дүниеге келген адам жалаңаш келіп, жалаңаш кетеді, жалаңаш кеткендіктен, киім жоқ есепті, киімі болса киіп кетпес пе еді. Дүниеде қанша нәрсені менікі деп бауырлап жүргені, жалаңаш адамның етегі тола ақша бар деп жүргені сықылды, оны төгіледі деген ойында болмағаны. Жалған дүниеде жүргенде бұл дүние менен қалады-ау деген қай пәнденің ойында бар.

Үш көл көрдім дегені: ананың құрсағында дүниеге келмей тұрған сәби ананың құрсағынан шыққанда, суы терең көлден кемесі сынып, бір тақтаймен жан сақтай шыққаны бұл жердің құрғағына шыққан есепті емес пе? Бірі сол өлгеннен соңғы адамның күні не болары белгісіз, түбі тереңге түсіп кеткен сықылды, ол екеуінің дәлелі көзге көрініп тұрған суы жоқ көл деп дүниені айтқаны, бұл дүние бір сағым есепті емес пе, ал суы жоқ көлден үш балық алдым дегені: тірлік, денсаулық, байлық. Ал туған адамға бір өлмек анық, сондықтан тірліктің өзі де өлі балық есепті, ауырып-сырқамақ даяр тұрғандықтан, денсаулық та өлі балық сықылды емес пе? Үш үй көрдім дегені: заман мәзірі, заман мұстақыл, бұл заман мәзірі – адамның басынан өткен заманы, заман мұстақыл дегеніміз – адамның алдындағы қарсы келе жатқан заманы, бұл екеуі де жалаңаш, енді біреуі – заман хал, бұл заман хал дегеніміз адамның үстінде тұрған заманы, шиі жоқ дегені шиі болса желге төтеп берер еді. Адамның басынан дәуірін ұшыратын жел, өлім әзір тұрғандықтан, өлімнен алып қалу шамасы болмағандықтан, желге төтеп беретін шиі жоқ үй есебінде болғандықтан айтқаны. Үш қазан тауып алдым дегені: адам баласы қолына түскен дүниені туысқан бауырына сақтауға қимайды, оны жарық қазан сықылды көреді, жарық қазанға тамақ пісіруге бола ма, ал бауырына не баласына сенбей дүниесін сақтататын кісісі қатыны болады, ол – түбі жоқ қазан.

Үш пышақ дегені – адамда болатын үш қуат: ашу қуаты, көңіл қуаты, ақыл қуаты. Ақылсыз адам сынық пышақ сықылды, ештеңеге жарамайды, ақылдың өзі де білімсіз болсаң, сабы жоқ пышақ секілді





боласың. Түбі жоқ қазанға асып жедім дегені: қанша қолына түскен дүниені қатынмен бас қосып ішіп-жедім дегені, қарным қабақтай болды дегені – барды асып-тасып, тоятсыз ішіп жедім, тойымсыздық жасадым дегені, үш қанат үйіме сыймай дәуірлеп отырған күнім болды дегені, бұтым таяқтай болды дегені нәпсіні тыя алмай, ақырет жағын ойға алмай, арықтап өлуге жақындадым, шиі жоқ үйдің жапсарынан еріксіз шығып кеткен есепті. Есіктен шығатындар Құдай жолына басын беріп, жанын құрмалдық етіп, қажы жолына шығып, құлшылық қылғандар.

Бұл жұмбақты айтушы – Атбасар облысы, Терісаққан өзенінің бойындағы Ақмола уезіне қараған Мейрам Жанайдар аулындағы Қомқоңыр елінің бір қазағы, Мәшһүр Жүсіпке кезігіп, осы жұмбақты шешкізеді, сол жұмбақты айтушыға М. Жүсіп «Батба Бейсенқызына тапсыр» деп аманат етіп беріп жіберген: түп атасы Күлік Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы.

1905 жылғы қарашаның 15-і.

Мәшһүрдің туған жиені Жолмұрат Жүсіпұлының қолжазбасынан көшірілді, көшіруші – Кәрібайұлы Жұқаш, 12 қаңтар 1983 жыл

Мәшһүр Жүсіптің өлім туралы сөзі

Айтайын бір әңгіме құлақ салсаң,
Азық аз барар жерім алысырақ.
Жүк ауыр жігіттікте қылып амал.
Бұл бірдей келер барлы-жоққа,
Бір күн аш, қанағат қыл бір күн тоққа.
Бір күні ажал келер, болжаусыз ғой,
Шабуыл сары суға, атқан оққа.
Бұл нәпсі жігіттікте тыйылмайды,
Нысапсыз дүние малын жисаң-дағы.
Жатарсың мекен қылып қара жерге,
Үш қарыс бөзден басқа бұйырмайды.





Мәшһүр Жүсіп сөзінен үзінді

Оқып жүргенде Мәшһүр Жүсіпті Мұса мырза алдына шақыртып алып:

– Балам, сен өлең жазады дейді, осы арада ойланбай бір ауыз өлең айтшы! – депті, сонда Мәшһүр ойланбай:

Адастым ғылым іздеп ақылымнан,

Сөзімнің қисығы көп мақұлынан.

Ер жігіттің дұшпаны он болады,

Тоғызы – жақыны мен қатынынан, – депті. «Түсінікті, енді басқадай бір ауыз айтшы», – дегенде:

Ырзық – қой, ақыл – қойшы, нәпсің – бөрі,

Бөриден сақтанады ердің ері.

Қолында сол қойшының болса таяқ,

Жоламас бөрі түгіл жын мен пері, – депті.

13 маусым 1983 жыл

Мәшһүр Жүсіптің сөзі. Бір жастан 22 жасқа дейінгі өмірі

Әуелі бісмиллә бар сөз басында,

Жатпайды қисық ағаш тез қасында.

Лә илләһә илләһу білдім хақты,

Таныдым бір Алланы бір жасымда.

Екеудей ойламадым екі жаста,

Көңіліме нұр төгілді әуел баста.

Хабибім – хақ Мұхаммед, дінім ислам,

Иманның жөнін білдім басқа-басқа.

Үшеу деп ойламадым үш жасымда,

Атамның отырушы ем жамбасында.

Жан Алла, пірім Аллаһу хақ деп,

Жүгірдім жақсылардың ортасында.

Төрт жасқа келіп қалдым сүйтіп жүріп,

Моллаға оқытпаққа мені беріп.

Бес жаста аузыма алдым бісмилләні,

Әптиек, Құран оқып, білдім соны.

Яссауи Құл Қожахмет кітабынан,

Көңіліме төгілді нұр, хош, келәм шөріп.





Алты жасқа келгенде алдым сабак,
Оқыдым Шәр кітапты шынайы хақ,
Парсыға сол уақытта болдым тәуір,
Болсам да мен бишара, зейінім жоқ,
Жеті енді өте шықты желе шауып,
Оқуды мен оқыдым көңілім ауып.
Атам сонда ойлады жақсы ниет,
Беруге ғылымы жақсы молда тауып.
Жетіден өте шықтым желе шауып,
Барады сол уақытта ішім қайнап.
Биданды Сарып пенен қабат оқып,
Кез қылған Хазыретті құдай айдап.
Толғандым тоғызымда томағадай,
Оқыдым оқу көрсем сары майдай.
Мұхтасар, Шар Ғабдулла қабат оқып,
Талпындым бала құстай өрге қарай.
Құдай деп сол уақытта шықтым онға,
Құдайым тура салды мені жолға.
Аузымнан сөз, қолымнан өнер қысып,
Қанекей, тұра алсамшы қолдан-қолға.
Ойландым мен ақылды он бірімде,
Белгілі Мәшһүр болдым өз жерімде.
Сөзге шешен, жауапқа көсем болып,
Отырдым, он екіде жүрдім төрде.
Сол уақытта келіп жетіп он үш маған,
Қас жаман қысылғанда болыспаған.
Қыран бүркіт қолдағы тұйғын болдым,
Секілді ұясынан жаңа ұстаған.
Он төрт жас келіп қалды сүйтіп жүріп,
Жіберіпті бір қолдаушы мені түртіп.
Қараттым мен аузыма талапкерді,
Шәкіртті үлкен-кіші соңыма ертіп.
Шүкірлік бергеніңе құдай патша,
Он бесте жеке шаптым жүйрік атша.
Сол кезде ұйықтап тұрған мезгілімде,
Көңіліме оқу қонды жазған хатша.
Сарып, Нақу ғылымнан алдым хабар,
Кеудеме ғылым толды, ей, ағалар.





Таухит, кәләм, қағайт, мантық,
Параиз, хадис, сапар болды қарар.
Кәнеки тұра алсамшы шыдап тілім,
Сайраған бұлбұл құстай болмай күйім.
Демедім астын-үстін, аға бердім,
Әй, дүние-ай, келе берші сол бір күнім.
Кім болған шешен біздей қызыл тілге,
Сөз жайым үлгі болып әрбір елге.
Бір дария орнаған соң көтере алмай,
Ағалар, он алтымда шықтым төрге.
Екі жыл ел ішінде бала оқыттым,
Атамның бір насихат сөзін тұттым.
Бойдағы бар қуатты бекер қуып,
Он жеті жастан бастап сүйтіп өттім.
Он сегізде міндім атқа шыдай алмай,
Жаман менен жақсыны сынай алмай.
Мейрамның бес баласын араладым,
Алысқа жас болған соң ұзай алмай.
Қуандық, Сүйіндік пен Бегендікті,
Атасы Қаракесек басқа текті.
Сырым, Найман, Атығай, Бәсентиін,
Керей, Уак, Тарақты – көрдім көпті.
Әр жерде жақсылармен болдым таныс,
Арғын, Найман, Қоңырат, Қыпшак, Жарас,
Баршасын орыс, қазақ түгел танып,
Ағалар, қалай екен аяқ алыс.
Он тоғыз, жиырма мен сол жиырма бір,
Жағалап жиырма екі тағы да жүр.
Көрінбес өткен өмір бір сағаттай,
Не таптым бұл дүниеден, мені де көр.
Қан ширап, тер шыққан соң керең болды,
Ақыл-ой түпсіз дария терең болды.
Есепке өткен жасты алып едім,
Барлығы жиырма ауыз өлең болды.
Жігітке жиырма екі – жастың шеті,
Сол кезде көрсе қылыш, қайтпас беті.
Шығарым, шықпасымды Құдай біледі,
Тұра тұр тілеуқор боп жиырма екі.



Жарасар бозбалаға сұлу жүрген,
Дін күтсең, балшықтай боп аяққа илен.
Ғылымды жастайыңнан талап қылған,
Дүниені шығынсынбай беріп үйрен.

2 қараша 1984 жыл

Мәшһүр Жүсіп – «Ала Дәуір жібі» жөнінде

Тұрсынбайдың баласы Пазыл байдың немересі Әбіш қажы өлгенде «Ала Дәуір жібі» жөнінде Мәшһүр Жүсіп Ғабдулла ишан, Жақан хазырет, күйеу Мағзұм төртеуімен «Жаназаға ала жіптің (дәуір) керегі жоқ, оқуымыз қате, Құдай сөзі олай емес» деп айтысады. Мәшһүр Жүсіп Әбіш қажыға жаназа намазына ақыры оқыттырмайды. Кейіннен екі жағы да Ташкентке мүфтиге жазады, ақыры мүфти Мәшһүрдікін дұрыс деп шешеді. Сол уақыттан бастап бұл ортада жаназа намазында «Ала жіп» (дәуір) оқылмайтын болады. Кейіннен Мәшһүрдің пікірі дінге дұрыс болып, халық арасында қалыптасады да, дәуірдің орнына «Дәлел» оқыттырады. Осы айтыстан кейін жоғарыда аты аталған хазыреттерге келемеждеп мынадай өлең шығарады:

Орта жүзден Мәшһүрдей молла шықты,
Кіші жүзден Абайділда жорға шықты.
Мәшһүрдікін қисықтап қуғындаған,
Батпаққа бата-бата зорға шықты.
Ишан хазырет шығыпты осы тұста,
Қанша аспандай ұшқанмен, қарға құс па?
Қарғаменен солардың бағасы бір,
Нанбасандар алып барып базарға ұста.
Құдай-ау, бергеніңе сансыз шүкір,
Сансыз шүкір дегенім, илләхи, анық фікір.
Түркістанға апарып базарға ұста,
Жүз қожа, жүз моллаға тұрмасам, бетке түкір.

Көп өлең болу керек, амал не, Әшімнің бар білгені осы болды.

*Қарақыздың Әшімінен жаздым,
15 тамыз 1985 жыл*



Абай: **«Алланың өзі де рас, сөзі де рас»**

Алланың өзі де рас, сөзі де рас,
Рас сөз еш уақытта жалған болмас.
Көп кітап келді Алладан, оның төрті,
Алланы танытуға сөзі айрылмас.
«Аманту» оқымаған кісі бар ма?
«Уәктубиһи» дегенмен ісі бар ма?
Алла өзгермес, адамзат күнде өзгерер,
Жарлық берді ол сіздерге, сөзді ұғарға.
Замана, шаруа, мінез күнде өзгерді,
Оларға кез-кезімен нәби келді.
Қағида шарифаты өзгерсе де,
Тағриф Алла еш жерде өзгермеді.
Күллі мақлұқ өзгерер, Алла өзгермес,
Әһли кітап бұл сөзді бекер демес.
Адам нәпсі, өзімшіл мінезбенен,
Бос сөзбенен қастаспай, түзу келмес.
Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті!
Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп,
Және хақ жолы осы деп әділетті.
Осы үш сүю болады имани гүл,
Иманның асылы үш деп сен тахқиқ біл,
Басты байла жолына, малың түгіл.
Дін де осы, шын ойласаң, тағат та осы,
Екі дүние бұл тасдиқ – хақтың досы.
Осыларды бұзатын және үш іс бар:
Пайда, мақтан, әуесқой – онан шошы.
Руза, намаз, зекет, хаж – талассыз іс,
Жақсы болсаң, жақсы тұт бәрін тегіс.
Бастапқы үшін бекітпей, соңғы төртті,
Қылғанменен татымды бермес жеміс.
Бас жоғары жаралған, мойын төмен,
Қарашы, дене біткен ретімен.
Істің басы – ретін танымақтық,





Иман білмес тағатты қабыл демен.
Имамдар ғибадаттан сөз қозғаған,
Хұснизән мен иманды білді ойлаған.
Иманның тазалығын жақсы ұқтырмай,
Сыртын қанша жуса да, іші оңбаған.
Алла мінсіз әуелден, пайғамбар хақ,
Мүмин болсаң, үйреніп, сен де ұқсап бақ.
Құран рас, Алланың сөзі-дүр ол,
Тәуиліне жетерлік ғылымың шақ.
Алланың, пайғамбардың жолындамыз,
Ынтамызды бұзбастық иманымыз,
Пайда, мақтан, әуесқой – шайтан ісі,
Кәне, біздің нәпсіні тыйғанымыз?
Мүмин болсаң, әуелі иманды бол,
Пендеге иман өзі ашады жол.
Шын илан да, таза ойла бір иманды,
Мұнафиқ намаз қылмап па, мағлұм ғой ол.
Алла ішінді айтқызбай біледі, ойла,
Пендесіне қастықпен кінә қойма.
Распенен таласпа мүмин болсаң,
Ойла, айттым, адамдық атын жойма!

Қазыбек бидің сұраққа жауабы

Ел шетінен бір қарт адам Қазыбектен үш сұрақ сұрапты: не жақын, не қымбат, не қиын? Қазыбектің жауабы:

Тату болсаң, ағайын жақын,
Ақылшы болса, ағайың жақын,
Бауырмал болса, інің жақын,
Ұятты болса, келінің жақын,
Сыбайлас болса, нағашың жақын,
Адал болса, досың жақын,
Еркелеткен немерең жақын,
Өз ұрпағың – шөберең жақын,
Жас кезіңнен жан серігің,
Бәрінен де әйелің жақын.





Алтын ұяң – Отаның қымбат,
Мейірімді анаң қымбат,
Құт-берекең – атаң қымбат,
Аймалаған әжең қымбат.
Асқар таудай әкең қымбат,
Туып-өскен елің қымбат,
Кіндік кескен жерің қымбат,
Ұят пенен ар қымбат,
Бәрінен де осының
Өзің сүйген жар қымбат.
Арадан шыққан жау қиын,
Таусылмаған дау қиын.
Шанышқылаған сөз қиын,
Дәл осындай жағдайда
Пана болмас өз үйің.
Жазылмаса дерт қиын,
Іске аспаған серт қиын.
Ақылыңнан адасып,
Өзің түскен өрт қиын.
Тентек болса ұл қиын,
Ашиды сонда бас-миың.

26 мамыр 1983 жыл

Едіге би отыз сегіз жасында өлгенде Шөже ақынның айтқан көңілі

Төле би Үйсінде өскен сөзге шешен,
Алшында Қаражігіт болған көсем.
Кім асты Қаз дауысты Қазыбектен,
Жарасар талапты ерге қалай десең.
Байдалы Едіге мен Арғын басы:
Аққошқар, Шоң, Торайғыр – гауһар тасы,
Он екі ұран Алаш боп бас қосқанда,
Байдалы, Едігемен ел ағасы.

12 маусым 1983 жыл





Шоң, Торайғыр өкпесі

Шоң, Торайғыр араздасып, Торайғыр Жиделі-Байсынға көшіп кетеді. Артынан Қарауыл руынан шыққан Мүсет би Қобының құмында қуып жетіп, Торайғырды тоқтатып:

Шоң, Торайғыр, сенбе едің мақтап жүрген,
Бар өнерің осы ма сақтап жүрген?
Елден көшіп барарсың,
Мамыр менен Сабырға,
Барған соң жерсің
Жал-жая жоқ, қабырға.
Жүйрік атың бар болса,
Барымтаға шабарсың.
Сұлу қызың бар болса,
Бозбалаға жағарсың.
Ауыл қашан көшеді деп,
Түндігіне қарарсың.
Төрешіге барғанда,
Төмен қарап тарарсың.
Асыл туған затыңды
Шоң, Торайғыр атанған,
Егіз шыққан атыңды
Қайдан іздеп табарсың!
Ұқсаң, айтпағым осы,
Ұқпасаң, қайтқаным осы,
Босат атымның басын, – депті. Сонда Торайғыр:

– Сөзіңізге түсіндім, – деп, кейін көшкен, елге қайтқан екен, – дейді.

*Қарақыздың Әшімінен жазып алған:
Кәрібайұлы Жұқаш, 12 маусым 1983 жыл*



Сұлтанмахмұттың Бөкейхановқа берген сәлемі

Ассалаумағаләйкум, арыстаным,
Қаны үшін мұсылманның алысқаным.
Көп айдың көрмегелі жүзі болды,
Келдің бе аман-есен, данышпаным!

Қуандық Қорысбай асында Сақау ақынның айтқаны

Қуандық Қорысбайдың болыпты асы,
Әбілқайыр, Бұлқайыр – дуанбасы.
Ерегеспен екі ел боп ат шапқанда,
Жананның келген екен қара аласы.
Арғынның он екі ұлы бас қосқанда,
Жетіпті Қарқынбайдың бір сабасы.

Мұса мырзаға Орманшы Сақау ақынның ауырып әл үстінде жатқанда айтқан бір ауыз өлеңі:

«Шоң да өтті, Шорман да өтті, ит емген жер,
Ит елінен басқаның бәрі де жүр.
Артымда қатын-бала қалып барады,
Мұсажан, мен десен, икемдей жүр».

Қаз дауысты Қазыбектің қалмақтың ханы Қонтажыға елшілікке барғанда айтқаны:

«Біз – қазақ деген мал баққан, Сарыарқада қаздай қалқып,
үйректей жүзіп, теңіздей көлдерді, ұзақ өзенді, көк майса көкорай
шалғында, сахара салқында ен жайлап, шалқып жатқан елміз. Еліміз-
ден құт-береке қашпасын деп, жерімізді жау баспасын деп, найза-
мызға үкі таққан елміз, жау аяғына басылмаған, досымызды сақтай
білген, дәм-тұзын ақтай білген ел боламыз. Ұл туса атадан құл болам
деп тұмайды, анадан қыз туса күң болам деп тұмайды, ұл мен қыз
сенің тұтқынында отырса, біз оларды азат етпей тынбаймыз.

Қатты болсаң, темір шығарсың,





Сен темір болсаң, мен – көмір, еріткелі келгенмін,

Екі елдің арасын теліткелі келгенмін.

Сен көктегі құс болсаң, мен іліп тастар сұңқармын.

Сен жердегі аңның жүйрігі – құлан болсаң, мен қуып жетіп соғар тұлпармын, сен қабылан болсаң, мен жолбарыс, алысқалы келгенмін. Жау тілегенге жасыл түседі деген, ел болып табысқалы келгенмін, елімнің шетіне ойран салған өзің, бітім беретін болсаң, айыбыңды мойындап бітім бер, болмаса тұрысатын жеріңді айт, шабысқалы келгенмін», – депті.

Керей Тұрлыбек және Үкібай би

Керей Тұрлыбек жеті елдің заң үстінен қарайтын советник болған кезінде бір үлкен жиынға Үкібай би кешігіп келсе керек, сонда Тұрлыбек Үкібайға ақырып ұрсыпты:

– Жиырма жеті адамның берген арызы бар, ұрлықты соншама қоя беріп, неге әрекетсіз жатасың?

Байлық Қуандықта қалып еді,

Билік Керейде қалып еді.

Батырлық Уақта қалып еді. Ат төбеліндей аз Қаржас әркімнің атын мініп жүруші едің, осы саған қайдан келген нығыздық? – деп зіркілдепті. Сонда Үкібайдың қайтарған жауабы:

– Тұрлыбек, өз басыма орыс берген бақ қонды демесен, арғы-бергіңді біз де білеміз. Үйсінде Төле би шыққанда, Алшыннан Қаражігіт шыққанда, Қуандықтан Аққошқар шыққанда, Қозғаннан Тәйтеке шыққанда, Қаракесектен Қазыбек шыққанда, Айдаболдан Едіге шыққанда, Қаржастан Мырзафұл шыққанда, Сатылғаннан Найзабек шыққанда, осы Керей Есілдің бойында ағашқа мініп ат айдап, Ертістің шөбін шауып, қалғанын үйіне тасып, күнін зорға көріп жүрмеуші ме еді. Сен оқып шықсаң, менің де оқып жатқаным бар, оның сендей болмасын қайдан білдің, не сенен артық болмасына көзің жетті ме? Алдыға салып айдап кететін шайтан мен емеспін, артыңа салып бөктеріп әкететін қойың мен емеспін, – деп, есікті сарт еткізіп қатты жауып шығып кетіпті.





Ахмет Байтұрсыновтың «Қырық мысал» кітабынан үзінділер

Шаян, аққу, шортан

Жүк алды шаян, шортан, аққу бір күн,
Жегіліп тартты үшеуі дүркін-дүркін.
Тартады аққу көкке, шаян кейін,
Жұлқиды суға қарай шортан шіркін.
Бұлардың машақаты аз болмады,
Жұмысы орнына кеп мәз болмады,
Тартса да бар күштерін аямай-ақ,
Асыл жүк өз орнынан қозғалмады.
Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас,
Әуелі бірлік керек, болсаң жолдас.
Біріңнің айтқанына бірің көнбей,
Істеген ынтымақсыз ісің оңбас.

*Қарақыздың Әшімінен жазып алдым.
22 мамыр 1985 жыл*

Маймылдың айтқаны

Айнаның қарсы алдына маймыл барып,
Айнадан өз суретін көре салып,
Аюға жанындағы күліп айтты,
Ақырын аяғымен түртіп қалып:
– Бері қара, бұл кім өзі мына перің,
Көргем жоқ өмірімде мұндай керім.
Мен бұған биттей ғана ұқсас болсам,
Ішіме пышақ салып өлер едім.

Құнанбай мен Алшынбай құда боларда

Абайдың нағашысы Қаракесек ішінде Шаншар руынан шыққан Нұрбикеден тарайтын, Бертiс атасынан өрбитiн Құнтай, Қантай деген адамдар екен, шешесiнiң аты – Ұлжан. Абайдың алғашқы бәйбiшесiнiң аты – Дiлда, Қаракесек Алшынбайдың қызы, одан Абайдың 14-15





жасында Ақылбай туады, Ақылбай – ақын болған адам, 42 жасында Семейде қайтыс болады.

Құнанбай мен Алшынбай құда боларда «арамызда «аза-бата, кит-сит» дегендер болмасын» деп уәделесіп, бата қылысыпты. Жақын адамның арасын алшақтатып бұзатын «аза-бата, кит-сит» болады десе керек.

Абай бір жылы Семейден оқудан келгенде «нағашыма барам» дегенде әкесі Құнанбай:

– Нағашыларыңнан бір қап сөз әкеп жүрме, – депті. Абай барып жатқанда нағашысы тез-тез намаз оқыса керек, сонда Абай қисайып жатып:

– Намазды жылдам оқитын әдісін тауып алғансыздар ма? – депті. Нағашысы:

– Сенің айтып отырғаның аттың жалы, түйенің қомы, садақтың оғы дегендей, сұрап отырғаның Имам Шафиғи шарифаты ғой, біздің Иمامымыз – Имам Ағзам емес пе, бұл шарифаттың жолы кең ғой, – депті. – Жиенжан, сен өлең жазады дейді, бір ауыз өлеңге төрт түлік мал сыйғызып, ойланбай бір ауыз өлең шығаршы, – депті, сонда Абай ойланбай:

«Асыл бұйым болады қойдың жүні,
Шудасымен түйе сұлу жаздың күні.

Қымыз бенен жақсы аттың желігі артық,

Күз озады сиырдың сүмесімен», – депті. «Жарайды, балам, қалағаның бар ма?» – дегенде: «Ақселеу атыңды қалаймын», – депті. Үйіне келген соң әкесі:

– Не олжаң бар, сөзден олжа әкелгеннен амансың ба? – дегенде:

– Ақселеу атын мініп келдім, Тобықтының өлісі мен тірісіне жететін сөз әкелдім, – депті. «Ол не деген сөз?» – дегенде Абай:

– Аттың жалы, түйенің қомы, садақтың оғы, – депті, ол сөз қандай мағынада дегенде:

– Аттың жалы дегені Еңлік-Кебекті аттың құйрығына байлатып өлтірткен Кеңгірбай емес пе, садақтың оғы дегені Қалқаман мен Мамырды бірін өлтіріп, бірін елден қуып шығарған Көкенай емес пе, түйенің қомы дегені Қодар мен келінін өлтірткен өзің емес пе, осы үшеуі де Тобықты емес пе?! – депті.

3 желтоқсан 1985 жыл (ауруханада жаздым)





Абай. «Ішім өлген, сыртым сау»

Ішім өлген, сыртым сау,
Көрінгенге деймін- ау:
Бүгінгі дос – ертең жау,
Мен не қылдым, япыр-ау?!
Өз үйінде өзендей
Күркіреді айтса дау.
Кісі алдында кірбеңдеп,
Шабан, шардақ және шау.
Мұндай ма едің ана күн,
Мұның қалай, батыр-ау?
Үш күн арқаң босаса,
Бола қалдың бас асау.
Жан қысылса, жайтаңдап,
Жанды еріткен жайдары-ау.
Жан жай тапса, сен неге
Жат мінезсің, жабырқау?
Ұрлық пенен қулыққа
Байлағанда, кестің бау.
Берерменде бесеусің,
Аларманда және алтау.
Топ болғанда көресің,
Түрлі дауды жүз тарау.
Аяғында сендейлер,
Көрмей жүр ме қанталау?
Қайта келер есікті,
Қатты серіппе, жарқын-ау!
Жетілсең де, жетсең де,
Керек күні бір бар-ау.





Керей Зілқараның кәрілікке айтқаны

Керей руынан батыр әрі шешен Зілқара деген кісі тоқсан бес жасқа келіп, өлейін деп жатқанда, кәрілікке ыза болып, төмендегі уәжін айтыпты:

Тоқсан бес, келгенің бе қалжыратып,
Айтайын мен бір сөз алжып жатып.
Жиырма бес кеткен қайта келмес,
Миға май қосып берсе былжыратып.
Сары алтынға малдырған сақалдарым,
Кейінгіге үлгі боп мақалдарым.
Ел қатыны менікі дейтін басым,
Кеш болғанда жортады тоқалдарым.
Кәрілік, жетіп келдің бүйірімнен,
Шыныңмен айырдың ба сүйерімнен.
Қарада қасқыр соққан айғыр едім,
Құнан қуып шығарды үйірімнен.

Біржан салдың өлеңдерінен

Біржан жолаушылап келе жатып, Қарағайлы өзенінің бойында шомылып жатқан үш қызға аңдаусызда тап болады. Сонда Біржан ат үстінде тұрып:

«Бауыры Көкшетаудың Қарағайлы,
Қар кеткен соң болады малға жайлы.
Ішінде адал да бар, арам да бар,
Ей, қыздар, шығардыңдар судың лайын», – депті. Сонда

Нұрғайша деген қыз айтады:

«Ұшады аққу көлден сабаланып,
Біз қалдық сіздің сөзге назаланып.
Келеді игі жақсы алдымызға,
Шомылып жатыр едік тазаланып».

Тағы бірде Біржан жолаушылап келе жатып, бір кедей үйге кездеседі. Сол үйдің бойжеткен қызы қара көже құйып берсе, Біржан ернін тигізіп, ішпей қайырады. Сонда қыздың айтқаны:

«Байлардың жейтіні – жая мен жал,
Шығады паң кедейден осындай сал.



Қыс аяғы шаруаға күйзеу болды,
Көжеге кекіреймей ерніңді мал».

Біржанның жауабы:

«Атанған ақындықпен Біржан сері,
Серінің күнде думан жүрген жері.
Қарындасым, ағаңа сөзің өтті,
Көжеңді басып-басып әкел бері».

Дастарханға жасалатын баталар

Уа, Алла өліге иман, тіріге береке берсін,
Шыққанның есесін, кіргеннің берекесін бер.
Денге – саулық, дертке – шипа бер,
Халыққа бейбітшілік,
Отанға тыныштық, ислам дініне қуат бер, әумин!

Әуелі, Құдай, есен ет,
Атымтайдай көсем ет,
Жиреншедей шешен ет,
Әумин демек сізден, бата бермек бізден.
Ақылдың құлыбын берсін,
Ибрахимнің бақытын берсін,
Бұлбұл құс қонсын басыңа,
Қыдыр қонсын қасыңа,
Ас иесі байысын, не тілеген тілегің жақсылыққа сайсын, әумин!

Таудан берсін, тастан берсін,
Шаңыраққа тастай берсін.
Малыңа адалдық берсін,
Басыңа амандық берсін,
Алла тілегімізді қабыл ет, иманымызды кәміл ет, жанып тұрған
оттан сақта, қаңғып тиген оттан сақта, әумин!





Әумин деп қолыңды жай,
Жарылғасын бір Құдай,
Бақытыңды Алла көтерсін,
Аспандағы шолпандай,
Бермесін саған уайым,
Апаттан сақта әрдайым,
Ақыреттің азабынан сақта,
Тіршілікте жалғанның мазағынан сақта,
Тілегімізді қабыл ет,
Иманымызды кәміл ет, әумин!

Әуелі Құдай оңдасын,
Әулиелер қолдасын,
Әруақтар жар болсын,
Аман болсын мал басың,
Сапарға шықсаң жол жүріп,
Ғайып пірің қолдасын.
Кіrmесін елге бәлекет,

Зарықтырмай жәрдем ет, осы отырған жамағат мұратыңа бәрің
жет, әумин!

19 желтоқсан 1985 жыл

Қызылжарлық Науан хазыретке өлер алдында Ақан серінің жазған мінәжаты

Я, Алла, хақ исламның дінінде қыл,
Идәят тұғарлықтың ісінде қыл!
Тәнімнен жаным айырыларда
Кәлима аятты тілімде қыл!
Алланың аманатын берген күні
Жаназа намазымды мешітте қыл!
Тіріліп қабірден бас көтергенде,
Раббым, Алла, көңілімде қыл!
Періште Мүңкір-Нәңкүр сауал жауабын





Мүшкіл қылмай, жеңілден қыл,
Жиылып мақшар халқы сап тұрғанда,
Расулға үммет болған елінде қыл!
Күн ыстық қатты шөлдеп тұрған болсам,
Сусынын қауын кәусар көлінде қыл,
Ақ туын пайғамбарым көтергенде,
Саядан жырақ қылмай түбінде қыл!
Сұраймын, Алла өзіңнен қолым жайып,
Сұраған бір өзіңнен емес айып,
Тілегімді қабыл ет, иманымды кәміл ет,
Ақыреттің азабынан сақта, жалғанның мазағынан сақта, әумин!

*Руы Орманшы Апиқов Рақымжан
деген молдадан жазып алдым.
15 қараша 1984 жыл*

Жазушылар ел аралағанда

1924 жылдары жазушылар одағы Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан – үш республиканың түйіскен шекарасында тұратын халықтардан ескі сөз жиындар, әр халықтардың салт-дәстүрін, бұрынғы дәстүрін көріңдер деп Ғ. Мүсірепов, С. Мұқанов, Иса Байзақов – үшеуін ел аралауға жібереді. Үшеуі ел аралап, жағалап жүргенде бір қария шалдың үйіне кездеседі. Сонда шал айтады:

Кәрілік қара нарға тас артқандай,
Бір жағын бір жағына баса артқандай.
Аяққа алпыс батпан кісен түсті,
Еліңде адам бар ма босатқандай, – депті, үшеуі: «жоқ»
деп жауап беріпті.

Келесі күні бір шалға кездесіп, бірінші шалдың бір ауыз өлеңін айтқанда екінші шал айтыпты:

Өз қатыным өзіме дұшпан болды,
Баласымен екеуі қысқан болды.
Келін деген шығыпты бірдемесі,
Біреуі – іштен, біреуі сырттан болды.
«Кәртайғанда сен болдың қазба, – дейді,
Келін менен балаға жазба», – дейді.
«Жүйрік пенен жорғаны солар мінсін,



Сен шалға тай мен байтал аз ба», – дейді.

Келесі күні үшеуі бір байдың үйіне түседі де, аяқ киімдерін шешіп, төрге шығып отырады, Исаның галошы тар екен, тоңқайып қолымен галошын шешіп жатқанда, артында ұршық иіріп отырған әдемі келіншек ұршықтың сабымен Исаны көтінен түртіп қалыпты. Иса төрге келіп отырған соң келіншекке қарап, былай деген екен:

Жүрмісің есен-аман ей, жеңеше,
Осы үйде болып жатыр той-мереке.
Есіктен кірмей жатып қылдың мазақ,
Елімде жүйрік едім шыққан жеке.
Жеңеше, бұл жұмысың жөн деймісің,
Бұл жұмыс өз бойыңа тең деймісің.
Көтіме келмей жатып көсеу тықтың,
Телитін қоңыр сиыр мен деймісің.

Әйел ұялып шығып кетеді, байдың екінші жас тоқалы екен, Исаларға кешірім сұрап, айыбы үшін жүз сом ақша мен шапан жабады, сонда Иса алып жатып былай депті:

Өнбес дауды ұл даулар өспейтұғын,
Мен емес көңіл күйін шешпейтұғын.
Жүз сом ақша, бір шапан сый бергенде,
Әкемнің құны бар ма кешпейтұғын.

30 тамыз 1985 жыл



ҮШІНШІ ДӘПТЕР





Ол күндер бүгінгідей ұмытылмас

(Жұқаш ағамыздың қазасына)

Басқаға жоқтау өлең жазамыз ба,
Ауырып бара алмадым қазаныңға.
Бұл өңірде ешкім жоқ сізден үлкен,
Сізден үлкен ешкім жоқ қаламызда.
Ол кезде сіз бозбала, біз он бесте,
Тербеліп алтыбақан жазғы кеште.
Сәкен, Нәкен, Бүркіттер соңымызда,
Оқыған ағаш үйде жылдар есте.
Темірден Кәкең түйін түймеді ме,
Талайға шарапаты тимеді ме.
Бидай тартып алатын бүкіл ауыл,
Ұстаның аспалы тас диірменіне.
Өмірге қараушы едің бойлап терең,
Ойлап терең сөйлеуші ең салмақпенен.
Тепсе темір үзетін жалынды жас
Соғыстан елге оралды балдақпенен.
Тәуба етіп бір аяқтың қалғанына,
Ұмтылды алға, ойлаған арманына.
Таңдауы түсті жауынгер ағамыздың,
Айдаболдың ақ маңдайлы ардағына.
Ол күндер бүгінгідей ұмытылмас,
Зәкір, Дәрі, Айтжандар – құрбы-құрдас.
Мал өсірген елінің қамын ойлап,
Атанды мал дәрігері біздің Жұқаш.
Жақсы ұрпақ әкесінің туын жықпас,
Артында ұл-қыздарың өзіңе ұқсас.
Жетті де Баба жасына кете барды,
Бірде аға, бірде жезде болған Жұқаш.

Бақи Әбдіқадыров





Ел аузынан. «Алыста не алыс?»)»

Қуандық Байдалы би үйден шықпай, қартайып күндіз-түні төсекте жататын болды дегенді естіп Мұса мырза іздеп келіпті. Қараша үйінің ішінде бөстекке оранып жатыр екен. Мұсаның қолын алып, жөн сұрасып, амандасыпты да, кәріліктің жайын айта беріпті:

– Ой, кәрілік-ай, кәрілік-ай, сөздің өзі бала тербетсе оянды, тербетпесе оянбайды деген сияқты, заманым өтті ғой, – дей беріпті. Мұса мырза қонып, қонақасысын жеп, таңертең жүрмек болады.

– Шырағым, еліңе не айтып барасың? – депті Байдалы би.

– Не айтайын, ел ағасы болған Байдалы еді, енді кәрілікпен алысып жатыр екен деймін-дағы, – депті Мұса мырза. Сонда Байдалы:

– Шырағым, оның рас, үш ауыз сөз сұрайын, соны шешіп беріп кетші, – дейді. Сондағы сұрағы:

– Алыста не алыс, жақында не жақын, тәттіде не тәтті?

Мұса ойланып:

– Жер мен көктің арасы алыс, кісіге туыс жақын, тәттіде бала тәтті, – депті. Сонда Байдалы қарт басын көтеріп алып:

– Атың ел аузында болғанмен, ақылың алқымыңнан асқан жоқ екен, білімді мен білімсіздің арасы алыс, жақында ажал жақын, тәттіде жаннан асқан тәтті жоқ, бала қанша тәтті болса да, жан шығарда адамның өз жанынан тәтті нәрсе болмайды, – депті.

27 қараша 1981 жыл

Әубәкір жыршы

Орта жүзден шыққан Әубәкір деген жыршы айтыпты дейді:

Заман емес, ел азды,

Ел ішінде ер азды.

Айқын-айқын сулардың

Балығы кетіп, көл қалды.

Ойпаң-ойпаң жерлердің

Оты кетіп, жер азды.

Ағадан кетті ағалық,

Ініден кетті інілік.

Жүрмеді аға сүрініп,





Атаның салған ақ жолы
Тоқтап қалды кідіріп.
Заман деген желмая,
Қалмаса халқың жақсы еді,
Желмаядан жығылып.
Атаны билеп ұл кетті,
Шешені билеп қыз кетті.
Бала келсе он беске,
Ата-анадан күн кетті.
Білмеді бала құрметті,
Ағайын, туған қарындас,
Бір-бірінен бұл кетті.
Қыз ананы биледі,
Анаға билік тимеді.
Өз дегені болмаса,
Ата қосқан адамын,
«Халалым!» – деп сүймеді.
Қыз ұяттан айырылып,
Көңілін сайтан сүйреді.
Абырой кетті жігіттен,
Айырылды әдеп биліктен.
Әдеп, ақыл – сары алтын,
Алтынды таза сақтамай,
Қалайы ішіп, шірітіп,
Ерінің айтқан сөзіне,
Қатындар мойынсұнбады,
Еріне қызмет қылмады.
Жалынып күніңді көрмесең,
Қатты айтсаң қатын тұрмады.
Адал сөзге мән бермей,
Өсекті баса тыңдады.

(Айту мөлшері 1901-1902 жылдары болу керек)





Байдалы бидің сөзі

Қалалы қорған мәнісін қазақ білмес, сарт білер,
Төсайылдың батқанын иесі білмес, ат білер.
Шөлдегенін құланның ешкім білмес, хақ білер,
Атқа мінсе ер жігіт, батырлық білмес, бақ білер.
Кімнің жақсы-жаманын бір жаратқан хақ білер,
Бай болмаған бай болса, жайламаған сай қоймас,
Би болмаған би болса, сөйлемеген сөз қоймас.
Бірінші тілеу тілеңіз: бір Құдайға жазбасқа,
Екінші тілеу тілеңіз: адам тіліне еріп азбасқа.
Үшінші тілеу тілеңіз: пәлеге нақақ күймеске,
Төртінші тілеу тілеңіз: білімсіз таққа мінбеске.
Бесінші тілеу тілеңіз: қатардан кейін қалмасқа.
Алтыншы тілеу тілеңіз: ақымақ тілін алмасқа.
Жетінші тілеу тілеңіз: атадан алтау тудым деп,
Жалғызға жапа салмасқа.
Қоян жүйрік, – желіс жоқ,
Түлкі жүйрік, – дыбыс жоқ,
Қасқыр жүйрік, – қарқын жоқ,
Байтал жүйрік, – пырақ жоқ,
Қатын – шешен, – ақыл жоқ,
Көңнің беті қызыл, – иіс жоқ,
Құлдың мойны жуан, – күші жоқ,
Жаманның құлақ-мұрнын кесіп алсаң,
Ар-намыспенен ісі жоқ.
Қайырлы байдың белгісі – айдын шалқар көлмен тең,
Қайырсыз байдың белгісі – жапандағы шөлмен тең.
Хас жақсының белгісі – қазулы жатқан жолмен тең,
Жаман туған ұл балаң, ұл да болса құлмен тең,
Жақсы болса қыз балаң, арыстан туған ұлмен тең.
Жақсы болса қатының – алма, шекер, балмен тең.
Жаман болса қатының, от басынан ду кетпес,
Үй артынан шу кетпес, қаңтардағы мұзбен тең.
Биік тауға жарасар басындағы опасы,
Өзен-көлге жарасар жағалай біткен қоғасы.
Ақсақалға жарасар аузындағы тәубасы,
Бәйбішеге жарасар орындықты сабасы.



Келіншекке жарасар емізiктi баласы,
Балалыққа жарасар еркелеткен анасы.
Ер жiгiтке жарасар қолындағы найзасы,
Жақсы болса азамат, халыққа тиер пайдасы.
Ердiң бiлем дегенi – басына салған ойраны,
Көпке сөзiн бергенi – тастан соққан қорғаны,
Өсекбасты болады қыздың жасқа толғаны,
Жан шошырлық жаман iс – ағайын ала болғаны,
Артық болар үстемi кешiрiмдi ердiң оңғаны.

29 қараша 1981 жыл

Естайдың өлер алдында жазып кеткенi

Естай – ақын әрi композитор жетпiс алты жасында, 1946 жылы Краснокутск ауданының Чкалов совхозының бiрiншi бөлiмшесiнде дүние салған екен. Өлгенде оң қолын жұмып өлiптi дейдi. Қолын ашып қараса, бүктеулi сары ескiрген қағаз шығыпты. Сол қағазда мынадай өлең жазылыпты:

Япыр-ау, қартайдым ба, өттi өмiр,
Менде жоқ бiр туысқан, жақсы бауыр.
Жұрдай боп замандастан жалғыз қалып,
Осыны ойлағанда болды-ау ауыр.
Сақал-шаш аппақ құдай басымдағы,
Жолдас жоқ мұң шағарлық қасымдағы.
Ән салар, домбыра алар кезiм емес,
Әншейiн әдетiм ғой жасымдағы.
Арманның ең үлкенi – бала жоғы,
Өзектi өртеп жатыр қайғы шоғы.
«Қорланым» – қоңырланып сөзiм қалар,
Өзiм жоқ жеткен сәтте ажал оғы.
Серi боп, сапырып салып, дүние көрдiк,
Бiржан сал, Ақан серi қасына ердiк.
Тағдыр сол – өткен өмiр қайта оралмас,
Шау тартып тұра алмайтын жасқа келдiк.
Ауыр дерт, қайғы жеп, бiттi-ау әлiм,
Жанымда ұғар жан жоқ сөздiң мәнiн.
Баршын, дарқан дауысым жетпейсiң-ау,
Құлақта қалмады ғой ақырғы әнiм.



Домбыра, қош аман бол, қарт жолдасым,
Жасымнан жанымдағы сен мұңдасым.
Тапсырдым кейінгі жас ұрпақтарға,
Мендей ғып қадірлесін, қолына алсын.
Ақының, әншің болдым, еркеледім,
Кеше гөр, қош аман бол, ардақты елім.
Естайдың болды енді сөзі тәмам,
Ақтық сөз айтқан қошым осы менің.

Ел аузынан жазылды

Енді көр менің хәлімді

Бергенін дүние қайта алды,
Енді алмаған нем қалды?!
Алдымдағы малды алды,
Басымдағы бақты алды.
Қолға қайтып түспейтін,
Қызықты ғұмыр шақты алды.
Асыл туған ұлды алды,
Жұрт таңырқап қараған,
Жайнаған жастық күнді алды.
Дүрбідей көргіш көзді алды,
Алмастай өткір сөзді алды.
Қырымнан қыран көретін,
Зерек ақыл ойды алды.
Меруерттей аппақ тісті алды,
Бойды тонап күшті алды.
Көргенде көңіл ұстайтын,
Ұмытпайтын есті алды.
Көрмес қылып жерді алды,
Ерікті еркін күнді алды.
Қосылған сүйікті жарды алды,
Қайғымен басым сандалды.
Көрден басқа ие жоқ,
Соны күтіп жан қалды.

*Авторы белгісіз. Көшербай Есжанұлының нұсқасынан көшіріп
алдым, көшіруші – Кәрібайұлы Жұқаш, 31 қараша 1981 жыл*





Саққұлақ шешен

Ел ақсақалдары Саққұлақтан сұрапты: «Сақа, өміріңде адам баласынан сөзден жығылған жерің бар ма?» – деп. Сонда Саққұлақ айтыпты:

– Бірде жығыласың, бірде жеңесің, кімнің есінде бар, өз өмірімде бір әйелден екі рет жығылдым. Сол әйелге сөз таба алмай қалдым. Бір жерде қонақта отырғанымда сөз арасында «Ер жігіттің үш жұрты бар: қайын жұрты, өз жұрты, нағашы жұрты» – дедім, сонда шай құйып отырған келіншек былай деді: «Ер жігіттің жұрты біреу-ақ, өз жұрты – күншіл, нағашы жұрты – қамқоршы, қайын жұрты – міншіл», – деп еді. Бірде жолаушы келе жатып әбден шаршап, шөлдеп бір үйге түсе қалып едім. Бір әйел ши ішінен үлкен аяққа қымыз құйып берді, қымыздың майы түскен, өзі өте суық екен. Шөлдегенім сондай, басыма бір-ақ көтердім, аяқты әйелге беріп жатып:

– Ердің құны бір аяқ сусын дегені осы-ау! – деппін. Сонда әлгі әйел:

– Бір аяқ қымыздың құны екі ердің құны емес пе, бар қымызды бермесем, сіз ішіп шөліңізді қандыра алмай шықсаңыз, дүние не болмақ? – деді. Сөз тауып айта алмадым, бетіне қарасам, баяғы өзім көрген әйел екен.

*Ел аузынан алынған, көшіруші – Кәрібайұлы Жұқаш,
12 қараша 1981 жыл*

Жолдан тайса, кімнен сұрайды?

«Егер біреу жолдан тайса кімнен сұрайды – көнеден сұрайды; көне адасса, кімнен сұрайды – көргендерден сұрайды; көргендер адасса кімнен сұрайды – көптен сұрайды; көп адасса, көп оқығаннан сұрайды; көп оқыған адасса, кімнен сұрайды – көп оқыған неге адассын, көзі шығып кетпесе», – депті.



Мәшһүр Жүсіп шығармашылығынан

Мәшһүрдің ақындығымен қоштасқаны

Тобықты Құнанбай, Қыпшақ Ыбырай, Мұса, Секербай заманындағы жақсыларға Мәшһүрдің сөйлеген сөздерін домбыра алып, өлең қып айтқанда көздерінен жас ағып, өздеріне ие бола алмай отырады екен. Сондай жандардың бәрі таусылған соң Мәшһүрдің ақындығымен қоштасқаны:

Таусылып даусым менің түгел бітті,
Елдегі адал-арам бәрі кетті.
Орнында арыстанның қалып қасқыр,
Аңға ертті тазы орнына төбет итті.
Орнынан көтеріліп ақылым өшті,
Қайғы ғам болғандықтан аса күшті.
Қарғалар көгершіннің зікірін салып,
Құдайым дәуірлетті-ау арам құсты.
Көрдің бе көзімізде жас болғанын,
Ерімес жұрттың көңілі тас болғанын.
Көріп тұр көзі жіті қырағылар
Бас – аяқ, аяқ барып бас болғанын.
Қуат жоқ қылар бұған күшіміз де,
Ынсап жоқ қылып жүрген ісімізде.
Тізеден басқа басты қояр жер жоқ,
Қасірет пен бармағымыз тісімізде.
Жасымнан өлең еді баққан қойым,
Жақсылар бас қосқан жер – айт пен тойым.
Гүл жүзді, шырын сөзді ерлер кетті,
Тұрарға жер таппады ақыл-ойым.
Құс біткен қонағына кеткен қайтып,
Осындай қыс боларын біздерге айтып.
Таусылып қызыл гүлдер, қалды тікен,
Сайрайды гүлстанда бұлбұл қайтіп.
Бар еді жақсылармен жақындығым,
Жаманмен ежелден жоқ мақұлдығым.
Кеткен соң ақыл, сабыр қалай тұрсын,
Жөнелді бірге қаша ақындығым.
Үйде – мүлік, өлең болған түзде – малым,






Баршаға мәлім болған менің халім.
Кеткен соң ақындығым, тұра алмадым,
Құр сұлдер денем қалып, жоқ боп қаным.
Тіл қаттым ақындыққа мен сөз бастап,
«Шыныңмен кеткенің бе мені тастап?!
Ескі дос, көптен қимас жолдас едің»,
Жылайды, ол да қайтсін көзін жас қып:
«Замана жылдан-жылға болды-ау өзге,
Бір жан жоқ құлақ қояр жақсы сөзге,
Сүйсініп сұхбаттасар жан қалмады,
Менің бар не керегім», – дейді сізге?!
Соқырлар қайдан білсін көз қадірін,
Танитын жан қайда бар сөз қадірін?!
Танысын: қарға, бұлбұл – қайсысы оңды,
Жамандар білмей жүрген өз қадірін!
Сақтамас қадіріне ешкім жетпей,
Ақыл айтар бір жан жоқ есің кетпей.
Дүние осылайша өте бермек,
Кім кетер бұл жалғаннан демі бітпей?!
Жайын қимай, жоқ таба алмай жүр ғой бәрі,
Өлімге бәрі бірдей – жас пен кәрі.
Кеш болса бір-бірімен айтысады,
Жұмысың жүр ме сенің бітпей әлі.
Тарқасады күнде ертең аламыз деп,
Алмасак құралақан қаламыз деп.
Таусылмайтын ертеңге душар болдық,
Ойламайды қалай құр барамыз деп.
Бізді Құдай бар қылып қойды жоқтан,
Құтылмайсың тура атқан қалақ оқтан.
Жамандыққа келгенде білгіш-ақпыз,
Көз соқыр, құлақ саңырау жақсылықтан.
Дінімізге жан берді жарық нұрдан,
Нәсібімді жаратты күшті зордан.
Қызыл көрсек шабамыз айлық жерден,
Нәпсіні айырмадық жайған тордан.
Нәпсі – залым, болар ма мұндай күшті,
Ерікке қоймай бізді отқа алып ұшты.
Жайған торға шабамыз бір жем үшін,



Көрсек те торға түсіп жатқан құсты.
Бозбала, бір көрерсің өлім бетін,
Тіл алсаң, өлім бетін көрмей күтін.
Өлімнен күні бұрын күтінбесең,
Бұрқырап әр тесіктен шығар түтін.

Өткен өмір

Түзелер қашан жұрт боп мына қазақ?
Қылмаған кім бар дейсің бізді мазақ?!
Кешегі өткен дәуір тұншығумен,
Өлімге өлмесек те қалдық аз-ақ.
Аяқты баса алмаймын емін-еркін,
Өтті ғой ит қорлықпен өмір, шіркін,
Жүргенбіз өліп қалмай не қып шыдап,
Қарашы күдерідей жанның берігін.
Өшпей өрлеп, зорайған өтірік, ұрлық,
Қалған жоқ әлімжеттік, әлі зорлық.
Өткіздік жастық шақты жылауменен,
Жалғаннан таяқ жеумен көріп зорлық.
Жыландай ысқырушы еді төгіп зәрін,
Тыныштықпен тата алмады ешкім дәнін.
Көз соқыр, құлақ саңырау болғандықтан,
Біз білдік қызық дәурен соның бәрін.
Ат шауып айнала алмас біздерменен,
Тышқанша жан сақтадық шықпай іннен.
Замана баса-көктеп билеп кеткен,
Кешіппіз кәпір болып, шығып діннен.
Алай-дүлей ұйытқыған боран соғып,
Ақылсыз боп жылқыдай кеткен ығып.
Кеткен нәрсе орнына бір келді ме,
Күн қанша жылынғанмен суық шығып?
Келуі жоқ, қанша қақса, кеткен қайтып,
Жараны жаңғыртпайын текке ұлғайтып.
Қолдан келмес нәрсеге текке шаршап,
Айтып өткен нәрсені қайтып айтып.
Бұл жалғаннан біз көрдік дұшпандықты,
Емен атты ағашпен қысқандықты.
Жиылыс әйел менен кедей түбі,



Алып тұрсын еркіндік, бостандықты.
Жүрдік-ау отырмыз деп біз де ұялмай,
Өздігінен өлуге жан қиналмай.
Өнер білгіш талапқа жол жоқтықтан,
Хайуандарша біз қалдық оқи алмай.
Мен жастан болдым ақын, өлең дарып,
Кететін сөйлемесем ішті жарып.
Ауызға ерте ілініп, түстім көзге,
Қылған биттей пайдам жоқ мұнан жарып.
Бұл жалғаннан өтеді кім басы аман?
Бізді билеп, иледі өткен заман.
Көз жеткізбей шындыққа мақтағанмен,
Желөкпелік ұқтырды шындап маған.
Жағдайсыз сұм заманмен өмір өтті,
Ғашықтықта нем бар екен, қыспай кетті.
Ықтияр өз басымда жоқтығынан,
Жәудір көздер құса боп қыршын кетті.
Бай кедейді көрді ме мойын бұрып,
Өмір бойы жем қылды қанын сорып.
Бұл күнде есіктегі жалшылары
Билік айтты өздеріне төрде отырып.
Іздеген мен де жүрмін әлі өле алмай,
Ер болсам кетуші едім тілге келмей.
Мұның бәрін кім қылды – құдай қылды,
Қазақ жүр бірде-бірін мұның білмей.
Біздің қазақ саяғы кер кеткеннің,
Түк пайдасын көрген жоқ ержеткеннің.
Алқымынан алған жау босатпайды,
Одан күші аса алмай жан біткеннің.
Көл құрып, аққан дария су тартылған,
Өтті ауыртқан құр бос сөз көп айтылған.
Азаматтан айтарлық таппадым мен,
Ержеткенмен құлдықтан күні артылған.
Не боларлық, сабаздар, жүрмей, өспей,
Өмір бойы желкеден жауы түспей.
Мен көрмесем кейінгі заман көрер,
Дәметейін, түңіліп, үміт кеспей.
Жегеніне мәз болып, тауып нанды,



Аласұрып жүр қинап шыбын жанды.
Шарқ ұрсаң да дүниені, таба алмайсың
Басқаға пайдам тисін деген жанды.
Кедейдің шықпайды өнер саяғынан,
Байлардың әккі болған таяғынан.
Бірі шаба жөнелсе ілгері озып,
Шап етіп алар бірі аяғынан.
Жұмысы бұл заманның – сауда, сату,
Адам боп ылғи түнге таң боп ату.
Дүние – дос, малға құмар жанын жалдап,
Табылмас емге іздесең екі тату.
Айналыстым жынменен мен бесімде,
Кетпестей боп орнады он бесімде.
Әуреленіп шар құрдым жетілдім деп,
Арты қандай болады – жоқ есімде.
«Жазған сөзім әркімге тұмар» дедім,
«Аузын ашып, ол көзін жұмар» дедім.
Мылтық алып атам деп көздегенді,
«Ақымақтықтан маған сол құмар» дедім.
Мәшһүрдің құр бос сөзбен толған ұрты,
Ойында жоқ ағарған сақал-мұрты.
Түлкінің қызылдығы – өзіне сор,
Сол секілді болыппын көздің құрты.
Ішпей мас боп жүріппін, жемей тойып,
Өзімді-өзім мұқатып, күнде жойып.
Құмар боп қолға оны түсіргендей,
Түлкіні сыдырып алды, бір-ақ сойып.
Болғанда сен не болдың, түлкі болдың,
Құмайдан құба жонның көркі болдың.
Қолға түспей жүргенде оңды-ақ едің,
Тұтылып қолға түсіп күлкі болдың.
Дүние тегіс білді жұпар даңқын,
Құнды болды, танып жұрт қымбат нарқын.
– Жұпар өзі не нәрсе, айтыңдаршы?
– Бір күшіктің кіндігі білсең жарқын.
Анадайдан мұрынды иіс жарып,
Жүрген-тұрған жерінде жұғып қалып.
Оған құмар болмаған кім бар дейсің,





Қолға қайдан түседі деп азаптанып,
Жұрт әбден болған екен маған құмар,
Мас болып, басын шайқап, көзін жұмар.
Құмар емей немене қолға түссе,
Кенедейін сақтайды қылып тұмар.
Ол – мүсәпір, мастанар жазғытұры,
Оны аңдыған дүниеде көп боп орны.
Бар деймісің ойында биттей оның
Екендігі кіндігі – бастың соры.
Қолға түспес бір асыл – қыл сүйегі,
Мұрны зор бір хайуан жоқ тегі.
Сөзді сөз түртіп ойдан шығарады,
Шідердің ағытылса сөз тиегі.
Алла адамды жаратты артық, зерек,
Басқадан артықтығы оқшау бөлек.
Оған тағы жұрт құмар көрінеді,
Сүйегін алу үшін қылып керек.
Сорды азсынып, кейде біз тұз да қостық,
Желді азсынып, құйынның желін тостық.
Дос ойласаң, басыңа жай етекті,
Жұрттың жақсы дегенін білме, достық.
Жай етекті дегенім, есіңді жи,
Есті жисаң, көресің сонда артық сый.
Ешкім ақша алмайды шаш алғанда,
Атақ-абырой ала алмас барыңды қи.
Бой бермен деген ерлер ар-намысқа,
Ұзап шырқап кетеді тіпті алысқа.
Қашқанменен алысқа кете алмайды,
Қайда барса килігіп ну қамысқа.
«Бай болады!» – деп айтқан сөз көтті қысқан,
Қыспағанда досың аз, көп қой дұшпан.
Көп қамыстан қоянға пайда бар ма,
Жел тұрса сылдырынан үрейі ұшқан?!
Білмеймін, өзің қалай ұшқаныңды,
Жығылып жерді қалай құшқаныңды.
Саған атақ жел берген – қызыл тілің,
Өзіңе көбейттің ғой дұшпаныңды.
Жүре алмасаң жаныңа кісі аларсың,



Астары жоқ киіміңе тыс аларсың,
Алған пайдаң – мақтаннан тапқан олжаң,
Дұшпандардың оғы мен нысанасын.
Оқу да – жын, есерге өлең де – жын,
Өнерің – өткір пышақ, сен оған – қын.
Өзінді тілім-тілім, дал-дал қылар,
Өзгем өтірік болса да, бұл сөзім шын.
Өз сөзіңмен адамның басы болдың,
Артық сөйлеп, Алланың қасы болдың.
Жұрт қолынан алғанда елеурейсің,
Қолға алғанда дойбының тасы болдың.
Әлде қандай боларсың бұрылмай бай,
Мастанасың шай ішіп, жегендей ет.
Бірде биге шығарсың, бірде заход,
Бар болғаның осы ма, ту, бәлекеті?
Шайнам ақыл жоқ, биттей неткен жансың,
Жұрт ойнаса таспен де, саған нансын.
Ойнамаса қалтада қалған тас боп,
Тас болмай дүниеде не боларсың.
Тас болмай жазатұғын болсам қалам,
Қолына алып жаза алмас ешбір адам.
Әбдіре мен сандыққа салып қойып,
Еш пайда жоқ өмірі өтсе тәмам.
Осымен таусылады Мәшһүр сөзі,
Өзіне риза бол, құлақ, көзі.
Керексізді бір Алла жаратпаған,
Неге керек екенін біледі өзі.
Күнелттім бір үй толған соқыр бағып,
Оған мен жаранамын қалай жағып.
Төренің қарасаңшы ақымағын,
Миына енбейді айтқан арыз-шағым.

Мәшһүрдің жалқауларға шығарғаны

Жігіттер, жалқау болма шабан тартып,
Ілгері ұмтыла бас күн-күн артып.
Арқаны кедейліктің жібермейді,
Желкеңнен кеңірдектей мықтап тартып.
Қайрат қыл жалқаулықтың жібін үзіп,





Көрген жан түңілмесін күдер үзіп,
Бойыңа жалқаулықты үйір қылсаң,
Тұрасың көрінгенге көзің сүзіп.
Еңбек қыл, ертеңді-кеш ұйқыңды ашып,
Кетеді ой бөлініп ұйқы қашып,
Ілгері бас, құлшынып жұмыс істе,
Орныңнан тұрғызбайды ұйқы басып.
Болады кер кеткенге барлығы үш,
Бір еңсеріп алып кетсе, бермейді күш.
Қолыңды аяғыңмен жіпсіз байлап,
Басады ұйқы дұшпан ертелі-кеш.
Өш боларсың ұйқымен, болса санаң,
Кедейліктен қол үзіп, болса шамаң.
Осылай қайрат қылып, адам болсаң,
Ешкімге көзін сүзбес қатын-балаң.
Қашаған ұстатпайды жалғыз атың,
Өлгенше жек көреді жуық затың.
Кедейлік кет десең де кете қалмас,
Кез болса маңдайыңа жаман қатын.

Асыраған, сақтаған әке менен шеше артық

Асыраған, сақтаған әке менен шеше артық,
Жаман болса, әкеден жақсы көрші көп артық.
Жаман шеше бәлесін саған тағы жабады,
Көрген жерде қараңды қарғап-сілеп бағады.
«Қорлығын көрдім талай» – деп,
Көрінгенге мұңын шағады.
Жаман туыс – бір масыл, арқалаған құммен тең,
Жақсылығың істелген құмға құйған сумен тең.
Келіннің зекіп ұрысқаны езіп берген умен тең,
Жаман болса әйелің, қараңғы тұман түнмен тең.
Ақылсыз болса балаңыз, арпалысқан жынмен тең,
Ақылға салып ойлаңыз, осы айтқаным кімнен кем?!



Дін қайда?

Дін қайда, осы күнде ғылым қайда,
Тұрған жан анық көңілі бір Құдайда?
Лақ, тоқты аламын деп жүрген жаннан
Тиеді деп ойлайсың кімге пайда!?
Дүниеден жүрген жан жоқ аяп күшін,
Қайраумен шақыр-шұқыр отыз тісін.
Айтатын жастайынан тәрбиелеп,
Молла жоқ бала оқытқан құдай үшін.
Дүние үшін жанның бәрі қайғы жеген,
Ешкімді күйдірмеймін текке тегін.
Кісі тап та, осындай айтшы маған,
Анық көңіл, шын біліммен құдай деген.
Бет алдыма лепірдім ауыз бақпай,
Бетімді жіберген соң ешкім қақпай.
Ежелден болып өстім баймен өш, қас,
Қожа, молда, ишандар – бәрі бір бас.
Жас едім жергілікті құдай дескен,
Жалғанда жан емеспін көңілім өскен.
Мұның бәрі өзіме кесір болып,
Апырау, бір жерім жоқ көзге түскен.
Кісі боп шықпасам да өзім қырға,
Айтқан сөзім құлаққа болды сырға.
Сусынды қандырарлық болдым кісі,
Еділ, Жайық, Ертістей болмасам да.
Деймісің тесілген тас жерде қалар,
Шамшырақ хақ жаратқан сәуле жанар.
Асыл жасық екенін білмесе де,
Шелекке тағу үшін біреу алар.
Бес жаста қалам ұстап жаздым хатты,
Таныдым бір жаратқан жалғыз хақты.
Ат беріп, ақша беріп жайғаным жоқ,
Жүзіне жалған дүние Мәшһүр атты.
Тірлікте, денсаулықта баста бағым,
Онан соңғы дәулетім – тіл мен жағым.
Құдай берген он екі мүшелерім,
Алты алашқа жайылып кеткен атым.
Жүрген жерім ду базар, қылып хатым,





Үш жүзге мәлім болды шығып атым.
Ұстаз пірдің уағызы болып жәрдем,
Ұшсам кете беремін, бар қанатым.
Баянаула, Қызылтау – өскен жерім,
Кірім жуып, кіндікті кескен жерім.
Қалам, сия, қағазды қолыма алсам,
Келер қоршап бойыма ғайып пірім.
Айдабол мен Күліктен шыққан затым,
Мәшһүр деген бір лақап – Жүсіп атым.
Орта бойлы, қой көзді, бітік мұртты,
Жарасымды, көрнекті сақал-шашым.
Жылым – қой, тоғыз беске келіп жасым,
Өлең сөзге ден қойған қайран басым.
Жел қайықтай жел сөзге құмар едім,
Тұрған күнде домалап өрге тасым.
Әкем Көпей жетпіс үш жаста дүниеден өткен,
Дін жолына жас кезде бізді үйреткен.
Өзі жастай шарифат жолын іздеп,
Әбілқасым ишанға қызмет еткен.
Бабамыздың аты екен Шермұхамбет,
Құдайға құл, нәбиге болған үмбет.
Балаларын оқуға сүйрейді екен,
Екі қолдап жетелеп, қылып қызмет.

Құдайға имансыз құл шет емес пе?

Құдайға имансыз құл шет емес пе,
Көрінген көзге жылы бет емес пе.
Адамның тіршілігі – тіл мен жүрек,
Екеуі екі жапырақ ет емес пе.

Күндіз бен түннің айырмасы

Күндіз дозақтан алынған,
Түн жұмақтан алынған.
Күндіз – байға артық, кедейге кемдік,
Түн – бай-кедейге бірдей теңдік.
Күндіз өз басың сауда-саттықта жүреді,
Түнде өзіңе-өзің тегін олжадай болып қаласың.
Жалғанның тозағы мен бейіші бар,



Бір күн тыныштық, бір күннің кейісі бар.
Кейісі – дозақ болғанда, тыныштық – бейіш,
Міне, осындай ғұрыптың мәнісі бар.

Мәшһүрдің жеті жетім туралы айтқаны

Барады ғұмыр өтіп күн-күн санап,
Жолында сарп еттім ғылым талап.
Дегенді «Жеті жетім» өлең қылдым,
Құр босқа отырғанша бекер қарап.
Бір жерге мешітті қойса салып,
Жамиғат оқымаса, оған барып.
Жарандар, сондай ғазиз босқа тұрса,
Дүниеде не болады онан ғаріп!?
Қайсыбір адамдарға дәулет бітсе,
Молайып төрт түлігі жанға жетсе,
Не ішпей, не жұмсамай өз орнына,
Болады құр өкініш қолдан кетсе.
Кездессе жақсы қатын жаман байға,
Жетпей ме өкініші өмір бойға?
Долы қатын кездессе ақылды ерге,
Құдайым кез қылмасын осындайға.
Ішінде көп ғалымның болса надан,
Пазлары, ғұламалар – әр түрлі адам,
Отырса сөзге түспей аңырайып,
Жетімдік не болады мұнан жаман.
Ішінде көп наданның болса ғалым,
Бәрі де түк білмейтін болса залым.
Қой менен қасқыр жолдас болғанындай,
Демей ме жетім болған оның халын.
Бір үйде оқылмаса Құран кітап,
Ол-дағы жетімдікке болған қисап.
Жарандар, сақтаныңдар осындайдан,
Күнәсі ауыр болар отыз қисап.

Түн қандай?

Түн болса алар тыныштық біраз жатып,
Шаршағаннан сілесі әбден қатып.
Қол аяғын ұйқы-жау жіпсіз буып,
Серейтіп алып соғар табандатып.





Бай жарлығы бәріне бірдей ұйқы,
Жым-жырт болар күндізгі ұйқы-тұйқы.
Жан біткен жерге жамбас жаптырар,
Адамзатқа орнаған тыныштық осы.
Ұйқыменен болады бәрі де мас,
Мастықпенен жастыққа қояды бас.
Түн – бейіші жалғанның білген жанға
Тағы мұнда бір дәурен өтпей ме жас.
Көз танысың кез болса көш-жөнекей,
Сүйіп алсаң, барлайды тіл көмекей.
Түсін аш, қоя тұр да ендігісін,
Ағызбайын аузыңнан құр сілекей.
Мұнан да бар жаныңда жақын дозақ,
Қойғанмен не керек атын – дозақ.
Екі көңіл бір жерден шықпаған соң,
Әр мінезі қаһарлы қатын – дозақ.
Дені сау жан талпынып қыбырласар,
Білінбей кімнің байы, кімнің нашар.
Біреу өзін бұқтырып жер түбіне,
Біреу өзін самғатып аспанға ұшар.
Ақшалы бай жүреді төмен бағып,
Қолдан кетсе бір тиын жаны шығып.
Көрінген бір нәрсені сұрайды деп,
Деуменен өзін-өзі інге тығып.
Елден, жұрттан дүниені қашырғаны,
Өзін-өзі қорғалап жасырғаны.
Кедей байдан тіленіп борыш алған,
Өзін-өзі қолымен дарға асылғаны.
Бұл дүние құтқармайтын дозақ болды,
Бұл бейнет күн құрғыр ұзақ болды.
Тыныштық бір жаныңа болмаған соң,
Есебі күндізің де дозақ болды.

*Кешкі сағат 10-да жаздым, нұсқадан көшірген:
Кәрібайұлы Жұқаш,
14 қараша 1981 жыл*



Мәшһүрден келе жатыр өнер қайтып

Мәшһүрден келе жатыр өнер қайтып,
Бұлбұлдай қапастағы тұрған сайрап.
Самарқан, Бұқар, Ташкент – бәрін кезген,
Жасымнан берген өнер тәңірім айдап.
Жасымда қойылған ат – Адам Жүсіп,
Жұрт кеткен сүйгенінен Мәшһүр десіп.
Қолына қағаз, қалам алған шақта,
Кетеді қара сөзге желдей есіп.
Мереке жүрген жері болған жиын,
Көп көрген жақсылардың құрмет, сыйын.
Аққан су арнасынан асып кетіп,
Тұруы туған жерде болды қиын.
Сөйлеген қара сөзді жүндей түтіп,
Жібектен құны артылып кеткен өтіп.
Дүниені бет алдына шашып-төгіп,
Біресе олай, біресе бұлай кетіп.
«Ешкімге жүрмеймін деп көзім сүзіп»,
Бір құдайдан басқадан күдер үзіп.
Құстай боп қапастағы қалғаннан соң,
Шарыққа бір-ақ шығып кеткен кезіп.
Белгісіз не болады ақыр соңы,
Осы боп ендігі арман, қайғы зоры.
Ағарып атқан таңдай түспей көзге,
Кез болса маңдайына жұлдыз оғы.
Дүние шарлауменен кездім түзді,
Өз өнерім өзімді үйден құды.
Үйіңде сабыр қылып отырмастан,
Басыңа дейсіздер ғой не күн туды?
Өзіме көрінемін өзім мінді,
Кесем деп бекініп ем өз тілімді.
Жасырмай айтайын мен шын сырымды,
Айтайын әңгіме қып сіздерге енді.
Кем де емес, кейбір сөзім жанған шоқтан,
Әркімге ауыр тиер қалақ оқтан.
Ұшқан құс, жүгірген аң, жануарлар,
Атанған бәрі қайдан тілі жоқтан.
Сөз осал бола қалды не қылғанда,





Шақпақтай ай шығады шағылғанда,
Көңілдің дариясында сөз бір гауһар,
Кісісі танып алар табылғанда,
Болмайды сөз болғанмен бәрі тегіс,
Келтірер иесіне кей сөз сөгіс.
Бас қосқан мерекеде жақсы-жаман,
Шешендер – миуалы ағаш, сөз – бір жеміс.
Бұл сөзде ойламаңыз бар деп жалған,
Аузыма сөздің шынын Аллаһ салған.
Дегендей жан семірер жақсы сөзге,
Көңіл тірі, сөз бұрын өліп қалған.
Қарайсың жақсы сөзге құлақ түріп,
Кейбір сөз елжіретіп кетеді езіп.
Әр жерде бөлек-бөлек жүрген сөзді
Түсірер жұрт көзіне өлең қылып.
Болғанмен арнасы жоқ, кей сөз жалған,
Ақындар өлең қылып тіркеп алған.
Бірдей ғып төрт аяғы үйлескен соң,
Жақсылар жаман демей, құлақ салған.
Өлеңге мен жасымнан болдым ұста,
Аузымнан шыға қалды асығыста.
Әркімдер әрбір түрлі өлең жазған,
Мәшһүрден мен асам деп осы тұста.
Ешкімнен артық емен менің өзім,
Аяқ-қол, жұртпен бірдей құлақ, көзім.
Жыр жаздым әр тарапта шабыттанып,
Шашылып жұрт көзіне түскен сөзім.
Жалғанда жеке дара озған жаман,
Екіұшты бәйге алудың несі жаман.
Мен сонымен таласып шабамын деп,
Жете алмай жер түбінде қалған шабан.
Жүйрік ат мақтанады: – Бәйге алдым, – деп –
Алдымен қарақшыға мен бардым, – деп.
Ел тарқап, ертең зорға келсе-дағы,
Есек айтпас: – Шабә алмай мен қалдым, – деп.
Аралап жүрген білер дүние жүзін,
Жаман деп есептемес ешкім өзін.
Күміс теңге қалтада, көмір қапта,



Біреудің тоқтата алмай біреу сөзін.
Құйынмен жердегі су аспанға ұшты,
Әуелеп аспанға ұшып, көзге түсті.
Желмен ұшып жүргені есінде жоқ,
Ол да ойлар ешкім жоқ деп менен күшті.
Мен жүрмін дүние қуып, әлі жетпей,
Қартайсақ та балалық естен кетпей.
Зер танитын зергердің жоқтығынан,
Талай алтын мыс болып қалды-ау өтпей.
Бірталай келіп қалдық біз де жасқа,
Өртүрлі күлкі болып замандасқа.
Ай мен күн, күндіз бен түн бір қалыпта,
Болғанмен бұрынғыдай заман басқа.
Жамандық жақсылықтан жоғары асып,
Сөз болып шынға өтірік араласып.
Уағдаға опа жоқ бұл заманда
Ел-жұрттың ортасынан кеткен қашып.
Жарқылдап қаз орнына қонды қарға,
Жүйрік жорға орнына – есек арба.
Ай мен күннің орнына бұлт жүреді,
Замана солай болды, шараң бар ма?
Жұртқа жақсы атанды зорлықпенен,
Ер атанды жамандар ұрлықпенен.
Қалғандары өтірікке ие болып,
Есіл өмір өтті ғой қорлықпенен.
Мен жақсымын дегендер арын сатып,
Мал табам деп, амалдап, барын салып.
Бірін-бірі жеймін деп қалайша алдап,
Жаман-жақсы теп-тегіс жанын сатып.
Қызығын бұл дүниенің білмей дәурен,
Аз емес өлшеуге алсам, бұрынғы әурем.
Түседі аспандағы күнге сәулем,
Ұйқы мен ең аяғы астан безсең.
Кешегі кетіп қалды-ау күнім өтіп,
Қайтарып қайта ала алмай қуып жетіп.
Күні кеше алғаны есінде жоқ,
Ертең тағы келеді жылтың етіп.

17 қараша 1981 жыл





Мәшһүрдің батасы

Әуелі құдай оңдасын,
Хақ расул жәрдем қып,
Әулиелер қолдасын.
Сапар шықсаң басшы боп,
Қызыр бабам қолдасын.
Шүкіршілік қыл Аллаға,
Пейіліңді құдай алмасын.
Тәуба қып жүр құдайға,
Астамшылық болмасын.
Таупық берсін бір Алла,
Арамға аузың салмасын.
Бақытты болсын ұл-қызың,
Жоғары болсын жұлдызың.
Таңда мақшар болғанда,
Разы болсын мейманың.
Орнына келер жиғаның.
Адыңнан шығар бергенің,
Көпшіліктен бата алсаң,
Мұратыңа жетерсің.
Жомарттық қылсаң тірлікте,
Қуанышпен өтерсің.
Қабыл болғай батамыз,
Кешіргей Алла қатеміз,
Бәлені дұға қайтарар,
Бұрынғыны айтармыз,
Ықыласқа тойдық біз,
Шақырған соң келдік біз,
Келмек сүннет, қайтпақ парыз,
Енді ұлықсат берсеңіз,
Келген ізбен қайтармыз. Әумин.

19 қараша 1981 жыл





Ағайын (Мәшһүр Жүсіптен)

Аманыңда елжіреп мақтайтын да ағайын,
Алыстамай, айналып жақтайтын да ағайын.
Ауырыңды жеңіл қып, ақтайтын да ағайын,
Еркелетіп, бетіңнен қақпайтын да ағайын.
Жаман атақ бойыңа тақпайтын да ағайын,
Ашыққанда рақым қып, сақтайтын да ағайын.
Сабыры қалмай, сағынып жүретін де ағайын,
Есіне алып, елжірей білетін де ағайын.
Мақтағанда мамыққа бөлейтін де ағайын,
Адасқанда аттарын беретін де ағайын.
Аяқ тайса, алдымен келетін де ағайын,
Айтқаныңа қалтқысыз сенетін де ағайын.
Адал айтқан ақылды ұқпайтын да ағайын,
Жаяу жүріп аттыға ұқсайтын да ағайын.
Туысқансып түрлі істі көретін де ағайын,
Қылға тізіп қимылды өретін де ағайын.
Жан қысылса жатырқап үркетін де ағайын,
Көлгірсініп көз жасын сүртетін де ағайын.
Әуел баста аңдамай тартып жүрме сазайын,
Толып жатыр түрлі сөз, қайсыбірін айтайын,
Өскен ордам жамандап, жақсыны қайдан табайын?!

Көкірегім толған шер, көңілім қаяу

Көкірегім толған шер, көңілім қаяу,
Ермейсіңдер халқым аз, елім баяу.
Сүйенер дос, сүйкенер жақыным жоқ,
Мен өзіңе тапсырдым Құдая хақ.
Бұларға ерсем, хақ жолдан адасамын,
Ермей жүрсем, көп итпен таласамын.
Тыныш отырсам, абалап дамыл бермейді,
Енді қалай бұлармен жанасамын.
Көп төбетке жетеді қайдан күшім,
Түзей алмай наданды, қайнайды ішім.
Кірпігіңді қаққанша қас болады,
Жақын көріп, дос болып жүрген кісім.





Жасыбай асуынан асқанда

Мәшһүр Жүсіп жарықтық Жасыбайдың асуынан асқанда, басына барып, былай деп жылайды екен:

Бір кезде қазақ алды қанын шашып,
Бұл күнде ие болды біреу басып.
Біз жүрміз зорлық пенен зомбылықта,
Асудан асқан сайын жылап асып.
Өзгертпей өмір қоймас жас жеткен соң,
Тән тозып, қуат қайтар күн кеткен соң.
Жайнаған жалынды оттай жас өмірің,
Келер ме қайта айналып бір кеткен соң.
Мүшеңнің барлығына ақау түсіп,
Дірілдер буындарың, әл кеткен соң.
Шараң жоқ, шырайың жоқ кемпір мен шал,
Қураған бір сүйексің сән кеткен соң.
Санына тірі жанның қосар бізді,
Маңыз бар бізде қандай, мән кеткен соң.
Нәпсіні, ақыл, қуат бәрін тонап,
Болдық қой тірі әруақ хал кеткен соң.
Бола ма өткенді ойлап өкінуге,
Өмірдің өлшеуіне бір жеткен соң.
Алладан басқаның бәрі өзгермек,
Болуға қабір топырақ жан кеткен соң.
Тілегім жалған емес, ақырет қой,
Өкінем көп өмірім қапы кеткен соң.
Тәубамды қабыл ал да, қадыр Алла,
Шын жылап бір өзіңнен зар еткен соң.
Болмасын бар-жоқ деген арман мұның,
Ажал жетсе жаныңда бар ма пұлың.
Қалтаңдағы пұл жоқтық арман емес,
Бар болсын ағайынға қадыр құның.
Ажал деген – өмірдің қуған жауы,
Өлсең тағы болады сауалдары.
Жаралған жан иесі мақұлықтың
Бар ма екен өлмей қалған мұнан сауы?
Ғапыл болып жүр едім,
Ұсындым хаққа мойнымды.
Атам-анам – қара жер,



Аша бер маған қойныңды.
Сенен басқа ешқайдан
Таба алмадым орнымды.
Күнәм көп, содан қорқамын,
Жайлы қыл, Жаббар, орнымды.

Мәшһүр Жүсіптің сегіз мүшесімен араздасуы

«Бисмилла рахман рахим» дейін,
Құдайға қамымды айтам онан кейін.
Бастан жақты айырар заман болар,
Сөйлей бер, қызыл тілім, оған шейін.
Құйылар бір күн топырақ асыл көзге,
Кім жетер бұл заманда жасап жүзге.
Ерік өзіңде тұрғанда, сөйле, тілім,
Жатарсың әлі-ақ бір күн кіріп көрге.
Бастан ми, ақыл-естен ауысарсың,
Қайран көз жан шығарда жаудырарсың.
Қағазға аттай шапқан, саусағым-ай,
Дал-дал боп қара жерде саудырарсың.
Қайрат жоқ қолдан келер, қайнайды ішім,
Келе алмас хабарлауға сонда күшім.
Саудырап бет-бетімен қалар түсіп,
Маржандай аузымдағы отыз тісім.
Ағарсың домаланып көзден бұлақ,
Сөнерсің майсыз жанған екі шырақ.
Тықырын құрт-құмырысқа естіп шыдап,
Жатырсың амал бар ма екі құлақ.
Жерлерде әлдеқандай болады орным,
Дүниеде жақсы, жаман кеңес құрдым.
Сасығын өз денеңнің өзің иіскеп,
Жатарсың соған шыдап, қайран мұрным.
Су емес, мейірің қанар дүние – сағым,
Жігіттік, қайран қызық өтті шағым.
Астына қара жердің кіргеннен соң,
Қаларсың бөлектеніп тіл мен жағым.
Дәрмен жоқ қозғаларға қол мен аяқ,
Жақпаса сол қылмысың, жерсің таяқ.
Дауасын осы дерттің таппаған соң,



Жасымнан жаһан кезіп жүрдім саяқ,
Ұл мен қыз ара тұрмас, әке-шешем,
Ләпсімен өлім шәрбат бір күн ішсем.
Қызыл тіл ыңғайыма жүрген күнде
Алайын арыздасып, сегіз мүшем.
Жер деп атын қойыпты қара жердің,
Көр деп атын қойыпты қазған көрдің.
Хақтан жәрдем, пірлерден қолдау болса,
Мен сөйлейін әруағын өткен ердің.

5 қаңтар 1983 жыл

Мәшһүр Жүсіптің күлдіргі сөздерінен үзінді

Бір ыртың-жыртың бозбалалар келе жатса, бір кішкене қыз бала мен келіншек бие сауып жатыр екен. Бозбалалар мазақ қылып кету үшін тұра қалып:

– Қай ел боласыңдар? – депті. Сонда қыз бала айтыпты:

– Ағатайлар-ай, қай ел боларымды өзім де біле алмай тұрмын, – деп. Енді біреуі қу жігітсініп, басынып, келіншекке қарап:

– Жазығы жоқ байғұсты мұнша шалжитып, түрін-сиқын бұздың-ау, – дегенде, келіншек:

– Тұрып кетсем түзеледі, өмірінше түзелместей бейнеуі кеткен сендердің аузың сияқты емес қой, – дегенде жігіттер: «Өлмегенге қара жер» деген осы, – деп тұра жөнеліпті. Жігіттердің біреуінің аузы қисық болған екен.

Әңгімесі

Шу бойында Шанышқылы елі мен Тама елі қоныстас бола қалыпты. Таманың бозбалалары Шанышқылының қыздарымен қағысып, қалжыңдасып қайтайық деп шуылдасып келе жатса, бір топ қыз суға түсіп жатыр екен, сірә, қыздар киімін кюге мұршасы келмей судың ішінде отырып қалса керек. Жігіттің бірі айтыпты:

– Алакеуімнен суға салып малшығандай не жаза қылып едіңдер? – деп. Сонда бір қыз:

– Көріп көрмегенсіп, біле тұра білмегенсіп, жымығаннан жымып тұрғандығы жазалы ма? – депті. Жігіттің бірі:

– Басына шоқпар тиген ғой, көгеріп қалыпты, – дегенде, қыздың бірі:



– Ағатайлар-ау, оған тиген шоқпар өз шекелеріңе тисе, бастарың көгермек түгіл, ыңғы-жыңғы болар еді, – депті. Бозбаланың бірі:

– Шанышқылының қыздары шамшыл келеді, қарыс сүйем алда келеді, қарысын тіктіреді, сүйемін ... деуші еді, осы рас па? – депті. Қыздар:

– Тама жігіті табаған келеді, иттей шуылдап қабаған келеді, тапса танасын ... деуші еді, осы рас па? – дегенде, жігіттер Сыбағамызды алдық қой, осы да аз олжа емес», – деп қайтып кетіпті.

Жағалбайлы елінде

Жағалбайлы елінде бір байдың баласы қыз таңдап жүріпті. Әкесі қыз айтырамын дегенде ұлы «Әуелі өзім барып қызбен тілдесіп, сөз қайыруға жараса аламын, оған жарамаса, тұнжыраған тартымсызды алып не оңаламын?» – деп, қыз көруге екі жолдасын ертіп, ел аралап қыдырып жүргенде елсіз далада үш жолаушы кез болыпты, оның біреуі жасөспірім қыз екен, жөн сұраса келе «Тама боламыз» депті. Жүрген жүрісін сұраса, «Мына баланың ұзатқан апасы бар еді, сол апасына амандыққа барып келеді», – депті. «Бұл баланың өзін қай елге көзін өткізуге ыңғайлап қойған бала еді?» дегенге:

– Ондайдан аман, таңба салынбаған, дақ түспеген бала, – депті. Сонда қыз таңдап жүрген жігіт қызға:

– Шырағым, Тама қызы шамды келеді, қарыс сүйем ... келеді деуші еді, қарыс сүйемін жігіт ... байқаса қалай болар еді? – депті. Сонда қыз жұлып алғандай:

– Ағатай-ай, Жағалбайлы жігіті жақты келеді, байлары көз қысып, мал сатпайтын қатты келеді, қарысын тігемін деп, ... деп жүргенде, сендей шекесі қушық, сорайған жақтылар сілесі құрып, талып өледі, – депті. Олар өз жөнімен жүре беріпті, бұлар да еліне келіп:

– Әке, мен бір қыз көрдім, соны алып бер, – деген соң әкесі құдаласып, қырық жеті қып малын матап беріпті. Жігіт қалыңдық ойнай барып, қол ұстатар болып, жеме-жемге келіп, қызбен жата бергенде:

– Мен – Жағалбайлы, сен – Тама,

Мен керги берейін, сен сана.

Екеуміздің қайсымыз өлер екенбіз,

Қызығына бір қара, – депті, сонда қыз:

– Басыңда бар бөркіңіз,



Қалай қылсаң да, еркіңіз.
Әкем мені саған малға сатты,
Аптықпай-ақ кергіңіз, – депті.

Бір өнерлі жігіттің өнері

Жақсы аймағында қадірлі жігіттің қатынының әкесі өлген екен. Ауыл-аймағы «бір мал сойып естірту керек» депті. Қазақтың ғұрпында мұндай қадірлі өліктің артында қалған жанашырларына мал сойып, ауыл боп естіртеді ғой. Сонда жігіт айтыпты:

– Менің қатынымның әкесі өлгеніне бір малды текке шығын қылмаңдар, өздерің де соймаңдар, маған да сойғызып әуре қылмаңдар, мен өзім жылатпай, өкпелетпей есебін тауып естіртемін, – депті. «Қалай жылатпай естіртесің?» – дегенде:

– Түнде от өшіп, түндік жабылып түн қараңғыланғанда, менің тұсыма келіп тыңдап тұра қалыңдар, менің қалайша естірткенімді тамаша қылыңдар, – депті. Айтқандай құрбы-құрдас, әйел-еркегі келіп үйдің сыртынан не дер екен деп тыңдап тұрыпты. Сонда жігіт төсекке басы тисімен екі аяқты белге алып, тақиясын қолға алып, бар күшін аямай әрі-бері сілтеп, енді бойдан кетеді-ау деген кезде қалт етіп қарап қалып: – Жабырқап, мұңаймашы, сенің әкең өліп қалды-ау, естіп пе едің, дегенде қатын:

– Әкем өлсе, оған Құдай иман байлығын берсін, кім әкесін жанына байлап жүр, өзіңнің де әкең өліп, өлген жоқсың ғой, толғай берші, қышуы қансын, – депті. Жылау қайда, сонымен көңілі жай тауып, ұйықтап қала беріпті. Таң атқан соң кешегі тыңдағандар күлісіп кіріп:

– Түнде өзің айттың ғой, тек құдай өлген әкеңе иман берсін, – деп көңіл айтысыпты, қатын түнде естігенде жыламаған соң енді жылауға ұялып, үн-түн жоқ жымыып жүре беріпті, міне, өнерлі жігіт болсаң, осындай бол.

Мәшһүрдің кенже баласы Пазыл марқұмның қолжазбасынан көшірілді, көшірген – Кәрібайұлы Жұқаш, 6 қаңтар 1983 жыл



Нақыл сөздер

1. Бұрынғы өткен ғалымдардан кейінгілерге үлгі, ғибрат үшін жазып кеткен нақыл сөздер:

Адамға ақыл – тозбайтын тон,
Білім – таусылмайтын кен.
Адамның басшысы – ақыл,
Жетекшісі – талап.
Толғаушысы – үй,
Жолдасы – кәсіп,
Қорғаны – сабыр,
Қорғаушысы – мінез болса, сонда ғана адам өзін-өзі би-

лей алады.

2.
Даналықты елден үйрен,
Дарындықты жерден үйрен.
Ұлылықты таудан үйрен,
Зұлымдықты жаудан үйрен.

3.
Болса бойда асқан дарының,
Басқаларға түсір нұрлы сәуле жарығын.
Тиген болса шапағатың басқаға,
Өлсең де жаның ашып тұрар, қайырың.
Дос екен деп ықпалына ермегін,
Менің де бар оқыс, орасан жерлерім.
Кезінде айтып сілтемесең тура жол,
Дұшпаным болып сен де бірге соққы бергенің.

4.
Ауру адам амандығын сұрайды,
Жаны кейіген тәңірісін қарғайды.
Алланың бір ісі –
Пендесін кейітіп те, күлдіріп те сынайды.
Тарта алмай арын ат басын,
Қарттықтың аштық қақпасын.
Білемін қайтып жаппасын,
Жаратқан жалғыз иеміз
Қасіретінен сақтасын.





Жыланға сүт берсең де, уын тастасын,
Жаманға айтсаң, құтын қашырасың.
Ақылды айтқанда әр данышпан,
Айтқанды істеуге келгенде,
Өзінің ақымақтан артықшылығы жоқ.

5.

Арғымақ мінген байлардың
Тайға мұқтаж көңілі бар.
Май шайқаған билердің
Нанға мұқтаж күні бар.
Елден безген залымның
Елге мұқтаж күні бар.

Әшірбай Есмырзаның сөзі

Жамбыл қаласында тұратын Әшірбай Есмырзаұлы айтқан екен:

Бал арасы бал береді,
Бірақ оның шағатынын ұмытпа.
Ит еркелеп соңыңнан ереді,
Бірақ оның қабатынын ұмытпа.
Ат айдасаң шабады, байласаң тұрады.
Оның сүйтіп жүріп тебетінін ұмытпа.
Өмір деген – бір жанып тұрған шырақ,
Бір-ақ күнде жалп етіп сөнетінін ұмытпа.
Ғаламды жалғыз білсе де,
Алтындай үйге кірсе де,
Көк жұлдызын аралап,
Айға аттап мінсе де,
Баққа тоймас адамзат.
Жақсылықты жалғыз білсе де,
Қыршын жастан айырылып,
Қимылсыз күнге көнсе де,
Өмірге тоймас адамзат.
Жан алғыш қылыш суырып,
Қайран жүрек қансырап,
Жаудырап көзі тұрса да,
Үмітке тоймас адамзат.



Абай сөздері:

Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек

Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек,
Ашуың – ашыған у, ойың кермек.
Мұңдасарға кісі жоқ, сөзді ұғарлық,
Кім көңілді көтеріп, болады ермек.
Жас – қартаймақ, жоқ – тумас, туған – өлмек,
Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек.
Басқан із, көрген қызық артта қалмақ,
Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек.
Ер ісі ақылға ермек, бойды жеңбек,
Өнерсіздің қылығы өле бермек.
Шыға ойламай, шығандап қылық қылмай,
Еріншек өздігінен көпке көнбек.
Адамзат тірілікте дәулет білмек,
Ақыл таппақ, мал таппақ, адал жүрмек.
Екеуінің бірі жоқ, ауыл кезіп,
Не қорлық құр қылжаңмен күн өткізбек.
Ел бұзылса, табады шайтан өрнек,
Періште төменшіктеп, қайғы жемек.
Өзімнің иттігімнен болды демей,
Жеңді ғой деп шайтанға болар көмек.
Қолдан келе бере ме жұрт меңгермек,
Адалдық, арамдықты кім теңгермек.
Мақтан үшін қайратсыз болыс болмақ,
Иттей қор боп, өзіне сөз келтірмек.

Көзінен басқа ойы жоқ

Көзінен басқа ойы жоқ,
Адамның надан әуресі.
Сонда да көңілі тым-ақ тоқ,
Жайқаң-жайқаң әрнесі.
Наданның көңілін басып тұр,
Қараңғылық пердесі.
Ақылдан бойы қашық тұр,





Ойында бір-ақ шаруасы.
Кітапты молда теріс оқыр,
Дағарадай болып сәлдесі.
Мал құмар көңілі бек соқыр,
Бүркіттен кем бе жем жесі.
Жүректе айна жоқ болса,
Сөз болмайды өңгесі.
Тыңдағыш қанша көп болса,
Сөз ұғарлық кем ісі.

Еріксіз түскен ылдидан

Еріксіз түскен ылдидан,
Еркіңмен шыққан ор артық.
Рахатсыз көрген өмірден,
Көсіліп жатқан көр артық.
Адамды бір жаратқан тәңірі алмақ,
Адамға ауыр екен бермек, алмақ.
Қысқа жіп күрмеуіме келмеген соң,
Үстіне жіберер ем кендір жалғап.

Патша құдай, сыйыным

Патша құдай, сыйыным,
Тура баста өзіңе.
Жау жағадан алғанда,
Жан көрінбес көзіме.
Арғын, Найман жиылса,
Таңырқаған сөзіме.
Қайран сөзім қор болды
Тобықтының езіне.
Самородный сары алтын,
Саудасыз берсең, алмайды
Саудыраған жезіне.
Саудырсыз сары қамқаны,
Садаға кеткір сұрайды
Самарқанның бөзіне.
Кеселді түйін шешілсе,
Кердең мойын кесілсе,
Келмей кетпес кезіне.





Ол да құдай пендесі,
Түспей кетер деймісің,
Тәңірінің құрған тезіне.

Жарқынбайдың Абайға сұрағы

Найман Жарқынбай деген кісі қонақта отырып, Абайдан:
Дүниеде не ғаріп? – деп сұрағанда, Абай:

Рия қылып айтпаса,
Түрлі гауһар сөз ғаріп.
Ел жағалай қонбаса,
Бетегелі бел ғаріп.
Үйрек, қазы болмаса,
Айдын шалқар көл ғаріп.
Патшасы әділ болмаса,
Болады екен ел ғаріп.
Қадірін жеңге білмесе,
Бойжеткен қыз ғаріп.
Қадірін халқы білмесе,
Қария болар тез ғаріп, – деп жауап беріпті. Сол отырыс-

та Абайдың Жарқынбайға айтқандары:

Жақындатар жақын жоқ
Араз болған жауыңды.
Жаман тәуіп қараса,
Ауру қылар сауыңды.
Мені көріп сайланып,
Келдің бе ойлап дауыңды?
Түнде шортан үзбесін
Шабакқа құрған ауыңды.
Әуелі қартың кетсе, қара кетер,
Құда, тамыр, бәрі де жүдә кетер.
Құдай оңдап, дәулет құс қайта қонса,
Тастап кеткен ескі дос сылаң етер.

Тағы бір сөзі:

Жалаң аяқ, жалаң бас,
Жарға ойнаған сен, он бес,
Жібек шекпен желбегей,





Қыздар сүйер жиырма бес.
Үкілі найза секілді,
Жалаңдатқан отыз бес,
Қынсыз пышақ секілді қылшылдатқан қырық бес,
Ақыл тоқтап, ой толып, қайтем сені, елу бес.
Аш бөрідей жалаңдап, алдыңды орап алпыс бес,
Өрге шықсаң тізем деп, ойға түссең белім деп,
Сені қайтем жетпіс бес.
Балаң мазақ қылады, қатының сөзбен ұрады,
Сені қайтем, сексен бес.
Кеше тірі Ақтайлак, бүгін өлі бір тайлак,
Тірі деп ешкім ескермес.
Қараша тауға қар жауады, қос бұлақтан су ағады,
Ұрып жықтың, тоқсан бес.

Ахмет Байтұрсынұлының сөзі

Қарағым, дұғагөйім, қамқор анам,
Арнап хат жазайын деп алдым қалам.
Сені онда, мені мұнда аман сақтап,
Көруге жазғай еді хақ тағалам.
Бара алмай өтірікші болып әбден,
Семейдің түрмесінде отыр балаң.
Мал ұрлап, кісі өлтірген айыбым жоқ,
Өкімет өр зорлыққа не бар шаран.
Көп айтпай қысқасынан сөздірейін,
Балаңның мінезі бар сөзге сараң.
Кетер деп отқа құлап, суға түсіп,
Қайғы жеп, менің үшін болма алаң!
Отырмын абақтының бөлмесінде,
Бұйрықсыз көз жетеді өлмесіме.
Есіктің құлпы мықты, күзетші көп,
Ажалдан басқа ешкім келмесіне.
Ғаламды лаухыл мақбуз ұмытқан ба?
Жазбап па бұл орынды көрмесіме.
Қаңбақпен салмағы тең бұл бір заман,
Лаж жоқ жел айдаса ермесіне.



Тайпалған талай жорға, талай тұлпар,
Тағдырдың кез болып тұр кермесіне.
Солардан жаным-тәнім ардақты емес,
Орынсыз күйзелейін мен несіне.
Түрменің айналасы – биік қорған,
Биік қып салған темір терезесін,
Қалайша мұны көріп көңіл сенбес,
Аттанып жау келсе де бермесіне.

Қобыланды батыр сөзі

Қобыланды батырға: «Қалайсың?» – дегенде:
– Отырмыз өлмеген соң тірі болып,
Тірі жүрген адамның бірі болып.
Мақтадай үлбіреген ет пен тері,
Жабысты сүйегіме сірі болып.
Кәрінің бала деген – жан тынысы,
Кәртайғанда кәрінің көп қой міні.
Кәрілік пен кедейлік бірдей келсе,
Қотаншыл итпен тең ғой көрген күні.
Мен өзім кәртайған соң мұндай болдым,
Етім кетіп, сүйегім сымдай болдым.
Азды-көпті нәрсені келін билеп,
Есіктегі жалдаған құлдай болдым.
Қазанның төрт құлағы – жан жолдасым,
Кемпірім жанымдағы – ол мұңдасым.
Кәріге кірерде ой жоқ, шығырда ой жоқ,
Нанбаған осы сөзге тіріде оңбасын.
Бала тілді алмайды беттен алып,
Келін тілді алмайды кердең қағып.
Кемпірім де соларға қосылып ап,
Кәртайғанда отырмын жалғыз қалып, – деп жауап беріпті.





Әубәкір молланың айтқаны

Кіші жүз Әубәкір молла деген кісі өлерінде былай депті:

Ғабыл болып жүрмеңдер,
Өлім бар деп сақтанбай.
Қаза түсер бір күні
Аяғыңа қақпандай.
Артыңнан аңдып ажал жүр,
Қойшы қойды баққандай.
Тар лақатқа кіруің
Есікті ашып жапқандай.
Дүниенің өтуін шама қылып байқасаң,
Кірпігіңді қаққандай.
Періштеге қабірде
Жауап берсең тоқталмай.
Қабірің жарық болады,
Күн шығып, таң атқандай.
Рахатын көресің
Жайланып тыныш жатқандай.
Қабырғаңның астында
Қара жер болар мамықтай.
Қайғы қалмас көңіліңде
Жәннатты іздеп жатқандай.

Ақыл мен нәпсі

Ақыл деген – денеге егулі дән,
Суарылса, кіреді оған да жан.
Өсіп-өніп адамның зораймағы –
Көпті көрген адамнан ғибрат алған.
Ақыл тұр шарифаттан аспаймын деп,
Сабыр тұр ғалымға қарсы баспаймын деп.
Нәпсі тұр айдаһардай аузын ашып,
Болса да қандай кінә, қашпаймын деп.
Жылаумен жұмыс бітпейді,
Ризалық керек сөз рас.



Риза болмай шара жоқ,
Салған соң басқа Алласы.
Иман берсін өзіңе,
Жәннаттан орын алғызып,
Сабыр берсін жаныңа,
Құрғатсын Алла көз жасын.
Қайырын беріп халқына,
Толтырсын орнын Алласы.

Дүниеде мұңсыз бар ма?

Ашуға асу берсе, алдау мен арбауға көнсе, ақыл мінсіз бе?
Арамдыққа ұпайы кетсе, ажарға сыйып рақым етсе, әділдік мінсіз бе?
Қайыршыдай қаңғырып өтсе, бүгін қонып, ертең кетсе, бақ мінсіз бе?
Дәмелендіріп көзіңді талдырса, ұмсындырып мақұрым қалдырса,
үміт мінсіз бе?
Ақылдың тірегі болмаса, алмастай өткір жүрегі болмаса,
шешендік мінсіз бе?
Адастырып азапқа салса, талапты мұқап сеніміңді алса,
арман мінсіз бе?
Талпынып қанат қақпаса, қиыннан қисынын таппаса, талап мінсіз бе?

Шәкәрім қажының айтқаны

Кәрілік – құтылмайтын бір қазған ор,
Ажалсызға бейнеттің орны сол.
Ажалсыз жан кеудеден шықпаған соң,
Жан болмас дүниеде кәріден қор.
Әлпештеп өз баласын ата-анасы,
Өзінің келгенінше бар шамасы.
Сол бала ержетіп жігіт болса,
Бұзылар ата-анаға көзқарасы.
Қартайғанда балаға ата жақпас,
Ата-ана – алжыған бір ку қақпас.
Сүйген жарың тіліңнен сүймек түгіл,
Менсініп оның өшін жылан шақпас.
Әрине, жарың білсе қадіріңді,



Орындап екі айтқызбай әміріңді.
Ол болмаса өмірден өлім артық,
Өзің барда дайында қабіріңді.

Бозбайдың кәрілік туралы айтқаны

Тобықты Бозбай деген кісінің кәрілік туралы айтқаны:

Әлсіретпей өмір қоймас жас жеткен соң,
Тән тозып, қуат кетер әл кеткен соң.
Жайнаған жалынды аттай жас өмірің
Келмеске екі айналып бір кеткен соң.
Мүшеңнің барлығына ақау түсіп,
Дірілдер буындарың әл кеткен соң.
Түрің жоқ, шырайың жоқ кемпір-шал боп,
Қуарған қу сүйек боп сан кеткен соң.
Санына тірі жанның қосар бізді,
Маңыз бар бізде қандай мән кеткен соң.
Нәпсінің ақыл-қуат бәрін тонап,
Болдық қой тірі әруақ, хал кеткен соң.
Бола ма өткенді ойлап өкінуге,
Өмірдің өлшеуіне бір жеткен соң.
Алладан басқа заттың бәрі өзгермек,
Болу хақ бір топырақ жан кеткен соң.
Тілегім жалған емес, ақырет қой,
Өкінем көп өмірім қапы кеткен соң.
Тәубемді қабыл айла, Қадыр Алла,
Шын жылап бір өзіңнен зар еткен соң.

Жетес ақсақалдың сөзі

Кіші жүздің сексен төрт жасқа келіп отырған Жетес деген ақсақалынан «Басыңыздан неше дәуір өткіздіңіз?» – деп сұрағанда айтқаны:

– Он жасымда ойнадым, қызығына тоймадым, бірақ өзім теңдес балаларды ұтып алып, қалтасындағы асығын қоймадым. Жиырмаға келдім, екі көзім елде болды, тәуір қыз-келіншек көрінсе, менікі болар ма еді деуінің ойында болдым. Отызға келдім, қыран бүркітке



алдырмадым, құмай тазыға шалдырмадым, бірақ өзім теңдес құрбыларымның көңілін қалдырмадым. Қырыққа келдім, тау құсындай шаңқылдадым, қыран бүркіттей саңқылдадым, алмас қылыштай жарқылдадым, аққан өзендей сарқырадым. Елуге келдім, апырай, жер ортасы осы ма деп ойландым, алпысқа келдім, алдымнан алты тарау жол кез болды, қайсы дұрыс, қайсы бұрыс екенін білмедім, біреуімен жүріп отырып жетпіске келдім, билікті қатын-балаға бердім. Сөйтіп отырып сексенге келдім, бір тығырыққа кез болдым, алдым – жар, артым – дария, оң жағым – от, сол жағым – су, апырай, енді қайда барам деп тұрғанда сен кез болдың, ендігісін өзің санап ал, – депті.

Саққұлақтың немересі Олжабайдың өлеңдері

Жан мен ажалдың айтысы

Қанжығалы Саққұлақтың немересі Олжабай – әкім де болған, ақын да болған кісі. Ақынның «Жан мен ажалдың айтысынан» үзінді:

Ми қазынасын сақтайтын – кеуде сандық,
Қымбат сырды жинадык, сонда салдык.
Жан – күзетші, ұры – теңіз, жүрек – балык,
Қиял бір шарықтаған кезбе-делбе.
Ақыл – нұр жаныңменен тәннен туған,
Пайдаң мен залалыңды аңдып тұрған.
Өмірің қайғыда ма, шаттықта ма,
Әрқайсысын сандыққа әкеп, ақыл жиған.
Қамалған сол сандықта ыстық, суық,
Дұшпандық және онда достық жуық.
Сақталған у менен бал сол сандықта,
Жауласып тұрған заттар салып бүлік.
Сол заттың кейі өспек, кейі өшпек,
Бақ пен сор екі арықтың суын ішпек.
Өмірдің неше түрлі толқынында
Қай арықтың тұрмысында жемісі өспек.
Ет жүрек тастай қатып, бекіп әбден,
Мақсұтын тіл арқылы жанға айтпаққа:
– Тілмаш – тіл, сен жүгінші жанға барып,





Сордан шыққан сұмдар тұр мазаны алып.
Шыдамнан шығып әбден, бел байладым,
Тіл келмей жаннан қорқып, қайта айналып.
Мәпелеп жүрдім талай жанды сақтап,
Тағдыр тұр сорға сүйреп, жұдырықтап.
Шыдамай қайран жүрек қатты азапқа,
Жанменен біржолата құтыл, – деген.
Жан сонда бұған ақыл қалай таппақ?
Бұл сауал саналыға ауыр салмақ.
Темірдің екі жағы бірдей ыстық,
Жан енді қайсы жағын таңдап алмақ?
Жалғанда ажал деген жанға дұшпан,
Дос қылып жан мен тәнді Құдай қосқан.
Емес пе жанға-дағы зор қоршылық,
«Алшы», – деп дұшпанына басын тосқан.

Жан сөзі:

– Ей, ажал, келгенім жоқ іздеп текке,
Қоймады шерлі жүрек мені ерікке.
Сырыңа жалғандағы түсіне алмай,
Құмар ем сеніменен сөйлеспекке.
Ей, ажал, алды-артыңда сүйреткен жан,
Маңайың бұрқыраған қып-қызыл қан.
«Нәрестем, жалғызымдап, жан бауырымдап»,
Артыңнан шулап келеді неше мың жан.
Нәресте – жас балапан жаңа көрген,
Түсірмей туған айдай құлыншағын.
Бәйек боп ата-анасы анау жүрген,
Азуыңда біреудің сүйген жары,
Жары үшін жанын пида қылған бәрі.
Қу өмірден көр артық тыныш жатар,
Ажал дәмін адамзат бір-ақ татар.
Жалғанның жалғыз жолы, жалғыз сөзі,
Күнде жегі жегендей жанға батар.
Алсаң да шақырғанды, тоймайсың ба?
Шіркін-ау, зарлатуды қоймайсың ба?
Қашқанды қаршығадай қағып түсіп,
Тосқанда жолда тұрса, бармайсың ба?

Ажал сөзі:





– Мен, ажал еріктімін бұл жалғанда,
Еш адам қорықпайды ол жалғанда.
«Ал» дегенге қанағат қылған болсам,
Болады дүниеде кім арманда?
Ардақтысын алғаным қызық маған,
Өлімнің сәні бар ма шулатпаған.
Мен алсам құтыла алмай отырғанын,
Боламын дүние зарын тартқызбаған.
Кемпір-шал сасып, шіріп жата берсін,
Ғашықтар қасірет зарын тарта берсін,
Тұрмыстан соққы жеген ерлердің де
Күн сайын қайғы-шері арта берсін.
Әр пендеге бір мұңды жастандырып,
Көңілі қаяу, қайғылы, көзінде жас,
Зорлық қылған ажалды дейміз – зәбір,
Әйтсе де әрбір жанның орны – қабір.
Уақытсыз жан кеудеден кетпек болса,
Қайғы өртін сөндіретін суы – сабыр.
Бір қалыпта тұрмайды, өмір өтер,
Жақсылық, жаманшылық келер, кетер.
Таяныш жалғыз ғана – хақ және хақлық,
Өзгенің бәрі – алдамшы, бәрі – бекер.

Алдамшы өмір

Алдамшы өмір, сұм дүние-ай!
Бір кезде бердің бағыңды.
Бай қып бердің малыңды,
Адам қып бердің жанымды,
Жақсы қып бердің балаңды,
Құштырдың сұлу жарымды,
Гүлденген бақтай толқытып,
Бердің жастық шағымды.
Лықиттың малға елімді,
Жұмақ қылдың жерімді.
Қалайша адам сағынбас,
Сарыарқадай белімді.
Менікі деп меншіктеп,
Иемденіп барыңды.





Бәрінен де айырылдым,
Енді көр менің халімді?
Бергенін дүние қайта алды,
Енді алмаған нем қалды?
Басымдағы бақты алды,
Алдымдағы малды алды.
Қолға қайта түспейтін
Қызықты қымбат шақты алды.
Асыл туған ұлды алды,
Асып тұрған құнды алды.
Жұрт таңырқап қараған
Жайнаған жастық күнді алды.
Дүрбідей көргіш көзді алды,
Алмастай өткір сөзді алды.
Қырымнан қыран көретін
Зерек ақыл, ойды алды.
Меруерттей ақ тісті алды,
Бойды тонап, күшті алды.
Көргенді көңіл ұстайтын
Ұмытпайтын есті алды.
Ағайын-туған елді алды,
Көрмес қылып жерді алды.
Бас қаңбақтай домалап,
Ерікті, еркін күнді алды.
Замандас, қандас жанды алды,
Қосылған сүйікті жарды алды.
Біріне дауа таба алмай,
Қайғымен басым сандалды.
Сөзден басқа ізім жоқ,
Көрден басқа емім жоқ,
Соны күтіп жан қалды.

АЛТЫН

Ей, алтын – сары сайтан сенсің анық,
Сен үшін не болмай жүр төмен халық.
Әркімге өзімшілік пәле егіп,
Адамның арасына қырғын салып.



Бездіріп туысқанды бір-бірінен,
Махаббат, ар-намыстан, жұрт елінен.
Бәріне де жалғыз өзі дос көрініп,
Шығарып адамдықтың сенімінен.
Жер жүзін араласаң, алтынға құл,
Сен қисық болсаң да, табады жол,
Есті аударып, көңілді қарайтатын,
Хақтық пен әділдіктің пердесі сол.
Дін де – алтын, иман да – алтын, ұждан да – алтын,
Ауызбен айтып болмас оның қалпын.
Басады таразыны алтын жағы,
Тартсаң да тәурет, інжіл, құран затын.

Ыстық-суық

Жас шағымда жарқырадым,
Күшті күндей күркіредім.
Жарқырау қалды, күркіреу өлді,
Суынған, сөнген көкірегім.
Дүние қылды білгенін,
Ұрлап алды бергенін.
Қырқа белден асып білдім
Қызықты күннің сөнгенін.
Көріп ыстық-суықты,
Сынап алыс-жуықты.
Баянсыз дәуір,
Суық бауыр.
Үмітін үзіп торықты.
Балдың дәмі бұзылды,
Гүлдер күл боп көрінді,
Балалық жүріс,
Бәрі теріс,
Көңіл неге түңілді?
Жолдасым – ойым, сол қалды,
Жұмсайтын тек қол қалды.
Ащы заһар,
Суық қанар,
Байланып іште шер қалды.



Қол қағазға із салып,
Жүректен шерді шығарды.
Кеңіп ойым,
Жеңіліп бойым,
«Уһ» деп қатты дем алды.

Кен баста

Басымыз – жер үсті бітеу жабылған,
Миымыз – кен қазса, асыл табылған.
Ғылым – зауыт асыл тасты қайнатып,
Тас, топырақ – арамынан айырған.
Зауыт жасап сол асылдан аппарат,
Жүрек сымы аппараттан күш алады.
Тіл – трубка сөйлей ала жөнелсе,
Мың шақырым жерге дауыс апарад.
Қорытқан ми жоқтан тамақ пісіріп,
Сусыз жерде әуеден су ішіріп.
Су астынан кеме жүзіп балықтай,
Көкте құстай аспандағы ұшырып.
Қорытқан ми нұры жайнап шашылып,
Жасырын сыр әшкере боп ашылып.
Ми күшіне шыдай алмай тау мен тас,
Қарсыласпай мойнын ұсынып, бас ұрып.
Ер болатын ғылыммен қазады,
Ел болатын ғылым тілін алады.
Надандықтың топырағын жамылып,
Көп асыл ми қазылмай бос қалады.

Жиырма екі қайшылық

Сұрақ:

Арзан, қымбат не нәрсе жақын, алыс?
Қараңғы не, жарық не тұрған шалыс?
Достың досы, дұшпанның дұшпаны не?
Ыстық, суық не нәрсе ақ пен қара іс?
Ауыр, жеңіл не нәрсе жұмсақ, қатты?
Ащы не дүниеде, қандай тәтті?
Тардың тары не нәрсе, кеңнің кеңі?



Жақсы не, қандай нәрсе жаман атты?
Жиырма екі сөз біріне-бірі қайшы,
Он бір дос, бізге он бір дұшпан қайсы?
Әділ сөз адамдықтың безбені ғой,
Шеш-тағы әлеуметтен алғыс алшы.

Жауап:

Алыста алыс – адам мен адам арасы,
Қымбат нәрсе – асыл сөздің сарасы.
Арзан да арзан – байлауы жоқ лағу сөз,
Үздік кеткен бір-бірінен бағасы.
Жарық нәрсе – ғылым миға толтырған,
Қараңғылық – надандық қой антұрған.
Ақтың ағы – адал жүрек, кең пейіл,
Қара нәрсе жауыздық қой құтырған.
Достың досы – айырылмастай жан тәнмен,
Дұшпан – өлім құтқармайды қашқанмен.
Ыстық нәрсе – жастық шағың қызулы,
Суық – жүрек тұрмыстан соққы жеген.
Жұмсақ нәрсе – мейірімді жылы жүрек,
Қатты нәрсе – рақымсыз, қанды білек.
Жеңіл нәрсе – аумалы ала көңіл,
Ауыр нәрсе – айнымас уәде беру.
Тәтті нәрсе – махаббат жан қиятын,
Ащы – қасың жиреніп жиырылатын.
Тардың тары – сараңдық бейілі кеткен,
Кеңдік – кеуде, түпсіз ой шарқ ұратын.
Жақсы нәрсе – игілік үлгі берген,
Жаман нәрсе – кесір іс көпке тиген.
Жақсы нәрсе дегені – ақыл, сезім,
Бүкіл дене қимылын миға берген.
Тұрмыста күнде алдыңда осы жұмбақ,
Он бірден енші алысқан сор менен бақ.
Бір жағы хайуан, бір жағы адам болар,
Адамның еркінде ғой болса қай жақ.
Біз енді ықтиярлы қайда барсақ,
Жақсы болу жағына ынта салсақ,
Құдай менен адамнан көрмейік те,
Он бір жауыз бейілді таңдап алсақ.





Адамның кәсібінде кінә болмақ,
Өзінің тілеуімен пиғыл тумак,
Жүгенсіз ат иесін жарға жықпақ,
Ауыздықтап оңды-солды қолмен бұрмақ.

Данышпан Сүленнің сөйлеген сөзі

Ақыл мидан қалған дән өсіп-өнер,
Өлмей, өшпей неше мың жылды кешер.
Темірқазық жұлдыздай адастырмай,
Тірілерге үлгілі жол көрсетер.
Айсадан бұрын өткен Гіріз падиша,
Алтын, күміс, гауһар – көп байлық сонша.
Қолы көп, әскері мол, салтанат зор,
Өзінен бақытты жан жоқ өз ойынша.
Баяннан Сүлен деген бір білімді
Гіріз патша еліне кез келеді.
Турашыл, тап шындықпен атақ алған,
Бұл затты көремін деп қап тіленді.
Тәж киіп падиша алтын таққа мінді,
Жылтыраған бек қымбат киім киді.
Сондай сөзбен Сүленді қарсы алып,
Жанынан Гіріз падиша орын берді.
Сұрады сонда жауап Сүлен ерден:
– Көрдің бе менен артық асыл киген.
– Сізден артық тоты мен тауыс құстар,
Істеп қолмен келтірмес адам гүлін.
Қайтарып жауап қатпай ойға қалды,
Көрсетті алтын, гауһар, барлық малды.
Көп дұшпанын талқан қып жерді алған,
Көрсетіп мұның бәрін сынға салды.
– Ей, Сүлен, сен жиһанкез аралаған,
Білімді және артық берген саған.
Білесің дүниеде кім бақытты деп,
Осыны ойлап-толғап айтшы маған?
Ол айтты: «Дүниеде бір зат көрдім,
Дүниеде сол бақытты жан деп білдім.



Еңбек істеп жұртына үлгі берген,
Өлсе де ұмытпайтын өлген ізін».
Сөйледі сонда падиша көңілі толмай,
Жай адамды мақтауы ішке сыймай.
– Жұмыскерден кем санап зор бақытымды,
Сыртқы атаққа барады ақылың толмай.
Сүлен айтты: «Еш адам ойламасын,
Мен бақытты жанмын деп тек өз басын.
Бақ-бақсызды келешек тағдыр шешеді,
Өмір – жауыз, кім біледі жүк аумасын.
Тағдырдың мазағында адам басы,
Бір-ақ қадам бақ пен сор екі арасы.
Аяқ сорға басқанда мойындайды,
Шын ақылды көрсетпес дәулет масы».
Сүлен шықты көңілсіз падиша қалды,
Тарқасып жай-жайына кете барды.
Аз уақыт арада өткен кезде,
Қыйыр деген бір падиша хабар салды.
Екі әскер кездесті қан майданда,
Ажалдысы ұйықтасты тұл жапанда.
Қыйыр падиша әскерін талқан қылып,
Талап шауып ел-жұртын алды қолға.
Гіріз падиша тұтқын боп қолға түсті,
Қолын байлап патшаға әкелісті.
Бұл да патша екен деп қарамайды,
Менсінбейді көңілі өскен жеңген күшті.
Қыйыр падиша тойлап жүр жауын жеңіп,
Бұйырды дарға ас деп әмір беріп.
Дар ағашын орнатып ашық жерге,
Көруге көп халықтар тұрды келіп.
Гіріз жанды шығарды биік жерге,
Көз салды халқын жеңіп шапқан елге.
Сол уақытта Сүлен сөзі ойға түсті,
Сүлен, Сүлен деген тілге келді.
Бұл сөзді Қыйыр патша ұғынбады,
Жерге түсіріп білуге бұйырады.
Білімді Сүлен сөзін бастан аяқ,
Қыйыр патшаға айтты да, көп жылады.





Бұл тағдыр – бақ пен сордың таразысы,
Сор басса, жоқ болмақшы бақтың ісі.
Тағдыр өлім келгенше мәлімсіз деп,
Маған айтқан Сүленнің ақылы – осы.
«Бұл артық екен мал бағымнан,
Қызықты салтанатты тәж, тағымнан».
Сол күнім мен бұл күнім еске түсіп,
Сүлен деп аты шықты тіл жағымнан.
Бұл сөзге Қыйыр падиша көп ойланды,
Қан толқып, жүректі өрлеп миға барды.
«Алдыңғы күн тағдыр қандай болады, – деп, –
Тоқтат», – деп жүрек толқып мейірім салды.
Жынды өмірге сенім жоқ, кім біледі,
Тағдыр сорға сүйресе, бақ жеңілді.
Осының күні маған душар болса,
Маған да осындай кез келеді.
Дардан мейірімі түсіп азат етті,
Данышпаннан тамған бал ем боп кетті.
Екі падиша көңілі бірдей еріп,
Құшақтасып айнымасқа дос боп кетті.

Ақан Серінің он үш «жетімі»

Намаз бен мешіт – жетім оқылмаса,
Дәріске білсін қайдан отырмаса.
Екінші бұл дүниеде әйел – жетім,
Кезінде теңін тауып қосылмаса.
Ер – жетім ақылсыздан әйел алса,
Отырып от басында тақымдаса.
Ат – жетім ерен жүйрік шаба алмаса,
Бойынан ащы тері алынбаса.
Құс – жетім ерте түлек салынбаса,
Салатын саятшысы табылмаса.
Сахара жайлау – жетім, көлдер – жетім,
Қасына мұнарлатып ел қонбаса.
Таусылған кірер үй жоқ кәрі – жетім,
Жарасар тең құрбысы табылмаса.



Оныншы бұл дүниеде ғалым – жетім,
Құр босқа алтын сөзі алынбаса.
Тағы да он бірінші қалам – жетім,
Жазатын ерлері оның табылмаса.
Тағы да он екінші қағаз – жетім,
Айшықты алтын сөздер жаза алмаса.
Бәрінен он үшінші қазақ – жетім,
Қорқақтап жан-жағына алаңдаса.

Ауруханада жаздым, 9 сәуір 1982 жыл

Шал Құлекеұлы: Кәрілік туралы

Ұлғайып қартаяды жастан адам,
Әуелі қартаяды бастан адам.
Жеткенін кәріліктің ескермейді,
Көңілі өсіп мейманмен өскен адам.
Кәрілік қартайғанда бастан келер,
Ағарып басындағы шаштан келер.
Жасыңда қандай көркем болсаң-дағы,
Қыржиған қабак маңдай қастан келер.
Қартайғанда мүкістеу болар құлак,
Жас ағып, екі көзден тұрар жылап.
Нәрсені басқа көрген көре алмастан,
«Ол не?» деп көргендерден білер сұрап.
Бір жаман кәрілікте түссе тісің,
Ауыздан опырайып кетер пішін.
Жасында оймақ ауыз сұлулардың
Өзгертіп бұл кәрілік алар түсін.
Кәрілік қартайғанда көзден келер,
Белгісі алжығанның сөзден келер.
Сыртылдап буындардың ебі кетіп,
Белгісі аяқ жақтан тезден келер.
Болсаң да ханнан сұлу жаста бұрын,
Салатын көрген адам көздің қырын.
Қайран жас, қара қас пен қалың қасты
Өзгертіп, бұл кәрілік алар сұрын.
Белгісі кәріліктің – кеудең толар,





Жөтел мен түрлі қақырық пайда болар.
Жасыңда қандай толық болсаң-дағы,
Белгісі кәріліктің – мүшең солар.
Белгісі кәріліктің – кетер күшің,
Болмайды бастағандай ешбір ісің.
Кәрілік – дауасыз дерт ем қонбайтын,
Жылаймыз қартайдық деп соның үшін.
Қартайсаң, аяқ тізең ауырады,
Жатудан жамбастарың жауырады.
Қадірің күннен-күнге кеми беріп,
Жолатпай қосағың да дау ұрады.
Ауырар қартайғанда бұт пен белің,
Екі иық, кеуде, арқа – барлық жерің.
Жатарсың салқын тисе төсегіңде,
Қайталап ұстады деп ескі дертім.
Таяққа қартайғанда асыларсың,
Төбеңнен тас ұрғандай басыларсың.
Күтеміз сол кезекті кедей болсаң,
Бұтыңды отқа қақтап қасынарсың.
Әркімнен кемдік көріп қағыларсың,
Қолыңнан түк келмейді, не қыларсың.
Көз болып қой, бұзауға шамаң келсе,
Біреуге тамақ үшін жағынарсың.
Айтқанмен пайда бермес өткен күнің,
Гүрілдеп шыға алмайды сөз бен үнің.
Күтетін сол уақытта жақын керек,
Ашылар қай-қайдағы болса мінің.
Тырп етпей бір төсекте жатқаныңыз,
Елеусіз сөз болады айтқаныңыз.
Балаң жалқау, келінің шайпау болса,
Құриды сол уақытта жағдайыңыз.

14 мамыр 1982 жыл



Асан қайғы айтыпты

Асан қайғы Өз Жәнібекке айтыпты (1326-1336-1357 жылдар болу керек):

Мұнан соң қилы-қилы заман болар,
Заман озып, заң тозып, жаман болар.
Қарағайдың басына шортан шығып,
Бабалардың дәурені тәмам болар.
Ол күнде қарындастан қайыр кетер,
Ханнан күй, қаралардан тәуба кетер.
Ұлы, қызы жат жұртқа бодан болып,
Қайран, есіл ел-жұртым, сонда нетер?!
Қара тас ұра берсе құм болады,
Замана жылдан-жылға сұм болады.
Жаман мен жақсыны хан айырмаса,
Маңына арам пейіл жын толады.
Құлашын құстың сермеді,
Тышқан жеп жүнін түледі.
Аққу құстың төресі
Ен жайлап көлде жүр еді.
Аңдып жүрген көп дұшпан
Елге жау боп келеді.
Құладың құды өлтірсе,
Өз басына келеді.
Құлың сені өлтірер,
Мұны Асан біледі,
Өзің неге білмейсің?

Әр бетте жазылған қысқа нұсқа өлең жолдары, мәліметтер:

1. Өліпті мына ауылда жарлы кісі,
Қатыны жоқ, бала жоқ зарлы кісі.
Намазға Ишан бас боп барар еді,
Егер де өле қалса малды кісі.





2. Бес сұрақ
Жерден ауыр не нәрсе?
Ақыл, білім.
Судан терең не нәрсе?
Оқу, ғылым.
Оттан ыстық не нәрсе?
Пәни жалған.
Көктен биік не нәрсе?
Тәкаппарлық.
Желден жылдам не нәрсе?
Малғұнның дұғасы.

2. Ақылды адамға ел тоқтайды,
Ақымақ адамға жын тоқтайды.
Ақылы жоқ адаммен жолдас болсаң,
Жамандықтан өмірің көз ашпайды.

1. Сексен төрт жасқа келген адам: бір мың сегіз айдың жүзін көреді, үш мың екі жүз қырық күн көреді, жеті жүз жиырма бес мың жеті жүз алпыс сағат көреді.



ТӨРТІНШІ ДӘПТЕР





Жақсы адам – жанның тынышы

Жақсы адам – жанның тынышы,
Жақсы жер – елдің ырысы.
Әдептілік, ар, ұят –
Адамдықтың белгісі,
Тұрпайы мінез, төкаппарлық –
Надандықтың белгісі.

Ақылсыз адам айқайлай келеді

Ақылсыз адам айқайлай келеді,
Жан-жағын жайпай келеді.
Ақылды адам жай-жай келеді,
Жан-жағын байқай келеді.

Ақылды ұққанға айту керек

Ақылды ұққанға айту керек,
Үгітті жұққанға айту керек.
Әзілді түсінгенге айту керек,
Өкпені кісілігіне қарай айту керек.
Ақылына қарай ардақтау керек,
Біліміне қарай құрметтеу керек.

Ел аузынан





Қобылан Бәрібайұлы (1760-1840)

Қобылан Бәрібайұлы ХІХ ғасырдың алғашқы жартысында Орталық Қазақстанда өмір сүрген, ол өз заманында Арқаға әйгілі ақын болған.

Кедейлік

Кедейлік, жас кезімде келмеп едің,
Жеңем деп мені жаста сенбеп едің.
Сексенге кеп, селкілдеп отырғанда,
Кәрілікпен қосылып мені жеңдің.

Қызығын дүниенің малмен баспай,
Жақсылық табылмайды алдын тоспай.
Жамандық табылды сатып алмай,
Жігіттер, өтірік пе, осы рас па-ай?
Кедейлік, мұнша неге болдың қиын,
Ойын-той, сауық-сайран, қайда сыйың?
Естігенің – қорлық сөз, қолда – жұмыс,
Жұмыртқадай шағылды күнде миым.

Алуан-алуан заман

Бұл дүние алуан-алуан заман екен,
Заманым күні өткен жаман екен.
Адамзат өмір бойы бейнет көрсе,
Опасыз оның өзі харам екен.
Қайғысы тар заманның өзінен зор,
Бұл күнде адам бар ма кедейден қор.
Жаз ішіп, күз кигені басында жоқ,
Қоршап тұр кедейлерді жоқшылық тор.
Бар болсаң, құдайеке, көрмеймісің,
Кедейге бір жақсылық бермеймісің,
Өмірін мехнатпен өткізгенді,
Тағы да ол дүниеде тергеймісің?





Қадір-құрмет

Қадір-құрмет тоқтықта,
Ашу, араз жоқтықта.
Кемтар болсаң, кесіп бақ,
Көбірек шығар боқтық та.
Бекер ме осы айтқаным,
Айттырған мына заманың.
Ойлай берсең термелеп,
Айтыла берер азабың.

Мейрамды кім білмейді?

Мейрамды кім білмейді Арғындағы –
Орта жүз әулетінің арғымағы,
Елінде қазағымның алтын орда,
Қадірдің қайнап шыққан бал бұлағы.
Мейрамның бес баласы арыстандай,
Бұған қатар кім тұрар жарысқандай?
Ортадан ойып шыққан қара-көктер,
Атына ертеден ел қаныққандай.
Сүйіндік – сүбелігім, елдің көркі,
Арқаның көк дулыға болады көркі.
Жау жеңген неше түрлі ер туғызған,
Тәуелсіз өсіп-өнген, өзінде еркі.
Жауды алған он үш жаста батыр Баян,
Елден асып туған ұл, бірі – Ноян.
Қалмақтан Сарыарқаны қайтып алған,
Қол бастап, ерліктері әркімге аян.

Нұралыға (Саққұлақұлы)

Әкең жақсы кісі еді-ау жамбас жеген,
Жақсыдан жаман туса оңбас деген.
Сірә, шешеңізден бір кінә болған шығар,
Иттің боғы қылшықсыз болмас деген.



Тіріден өлген артық...

Тіріден өлген артық қадір кетсе,
Өлмей тірі кім жүрер ажал жетсе.
Енді біз не қыламыз тірі болып,
Тірі жүрген ғаріптің бірі болып.
Екі бетім табақтай қайран нұрым,
Жақ сүйекке жабысты тері болып.
Қара сақал жарасқан қайран иек,
Түрім қашып, қиққан қалды сүйек.
Жетпіс асып, сексенге таянғанда,
Бауырыма байладым құрым иек.

Кәрілік

Кәрілікті отырсың уайым жеп,
Беті-қолды құман ап жуайын деп.
Бесін уақыт, бес намаз, қылып дәрет,
«Қандай күйге саласың, құдайым» – деп.
Кәріде күн жоқ,
Жаста мін жоқ.
Қор боп тірі жүргенше,
Кіріп қана кетер ем,
Қазулы тұрған көр жоқ.

Қонақ

Қонақ-ау, өзің жақсы, бабың қатты,
Күліп берген қара су балдан тәтті.
Құмаймын, шақырмаймын қонақтарды,
Көп адам Қобыланның дәмін татты.
Соғым арық, етіміз қара кесек,
Етханам жаратпайды бара берсек.
Аспаннан жауған қар да таусылады,
Бір жерден қайта-қайта ала берсек.
Қонақтың бір белгісі – арқан, киіз,
Адал дәмге бар берген аузың тигіз.
Тоймадым деп, қонағым, өкпелеме,
Бір тойғаннан шекеңе бітпес мүйіз.





Не жаман?

Сергелдеңге түссе мал жаман,
Ығыр болса ел жаман.
Үлгісіз пішсе тон жаман,
Төресі теріс би жаман.
Бесіктегі жас бала
Жетім қалса, сол жаман.
Алты қанат ақ орда
Иесіз қалса, сол жаман.
Жіліктері жылтылдап,
Жаңа түскен келіншек
Жесір қалса, сол жаман.
Тоңқайып масақ термесе,
Өз күнін өзі көрмесе,
Тоқсандағы шал жаман.
Ұзындығы бес қабат,
Көлденеңі төрт қабат
Төсеніштің жоғы жаман.
Қайтып келген қыз жаман,
Қайта шапқан жау жаман.
Бәрін айт та, бірін айт,
Бәрінен де жоқ жаман,
Қазулы жатқан көр жаман.

Әудем жер

Әудем жер жүре алмаймын аяғымнан,
Сүйенем екі қолдап таяғымнан.
Сайраған Орта жүздің бұлбұлы едім,
Кәрілік келіп қалдың қай жағымнан?
Әудем жер жүре алмаймын белім ұйып,
Кім тілер кәрілікті жанын қиып.
Тиынды біреу берген олжа көріп,
Жүремін жас кісідей дүние жиып.



Орынбай Кертағыұлы

Орынбай Кертағыұлы 1813 жылы Көкшетау облысы Айыртау ауданында туып, 1891 жылы қайтыс болған, өз әкесі Байқожа, арғы атасы Кертағы ақын, жыршы болған екен.

Тұлпар бар ма тұяғы майырылмаған,
Сұңқар бар ма қияғы қайырылмаған?
Қашан да тағдыр – ажал жеткен күні
Кімдерден кімдер жылап айрылмаған!?
Өлімнен үлкен жау бар ма,
Бауыры бүтін сау бар ма?
Бұлсыз берді, құнсыз алды,
Бұған қарсы дау бар ма!?
Әуелі құдірет күшті,
Одан соң өлім күшті.
Ақсұңқар ұядан ұшты,
Апеке, сабырлық қыл,
Қайғысы саған түсті.

Құлтума Сарымұратұлы (1840 -1915)

Термелер

Жаман туыс – бір масыл
Арқалаған құммен тең.
Жақсылығың істеген,
Елекке құйған сумен тең.
Келіннің зекіп айтқаны
Езіп құйған умен тең.
Көңілсіз берген тамағы
Құм аралас күлмен тең.
Жаман болса әйелің –
Көрген күнің түнмен тең.
Атадан жаман ұл туса –
Елестеген жынмен тең.





Жақсы болса әйелің

Жақсы болса әйелің –
Үйіндегі ырысың.
Жақсы болса ұл балаң –
Қайрап қойған қылышың.
Жақсы болса келінің –
Басып қойған күрішің.
Жақсы болса қыз балаң –
Жайлы қоныс, тынысың.

7 наурыз 1986 жыл

Құлыншақ Кемелұлы (1840-1911)

Керілген етек

Керілген етек жақсы керме қастан,
Шөп шығар жаңбыр жауса қара тастан.
Дәулетке ерге біткен едіреңдеп,
Көзіне көрінбейді жер мен аспан.
Дария білмес иттің сарығанын,
Ақымақ білмес аттың арығанын.
Жаз ағын, қыс омыртқасын өзі жесе,
Көріп пе ең сол жанның жарығанын?
Жаз ағын, қыс омыртқасын мейман жесе,
Көресің бақ-қыдырдың дарығанын.

Майлықожа мен Құлыншақ

Құлыншақ:

Майлы, Майлы десе де май болмадың,
Ат пен түйе алсаң да бай болмадың.
Би болмай, батыр болмай, дүние іздеп,
Сонда да төрт түлікке сай болмадың.

Майлықожа:

Сен Құлыншақ атандың не бір заман,
Не жабағы немесе тай болмадың.



Ертелеп туған төл

Енесі жүдеп, нашарлап,
Ертелеп туған төл – ғаріп.
Ауадан жауын кем болса,
От шықпай қалса жер – ғаріп.
Басшысы нашар жолығып,
Ынтымақ кетсе, ел – ғаріп.
Көкала жылқы болмаса,
Бетегелі бел – ғаріп.
Қаз-үйрегі болмаса,
Айдын шалқар көл – ғаріп.
Қатарынан кем тартып,
Қуаты кеткен ер – ғаріп.
Жастайынан кесілген,
Он саусақ ойнап секірген,
Ақ домбыра, сен – ғаріп.
Өлеңдетіп, әндеткен,
Айналаны сәндеткен
Уақытым кетсе, мен – ғаріп.

7 наурыз 1986 жыл

Базар жырау Өтемісов (1842-1911)

Тілек

«Ауру-сырқау айналып,
Елдің құты қашсын» – дер.
«Әлпештеген біреудің
Жаңа түскен келінін
Қара албасты бассын» – дер.
«Әулиеге ат айтып,
Қорасанға қой айтып,
Абыржып әбден сассын» – дер.
«Ат терлетіп алдырып,
Басына зікір салдырып,
Дәулетін сөйтіп шашсын» – дер.





Бұл – бақсылар тілегі.
Сондай тілек бола ма
Жақсылардың тілегі?
Жаны ардақты жақсының
«Күнде бірі өлсін» – дер,
«Жаназасын оқы деп,
Шақырушы келсін» – дер.
«Ысқат, құран шығарып,
Мал мен мүлкін бөлсін» – дер.
«Сол бөлінген олжадан,
Өзгелерден көбірек
Сыбағамды берсін» – дер.
Бұл – молдалардың тілегі.
Жақсы тілек бола ма
Қара ниет тілегі?
«Ақ жарылқап, күн туып,
Күнде қызық болсын» – дер,
«Келін түсіп, ұл туып,
Үйге бала толсын» – дер.
«Ел, азамат аман боп,
Басына бақыт қонсын» – дер.
«Жамандық тілек тілейтін
Жауыздық гүлі солсын» – дер.
«Ойын ойнап, жыр жырлап,
Мерекелеп той -тойлап,
Жұрт жиналып келсін» – дер.
Бұл – жыраулар тілегі.
Сол тілекті тілейтін,
Мен – солардың біреуі.
Молдалар, сауап іздесең,
Құранды оқы молаға.
Басына түне демеймін,
Келіңдер қайтып қонаға.
Өлім барды шашады,
Жоқтың артын ашады.
Қосыла сендер тонама.
Жылап-сықтап жатқанда,
Олжада ойың барларың.



Қараң құрысын, жолама!
Тірінің көңілін ауласаң,
Дүние үшін жолдан аумасаң,
Мен сендерден садаға!
Құран оқып күңіреніп,
Сары уайым саласың.
Берсе, қағып аласың,
Соларың дұрыс бола ма?
Қажеті болса сөзімнің,
Аямаңдар, айта бер,
Көңіліме менің қарама!

Не артық?

Қу қанжыға жүйріктен
Қаба жалды берік артық.
Жылуы жоқ тымақтан
Баса киген бөрік артық.
Жаман болса алғаның,
Мақтасы қалың көрпе артық.
Сөйлер сөзі болмаса,
Бір көруге көркі артық.
Қараға жауап бергеннен
Аққа берген серт артық.
Жаманнан азар көргеннен
Құдайдың берген берті артық.
Түзелер еді бұл заман,
Пейілі бұзық пендені –
Кетсе астына жер тартып.

Жиырма бес

Екі ауылдың арасын
Қиқулатқан жиырма бес.
Бұғалықсыз асауды
Құр-құрлатқан жиырма бес.
Тыным таппай түн болса,
Сығалатып сыртынан,
Үй тыңдатқан жиырма бес.
Шынтақтатып қасына,





Шырт ұйықтап жатқанда,
Тұр-тұрлатқан жиырма бес.
Жалтарғанды жаздырмай,
Қыран шалған қояндай,
Бұлытдатқан жиырма бес.
Ақысы кеткен кісідей,
Көшкен елді қуалап,
Күн-түн қатқан жиырма бес.
Қыз-келіншек кез келсе,
Қыңырықтап құр кетпей,
Бір тіл қатқан жиырма бес.
Айдын көлдің аққуын
Атып алған жиырма бес.
Қай-қайдағы пәлені
Сатып алған жиырма бес.
Әр нәрсеге ұрынып,
Аман жүрмей, сау басын
Шатып алған жиырма бес.
«Өлем» деген ойда жоқ,
Күнәсі бар да, тәуба жоқ,
Қапы қалған жиырма бес.
Көрінгеннің қолында,
Әркімге бір қор болып
Аты қалған жиырма бес.
Бұл шамаға келгенде,
Қолдан келер амал жоқ,
Қимылдауға дәрмен жоқ,
Жатып алған жиырма бес.
Шың басына бір кезде,
Шығып алған жиырма бес.
Бойындағы бар шырын
Сығып алған жиырма бес.
Көнбей тұрған сауданы,
Басқалардан көп беріп,
Жығып алған жиырма бес.

7 наурыз 1986 жыл



Жігіттік

Жігіттіктің екпіні
Қаптаған қара дауылдай.
Күркіреп жауған көктемде,
Қара нәсер жауындай!
Тұтынса берік, тозбайтын
Күдері қылыш бауындай.
Жігіттікте қайғы жоқ,
Қадірін біліп күте алсаң
Он екі мүше сауында-ай.
Аңсары ауып сол кезде
Әркімдер жеңсік болады,
Жаңа піскен қауындай.
Безенген жігіт сыналар,
Қарындастың дауында-ай.
Басылады бір күні
Бірте-бірте сол дауыл,
Мұнарланған сағымдай.
Желдей заулап басыңнан,
Өте шығар шұбалған
Бәйге атының шаңындай.
Алладан ақуал келгенде,
Батырлар тұрмас бағында-ай.
Жаһанды жалғыз билеген
Патшалар тұрмас тағында-ай.
Алаш дұшпан, мысалы,
Аңдысып тұрған көзіңнің
Қарасы мен ағындай.
Мен сендерді көрмесем,
Қалайынша сондықтан,
Шыдайын не қып сағынбай?

Ойналық та күлелік

Жабы мінген жөнелмес,
Тіріде пенде не көрмес.
Көтергенмен кеудесін,
Жақсыға жаман теңелмес.
Өлшеулі демі бітпесе,





Қырық жыл қырғын болғанмен,
Ажалы жетпей ер өлмес.
Тура құрық түскен соң,
Тырп етуге дәрмен жоқ,
Ұсынып мойын, кім көнбес?
Ойналық та, күлелік,
Сайран етіп жүрелік,
Өлген соң дәурен бір келмес!

Шөже Қаржаубайұлы (1808-1895)

Әкем – Қаржау, болады Шөже атым

Қуандық ішінде өсіп-өнген адам екен, өзін таныстырғанда былай депті:

Әкем – Қаржау, болады Шөже атым,
Алатау ар жағынан қырғыз затым.
Әуелден оза шапқан жүйрік едім,
Атандым бала жастан Шөже ақын.
Қуандық, Алтай, Қарпық араладым,
Жағалап ел жақсысын сараладым.
Кімнің міні болса да бетіне айтып,
Ат пен ас, ажарына қарамадым.
Осы үйде төре-қара толып отыр,
Имансыздың кеудесін сайтан шоқыр.
Құнанбай аламын деп,
Алшынбай бермеймін деп,
Дүние үшін таласып таз бен соқыр.
Тіленшінің баласы – Алшынбай таз,
Құдай қылды, қайтейін, дәулетім аз.
«Соқыр-соқыр» деуіңді сен қоймайсың,
Бар болса қасиетің, басыңды жаз.
Кем-кетік жиналыпты таз бен соқыр,
Әрқайсысы өз құлқынын ойлап отыр.
Болғанда сіздер – дария, біздер – қарға,
Қарға байғұс дарияның бетін шоқыр.



Шөже мен Балтаның айтысы

Қаракесек, Шаншар еліндегі бір аста үш жүздің ақындары бас қосқанда Тобықты Құнанбай отырып:

– Ал, ақындар айтысыңдар, қай жеңгеніңе бәйге беремін, – дейді, сонда Алдымен Шөже мен Балта айтыспақшы болады. Құнанбай, Алшынбай, Жолшора, тағы басқалары отырып, Шөженің аты-жөнін сұрайды, сонда Шөженің айтқаны:

Артына Жамантайдың еріп едім,
Ісіне құдіреттің көніп едім.
Қаз дауысты Қазыбектің балалары
Ас берген жиынына келіп едім.
Қарайған жылқышының қосы болды,
Иманды құл Алланың досы болды.
Артында Жамантайдың жүргенімде
Шаншардың ат шаптырған асы болды.

Құнанбай отырып:

– Бұл тақылдаған соқырың кім? – деп сұрағанда, Шөже:

Кем-кетік жиналыпты таз бен соқыр,
Әрқайсысы өз құлқынын ойлап отыр.
Болғанда сіздер – дария, біздер – қарға,
Қарға байғұс дарияның бетін шоқыр, – депті.

Құнанбай тағы да сұстанып:

– Мына соқыр қалай сөйлейді? – депті. Сонда Шөже:

Құран сөзі ақиқат айнасындай,
Алшынбай ақ қайыңның жаңқасындай.
Құдай артық жаратқан Өскенбайым,
Төрт жардың Омар, Оспан алқасындай, – депті. Сонда

Жолшора отырып:

– Беретін билік, айтатын төрелік бар, бір мақтайды, бір боқтайды, айтысқа мынаны шығару керек, – дейді. Шөже:

Жолшора, өзің қажы, әкең Анай,
Параны бұрын беріп, жедің талай.
Алдыңда жеті тамұқ, сегіз жұмақ,
Қайсысына кіруің екіталай!
Қажылықпен дүниеде жедің пара,
Бұл сөзді сен айтасың қалай-қалай?





Балта:

Шөже ақын, сен де шешен, мен де шешен,
Салғанда қара алдына мен бір көсем.
Екеуміз екі жақтың жүйрігіміз,
Шалдықпай шаршы топта жүрсің бе есен?

Шөже:

Алты ұлы Қуандықтың Құтпанбай-ды,
Шөже ақын екі ортада бұлаңдайды.
Амандық, есендігің бәрі бітсін,
Өзің-дағы жүрмісің күйлі-жайлы?

Балта:

Ел егінді салады пұл болсын деп,
Төре жұртын жияды құл болсын деп.
Амандық, есендіктің бәрі бітсін,
Соқыр, сенен сұраймын жол болсын деп.

Шөже:

Артынан жамантайдың еріп едім,
Ісіне құдіреттің көніп едім.
Көзім жоқ, туа біткен бишарамын,
Жейін деп елден тары келіп едім.

Балта:

Соқыр-ау, айтқаныңа ере алмаймын,
Мезгілсіз алдағанға көне алмаймын.
Бошанның бес баласы өзімдікі,
Өзім өлмей кісіге бере алмаймын.

Шөже:

Балта, сен ел қыдырған сойқанбысың?
Болмаса мұны сөз деп айтармысың?
Несіпті жұртқа шашқан мен теремін,
Тәңірі малын қорғаған шайтанбысың?

Балта:

Алсаң да Қараөткелден тоймаймысың,
Балта бар деп алдыңда ойлаймысың?
Қараөткел, Көкшетауды жеген соқыр,
Сөзіңді мен келгенде қоймаймысың?

Шөже:

Ұры Балта, білдірдің ғой ұры атыңды,
Көтерген Қаракесек ұятыңды.



Көл қорғаған қызғышты көп көргенмін,
Соқтықпа, сындырарсың қанатыңды.

Балта:

Өз жөніңді, сен өзің жөнде, соқыр,
Ел кемітіп жүруің жөн бе, соқыр?
Қараөткел, Көкшетауды жеген, соқыр,
Ел түзеуші, тергеуші сен бе, соқыр?

Шөже:

Соқыр десең, мен айтам ұры Балта,
Ұрлық қылсаң тұқымың, құрыр, Балта.
Ертіс өтіп, іш кетіп қашып жүрген,
Ұрлықпен күн көретін сен бір Балта.

Балта:

Қу соқыр, сөйлер сөзге аттай желдің,
Әр түрлі бәлелердің бәрін білдің.
Ертіс кетсем – жүргенім өз пайдама,
Менің ұрлық қылғанымды қайдан білдің?

Шөже:

Ұры, шіркін, қорқа ма бір құдайдан!
Кісі өтпес пара жеуден Алшынбайдан.
Ұрлықпен тұқымыңды құртқан мұндар,
Күн көрдің Құнанбай мен Наушабайдан.

Балта:

Зиянсыз жолдас болма пайдаменен,
Жау шаншар батыр жігіт найзаменен.
Соқыр-ау, өтірік айтпа, жала жауып,
Жеп едім қашан, қандай пара сенен?

Шөже:

Жылың – қой, келдің, Балта, елу төртке,
Бойыңа қартайғанда өсек ертпе.
Құспектің төрт атын параға алған
Алшынбайың не айтар ақыретте?

Балта:

Жылқымды айдап салдым қалың қаудан,
Жүремін ойнап, күліп денім саудан.
Ежелден Қуандықтың құлы емес пе ең,
Тентіреп келдің, қырғыз, әлдеқайдан?



Шөже:

Әй, Балта, білмеймісің нағыз ұлды?
Сенің шешең – есіктегі қара күң-ді.
Қара күң шырақ көрмей жүрген шақта
Атаңыз Қаракесек сонда туды...

Балта:

Қалай-қалай тиеді тілің қотыр?
Ылғи жақсы алдымда толып отыр.
Өңшең мықты екенін білмеймісің,
Талдырар қамшымен, мұндар соқыр.

Шөже:

Не зиян көрдің Құсбек, Жамантайдан,
Әрқайда бар сауым бір құдайдан.
Жалғыз соқыр халқыңа тиышсыз болса,
Құтылсаңшы мына отырған Құнанбайдан.

Балта:

Зиянсыз жолдас бола ма пайдаменен?
Жау шаншар батыр жігіт найзаменен.
Құнанға тіл тигізбе ей, ақымақ,
Аға сұлтан ол алған айламенен.

Шөже:

Ұры мен паракордың тілеуі бір,
Жемтікке үймелеген құзғындай тіл.
Сөзіме бұл табын да мұндар, айуан,
Иінің шауып Қуандықтың астына кір... – дегенде Балта
жеңіліп, Шөжеге жол беріпті.

Кемпірбай мен Шөженің айтысы

Кемпірбай:

Бөгембай – әкем аты, мен – Кемпірбай,
Өзге ақын, мен сөйлесем, тұрар былай.
Талабым тәңір берген таудан үлкен,
Алмаса өз бақытын қайтып құдай.
Едігей, Арқалықпен малыма жай,
Арда емген құлынынан жабағы тай.
Ағайын, қайыр берсең өзіме бер,
Кенже ұлы кедейліктің мен – Кемпірбай.



Ар жағы Айыркезең, үлкен Бөрлі,
Бабамның әруағы маған қонды.
Шілденің он бесінде сауын айтып,
Жаныстың Сәтбайының асы болды.
Тәуекел дариясынан бетім жудым,
Ажалдан қорыққан болсам неге тудым?
Сол асқа жиналғанға барайын деп,
Жаратып жалғыз көктің тілін будым.
Әрқашан салушы едім омырауға,
Құдай-ау, бергеніңе сансыз тәуба.
Сыртында қаралы үйдің жетектеткен,
Кез болдым Шөже деген пәле, дауға.
Бес намаз, он екі иман жанға пайда,
Қалайын біраз сөйлеп осындайда.
Біреуге мал, біреуге бас қайғы деп,
Барасың, соқыр азбан, жаяу қайда?

Шөже:

Дүние аумалы ғой ұстарадай,
Жабықтың мені көріп мұнша қалай?
Ғаламның тылсым сырын өлшеп білмес,
Жөнге көш, әлің біліп күш шамала, әй!
Баласы Жаныс мырза – Сәтбай марқұм,
Орнына дұға оқыдым сыйлап рухын.
Бір мирас өткендерден бізге жеткен,
Өлікке көңіл айтып келеді әркім.

Кемпірбай:


Асыма шақырмаған келдің жетіп,
Алатау бөксесінен басып өтіп.
Бұл елде қожа, молда құрып қап па,
Қу соқыр, неге келдің жетектетіп?

Шөже:

Салмағы оң көзімнің сол көзімде,
Алланың не қылса да еркі өзінде.
Бар болса қасиетің, көзімді жаз,
Әйтпесе татымы жоқ қой сөзіңді.

Кемпірбай:

Ішінде бұл шаһардың дағдарлы едім,
Білемін, тумысыңнан сен жарлы едің.



Көзіңді көрінгенге төле дейсің,
Жерінде көзің шыққан мен бар ма едім?

Шөже:

Мұқтасар сөзім майда тақтасындай,
Бұқардың омырауым қақпасындай.
Көзіме он жеті ақын түк қылған жоқ,
Білем, бұған сен ғамал таппасыңды-ай.
Қазақтың әр кезеңде жедім қамын,
Алдыңа сала айтамын көздің ағын.
Балта, Орынбай, Шортанбай түк қылған жоқ,
Сенің бұған тіпті де жетпейді әлің.

Кемпірбай:

Япырау, ақын болды Шөже қайдан?
Дәндепті Балта, Орынбай, Шортанбайдан.
Жас өсіп, жарлы байып жеткен жоқ па,
Жүрмісің жаның шошып Кемпірбайдан?!
Жолықпай дүр ақынға жүр екенсің,
Берейін сыбағанды соқыр «хайуан».

Шөже:

Қой, Кемпірбай, көңіліңді желік қуған,
Би болып Қазыбегің бетін жуған.
Жасынан аға сыйлап көрмей өскен,
Бейбастақ қалай сөйлейді, мына антұрған?

Кемпірбай:

Ей, соқыр, мен сөйлесем шын емес пе,
Өзіңе күпірлік сөз күнә емес пе?
Жайықтың әкең Қаржау құлы емес пе?
Қазының шешең Жұма күні емес пе?
Жаралған екеуінен мұндар соқыр
Дегенің сенің күндіз түн емес пе?

Шөже:

Кемпірбай, мен сөйлесем шын емес пе?
Өзіңе күпірлік сөз күнә емес пе?
Жайықтың әкем Қаржау ұлы емес пе?
Қазының шешем Жұма қызы емес пе?
Жаралған екеуінен біздей болып,
Жиені Қазыбектің мен емес пе?
Туыпсың Бөгембайдан қисық-қият,



Жын қаққан тұқымымен сен емес пе?

Кемпірбай:

Жамандар сөзің бар ма мұнан арман,
Тиеді сөзің суық жауған қардан.
Қоймасаң қыршаңқы тіл, қиқарлықты,
Соқыр-ау, аластармын Алатаудан.

Шөже:

Ант атқан, құдай атқан, кері кеткен,
Мойнына көкшолақтың ері кеткен.
«Ақтабан шұбырынды – Алқакөлде»,
Семейге қырық кісің жаяу кеткен.
Семейге қырық кісі жаяу кетіп,
Мен бе едім сені түгел тентіреткен?
Өзіңнің басыңдағы сорды көрмей,
Көрдің сен титтей мінім не себептен?

Кемпірбай:

Қу соқыр, сөз сөйлейсің түрлі кептен,
Мен бе екен сенен асып кері кеткен?
Айырылған екі көзден, мұндар соқыр,
Баланы білмей жүрсің асып кеткен.

Шөже:

Білгендей шапшаң қуып жетерімді,
Япырау, осы қайдан көтерілді?
Әкең мен шешең шешпес жұмбақ айтып,
Жол бойы түсірейін беделінді.

Кемпірбай:

Әй, соқыр, сөзге тосу ақыл бердім,
Айырылып таза малдан тақыр болдың.
Өлеңге бейсауат сөз қосамын деп,
Қалтырап топ ішінде пақыр болдың.

Шөже:

Кемпірбай, жай жүр десем, жай жүрмейсің,
Сөзіме менің айтқан еш көнбейсің.
Бір ауыз айтқан сөзге жауап таппай,
Дегенде айтпап па едім «сен жеңбейсің».
Шаңыма ілесе алмай сен антұрған,
Бір пәсте шығып қалдың бұл қатардан.
Жақсылық, ізгіліктен түк білмейсің,





Жанымнан былшылдамай тұр, кет әрмен!

Кемпірбай:

Келіп ем бұл жиынға өктемделіп,

Жүруші ем қу соқырдан секемденіп.

Бағасы жоқ соқырмен айтысам деп,

Жығылдым төрт аяғым көктен келіп.

Жазамды сүйтіп соқыр берген жері,

Сөзінің ретіне келген жері.

Арқам жауан елі сөзі батты,

Соқырдың мені осылай жеңген жері, – деп Кемпірбай

жеңілгенін мойындапты.

14 наурыз 1986 жыл

Біржан сал Қожағұлұлы (1834-1894)

Дүние, өтеріңді біліп едім

Ал, дүние, өтеріңді біліп едім,

Білдірмей серілікпен жүріп едім.

Бұл күнде арық қойдан бағам кейін,

Үш жүзді сайран қылған Біржан едім.

Қара су есік алды ылайланды,

Бай қылмақ, кедей қылмақ құдайдан-ды.

Камзолдай қысқа пішкен дөңгеленіп,

Дүние өтерінде шыр айналды,

Ағаш үй от жаққаным қобылы пеш,

Құдай-ау, ғапу етіп, күнәмді кеш.

Теміртас, Асыл, Ақық – қарақтарым,

Байлаулы арқандағы қолымды шеш.

Теміртас, Асыл, Ақық, қалдың зарлап,

Ежелден мирас екен зарлап қалмақ.

Көзкөрген құрбыларға сәлем деңдер,

Дұғасын оқи берсін әдейі арнап.

Ел кездім Кертөбелмен арықтатып,

Жақсыға сөз сөйледім анықтатып.

Үш жүздің ортасында Біржан едім,

Бұл күнде қойды құдай шалықтатып.



Теміртас, Асыл, Ақық балдан тәтті,
Кем қылмай өсіріп ем салтанатты.
Әкең ем аяйтұғын жаның ашып,
Шешсеңші, білегіме арқан батты.

9 наурыз 1986 жыл

Шал ақын

Шал ақын (Тілеуке Құлекеұлы, 1748-1819) Көкшетау өңірінде ту-
ады, ақынның әкесі Құлеке батыр Абылай ханның жақын серігі, өз
тұсындағы беделді рубасыларының бірі болған.

Долы қатын

Бақытыңа кез бопты долы қатын,
Мұны алған ер жанжалға молығатын.
Ұрысса бар адамды жеңбей қоймас,
Бір үй түгіл, бір ауыл торығатын.
Өзінің кесапаты бастан асып,
Ері де бір пәлеге жолығатын.
Албастыдан дәу дию қашты дейді:
«Бұл үйге қона алмаймын, пері қатын».
Екі қатын алғанның дауы үйінде,
Жаман қатын алғанның жауы үйінде.
Жақсы қатын алғанның тойы үйінде,
Жаман қатын алғанның соры үйінде.
Салақ әйел ауы да болар тесік,
Қолын тығып қасуға оңай десіп.
Тағдырда маңдайыңа жазған болса,
Табиғаттың ісіне амал нешік.
Кез болса ер жігітке жақсы қатын,
Жақсы қатын шығарар ердің атын.
Жаман болса өз қылған істерімен,
Еріне қалдырады жаман атын.



Әйел туралы

Қарауыл қана дейтін бір қатын болады:
Таңертең тұрады,
Түндікті оңынан ашады,
Кетіп бара жатқанға көз салып,
Өтіп бара жатқанды адал алады.
Екінші әйел қыналы бармақ дейтін:
Аз нәрсені көптей қылады,
Көп нәрсені көлдей қылады,
Киіміне кір жұқпайды,
Асына қылшық тұрмайды,
Дүниесінің бәрі таза болады,
Ерінің бары-жоғын білгізбейді.
Ер – егіз, еңбексіз жалғыз деген,
Осы талайлы ердің қолына түседі.
Үшінші – ашып атар, жатып ішер,
Бастама етік көрпілдек,
Сиыр жапасы сырпылдақ –
Сор маңдай ерге жолығады.

Шал мен кемпірі

Шал:

Дүние, ойлап тұрсам, жалғаның-ай,
Шынымен, жалған дүние, қалғаның ба-ай,
Жауырыным құрысып, шаншып отыр,
Келіп сипап жіберші, алғаным-ай!

Кемпірі:

Бұл дүние бәрімізден кетер өтіп,
Қыз күнімнен болдым ғой сізге несіп.
Айында да пайдаңды бір көрмеймін,
Қайтемін бостан-босқа қызмет етіп?!

Шал:

Шал ақыны Орта жүздің мен емес пе ем,
Он бесте ұрғашыға кен емес пе ем,
Мен саған жиырмада болдым жолдас,
Құртқан содан бері сен емес пе ең?

Кемпірі:

Ұшады көкала үйрек көл дегенде,



Қара су бал татиды шөлдегенде.
Аузыңа келген сөзді ірікпейсің,
Алжыған не жының бар сөз дегенде.

Шал:

Дүние қызық екен жасыңдағы,
Барады өтіп дәурен басымдағы.
Айына бір пайдамды көрмеген соң,
Қасыма не қып келсін қатын-дағы.

Ашу – дұшпан

Ашу дұшпан болғанда, нәпсі – жауың,
Ақыл – тұрған алдыңда асқар тауың.
Жүрекке ашу келіп толған шақта
Денеңнің біле алмассың ауру-сауын.
Ойласаң, мың бір пәле тілден туған,
Шешендер топ ішінде тілді буған.
Бір адам қателікпен сөз сөйлесе,
Жабылып мың бір пәле соны қуған.

Сұрау-жауап

Шал ақын қартайған кезінде жолаушылап келе жатып ақын қызға жолығады, сонда Шалдың айтқаны:

Біз алыстан келеміз тас артқандай,
Ауып, талып келеміз бос артқандай.
Жасың кіші болса да, құлақ кәрі,
Кәрілікке дауа бар ма жасартқандай?

Қыздың жауабы:

Алыстан келемісің тас артқандай,
Ауып, талып келемісің бос артқандай?
Құлағың тыныш, төсегің қалың болса,
Одан басқа дауа жоқ жасартқандай.

Алпыс жас

Алпыс жас – бұл бір өткен өмір сәні,
Алпыста бойда қуат тұрмас бәрі.
Қызығың жігіттікте көрген бір түс,
Қайта атпас жігіттіктің алтын таңы.
Жиырма бес – енді келмес албырт жасың,





Қайратың қиратқандай таудың тасын.
Алпыс алып бар күштен тамтық қалмай,
Кәрілік бәрін жеңіп, болар басым.
Бұл алпыс әуел келіп бастан алар,
Онан қала төмен жақ, астан алар.
Жұлын тұтас, сегіз көз, жамбас, тізе,
Түгел жайлап аяқ пен қолдан алар.
Алпыс жас аяғыңа тұсау салар,
Мезгілсіз жүріп-тұру бәрі қалар.
Болады аңдығаның – оттың басы,
Болмаса үйден аттап жерің барар.
Онан кейін кәрілік көзіңді алар,
Құлақ кетіп, аузыңнан сөзіңді алар.
Белден медет, тізеден қуат кетіп,
Ең соңында аңқайтып өзіңді алар.

Мәшһүр Жүсіп

«Хал-ахуал» кітабынан

Кісі боп шықпасам да өзім қырға,
Айтқан сөзім құлаққа болды сырға.
Сусынын қандырарлық болдым кеңес,
Еділ, Жайық, Ертіске, Шу мен Сырға.
Жігіттер, жақсы қайда өнер шашқан,
Жүздеген ғаріптердің көңілін ашқан?
Анау озық, мен кейін қалам ба деп,
Көз салып бірін-бірі шамаласқан.
Сүрініп ат тұяғы кетер болса,
Дұшпан түгіл, досың да табаласқан.
Бұл жұртта сұмырай нәрсе толып жатыр,
Өтірік, ұрлық, өсек араласқан.
Өңшең сәуірік, теке мен бұқашықтай,
Бір-бірін сүзіп, жаншып, жараласқан.
Жақыны өз болғанын көре алмаған,
Өрт қойып жан-жағынан камаласқан.



Ақылшы шықты бізге үй басынан,
Данышпан, ойы зерек жұрттан асқан.
Биге – пара, байларға өсім болды,
Бой тартқан арамдықтан бар ма қашқан.
Сен кімнен қорқасың деп жел береді,
Кісі жоқ қой дейтұғын жұрттан асқан.
Дін қайда, осы күні ғылым қайда,
Тұрған жан анық көңілі бір құдайда.
Лақ, тоқты аламын деп жүрген жаннан
Ойлайсың тиеді деп кімге пайда.
Дүние үшін жанның бәрі қайғы жеген,
Ешкімді күйдірмеймін текке неден.
Кісі тап та, айт маған, басым құрбан,
Анық көңіл, шын пейілмен құдай деген.
Ежелден болып өстім байларға өш, қас,
Қожа, молда, ишаның – бәрі бір бас,
Қатын-бала солармен бәрі бірге,
Далада қалған жалғыз мен тесік тас.
Деймісің тесілген тас жерде қалар,
Шамшырақ хақ жандырған саулап жанар.
Асыл, жасық екенін білмесе де,
Шелекке тағу үшін біреу алар.
Мен өзім өз-өзіме уанамын,
Ләйлі жоқ, қоржында дуанамын.
Көрінбесем илләхи көрінбейін,
Ешкім керек қылмаса қуанамын.

Исабек ишанға

Бісмілла, сөз бастайын асыл тектен,
Түскендей асыл еді-ау аспан көктен.
Керуендей бұл дүниеге аз күн қонып,
Пәниден жақсы-жаман – бәрі де өткен.
Өзі – Ишан жұрт бастаған, заты – қожа,
Сейітзада нәсілі сондай таза.
Әр түрлі қасиеті еске түсіп,
Қайғымен қапаланып болдым наза.
Жасынан-ақ халыққа пірлік қылған,
Хақлық болса, бас тартпай ерлік қылған.





Нәсілінен сайып келіп әулиелік,
Келгенде отыз беске, пірлік қылған.
Шариғаттың жолынан адаспаған,
Дін тұтпаған наданға жанаспаған.
Қырмызы қызыл жібек секілденіп,
Қай мінезі бар еді жараспаған?
«Өнер алды – қызыл тіл», шешенім-ай,
Жылжыған жорғадайын, көшелім-ай,
Абылай аспас сары бел – Сүйіндікке,
Пір болып үлгі шашқан, көсемім-ай!
Атасы Мұрат қожа әулие өткен,
Бұтақтай бірден-бірге келіп жеткен.
Арғы тегін сұрасаң – Назар ишан,
Тазарып шыққан гауһар асыл тектен.
Туғаннан шариғаттың жолын қуған,
Хақ жолдан талмай, белін бекем буған.
Табылмас дүррі найаб, гауһарым-ай,
Сағадат қандай жақсы күнде туған.
Басынан бақ-дәулеті көшпей кеткен,
Шырағы жанып тұрған өшпей кеткен.
Қанша жан қастықпенен жабылса да,
Кәпірдің күпіріне түспей кеткен.
Тар жерде жанға сая, керектім-ай,
Ақылың мол, күш-қуат, білектім-ай!
Басына қандай қиын іс келсе де,
Саспайтын, асықпайтын жүректім-ай.
Дос тұтқан ғылым білген ғалымдарды,
Берік тұтқан ол сүннетін пайғамбардың.
Бойына жуытпаған, жолатпаған
Мұнафик, дін тұтпаған залымдарды.
Ықылас берген адамды артық күткен,
Ата-анадан ол артық тәрбие еткен.
Панасына саялап барған адам
Дүние-ақырет мақсатқа бідей жеткен.
Жан еді шарапатлы даңқы жеткен,
Кәнеки, кім бар еді онан өткен.
Түрлі ауру, шерменде де, тіпті науқас
Жазылып, сау-саламат болып кеткен.



Тон болған тоңдырмайтын жалаңашқа,
Ас болған таусылмайтын қарны ашқа.
Арымас ат, жаяуға көлік болып,
Әр мұңлыға ем болған басқа-басқа!
Көзсіз келсе алдына, көзді болған,
Тілсіз келсе, сөйлейтін тілді болған.
Не дегенін Құдайым қабыл етіп,
Мұңлы, кәріп – алдына бәрі толған.
Саңыраудың себеп болған құлағына,
Ақсақтың дауа болған аяғына.
Жын-шайтаннан құтылып, халас болған,
Өзі түгіл, сүйкенсе таяғына.
Шариғат, мағрипатын тәмам еткен,
Тариқат, Хақиқатты жары еткен.
Қол-аяғы домалап қалған дертлі,
Сау-саламат жазылып тұрып кеткен.
Қадірі Ишекемнің әркімге аян,
Жақсыға өтер, жаманның несі кетер.
Білгенге жара болды жазылмайтын,
Оңалып оның орны қашан бітер.
Құданың таусылмайды қыс пен жазы,
Патшаның қайда жетпес хат, қағазы.
Тақсырдың мыңнан бірін айта алмадым,
Ағалар, айыптама ғақылым азы.
Тұр қолым, айтпа, тілім, тоқта, қалам,
Сен жазғанмен болмайды бәрі тәмам.
Рухына Ишекемнің дұға қылсын,
Есітіп бұл сөзімді білген адам.
Бір Құдай Ишекеме рахмет етсін,
Бак, әруақ рухына қайта бітсін.
Аз сөз алтын болғанда, көп сөз – көмір,
Ақыры осыменен тәмам етсін!


Қажыларға

Хат-хабар әр тараптан келіп жатыр,
Ажалды әрбір жайда өліп жатыр.
Ойдағы-қырдағының хал-ахуалын,
Ташкентте жатып Жүсіп біліп жатыр.





Арқадан биыл көп жан қажы барған,
Барам деп соны көбі арман қылған.
Құдай мен пайғамбары қалаған соң,
Бұйырып топырағы сонда қалған.
Қызылтау, Баянаула – өскен жерім,
Кір жуып, кіндігімді кескен жерім.
Қан жұтып, қайғы үстіне қайғы жамап,
Қозғалды оттай қайнап ішкі шерім.
Бұйырған тұз нәсібі айдамас па,
Ер жігіт басты өлімге байламас па?
От түсіп, Гүлстаны өртенген соң,
Бұлбұлы Сүйіндіктің сайрамас па?
Қылмайды ешбір арман ол жерде өлген,
Тілегін шаһбазлардың тәңірім берген.
Қылмаңыз олар үшін ешбір уайым,
Жұмаққа тірі барып, тура кірген.
Айдабол, Күлік, Қаржас – Мақпалым-ай,
Бәйге алып талай тойда, шапқаным-ай!
Ерлердің бас қосқан құсасымен
Ел кезіп, диуанадай ақтадым-ай.
Бабасы Төлебайға бақ қараған,
Туыпты Едіге, Еламан бір анадан.
Тұрсынбай – онан Бәзіл, Боштай туып,
Уақытында асып өткен хан, қарадан.
Баласы бай Бәзілдің Шегебай-ды,
Ерте ойлап, есіне алған бір құдайды.
Жаннатіл, Бақияға барып өлген,
Жастанып шарапатіл жақсы жайды.
Қалыпты Байтоллада Шегең жатып,
Алған соң оны құдай өзі ұнатып.
Жаманға дәнеме емес, жақсыға арман,
Тұрғанда Хұсайынға қатты батып.
Жүсеке, қажымаңыз бұған жасып,
Кетпесін көңіліңізді қайғы басып.
Жер қараған алдыңызда – көшбасшыңыз,
Шапағат барша жанға болсын нәсіп.
Қасында бір құдасы бірге барған,
Ісі еді көптен бері ойына алған.





Еламан Байжанұлы – Жүсіп қажы,
Жанатіл Бақияда бірге қалған.
Бәйбіше, Балғын, бұған налымаңыз,
Қайғымен арып, жүдеп, арымаңыз.
«Жалғыздың жары – Құдай» деген сөз бар,
Артында Тай бейшара қалған жалғыз.
Олардың жәннат болсын жатқан жайы,
Қосылып пайғамбармен бір құдайы.
Өтіпті Темірболат Ақпанұлы
Қадірлі Сүйіндіктің құтпан байы.
Бабасы Малгелдіні алаш білген,
Бақ, әруақ Төлебайдан жалғас келген.
Табылар бай мақтанса деген осы,
Жаннатіл Бақияның өзінде өлген.
Өзі еді дәл айтулы қара көктің,
Шұбар төс, шынжыр балақ, дегдар тектің.
Кетпеген тұқымынан байлық аты,
Шолпаның – ұйтқысы еді Сүйіндіктің.
Ойға алған өңшең ерлер бір құдайды,
Әркімге мұндай өлім табылмайды.
«Өлді, – деп, – Мәдинаның жауарында»
Естідім Құдиярұлы Мұсабайды.
Мұсабай, Исабай деп аты шыққан,
Насихат, ғалымдардың сөзін ұққан.
Туысқан ақыреттік бауыр екен,
Ағасын іздеп барып сол жолыққан.
Жалған деп күдер үзген бұл дүниеден,
Жай алған ерте барып сол дүниеден.
Өтіпті ақырында қоныс қарап,
Бірі – Мекке, бірі – Мәдинадан.
Баянтау өсіп едім қаласында,
Арқаның сахара, майдан даласында.
Малдыбай қажы өтіпті деп есіттім
Мекке мен Мәдинаның арасында.
Жоланнан Мұсабай мен Омар барған,
Арқада қажы бар ма бармай қалған?
Жаннатіл Мұғаллада маупін болып,
Арманы тәмам болған ойына алған.



Екі бас барған екен ел Қаржастан,
Нұсқа боп жайылған сөз болсын дастан.
Құтылмас ерден иман деген сөз бар,
Ер еді аты атанған бала жастан.
Баласы Хұсайынның Байқошқар би,
Жасынан қылған өнер, әртүрлі күй.
Күлдіріп ойын сөзбен жүруші еді,
Алыпты ақырында жұмақтан үй.
Кестеден баласы мен Шұпан кеткен,
Ер еді құдай үшін мейман кеткен.
Қылған қайыр, ниеті қабыл болып,
Жаннатіл – Бақияда ажал жеткен.
Қозғаннан ер Атажан барған екен,
Ерлікпен құдайды ойға алған екен.
Келді деп естілмейді жазған хатта,
Табылмас өңшең ерлер қалған екен.
Биылғы өкпеледім өткен жазға,
Ағайын, енді маған қағаз жазба.
Халқынан Қаракесек – Жүсіп қожа
Жолдаспен жетпіс шақты барған қажыға.
Өзі өліп, жамиғаты келген қайтып,
Қаншама қасірет, жапа тартып.
Аты бар, атағы жоқ бықсық байдың,
Шаршайын қайсыбірін сіздерге айтып.
Кеткенін қажы тәуір көргенім жоқ,
Ұнатып көтеріле барғанын көп.
Ерлердің іске жарар бәрі өліпті,
Кім өліп, кім қалғанын білгенім жоқ.
Ал, енді, қанша айтқанмен, олар кәне?
Мекке мен көріп өлген Мәдинаны.
Дал болып, ойран көңілім сынық болып,
Мәшһүрдің құр шықпаған шыбын жаны.
Мұң басып тұнық көңіл ылайланған,
Ашылмай бақ, талайым жол байланған.
Кісінде суға кеткен ес қала ма?
Дүниенің зардабымен шыр айналған.

*Бұл шығармалар Қарақыздың Әшімінің жинағынан алынды,
көшірген – Кәрібайұлы Жұқаш, 15 маусым 1986 жыл*

ҚҰДАЯ, БЕРГЕНІҢЕ ШҰКІР!



**Жұқаш Кәрібаев, 85 жастағы қарт,
Ұлы Отан соғысының мүгедегі:**

*Біз қазақ еліміз, Сарыарқа кен
байтақ жеріміз.
Міне, өз алдымызға егемендік
алып, ел болдық,
Пайғамбарымыздың жасыл туы
желбіреп, ұрпақтан ұрпаққа
жетсе берсін. Қазақты жер
жүзіне мәшһүр еткен
Елбасымыз Нұрсұлтан
Назарбаевқа мың алғыс.
Иә, Алла, Күннің көзін кір
шалмасын, татулықтың гүлі
солмасын, егеменді елімді ата-
баба әруағы қолдасын, дастар-
ханнан тоқтық кетпесін, ел
шетіне жоқтық жетпесін.
Патшамыздан тақ кетпесін,
халқымыздан бақ кетпесін!
ӘУМИН!*

Жұқаш Кәрібайұлының Екібастұз халқына бата беру сәті



Солдан оңға қарай: Олжабек Макаров, Орақ Асубаев, Жұқаш Кәрібаев.
Павлодар ветеринарлық-зоотехникалық техникумының 2-курсы.

1935 жыл



Жұқаш Кәрібайұлы жұбайы Күлнәбира Шайхықызымен



Жұқаш Кәрібайұлының отбасы



Жұқаш Кәрібайұлының отбасы



Жұқаш ата мен Күлнәбира апа – немерелерінің ортасында



Жұқаш Кәрібайұлы құдайдан сұрап алған баласы Төлеуханмен



Мойылды шипажайында



Күлнәбира Шайхықызы – балалары мен немерелері ортасында



Жұмагүл және Роза Жұқашқыздары – замандастары Нұрлан Омаровтың 60 жасқа толу мерейтойында. Суретте, сонымен қатар, Нұрлан ағаның жұбайы – Жеңіс Шанаққызы, бүгінгі ҚР Мәдениет және ақпарат вице-министрі Айзада Құрманова және екібастұздық ұстаздар бейнеленген



Жұқаш Кәрібайұлының жұбайы –
Күлнәбира апа қызы Розамен Жасыбайда



Жұқаш ата өзі атын қойған
немересі – Мақпал



Жұқаш атаның кенже қызы Сәуле
мен жиен-немересі Меруерт



Ардагер ұстаз, Екібастұз қаласының және Павлодар облысының Құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері
Женіс Мейірман



Кітапты баспаға әзірлеуге үлес қосқан журналист, «Мәшһүртану белестері» медиажобасының авторы – Жанаргүл Қадырова



Жұмагүл Жұқашқызы Ұлы Отан соғысының ардагерлерін құттықтауда



Жұкаш Кәрібайұлының алты дәптері



Қуандық Ақтайлақ бидің сөзі

Жалаңаяқ, жалаңбас жарға ойнатқан жиырма бес,
Үкілі найза секілді үлпілдеген отыз бес,
Қынсыз пышақ секілді қылшылдатқан қырық бес,
Ақыл тоқтап, ми толды, айналайын елу бес,
Аш қасқырдай арсылдап, қарсы келген алпыс бес,
Өрге шықсам тізем деп, ойға түссем белім деп,
Жер таянбай тұра алмай, желкеге мінген жетпіс бес,
Біреулер мазақ қылады, біреулер сөзбен ұрады,
Қарсыласар халым жоқ, селкілдеткен сексен бес,
Қазулы жатқан көрім жоқ, сұрасам да өлім жоқ,
Қорғанбай шығар төрім жоқ, тоңқандатпай қоймады-ау,
Сірә, мына тоқсан бес.

*Қарақыздың Әшімінің қолжазбасынан көшірдім,
10 тамыз 1986 жыл*

Әлібай мен Хадиша сұлу

Әлібай деген бір кісі өзінің үш әйелінің үстіне Хадиша сұлуды аламын деп әуелі әкесімен сөйлеседі. Қыз әкесі:

– Менің қарсылығым жоқ, Хадишаның өзімен сөйлес, – депті. Сонда Әлібай қызға келіп:

– Хадиша, іздеп келдім сені алыстан,
Қыранмын ұясынан қонбай ұшқан.
Соқтырдым алтын жүзік, күміс кесе,
Дос болсаң жар болуға қол алысқан, – дегенде Хадиша:
– Рас сөз: арыстандай атағыңыз,
Тамақ тоқ, асыл бұйым-шапаныңыз.
Жалғыз-ақ денеңізде бір айып бар –
Аузыңда алты қарыс сақалыңыз.
Не керек алтын жүзік, күміс кесе,
Тілегін жас жүректің өтемесе.
Ей, ата, он бес жаста не дер едің?

Өзіңді алпыстағы кемпірге некелесе, – деп жауап бергенде, би үндей алмай аттанып кетіпті.

10 тамыз 1986 жыл



Екі ел арасындағы дау

Ереймен тауының Қанжығалыға қоныс болып қалуы жөнінде Үкібай бидің айтқан билігі:

Ерте кезде біздің Сүйіндік балалары Қараөткелді (Ақмола) жолшыбай қоныстанып, Ереймен тауын жайлайды екен. Бір жылы екі ел арасында жанжал болып, Қанжығалының жеті адамы өліпті. Келесі жылы елдің жайлауында, биенің байлауында Қанжығалы Сүйіндіктің балаларын бітімге шақырады. Қаржастың биі – Үкібай (Сатылған) Шоң биге келіп:

– Бармайсыз ба? – дегенде, Шоң би:

– Сен бар, екеуіміз бірдей барып бітисе алмасақ, жаман болар, сен бітисе алмасаң, «елде Шоң би қалды» дейсің ғой, бірақ сен келетін уәкіл (советник) – Жар деген адамға оңашалап, Қанжығалыларға көрінбей жолығып: «Мені Шоң жіберді, сізге жолық деп еді, өзі келе алмады» де, бір жауап айтар, – депті. Үкібай оңашалап, Жарға жолыққанда, ол кісі:

– Жарайды, ертең жиналған жерде көрерміз, көрінбей кетіп қал, – депті. Үкібай Шоңға:

– Алдын буа сөйлейін бе, жоқ, артынан қуа сөйлейін бе? – дегенде, Шоң:

– Оның сөйлегені шілдің қанат қаққанынан тез болушы еді, жеткізбей, ұстатпай кетер, алдын буа сөйлегенің жөн болар, – деген екен. Бітім айтылатын жерге келгенде Саққұлақ бой бермей, сөйлей жөнеліпті, сонда Үкібай түрегеліп:

– Тоқтай тұр, үкідей үлпілдеп тұрған мен сөйлемегенде, шәуілдеп үретін итше сен сөйлейін деп пе едің?! – деп айқай салыпты. Саққұлақ тоқтамай сөйлей берсе керек, сонда Үкібай айтыпты:

– Шіркін-ай, әкең мен шешең әулие екен ғой, көрсең де, көрмесең де үретін атыңды саққұлақ қойған, кә-кә! – депті. Саққұлақ бөгеліп қалған кезде Үкібай сөзді бастаған екен:

– Жеті ерлеріңнің құнын алып, Ереймен тауынан шықсаңдар да өздерің біл, жоқ жеті ерлерің құнсыз болып, Ереймен тауын иемденсеңдер де өздерің біл, бұдан былай біздің ел келмейік, екі елдің арасының бөлігі Өлеңті өзені болсын! – деген екен. «Төгілген толмайды, өлген тірілмейді, жерден айырылып қаламыз» деп Қанжығалылар шуласыпты. «Енді дау бітті, төрелік әділ шешілді», – деп Жар түрегеліп



жүре беріпті. Үкібайдың бір ауыз сөзімен Ерейментауды Қанжығалының иемденіп қалуы осылай бопты.

Жақып қажының сегіз тілегі

Алтай Жақып қажы деген кісі: «Құдайдан сегіз тілек тілеймін: төртеуін бер деп тілеймін, төртеуін берме деп тілеймін», – депті.

Бер деп тілейтін төрт тілегі:

1-ші. Әуелі Аллаға «саулық бер» деймін.

2-ші. Халық ішінде айтқан сөзім қабыл болсын деп, ауыма дуа бер деп тілеймін.

3-ші. Өз сөзімнен өзімді апатқа ұшыратпайтын, ойлап сөйлегендей ақыл бер деп тілеймін.

4-ші. Екі дүниеме бірдей себепкер болғандай, әйел бер деп тілеймін.

Берме деп тілейтін төрт тілегі:

1-ші. Өзін-өзі зор тұтып, ата менен ананы қор тұтып тұратын бала берме деп тілеймін.

2-ші. Басқан ізінді аңдып, пәле салып отыратын туысқан мен көрші берме деп тілеймін.

3-ші. Мехнаты көп, рахаты жоқ дәулет берме деп тілеймін.

4-ші. Өзі білмейтін, айтқаныңа кенбейтін әйел берме деп тілеймін.

Торайғыр бидің он ауыз тақпағы

Біріншіде не жаман, үгілеп жиған мал жаман,

Екіншіде не жаман, егесіп өткен ел жаман.

Үшіншіде не жаман, өлшенбей айтқан сөз жаман.

Төртіншіде не жаман, төресіз өскен ел жаман.

Бесіншіде не жаман, бесіктегі жас бала жетім қалса, сол жаман.

Алтыншыда не жаман, алты қанат ақ орда иесіз қалса, сол жаман.

Жетіншіде не жаман, жаңа түскен келіншек жесір қалса, сол жаман.

Сегізіншіде не жаман, қайтып келген қыз жаман.

Тоғызыншыда не жаман, қайта шапқан жау жаман.

Оныншыда не жаман, қазулы жатқан көр жаман.





Бұқар жырау

Әуелі тілек тілеңіз

Әуелі тілек тілеңіз,
Бір Аллаға жазбасқа.
Екінші тілек тілеңіз,
Ер шұғыл, пасық, залымның
Тіліне еріп азбасқа.
Үшінші тілек тілеңіз,
Үшкілсіз көйлек кимеске.
Төртінші тілек тілеңіз,
Тәрде төсек тартып жатпасқа.
Бесінші тілек тілеңіз,
Бес уақытта бес намаз,
Біреуі қаза болмасқа.
Алтыншы тілек тілеңіз,
Алпыс басты ақ орда,
Ардақтаған аяулың,
Күнінде біреуге
Тегіннен тегін олжа болмасқа.
Жетінші тілек тілеңіз,
Желкілдеген ту келіп,
Жер қайысқан қол келіп,
Сонан сасып тұрмасқа.
Сегізінші тілек тілеңіз,
Сегіз қиыр шартарап,
Жер тұлданып тұрмасқа.
Тоғызыншы тілек тілеңіз,
Төреңіз тақтан таймасқа.
Тоқсандағы қарт бабаң
Топқа жаяу бармасқа.
Оныншы тілек тілеңіз,
Он ай сені көтерген,
Омыртқасы үзілген,
Аязды күнде айналған,
Бұлтты күнде толғанған,



Тар құрсағын кеңіткен,
Тас емшегін жібіткен,
Анаң бір аңырап қалмасқа.
Он бірінші тілек тілеңіз,
Он бармағы қыналы,
Омырауы жұпарлы,
Исі жұпар аңқыған,
Даусы құдай саңқыған,
Назыменен күйдірген,
Құлқыменен сүйдірген,
Ардақтап жүрген бикешің,
Жылай да жесір қалмасқа.

Абылай хан орыспен соғысамыз дегенде Бұқар жыраудың айтқан тоқтауы

Ал, тілімді алмасаң,
Ай, Абылай, Абылай,
Сен мен көргенде,
Тұрымтайдай ұл едің,
Түркістанда жүр едің,
Әбілмәмбет сұлтанға,
Қызметкер болып тұр едің.
Қалтақтап жүріп күнелтіп,
Үйсін Төле билердің
Түйесін баққан құлы едің.
Сен жиырма жасқа жеткен соң,
Алтын тұғыр үстінде
Ақ сұңқар құстай түледің.
Дәулет құсы қонды басыңа,
Қыдыр келді қасыңа.
Бақ үйіне түнедің,
Алыстан тоят тіледің.
Қылышыңды тасқа біледің,
Алмаған жауың қоймадың,
Алған сайын тоймадың,
Несібеңді жаттан тіледің.
Абылай-ау, Абылай,
Момынға келіп бек болдың,





Атаңды білмес құл едің,
Атаңның тегін сұрасаң,
Арқар ұранды жат едің.
Қай жеріңде төре едің?
Қарсы менен Құзарда
Жалаңаяқ жар кешіп,
Бөз тоқыған сарт едің.
Жұлдызың туды-ау оңыңнан,
Жан біткен еріп соңыңнан,
Он сан алаш баласын,
Аузыңа құдай қаратып,
Жусатып тағы өргізіп,
Жұмсап бір тұрсың қолыңнан.
Ашуланба, Абылай,
Ашулансаң, Абылай,
Көтерермін, көнермін,
Көтеріп сазға салармын.
Өкпеңменен қабынба,
Өтіңменен жарылма,
Орыспенен соғысып,
Басына мұнша көтерген
Жұртыңа жаулық сағынба!
Күнінде мендей жырлайтын
Тоқсан үште қария
Енді де саған табылмас.
Абылай ханның қасында
Бұқарекең жырлайды.
Жырлағанда не дейді,
Соғыспа деп жырлайды.
Бұқарекең деген кәріңіз,
Соғыссаң кетер сәніңіз,
Бізден бұрын өтіпті
Әзіреті Әліңіз.
Жаулық жолын сүймеңіз,
Мынау жалған сұм дүние
Өтпей қалмас демеңіз.
Пұсырман болсаң кетіңіз,
Сырдарияның суынан



Көлденең кесіп өтіңіз.
Үш жыл малды ту сақтап,
Жиделі-Байсын жетіңіз.
Кісісі жүзге келмей өлмеген,
Қойлары екі қабат қоздаған,
Қатын-бала хақы үшін
Солай таман жетіңіз.
Менің жасым тоқсан үш,
Мұнан былай сөйлеуім
Маған да болар ауыр күш,
Өлетұғын тай үшін,
Қалатұғын сай үшін,
Қылмаңдар жанжал-ерегес.
Бұл қылықты қоймасаң,
Құдайдың бергеніне тоймасаң,
Көрерсің сонда теперіш.

Қазыбек би

Бірінші айтқан төрелігі

Қаракесек ішінде Шаншардан шыққан Азбас бидің жасы жетпістен асқанда әйелі өліп, тоқалдыққа Көбе сұлуды алмақшы болады. Қыздың әкесі аз ғана шаруалы, мінезі жуас Ақберген бұған көнбейді. Ауылдың атқамінерлері сыртынан билеп, Азбастан қырық жеті матай берген қалың малды қабылдатады. Азбас енді «Әке берсе, қыз болмас кімге қатын» дегендей, бір күні өзінің мұңдасы, сырласы болған бес құрдасын әдейі қайнына аттандырып:

– Барыңдар, менен сәлем айтыңдар Көбеге, ел ішінде есерлер көп, көзін салып жүрмесін ыржыңдаған немеге, – депті. Кәрі күйеудің құрдастары Ақбергеннен түстік жеп, аттанарда Азбастың сәлемін айтыпты, бой жетіп отырған Көбе қыз «менен де сәлем айтыңдар» деп:

Қиысы кетсе келе ме,
Қарағайдың талменен.
Дәмі бірдей бола ма
Қара судың балменен.





Бізге лайық емес қой,
Алып тұр ғой малменен.
Әкемнен үлкен жасы бар,
Тау құдіреттей басы бар.
Қайтып ойнап-күлерміз,

Жетпістен асқан жасы бар, – деп қамығыпты. Мұны естіп әке-шешесі, жанашыр туыстары қызды тоқалдыққа бермеуге бас байлайды, оны естіген Азбас би ашуланып, шамданып, қызды тартып алмаққа қамданады. Ақыры екі жағы Қазыбекке келіп жүгінеді. Қазыбекке келмей тұрғанда Азбас би Ақбергенге келіп: «Мен майлы кара орыңмын, тәңіріңнен де зорыңмын, қызыңды тоқалдыққа қайтсе де аламын», – деп қыр көрсетіп қояды екен. Қазыбек алдына жүгіндіріп отырғызып:

– Азбасым, қартайғанда азғаның не? Қыз сені сүймесе, сен қалай оны сүйесің? «Дос – егіз, дұшпан – сегіз» деген. Әйелдің аққуындай, балаңмен жасты Көбеге сұқтанғандай не көрінді, басыңа пәле тілегенше, есің барда етегіңді жап, – дегенде, Азбас би лажсыздан жуасып, жөнге келіпті.

Қазыбектің екінші төрелігі

Сыр бойына келе бастаған орыс шаруаларын бұл маңнан әрі қуып тастамақ болып үш жүздің барлық хан, төрелері бас қосып ақылдасыпты. Көпшілік пәтуаға келе алмаған соң үш жүздің үш төбе биі оңаша шығып жұмбақтап сөйлеседі, Ұлы жүздің биі:

– Алар ма еді мына көлдің қуын атып!? – дейді. Кіші жүздің Мама биі:

– Тигізе алмай жүрмесек суын атып, – дейді. Орта жүздің Қазыбегі:

– Арылмастай пәлеге қалып жүрмесек, суда жүрген перінің қызын атып, – депті. Сонда Төле би отырып:

– Қазыбек, сен соғыспауға байладың-ау, – дегенде, Қазыбек:

– Орыспен қалай соғысамыз. Пайғамбарымыздың түбінде ғаділшілік орыста қалады дегені бар емес пе, жер астынан жік шығып, екі құлағы тік шыға қалса, қолының ұшын беретін көршіміз орыс болса, жаман болмас деп ойлаймын, – деп, соғыс ашамыз дегендерді тоқтатыпты.



Қазыбектің үшінші төрелігі

Ерте заманда Ұлы жүз бен Кіші жүздің жерінде құрғақшылық болып, жауын жаумай, жаз күнінде Орта жүздің жерін жайлапты. Күз болғанда әрқайсысы өз жеріне қайтып көшкенде, Кіші жүздің бір жігіті Ұлы жүздің бір сұлу келіншегін қиянат қып алып кетіпті. Ел қонысына қонып жайланғаннан кейін Ұлы жүздің Төле биіне хабар береді, Төле би Кіші жүздің елінен екі жүз жылқы айдатып алдырады. Кіші жүздің адамдары жиналып келіп Ұлы жүзден бес жүз жылқы алып кетеді, екі ел осыменен үлкен бүліншілікке ұшыраған, осы даудың аяғы үш жүздің игі жақсыларының басын қосады, айтысқа түседі. Ұлы жүздің Төле биі:

– Мен аға баласымын, билікті мен айтамын, – десе, Кіші жүздің Мама биі:

– Мен атаның қара шаңырағындамын, жасым кіші болғанмен жолым үлкен, мен айтамын, – депті. Сонда Орта жүздің биі Қазыбек күлген екен, «Жылағанды сұрама, күлгенді сұра деген, неге күлдің?» – депті Төле мен Мама билер. Қазыбек сонда:

– Атаның өсиетін айтайын, естеріңе салайын: Ұлы жүзді қауға бер де, малға қой, Кіші жүзді найза бер де, жауға қой, Орта жүзді камшы бер де, дауға қой дегені, соған қарағанда, төрелік айту жолы менікі емес пе?! – депті. – Жығылсам, алдымда ағам бар, сүрінсем, артымда інім бар, билік менікі еді ғой, мұны біреуіңнің аузыңа алмағандарың қалай? Бұл уәжді үш жүздің жиналған адамдары бірауыздан қабылдап, билікті Қазыбекке беріпті. Қазыбек:

– Уа, Үйсін Төле би, сен атаңнан үлкен болып тудың, ініңнің бір еркелігін көтеретін жөнің бар еді, оны ойламай, жылқыны неге қуып аласың? Уа, жарқыным, Мама би, сен атаның қара шаңырағында қалған екенсің, ағаңның көзі тірісінде жеңгенді неге зорлықпен әкелесің, адалы құстай ұшатын да, арамы мұрттай ұшатын сен, Мама би, қатынды қайтар, сен, Төле би, жылқыны қайтар, екі жағыңда да иесіне табысталмаған екі аяқты түгіл, төрт аяқты қалмасын, – деп билік айтыпты. Бұған екі жағы да разы болып, татуласып тарасыпты.



Қазыбек бидің төртінші төрелігі

Бір байдың жалғызы – Ақбалық сұлу бай-мырза, сал-серілердің бірін сүймей, өз үйінің жас қойшысы Қозыбаққа ғашық болыпты. Қыздың әкесі момын, бірақ ағалары бес қасқа атанған айбарлы болса керек, ата-анасы, туыстары Ақбалықты жылатпай өзінің сүйгеніне қосады. Ақбалық сұлу төркінінен еш нәрсе алмай, қотан шетіне үш қанат құрым отау тіктіріпті. Бұған намыстанған Майқы Бошан руының басшысы, ақсақалдары Қаз дауысты Қазыбекке келіп, даттайды. Қазыбек таңғалып, сынау үшін Ақбалық сұлудың құрым үйіне келіп түседі. Қозыбақ қойын жусатып тастап, үйінде түскі аста отырған екен. Қазыбек би Ақбалықты қағытып:

– Мәнді сөзден мән шығады, би мәнді сөзден не шығады, жапалақ үйрек іліпті, үйткенмен онан не мән шығады? – депті. Сонда Ақбалық сұлу мүдірмей:

– Рас айтасыз, мәнді сөздің мәнісі бар, би, жапалақ үйрек ілгені рас, енді бір қоңыр қаздан дәмелі, – депті. Қазыбек қыздың қойшыны шын сүйгеніне көзі жетіп, намысқой ақсақалдарға:

– Байлық мұрат емес, кедейлік ұят емес, атадан алтау тудым деп, жалғызға жапа көрсетпе деген, теңін тапқанды тегін бер деген, қосағымен көгерсін! – деп бата беріпті де, басына үй тіктіріп, енші бергізіпті.

Едіге бидің Жәңгір ханға айтқан көңілі

Едіге би Ұлы жүздегі нағашысы – Тоғас бидікіне бара жатқанда, жолда Жәңгір ханның аулына кез болыпты. Ел ұлап-шулап жатыр екен: «Не болды?» – деп біреуден сұраса, Жәңгір ханның жалғыз баласының өлгенін естиді. Қайғылы Жәңгір хан: «Алла мені жалғыз баламды алып зарлатса, мен де өзімнің қолымнан келген малды төлінен айырып зарлатам», – деп, үш күн бойы малды төлінен айырып, шулатып қойыпты, ел қатты күйзеліпті. Сонда Едіге екі адамды ертіп келіп, ханға сәлем беріпті, хан бұрынғы қалпынша жата беріпті. Мұны көрген Едіге:

– Ақсұңқар ұшты ұядан,
Қол жетпейтін қиядан.
Тұяғы бүтін тұлпар жок,



Қанаты бүтін сұңқар жоқ.
Бала сұңқар балақ бауын
Үзіп, аспанға ұшты.
Алтын қоңырау үзіліп жерге түсті.
Көтер, хан, басыңды,
Іш мынау асыңды.
Бүгілтпе белеңді, мұңайтпа елеңді.
Аш көзіңді, көтер өзіңді.
Құдайдың бір жабдығы саған түсті,
Пәндесін сынамақ үшін жіберген,
Тағдыр ғой, мойның жуан, көтересің,
Сенен Алланың әмірі күшті, – деп көңіл айтыпты. Хан ба-

сын көтеріп қадала қарап:

– Япырай, көз таңбалы Арғында бір Едіге деген бала бар деп еді, сен сол емессің бе? – депті. Едіге:

– Болсақ, болармыз, – депті. Хан:

– Балам, бүйтіп үлгілі сөз айтатын бір жан болмады, сені тапқан анаңнан айналайын, енді мені біржолата уатып орнымнан тұрғызып кет, менің бұл қайғым қайтсе қайтады? – дегенде, Едіге:

– Жиылған көптің тобында қалады, атқан мылтықтың оғында қалады, сұңқар құстың қияғында қалады, тұлпар аттың тұяғында қалады, жақсы жардың қойнында қалады, осы айтқанымды істемесең, өзіңнің мойныңда қалады, өзіңді-өзің көтермесең, сені үнемі кім көтереді?! – депті. Алланың қазасына риза, пәлесіне сабыр қылайын деп хан малды жамыратып, түрегеліп қатарға қосылыпты.

Тезек төрені хан сайлағанда

Бұрынғы уақытта ханның тұқымынан басқаны хан сайламайды екен. Абылай ханның тұқымының адамдары үзіліп, ақырында Тезек төре деген кісі қалыпты. Үш жүздің басшы адамдары бас қосып сөйлесіп, осы Тезектің өзін сайлайық деп шақыртыпты. Сайланатын күнін белгілеп, айтылған күні айтылған жерге үш жүздің басшылары жиналыпты. Кіші жүздің Әлдебек деген биі үш-төрт күн кешігіп келіп, шілденің ыстығында халық зарығып қалыпты. Бір күні халықтың тосып отырған үйіне келіп, атын байлап, Тезек отырған үйге қарай жүріпті.





Неше күннен бері тосып отырған Әлдебегі қандай адам екен деп есіктен сығаласа, Әлдебектің бір көзі соқыр, бір аяғы ақсақ екен, сонда Тезек:

– Неше күннен бері сонша зарығып тосқанша, мұның орнына осы елден бір соқыр, бір ақсақ табылмады ма? – депті. Мұны естіп қалған Әлдебек үйге кіре салып, отыра қалып:

– Көзімнің соқыр болғаны – бас қырсығы,
Аяқтың ақсақ болғаны – өз қырсығым.
Төренің төкаппар болғаны – елге қырсық,
Менің атым – Әлдебек, айтар сөзім алда көп,
Жан-жағыма қарасам, төреден де қара көп.
Сөз сөйлейсің кетпендей, сөз сүйектен өткендей.
Тасыма, төре, тасыма, тасы тиер басыңа,
Осы сөзім болар ендігі қалған жасыңа.

Ат төбеліндей төре өзін-өзі хан сайласа, көзіміз көрсін, маған еретін қара қазақ баласы, аттаныңдар, – деп далаға атып шыққанда, жиналып отырған қара қазақтың баласы түгел Әлдебекпен бірге шығыпты. Тезек сасып атын алдырып, артынан қуып, топты айнала шауып, алдынан барып түсіп, атын жетелей келіп Әлдебекке:

– Қателік бізден болса, ғапу сізден болсын, – деп, Әлдебектің атының шылбырын ұстапты. Сонда Әлдебек:

– «Алдыңа келсе, атаңның құнын кеш» деген, сен жаяу келдің, мен кештім, хан болғың келсе, ендігі жылы жеріңді белгілеп, өзің хабарларсың, биыл тоқтамаймын, – депті. Тезек төре:

– Ең болмаса дәм татып кетіңіз, – дегенде, Әлдебек:

– Төреге дәм бермесем, төреден дәм ішіп көргенім жоқ, босат атымның басын, – деп, жүріп кетіпті. Айтқанындай, келесі жылы қайта хабарлап, Тезекті хан сайлапты, содан кейін төрт-бес ай өткен соң Сүйінбай деген ақынды өлең айтқызамын деп үйіне шақырып, үш-төрт күн жатқызып, кетерінде бір алжып жатқан түйесі бар екен, малшысын шақырып алып: – Ханның сізге берген олжасы, алып кетіңіз, – деп, «апарып бер» деп, өзі көрінбей қарап тұрыпты. Түйені әкеліп қолына бергенде Сүйінбай айтыпты:

– Ассалаумағаләйкум, түйеке, ерте тұрып өремісің, кешке өзің келемісің, көптен жүрген жануар екенсің, Кенесары, Наурызбайдан хабар білемісің? – дейді де, өзі енді түйе болып жауап қайтарады:



– Уағалайқумуссәлам, ерте тұрып өрем, кешке өзім келем, кешегі жүрген Кенесары мен Наурызбай түгіл, арғы атасы – Абылайды да білем.

Осының бәрін тыңдап тұрған Тезек малшысын жұмсап, үйге шақыртып, қонақ қылып күтіп, ертеңіне жылқыдан жорға ат мінгізіп, үстіне шапан кигізіп, «көрген-естігеніңізді ешкімге айта көрмеңіз» деп жалынып шығарып салыпты.

Қаржас Үкібай бидің төрелік айтуы

Керей Тұрлыбек жетінші дуанның үстінен қарайтын советник болып тұрғанда Баянның қаласына келіп съезд ашыпты. Себебі Қаржас Үкібай бидің бұрынғы Керейге істеген кегін алмақшы болып Үкібайды шақыртыпты. Үкібай үш шақырғанда зорға келіпті. Сонда Тұрлыбек:

– Көп ел дейін десем, Арғын емессің, бай ел дейін десем, Найман емессің, батыр ел дейін десем, Уақ емессің, би ел дейін десем, Керей емессің, ат төбеліндей Қаржасты биледім деп үш шақырғанда келмейтін сен жерден шықтың ба, желден шықтың ба, бұл өнерді қайдан таптың? – дегенде, Үкібай:

– Көп ел деп Арғынды айттың, Арғынның көз жеткісіз аймағы бар – дұрыс. Бай ел деп Найманды айттың, қыдыр қонған байлары болды, оның да дұрыс. Батыр деп Уақты айттың, ел қорғаған Баян батыр мен Ер Көкше сияқты ұлдар туған, оның да дұрыс. Алты болыс болмаған, бас қосып бір жерге қонбаған, атының жалы жоқ, жігітінің жаны жоқ, қайыңның суын ішіп күн көрген Керей еді, би ел деп Керейді қатарға қосқаның батып кетті-ау маған. Өзім болдым, өзім толдым десем, сенің өз басыңда кімнің дауы бар, шақырып алғанда айтқаның осы болса, келешекте келіншектің баласын кезек сүйерміз, қолыңнан келсе аяма, – деп, тұрып жүре беріпті. Аттанып жатқанда Күлік Ішқара би барып:

– Үке, тоқтаңыз, келіп жатқан қонақты ренжітпей аттандырайық, – дегенде, Үкібай дауысын көтеріп:

– Сенің басың толған ми десем, басың толған ірің екен ғой, Керейдің жұдырықтай баласы келіп жалпақ Жанқозыны қырып кетеді дегенге кім сенеді, істесе маған істейді, менің кегімді алатын бір ұл туар, қоя бер аттың басын, – деп, тоқтамай жүріп кетіпті. Мұнан кейін екеуінің арасына кісі жүріп, татуластырып, сол жолғы бар билікті Үкібайға айтқызыпты. Сонда Тұрлыбек:





– Үке, біздің елге сонша зорлық істегеніңіз рас па, әлде өтірік жала ма? –деп сұрапты. Үкібай:

– Рас, оған Керейдің баласының өзі кінәлі, «бізден Тұрлыбек деген ұл туады, ол орысша оқып жетіліп, түбінде біздің кегімізді сол алады» деп маған қай Керейдің баласы айтқан екен, мен қолымнан келіп тұрғанда істегенім рас, енді мен сенің қолыңа келіп тұрмын, сен де менен кегіңді ал, – депті. Бұл сөзге Тұрлыбек жауап қайтара алмапты.

21 тамыз 1986 жыл

Қанжығалы Нұралыұлы Олжабайдың елге сәлемі

Саққұлақтың немересі, Нұралыұлы Олжабайдың жер ауып, ауырып жүргенде елге жазған сәлем хаты:

Адам басы Алланың добы деген рас қой,
Басқа біткен бақ-дәулет жанып тұрған бір жарық қой.
Бастан кетсе, ол шіркін, жарықтың өшетіні анық қой,
Арыстан тұғырдан түссе, ол да шын мүсәпір ғаріп қой.
Осы жүрген адамдар суда жүзген балық қой,
Балықты судан шығарсаң, өкпесін соғып жатуы анық қой.
Табиғатта бір Алладан басқаның өзгеруі анық қой.

Олжабайдың Омбыда ауырып жатып елге жазғаны

Орта жүз, Арғын аға ел еді,
Арғынмен қай қазақтың баласы тең еді.
Мейрам сопы бір анадан жалғыз ұл еді,
Мейрамның бес баласын сағындым,
Соған сәлем айтарсыңдар.
Қуандық пен Сүйіндік, Қаракесек,
Бегендік пен Шегендік,
Салмағыңа тең келетін қазақ жоқ,
Туысыңды, тұрмысыңды сағындым,
Соған сәлем айта бар.
Арғын, Найман туысқан,



Мәңгілікке бел байласып тұрысқан,
Жұртқа дастан атың шыққан,
Қайран ерлер, қызығыңды сағындым,
Соған сәлем айта бар.
Сары жетім Шақшақ момын ел еді,
Шұбыртпалы Ағыбай, ол да Арғынның ұлы еді.
Ер асылын, жер асылын сағындым,
Соған сәлем айтыңдар.
Үш жүзді билеп өтті хан Абылай,
Ел бағына туып өскен ерлер қандай!
Қазыбек, Жәнібек, Бөгембай, Баян батыр,
Қошқарбай, Қабанбайым серек,
Ноғайлыда Әз Жәнібек, Тараншыда,
Бас қосқан, соған сәлем айтыңдар.
Қырғыз бенен Қалмақты Сарыарқадан кетіріп,
Қазақ елін орнатқан қайран ерлер,
Қызығыңды сағындым, соған сәлем айта бар.
Сарыарқаның тау мен тасын, аққан суын,
Ағаш, көлін сағындым, соған сәлем айта бар.
Руымды сұрасаң – Қанжығалы,
Затымды сұрасаң – Бөгембай, Бөгембайдан Қошқар
туған екен, Қошқарбайдан туған қозы едім, қозыдан сәлем айта
бар, – депті.

Дулат Бабатайұлы

Жарда ойнаған жастық

Он бес деген жас қайда,
Жарға ойнаған лақтай?
Қайда кеттің жиырма бес,
Тастан шыққан бұлақтай?
Жиырма бес бар ма маңайда
Жайылған жасыл құрақтай?
Отыз кеттің алыстап
Толықсыған сынаптай.





Отыз бес, неге келмейсің
Көп іздетіп жылатпай?
Қырық астың кезеңнен,
Суырған қыннан пышақтай.
Қырық бес, шықтың кезеңге
Маң-маң басып болаттай.
Елу қонды ауыл үй,
Тізгіндетіп құлақтай.
Алпыс келдің арсақтай,
Нөсер жауған ыластай.
Жетпіс, қараң көрінді,
Тұрсам-дағы ұнатпай.
Сексеннен алған хабардың
Ызғары тұр шыдатпай.
Көргім келмес тоқсанды,
Келіндерге сынатпай.
Жүз, сірә, мені қоймассың,
Қараңғы көрге құлатпай.

Терме

Жапанда біткен жаңғақты
Жаһанды кезген нар жейді.
Тәтті менен дәмдіні
Қолында пұлы бар жейді.
Қорқақтықтың белгісі –
Кең дүниені тар дейді,
Қолында жоқ тайлақты
Солқылдақ өркеш нар дейді.
Балам, маған налыма,
«Әкем айпай кетті» деп.
Сырын алмай бой салма,
Атасы оның текті деп.
Тұрлаусыздан сөз ұқпа,
Аузы сөзге епті деп.
Нашардан шыққан жақсының
Сөзін жерге тастама,
Атасы нашар өтті деп.
Орманшы ағаш кесе алмас,



Ақ балтасын қайрамай,
Батыр жауға бара алмас,
Қару-жарақ сайламай.
Егінші егін сала алмас,
Қос өгізін айдамай.
Көңілмен құрғақ бос жүрсен,
Алақандай жер жүзі,
Аспан болар айнадай.
Істемей қолмен іс болмас,
Ауызға салып шайнамай.
Ер қолынан іс келмес,
Сұңқардайын түйілмей,
Буынып белін түйінбей.
Жабыққанға дерт бермес,
Басқаша қайғы серпілмей.
Шамшырақтай жайнамай,
Ерлік атақ алмайсың,
Алмас семсер асынбай,
Кезенген жауды қашырмай,
Асудан әрі асырмай.
Балам, саған айтқаным,
Даңғылданбай шаруа жи,
Құбылмалы әсерлі,
Құрбыңа еріп көрме сый.
Қолда барға қанағат,
Қолда жоққа құмар боп,
Әуреленбей нәпсіңді тый.
Әкең айтқан бұл сөзді
Құтысына кеудеңнің,
Төгіп алмай, дәлдеп құй.
Менің айтқан бұл сөзім
Өміріңе пайдалы,
Басыңда, балам, болса ми.

24 тамыз 1986 жыл



Дәулет би мен Мырза бидің кездесуі

Орта жүздің Дәулет биі мен Ұлы жүздің Мырза биі кездесіп қалады. Дәулет би туысқаны, баласы жоқ кедей, бірақ тілге шешен екен. Ұлы жүздің Мырза биі туысқаны, балалары көп адам екен. Дәулет би іздеп барып таныспақшы болады. Жолшыбай «Кімсің?» деп сұрағандарға жөнін айтып отырыпты, мұны естіген ұлы жүздің адамдары Мырза биге жеткізіп:

– Өзінің баласы, туысқаны жоқ екен, малға кедей адам болу керек, сөзіңнен ұтылып қалып жүрме, – деп хабарлапты. Келген қонақты қарсы алып, екі-үш күн күтіп, өз елінің бастас адамдарын шақырып, мәжілістесіп отырғанда Мырза би:

– Көмегі жоқ кісідей көтеріле сөйлейсің, жалғыз жүрген кісідей жабырқап неге сөйлейсің, құлағы жоқ шұнақ мырзам, құйрығы жоқ шолақ мырзам? – депті. Сонда Дәулет би:

– Жалғызды сөксең, сен құдайды сөк, жарлыны сөксең, сен пайғамбарды сөк, құлағым шұнақ болса, сұңқар шығармын, құйрығым шолақ болса, тұлпар шығармын, ит сегіз, шошқа тоғыз табады деуші еді, әкең туды тоғыз боп, өзің тудың сегіз боп, құдайдың маған берейін десе, баласы жоқ па, саған жіберейін десе пәлесі жоқ па, мақтанған сөгіледі, тасыған төгіледі деген екен, мырзам! – депті. Сонда Мырза би:

– Сізді маған таныстырған адам бұл сияқты кісі деген жоқ еді, қателік бізден болсын, ғапу сізден болсын, ат-шапан айыбымды қабыл алыңыз, – деп қолын алып, құрметтеп шығарып салған екен.

Әсет Найманбайұлының сөзінен

Жігітке қисық мінез мінменен тең,
Жараспас жас бойына сынменен тең.
Қолы сараң надандар бар, көңілі қарау,
Ақ жүрегі қараңғы түнменен тең.
Күлдіргіш, қалжыңға тәуір жігіт,
Бақшада өсіп тұрған гүлменен тең.
Сасқан жерде ойланып тапқан ақылың,
Заты жалған болғанмен шынменен тең.
Ақылыңа жарасқан жақсы жолдас,



Кіндігіңнен тараған ұлменен тең.
Ойыншыл, қалжың, сықақ көтерген ер,
Терісі жуан елі пілменен тең.
Жақсы атадан жарымас бала туса,
Қайырымсыз, қайғылы суменен тең.
Ойсыз, мисыз болады кейбір жігіт,
Жігеріңді қылады құмменен тең.
Біреуден пайдаланған ақыл-білім,
Жаңбырмен араласқан құмменен тең.

24 тамыз 1986 жыл, түнгі сағат 2-де жазылды

Жастарға бір-екі ауыз сын

Екі ауыз сөз жастарға,
Сәлем бізден достарға.
Аға әзілі дұрыс деп,
Бұл сөзімді қостарға.
Лапылдап жанып жағалай,
Деді «Жақсы, алақай!».
Жаз қалпақты лақтырып,
Қыс кимеді малақай.
Шалбарлары тыртып,
Төбе шашы үрпиіп,
Іш ауру тигендей,
Екі көзі кіртііп.
Стилягасы ұнады-ай,
Штансыз жүрген баладай.
Борбайлары сидаңдап,
Жүнін жұлған тырнадай.
Жұмыс іздеп тындырмас,
Шөптің басын сындырмай.
Араққұмар адаммен
Бола қалар ол мұңдас.
Көзіне киіп қалпағын,
Түсіріп алға қалқанын,
Қарсы келсе танымай,
Өтіп кетіп қалғаның.





Аз ғана білім үйренсе,
Болды деп азық өлгенше.
Дамыл таппай клубқа,
Би билемек өзінше.
Ентігіседі, тепсініп,
Ілгері кейін шегініп.
Қара терге түседі,
Орамал алып желпініп.
Көше кезіп қарындас,
Ата-анаға бағынбас.
Тар қып киген юбкасы
Аяғын қадам бастырмас.
Аузы-басы шиедей,
Жидек жеген түйедей.
Шырағым, жақсы бол десең,
Өзіңді қоймас шенемей.



БЕСІНШІ ДӘПТЕР





Дүние қу, бір ағын су,
Жүрміз қалқып шөп болып.
Бір күн жарға, бір күн тасқа
Соқтығамыз доп болып.
Қуынан да, суынан да
Құтылармыз ақыры бір күн жоқ болып.





Мәшһүр Жүсіп Көпеевтен

Мәшһүрге Жүніс молданың сұрағы

Ғасырдың аяғында Баянауыл дуанында дін уағыздаушылар Ғабдулла хазырет, Исақан хазырет, Жерік ишан, күйеу Мағзұм сияқты адамдар болған. Осы адамдар Айдабол Шалқарбай қажының баласы Жүніс моллаға:

– Біз сұрасақ, айтпайды, сен Мәшһүрден не себепті Мұхаммед пайғамбардың мағыражға барғанын біліп бер, – дейді. Жүніс молланың сұрағы:

Бісмиллә сөздің әуел бітидасы,
Екінші – қамды сана болсын басы.
Құдайым өзге жаннан артық қылып,
Қолыңа ұстағаның – дүрдің тасы.
Бұлбұлша қолдан-қолға қонбай жүрген,
Бойға тең ешбір жанды көрмей жүрген.
Хан, қара, қожа, молда, падиша болсын,
Мойныңды ілтипат қып бұрмай жүрген.
Сіз бір шыққан жан едің жұрттан асып,
Жетеді дәрежеңе кім таласып?
Аузыңыздан шыққан сөз – ғылым, хикмат,
Кетесіз мәжілістің мауқын басып.
Естісе құлақ құрты сізден қанар,
Естүмен сыртыңыздан құмарланар.
«Ғылым хал» – ғылым халдан паһра алып,
Орнаған көңіліңізге жанған панар.
Сөндірмей тәңірім қойған сол жандырып,
Бал шекер аузыңыздан дүр тамдырып.
Берілген ғақыл сөздің мағынасына
Кетесіз кез келгенді бір қандырып.
Бұқарға барып кірдің дәрісхана,
Самарқан, Сайран, Ташкент және.
«Әркімнің өз заманында Ләбіт шығар», –
Дегендей айтуымызға болдық құмар.
Өтіпті имам Махмет Әбушайыр,
Оның жоқ шағырлықтан еш ғайыбы.
Болып тұр өнеріңіз соған ұқсас,





Табиғат дұрыс болып тұрса жайлы.
Бұзады табиғатты дүние сұм,
Жарықсыз жүрген жерің болған соң түн.
Сөйлеспей қарай қалып надандарға,
Жөніңді қисық қылып табады мін.
Біз айтып тауыса алмаспыз сіздің кепті,
Аралап тәмам кеткен барша көпті.
Бұқарекен, Шортанбай, Сақау, Көтеш,
Күдері, Ұлбике мен олар да өтті.
Өзі жоқ, – бәрінің де сөзі қалған,
Табылмас сынға салсаң ешбір жалған.
Моллекем кез келгенде берер жауап,
Сұрайтын бір сөзім бар ойыма алған.
Сұраймын бір мәселе емтихансыз,
Жанып тұр өнеріңіз майсыз, шамсыз.
Сыннан әр сатысыз өтіп кетіп,
Бой асып жеке-дара жүрген жансыз.
Келмеген талас, бақас біздің ойға,
Тағылар мұндай мінез мін боп бойға.
Кісіміз қолы мүшкіл кез келгендей,
Қалайық пайдаланып қалмай жайға.
Бұл сөзді хатқа жаздым көңіліме алып,
«Жүргенім жарамас, – деп, – мақұрым қалып».
Мұнда шын бір пайдаңыз тие ме деп,
Ретімен сізден қылдым мен бір талап.
Барады күші жеткен Қағба-қажыға,
Болмаған бару парыз дәулеті азға.
Шақырған құзырына: «Сол келсін», – деп,
Шақырған не себепті Мағыражға?
Бір сөзге таласыпты төрт періште,
Қызметкер әрқайсысы әрбір істе.
Қыла алмай неше мың жыл мұназара,
Таба алмай басы қатқан ерте кеште.
Періште төрт Мұхаррап таласыпты,
Төртеуі төрт мәселе қарасыпты.
Мың жылда шеше алмаған сол мүшкілін,
Моллеке-ау, ақырында кім шешіпті?

Мәшһүрдің қайтарған жауабы:



Сұрадың бізден бір сөз, молда Жүніс,
Нұсқадан көргендіктен байқап дұрыс.
Қолқаңды пұлды қылып берейін деп,
Көңіліме жүрдім сақтап бір жаз, бір қыс.
Кеңестен қалмай тоқтап тіл байланбай,
Кешікті шешілуге ыңғайланбай.
Шөп пен су, қан мен жыннан қорытылып,
Сүт болу оңай емес жыл айналмай.
Ел кезіп диуанадай жүрдім ақтап,
Мас болып арақ ішпей сандырақтап.
Баласы бір Мақпалдың болғандықтан,
Ағанды көтересің мұнша мақтап.
Құдайдың мың шүкірлік бергеніне,
Қағазға қолым аттай желгеніне.
Қуандым лашығыма мен де сыймай,
Артымнан сендей іні ергеніне.
Кітаптан мен көргенді сен де көрдің,
Сен менің үлгі ізімді басып жүрдің.
Бір жерден екі көңіл шыққандықтан,
Мен көрген жерден өзің жазып бердің.
Сөйлеткен жастан тәңірім ғылым беріп,
Бұлбұлдай қызыл гүлді жүрмін теріп.
Сөз формын жұрт көзіне түсірейін,
Самарқан жібегіндей оннан өріп.
Көңілге ерте қонған сөздің ауылы,
Құлатпай таудан түскен қаулы.
Бұл сөзге сіз сұраған төрт періште,
Таласып неше мың жыл болған даулы.
Жүрген жоқ періштелер бекер ойнап,
Сүңгіген бұл дарияға әркім бойлап.
Шешуін бұл төрт сөздің таба алмаған,
Жанжал боп періштелер мың жыл ойлап.
Қағаз ақ болғанменен, сия қара,
Қаламсыз қылар оған бар ма шара?!
Періште төрт Мұхаррап бас қосқанда,
Төртеуі таласыпты Мұназара.
Бір Алла Мұхаммедтің нұрын қылды,
Фаламнан он сегіз мың бұрын қылды.





Артылып құдірет өзі барша жаннан,
Ғаламға оның көңілін артық қылды.
Ғаламға заһар қылып нұрын шашты,
Жәбірәйілдің Әзірейілден білімі асты.
Иншалла, оспадарлық болдырмады,
Еш мақұлық шайқамады бұған басты.
Көкке асты төрт періште басын қосып,
«Шешілсе кәне бізге бұл сөз», – десті.
Әкелсе ықтиярсыз тәңірім айдап,
Ділгер боп сұрар едік жолын тосып.
Құдайдың құдіретіне жақын Ұлы,
Жаратқан бізден артық әлбетте оны.
Бас қосқан төртеуіміздің ортамызға,
Тілейді: – «Бір келтір, – деп, – Тәңірім соны.
Бұл сөзді шын тыңдаңыз, салып құлақ,
Келеді тыңнан саулап жаңа бұлақ.
Шақырды сый құрметпен Жәбірайылдан,
Сүйікті қылу үшін достым, қонақ.
Балқытты қорғасындай басса тасты,
Жеті қат көк қуанып, қойнын ашты.
Дұғасы періштелер қабыл болып,
Мұхаммет хақ пайғамбар Мағыраж асты.
Қарады қор қыздары қағып қасты,
Бұлардан өте берді бұрмай басты.
Пәктік пен мейірімнен жаралған хақ,
Құдайға ықыласпен жақындады.
«Сапа қып әуел бастан жүрдім, – дейді, –
Ішіне шымылдықтың кірдім», – дейді.
«Естіген өз аузынан бұл сөз анық,
Бетпе-бет айқын анық көрдім», – дейді.
«Пердесіз ашты құдірет дидар жүзін,
Айтатын тыңдағанға әңгімесін».
«Я, Хабиби, Мұхаммед, білемісің,
Дауласқан періштелер жанжал сөзін?!
«Маған керек өзіңнің сөзің, – дедім, –
Есіл-дертім өзіңнің жүзің, – дедім, –
Сіз тұрғанда қалайша білем деймін,
Баршадан артық білген өзің», – дедім.



Кигізді лағы мардаж Лаулақ тонын,
Көрсетті тура бастап барар жолын.
Жұлын тұта қос жауырын ортасынан,
Тигізді мейірмандық құдірет қолын.
Денеме құдірет қолы тиді жарып,
Еттен өтіп, сүйекке жетті барып.
Екі емшегім арасы мұздай болып,
Қолқа жүрек кеудемді түгел жарып.
«Бойыңа зор жақсылық кірді, – дейді, –
Шешерін жетпіс екі тілді, – дейді, –
Немене періштелер жанжал сөзі,
Көңіліңе қонды ма енді айтшы!», – дейді.
«Дәл болды айтқанындай пәлі, – дедім, –
Сұрасын енді менен қане, – дедім, –
Аппақ қып су мен сүтті айырғандай,
Берейін түгел шешіп кәне», – дедім.
«Біреуі кінарат тұр таласының,
Бәрі қамы адамзат баласының.
Таратып мұны орнына қолмен қойып,
Жанжалын тыныш қылшы арасының.
Бұл өзі болған бұрын әңгіме көп,
Таласқан періштелер бұл сөзге көп.
Сөзінің болған тартыс ахуалы ол,
Дәреже артылады неменең», – деп.
Құлақтың қарны жоқ сөзге тояр,
Білген жан сөз мәнісіне құлақ қояр.
Сөзінің сұрайтұғын біреуі бұл,
«Пәнденің не нәрсе, – деп, – басын жояр?».
Иншалла, болар рауан барша қажет,
Құдайға кім жыласа қылып мінежат.
Сөзінің болған талас біреуі бұл,
«Пәнделер табады, – деп, – немен нажат?».
Алла айтты: – «Я, Мұхаммед айттың жөнін,
Мағжат тауып айттың сөздің шынын.
Сөз еді көптен көзге түспей жүрген,
Жалаңаш қылыштайды жанға қынын».
– «Ал енді, періштелер, басыңды қос,
Қонаққа келді бірге сүйікті дос.





Алдынан жолын тосып, жолығындар,
Алтыннан ағып келген құр қалмай бос.
Тігіп тұр жол үстіне көздеріңді!
Берік тұт бекем ұстап өздеріңді!
Шешетін сөз мәнісін ыспар келді,
Сұрай бер қапы қалмай сөздеріңді».
Бұл сөзбен төрт періште қосты басын,
Көргелі тамаша етіп дүрдің тасын.
Алдынан әдеппенен сәлем беріп,
Баршасы бірдей қойып ықыласын.
Исрайыл сөз қозғады әуел бастан,
Кетпейін керек жерін айтпай тастап,
– «Кіпіратқа саналмаған не нәрсе? – деп, –
Көңілінде сұрап сөзін айтты ойқастап.
Қылмайды еш нәрсені пәнде біліп,
Қаларын және білмес неден өліп.
Пәнденің тәкаппарлық несі бар?» – деп, –
Күнәсін быт-шыт қылып кетер үзіп.
Пайғамбар айтты: – «Әрқашан құдай жар-ды,
Қылады Құдай оңай қиындарды.
Кіпарат көп күнәға болатұғын,
Қалдырса тәңірім бастап үш сый бар-ды.
Біреуі – таһараты кәміл болса,
Жер баспаса тәртіпсіз жүрсе-тұрса.
Көп масағадат қылған тәһратын,
Ойынан кетіргесе, күйсе-жанса.
Құдайды шын ықыласпен көңіліне алса,
Болса да барар жері алыс қанша.
Оқумен түн намазын дамыл алмай,
Жамағат намаз үшін мешіт барса.
Мешітке елден бұрын барса жетіп,
Уақыт кетеді деп есі кетіп.
Тырп етпей намаздыгер оқыған соң,
Сарғайып намазшамды алса күтіп!
– «Тәмам болды мұнымен бұл сөз енді».
Өтер істен өтіп ап таптық шынды.
Өз сөзін ойындағы айтпақ үшін,
Фазрайыл дайындалды періште енді:



«Әркім өзім білем деп қылар бір іс,
Қайсысы оң, қайсысы болар теріс.
Біліп істер пәнденің бір ісі жоқ,
Бұл жалғанның ісі еді-ау жанжал керіс.
Жүзіңізді көрген соң қалдық тойып,
Не шықса да аузыңыздан, құлақ қойып.
Айтыңыз қандай нәрсе әшкере қып,
Пәндесін білмес істе кетер жойып?».
Пайғамбар айтты: – «Әрқашан білу қиын,
Надандар өз басының білмес сыйын.
Залалдың пайда менен білмей парқын,
Бас қосар бір араға қылып жиын.
Пір болып, басшы болып бастаса жол,
Пір тұтып, берсе тегіс жұрт оған қол.
Болғанмен жұртқа кепіл ісі болмай,
Ол өзі болып жүрсе нәпсіге құл.
Соңынан ерсе жұрттың кәрі-жасы,
Шұлғысып, қол құсырып тұрса басы.
Болғаны жұртқа кепіл ісі болмай,
Әр жерде болып даяр сұмдық ісі.
Дәнеме білмеген жан мұңлық, – дейді, –
Табылған сөзге тоқтап тындық», – дейді.
Бұл сөзді айтып Ғазрайыл кейін қайтты,
«Алтын болсын, сөзіңізге құлдық», – дейді.
Хазырет Мәкайыл жақын келді,
Міне, жаңа көрдік деп сөйлер сөзді:
«Табылды кіпараттың әбден шыны,
Дәреже артылады немен?» – депті.
Адам дария болады жүруменен,
Шеберлігін Құдайдың көруменен.
Дәреже артылады өлшеусіз боп,
Қолы ашық әркімдерге беруменен.
Жаза берсе сөз болар жоқтан-бардан,
Сөз сұраған Жәбрайыл пайғамбардан:
Не нәрседен сұрауды білу үшін,
Пәндесін құтқаратын қиындықтардан.
«Нәпсісін өзі билей жерді басса,
Отқа түсер орнынан аулақ қашса,





Жұрт көзінше Құдайдан қорықса қандай,
Оңашада қорқыныш онан да асса.
Ел билеген ісі болмас қарын тоқтың,
Отындық болмаймысың болсаң оқтық.
Құдай үшін құлшылық болса, мырза,
Көңілінде бірдей болса барлық, жоқтық.
Ашу билеп ажары бұзылмаса,
Елірмесе, есіріп шатлыққа аса.
Мақтау, боқтау – бәріне бірдей шыдап,
Ашуынан сақтанып тұрса оңаша.
Қасқайып мейман көрсе, көрсе қасын,
Шуласып, қол қусырып тұрса басын.
Бергенге беру деген әркімде бар,
Бермегенге көл-көсір қылса асын.
Ләкінде қылса Тәңірім, бар ма шараң,
Не пайда болғанменен мың сан қараң?
Пәленің бас жоятын қақ маңдайы,
Бай болып дәулеті мол, болса сараң».
Пайғамбар қиын сөздің кілтін ашты,
Шат болып баршалары таңырқасты.
Сөзінің Пайғамбардың шындығына
Құдайым – өзі құдірет мойындасты.
Дарытқан құдірет қалам бармағыма,
Ілінген дүрдің тасы қармағыма.
Шешуі бұл төрт сөздің болсын себеп,
Мағражға хақ Расулдың бармағына.
Қырық түрлі себеп жазған Сияр Шәріп,
Тәмамдап бәрін оқып көрдім анық.
Өзімнің ұстағаным осы болды,
Көрінген нұсқасынан жазып алып.
Көрінген сонда түгел көзге түсіп,
Дауласқан періштелер сөзін шешіп.
Сөз қылып барды-жоқты шата берген,
Демеңдер әуре жан ғой Мәшһүр Жүсіп.
Қарық болдым мен күнәға бата-бата,
Көп қылды өтірік мақтан жұрт михаба.
Аламын білместікті мен мойныма,
Сөзімді білмей айтқан болса қата.



Атамыз Әбіл – Башар адам ата,
Әрқашан адамзатта болмақ қата,
Көңілге түйіп айтқан жақсы сөзім,
Қылыңдар естіген жан маған бата

6 қыркүйек 1986 жыл

Кедейдің мән шықпайды саяғынан

Кедейдің мән шықпайды саяғынан,
Байлардың әккі болған таяғынан.
Аяғын бірі ілгері қадам басса,
Алады екіншісі аяғынан.
Бұл күнде қанша ойласаң келмейді епке,
Жалпақтап жағу қиын көпке.
Сиырға қант пен тоқаш қанша төксең,
Жүгіріп кетіп қалады сабан шөпке.
Дүниенің көз салмаңдар бар, жоғына,
Бірдей бол, келсе шамаң, аш, тоғына.
Шыбынды қантқа қонған байқап тұрсаң,
Кетеді жерік асы – ат боғына.
Үрген қуық секілді жұрттың басы,
Қабыл болса жарар еді көздің жасы.
Таққа мініп астына тақ қойғанмен,
Иттің кетпес ойынан жейтін асы.

Мәшһүрдің жұмбағы

Саған тауып берейін бір ермекті,
Бір қатын ертіп келді он еркекті.
Бір қатын жүргенлігін ерсі көріп,
Қатыннан сөз сұрайды жөн білмекке.
«Байғұс-ау, ертіп жүрген бұларың кім,
Жүрмегің жат ерлермен болмай ма мін?».
Жігітке өз жауабын қатын айтты:
«Жайым сұрап сөксеңші мені де сен.
Бұлардың мен айтайын мәні-жайын,
Төртеуі інім болғанда, бірі – байым.
Бесеуі сатып алған құлдарым дүр,
Бәріміз – бір туысқан, бірі – ағайын».
Бұл сөзді жігіт естіп, қалды қайран:





«Он бірің бір атадан тудың қайдан?
Сұрамақ сүннеті ғой пайғамбардың,
Жайыңды айтып ұқтыр, әй Күландам».

Шешуі:

Жігітке қатын сөйлер жауап қатып,
Бір күнді алты ұлымен алдым сатып.
Біреуін жақсы көріп азат қылып,
Шариғат Хұқыменен тидім барып.
Ол күнді әкем алды неке қиып,
Алған соң төрт ұл тапты тәңірім иіп.
Төртеуі маған енді іні емес пе,
Басында ұрыстың ғой маған тыйып.
Солардың төртеуі – іні, бесеуі – құл,
Шешесін әкем алған болмай ма ол.
Бәріміз бір кісіге бала болдық,
Ұрыссаң да мен бірігіп жүргенім – сол.

Мәшһүрдің Тайкелтір биге шығарған өлеңі

Сөйлер бір қызыл тілім аманында,
Тыңдауға болар жақсы, жаманын да.
Қазақ та аз күн қызық көріп еді,
Едіге, Шоң, Торайғыр заманында.
Секербай, өтіп кеткен кеше Боштай,
Көрініп ғайып болған ұшқан құстай.
Жел сөздің тәңірім берген арқасында
Сайрайын бір азырақ тоты құстай.
Алшынбай Қаракесек – бұлар да өткен,
Керейде Тұрлыбектей сабаз өткен.
Ыбырай Жайықұлы ел Қыпшақтан,
Мұсаға Шорманұлы ажал жеткен.
Өтеуден шыққан кеше би Үкібай,
Кім бар қалған қазақта енді сондай?
Қазақ аты өшкенше оты сөнбей,
Алыс қылсын алапатын патша Құдай.
Бұлардың болғандығы бәріңе аян,
Деп пе еді: «Бұл жалғаннан, – олар, – таям».
Айтқожаның айтқаны тура келіп,
Құрт-құмырсқа, арты болған бақа-шаян.



Бұлардың бәрін жұтқан мынау заман,
Сөйлеуге шежіресіз келмес шамам.
Ержен хан өзі түсіп, тағын беріп,
Тайкелтір Ташкентке хан болған бабам.
Бесқозы бәйбішеден бұлар туған,
Қай жерде кемдік болса, мұны қуған.
Тайкелтір бір анадан туып жалғыз,
Қайтеді туысқаннан көңілі суыған.

Арақ ішкендердің қабірден тұрғаны

«Қабырдан тұрар, – дейді, – арақ ішкен,
Салбырап барлық тілі жерге түскен.
Жүзі қара, көздері шағыр болған,
Иісі сасық болар өлекседен».
«Шұбырып жүрер, – дейді, – сілекейі,
Тіл салақтап көрінер көмекейі.
Қанды ірің, аузынан сары су ағып,
Барша жаны көрініп сүмектейді».
Өзі мас, жүре алмайды тәлтіректеп,
Аузына тілі сыймай, көзі алақтап.
Бір ішім шөлдегенде суға зар боп,
Қаранып сол жағына тіл жалақтап.
Байланған бөтелке бар мойнындағы,
Ұстаған стақан бар қолындағы.
Періште бұл сипатпен айдайды екен,
Көрген жан лағнат айтар жолындағы.

Мәшһүр Жүсіптің насыбай жөніндегі жауабы

Бәсентиін Қазанғаптың Исасына насыбай жөнінде қайтарған жауабы:

Күш – атта, ақыл – аста, сөз – малдыда,
Ақыл, ынсап, ар-ұят жоқ жарлыда.
Парыз, уәжіп, сүннәтті түгендеп,
Жалғыз-ақ насыбай деген сөз қалды ма?!
Ауызға тигізбеймін сары майды,
Сүт құймай, құр ішемін қара шайды.
Алданыш онан басқа еш нәрсе жоқ,
Тастаймын тіл астына насыбайды.





Шүкірлік бергеніңе құдай патша,
Он бесте жеке шаптым жүйрік атша.
Бір күні ұйықтап жатқан мезгілімде
Көңіліме оқу толды жазған хатша.

14 қазан 1986 жыл

Мәшһүр Жүсіп ел аралап келгенде

Бөгембайдың елін аралап келіп, көрген-білгенін Қанжығалы Қамар Жапарға айтқаны:

Бастайын бісмиладан сөздің басын,
Екі елу, он бес дейді ердің жасын.
Имансыз ғылымдыға қас болады,
Айтайын соның біраз хикаятын.
Жүреді имандысы ғылым тартып,
Дүниеге бір өлген жан келмес қайтып.
Төкаппар Мінәпақтың ғаламаты,
Білдірген Алла Тағала құранда айтып.
Дін күткен ғылымдағы болған жақын,
Біреудің борыш көріп алмас хақын.
Жасынан жүрген-тұрған әңгімесін
Қисса қып сөйлей берген Мәшһүр ақын.
Ақындық келе жатыр шыр айналып,
Айтуға бір әңгіме ыңғайланып.
Кеңестен Мәшһүр Жүсіп тоқтай қалмас,
Қалмаса жақ қарысып, тіл байланып.
Бәйгеден күнде келер қырғын көкпін,
Сұрасаң руымды, Сүйіндікпін.
Болаттан ағып түскен құрыштай-ақ,
Баласы Құлболдының нағыз текпін.
Ұстазым – молла Қамар сабақ алған,
Көңіліме ілһам нұрын төңірім салған.
Жиырма тоғызымда ғылым іздеп,
Мен едім михнатшыл Бұқар барған.
Жасымда баһар алдым ғылым халдан,
Ерлерден шарапатты пайдаланған.
Дуасы ұстаз пірдің қабыл болып,
Күннен – зарра, теңіз (ден) қатыра тамған.
Барып ем әулиелер мазарына,



Құрылыстан Мазар Шәріп базарына.
Көрінген пақыр, тақыр адам едім,
Ерлердің қасиетті назарына.
Сөйлеткен жастан тәңірім тәлібімді ашып,
Аралап Орта жүзге үлгі шашып.
Мақтану надандарға дұрыс екен,
Сонымен бір аз ғана кеттім тасып.
Жоқ болған қанша айтсақ та бізден білім,
Жасымнан Алла берген біраз ғылым.
Ғылымның аз да болса арқасымен,
Сөйлеген еркелетіп қызыл тілім.
Жасымнан таныс болдым хан, қараға,
Самарқан, Қоқан, Ташкент, Бұқараға.
Айтудан ғылым жолын жалықпадым,
Барсам да ойға-қырға, қай араға.
Өлеңті қоныс қылдым бір жыл қыстап,
Жасымнан қағаз жаздым қалам ұстап.
Жүргенім қалайда да жұрт білсін деп,
Қағазбен кетуші едім бір із тастап.
Күн жылы, заман жақсы, жер қара еді,
Бауыры Ерейменнің айдала еді.
Бөгембай, Қамар, Жапар барайын деп,
Ал енді Мәшһүр Жүсіп ойланады.
Өлеңті айналасы мидай дала,
Өлеңге ақын Мәшһүр болған дана.
Ереймен ту сыртымнан тұрғаннан соң,
Сол жерді тау екен деп көрдім пана.
Шықтым да жұма күні тұзға қондым,
Есіркеп, Сәрсенбайға бір күн қондым.
«Бір жылқы жолыңызға дұға», – деді,
Риза боп ықыласына онан жүрдім.
Қажы деп барып түстім Өтебайға,
Отырдым зорға тоқтап ет пен шайға.
Аулынан аттандырып шығарып сап,
Демеді пәлен-түген қалды жайға.
Қазымбет, Боқтай орны қондырмады,
Тұмақбай мылжың сөзге болдырмады.
Бес кезден бақан аттап, ит ырылдап,





Ералы қондырғанмен оңдырмады.
Ереймен тау екен деп бара көрме,
Қарата Бөгембайға енді жүрме!
Сайтанның ұя салған белгісі бар,
Бұл жерден қаш, олардың жүзін көрме.
Үйінде Саққұлақтың отыр қожа,
Басы бар қалтақтаған соқыр қожа.
Арба салған сиырдай соқтығады,
Сірә, дені сау емес қотыр қожа.
Қол беріп амандаспай тартты бойын,
Бермеді жылы шырай ашып қойын.
Бақасты сынағандай мені көңілі,
Қалтақтаған басынан білдім ойын.
Арамза, аңқау молда елге заман,
Алып келді бір молдасын ертіп маған.
Бір жүз елу теңге ақша борыш басып,
Жүр екен зекет жиып менен жаман.
Молдасы бишаралау жуас екен,
Әр жерде бала оқытып қылған мекен.
Соқыр қожа дегенім көзі қисық,
Іздеп барған мырзамның дәл өзі екен.
Танимын қайдан оны, көргенім жоқ,
Келмеген жақсыларға келбеті көп.
Құсайынның үйінде жүретұғын,
Ойладым сол баяғы Көтей ғой деп.
Жұпардың үстіндегі ескі тоны,
Киіп жүр әлдеқандай көріп соны.
Астынан ат-тұрманын ұрлатыпты,
Көрінді тым-ақ жайсыз пішін түрі.
Аласа Нұралы еді кешегі өткен,
Анадан сәтті күні туып біткен.
Саққұлақ Нұралымен қабат өліп,
Аруағы Бөгембайдың бірге кеткен.
Байлаусыз, тым-ақ пысық, құрғақ сөзге,
Сый қылды естуменен бір түн бізге.
«Мияу» деп мысық тумапты, «шәу» деп күшік,
Туыпты есіл ерден жоқтан өзге.
Кешегі ескі орын деп іздеп шықтым,





Талайдың албастысын көріп соқтым.
Ырылдап сол бетіңнен қабатұғын
Кісіге бұл сапарда мен жолықтым.
Аулында Төкенбайдың үш күн жаттым,
Бұйрықты әрбір жердің дәмін таттым.
Жылқыбайдың баласы бәрі мырза,
Қиқымы қанша айтса да асыл заттың.
Жақсысы Бөгембайдың майданда екен,
Қойылтқан қойдың сүті айран екен.
Біз көрдік Саққұлақтың Ералысын,
Шайқалған миы су боп айналма екен.
Тұңғиық, түбі жоқ су, үйірім жардай,
Деуші едік көрмеген соң алда қандай.
Көргенде әр молданы әдеті екен,
Бұрыннан кісі өлтірген кегі бардай.
Ол бұрын Тоқмұхаммет барған екен,
Оған да шаппашотты салған екен.
Үйінде Тұманбайдың кәрі Жәкі,
Ортаға кеу-кеулесіп алған екен.
Бас қосып Кәрі Жәкі құтырыпты,
Үндемей қайтсін, жалғыз отырыпты.
Жауабын надандардың сөкет көріп,
Үндемей жан сауғалап құтылыпты.
Бірі бай – Ерейменнің, бірі – мырза,
Іс қылды, естуменен болдық ырза.
Ат-тұрманын ұрлатып жүрген елден
Ат көлігің аман қайтса, ол да олжа.
Еш білгіш өздерінен өтпейді екен,
Қадырына асыл сөздің жетпейді екен.
Кітап, құран түспеген ел сияқты,
Қожаны молдаменен күтпейді екен.
Жер екен дуасы жоқ Ерейментау,
Жігіті болады екен молдамен жау.
Өзі де болмаған соң соның бірі,
Жоқ жерден табады екен қисынсыз дау.
Ауыртар адам басын жоқты сұрап,
Бір көзін ашып, бір көзін қысыңқырап.
Дуадан өзі махұрым қала берер,





Барады өзге жанның несі құрып.
Біз көрдік Қамар, Қапар, Бөгембайды,
Қылмаған беріп әдет қой мен тайды.
Онысымен және қоймай дауласады,
Жарандар, көріп пе едің осындайды!
Бастаған мені солай құдай ма, адам?
Бұйрықты тататұғын болған тағам.
Қоржынкөл, Майкөл деген жер көрінсе,
Иншалла, тірі болсам, баспан қадам.
Баянаула қойсайшы жердің атын!
Құлболды, Қаржас қойсайшы елдің атын!
Таудың атын Қызылтау, Далба қойып,
Шыбындыбатпақ қойсайшы көлдің атын!
Өлеңті, Шідертіні елім жайлар,
Көкорай шалғынына бие байлар.
Қыдырып зекет үшін жүрген болсам,
Халқымда неше түрлі құтпан байлар.
Әкімбек, өз табымда Молдабайым,
Жылына беріп тұрар сол бір тайын.
Ақылбек бір жылқыдан бас бұрмайды,
Және бар Тайшық пенен ол Ноғайым.
Қозғанға Бекқұл менен Қабыл орны,
Дүйсекей сол Күреңбай ескі қоры.
Бәрінің ортасында жүргенімде,
Болады енді Мәшһүр кімнен сорлы.
Құсайын, Темірболат Айдаболда,
Неше жыл бала оқытып тұрдым сонда.
Бір жылқым алатұғын дайын еді,
Жылында Құсайынның мойнындағы.
Қаржаста теп-тегіс ол Шорман орны,
Жігіті ылғи мырза, өңкей нұрлы.
Баршасы құрметтеумен тұрғанында,
Жүргенім басқа жаққа келмеді орны.
Мақан бар сол баласы Ордабайдың,
Қызығын көрдім талай қой мен тайдың.
Мырзаға қандай десең қосылады,
Баласы Ақтай болыс Барлыбайдың.



Елімде сондай-сондай мырзаларым,
Гүл екен бозбалаға менің барым.
Шет қонып, қиыр жайлап жүргендігім,
Азырақ болғаннан соң көңілім жарым.

Қозыбай мен Бекболат

Уақ Қозыбай жер аударылып, Семей еліне барып, аға сұлтан Бекболаттың қолында тұрады. Сонда Қозыбайдың көңілін аулап, бір мәжілісте Бекболат былай деген екен:

Еліңде жақсы көп болса, пайдасы тиер,
Содырлы, сотқар көп болса, найзасы тиер.
Қоғамшыл, кең қолтық болсаң, халқың сүйер.
Жақсыға жаманнан кесір,
Ішінен жақсы кетсе, ел жесір.
Өзіңе жамандық қылған пендеге
Жібектей болып есіл.
Қисық ағаш тезінен мұқар,
Асқынған дау сөзінен мұқар.
Жақыннан шыққан жау жаман,
Алмас қылыш өзінен мұқар.
Жаңылмас жақ болмас,
Сүрінбес тұяқ болмас.
Ер жігітке еңбек ар емес,
Оны көтермеген нар емес.
Жігітке серуен де серуен,
Сергелден де серуен.

Уа, Қозыбай, дәм-тұзыңды бізден жазсын, топырағыңды жеріңнен жазсын! Қозыбай үш жыл жүріп, күні бітіп, еліне қайтарында Бекболатқа келіп:

– Уа, би аға, сіздің ел жақсысы мені бұл елден кетпестей көріп еді, өз елімнің жақсысы қайтып келместей көріп еді. «Кесулі күн, кесілген ет» деген ғой, міне, күн біткен сияқты, ұлықсат етіңіз, – деп қоштасып кетіпті. Қозыбай еліне келген соң Бекболаттың жалғыз баласы қайтыс болды деп естіп, «бір кезде пана болып еді, бата қылып көңілін көтерейін» деп іздеп барыпты. Барса Бекболат бірсыпыра кісімен жиналып отыр екен. Қозыбай амандық-саулықтан кейін:





– Өлім – бір асқар Алатау,
Бауыры бүтін, бар ма сау?
Пұлсыз берді, құнсыз алды,
Айтарға оған жоқ қой дау.
Ақсұңқар ұшса, тұғыры қалады,
Қалың қау күйсе, түбірі қалады.
Ақыры бар істің арты оңалады.
Ақсұңқар тұғырдан ұшты,
Салмағы сізге түсті,
Бәрінен Алланың әмірі күшті.

Уа, би аға, аяулы көңіліңізге қаяу түсті, ақыры қайырлы болсын, –
деп көңіл айтыпты.

Байдалы бидің сөздерінен

Ауру көңілін кім ашар?

Байдалы бидің Уәли төренің көңілін сұрағаны:
Ауру көңілін кім ашар?
Хал сұраған теңі ашар.
Ер жігіт көңілін кім ашар?
Көркем сұлу, сүмбіл шаш,
Қара көзді, имек қас,
Жарқырап тұрған жар ашар.
Баланың көңілін кім ашар?
Алдындағы қаттасы,
Артындағы панасы,
Ата менен ана ашар.
Аттың көңілін кім ашар?
Күніне жеті қараған,
Жал-құйрығын тараған,
Баптай мінген ер ашар.
Жақсылық пен жамандық
Бәрі хақтан болған соң,
Шүкірлік қылған жарасар.



Байдалы бидің Айғанымға айтқан көңілі

Уәли хан қайтыс болғанда ханның ханымы Айғанымға Байдалы би көңіл айта келіп айтқаны:

Ер қартайды, мал тайды,
Қара көзден нұр тайды,
Екеуледі, ей, ханым!
Мініп келер белді ат жоқ,
Еріп келер жолдас жоқ,
Үшеуледі, ей, ханым!
Келін шайпау, ұл тентек,
Толып жатыр кем-кетік,
Төртеуледі, ей, ханым!
Етік тозды, ұлтан жоқ,
Қадір білер сұлтан жоқ,
Бесеуледі, ей, ханым!
Қажыр қайтты, күй тозды,
Басқа тігер үй тозды,
Алтаулады, ей, ханым!
Айта берсем, қапам көп,
Жағасы кірсіз шапан жоқ,
Жетеуледі, ей, ханым!
Келмеймін деп жүргем жоқ,
Келгендер көп берген жоқ,
Мен келдім, Уәли келген жоқ,
Сабыр қылыңыз, ей, ханым!

Жұпар ақын мен Сағал мырза

Жұпар ақын Тарақты Сағал мырзаға мақтау өлең айтқан екен. Сағал мырза ат пен шапан беріп отырып:

– Енді мені жамандашы, қалай деп жамандар екенсің, бағанадан бері мақтадың ғой, – депті. Сонда Жұпар ақын:

Көктің көлі байлаулы биесіндей,
Бақа, балық Бекбаудың түйесіндей.
Әкең Кәртай балыққа қақалғанын

Ұмытпасаң, Сағалжан, білесің ғой, – дегенде Сағал: «Тоқта, ақын», – деп, тағы бір ат, шапан беріп:

– Бұл сөзді бұдан былай айта көрмеңіз, – депті.





Байсын мен Байжан

Бірі соқыр, бірі таз Байсын, Байжан дейтін екі би бір күні қартайып отырған Досбол биге барыпты. Амандасып, қона түстеніп отырып:

– Уа, қарт, заманыңызда аузыңызбен құс тістеген халықтың ардагер жүйрігі едіңіз, енді қарттық жеңді, бұрынғыдай самғап ұшқан күніңіз жоқ, кәрі қойдың жасындай жасыңыз қалды, төріңізден көріңіз жақын, бұл дүниеден не көрдім деп барасыз? – деп сұрапты. Досбол ақылымен емес, малдың арқасында атқа мінген Байсын мен Байжанды жек көреді екен, оның үстіне өктемсіп сөйлеп, «Төріңізден көріңіз жақын» деген сөзі көңіліне ауыр тиіпті, сонда да былай деп жауап беріпті:

– Е, шырағым, Байсын мен Байжан! Мен не деп барар дейсің? Баяғы ардақты ерлерге қонатын бақыт құсы енді қара шыбынға айналды, ұшып таздың басына, соқырдың көзіне қонатын болды деп барамын-дағы, – дегенде екі би үндей алмай, үйден шыға жөнеліпті.

Мәлике қыз бен Ғабдұлғалым қысасы

Бұрынғылардан мынау төмендегі рауат қалды. Ұрым шаһарында Мәлік деген бір падиша бар еді, ұлы, қызы жоқ еді, Қағбаға барып: «Я, Алла, маған бір перзент бере гөр!» – деп тілепті. Алла дұғасын қабыл қылды, бір қыз бала берді, атын Мәлике қойды. Өзі жомарт, өзі көркем, өзі ақылды, өзі зерек болды. Бұл шаһарда мұнан асқан адам болмады. Өте данышпан болды, жиырма жасқа толғанша оқыпты, барша ғалымдардан дәріс алыпты. Падиша бір күні Пайғамбарға кісі жіберіп:

– Менің бір ғазиз қызым бар, жұртшылыққа, кісіге берейін, – деп ұрықсат сұрапты. Пайғамбар:

– Неқақ – менің сүннетім, – деп жауап беріпті. Бұдан кейін падиша қызына:

– Пайғамбардың хадисі бар, «Неқақ – менің сүннетім, әркім менің сүннетімді орындамаса, ол адам менің үмметім емес» деген, сондықтан некеге отырғаның жөн, – депті. Қыз әкесіне:

– Қашан некеге отырғым келсе, өзім сияқты ғалым болса, сол уақытта ғана сүннетін орнына келтірейін, – деп жауап қайтарады. Әкесі қызының жауабын естіп, бірақ жұмысбасты болып, қызына



басқа сөз айта алмапты. Біраз уақыттан кейін қыздың әкесі қайтыс болып, оның орнына қыз патша болыпты. Таққа отырып, ғалымдарды жинап, үкім қылады:

– Кімде-кім жүз сұрағыма жауап берсе, мен оның неқағында болармын. Мейлі падиша болсын, мейлі пақыр болсын, не жай адам болсын, мен сол адамға күйеуге шығамын, – депті. Бұл сөз барша ғаламға тарап, әр шаһардан, әр уалаяттан Мәликенің сұрағына жауап бермекші боп келе бастайды, Мәлике: «Сұрағымды тапсаң – құтылдың, таппасаң – тұтылдың» дегеннен кейін адамдар жауап бермекші болып жазыла бастайды. Біраз данышпандар жауап бере алмай дағдарысқа ұшырайды, қыз үкім шығарып, жауап бере алмағандарды дарға астырып өлтіре бастады. Сонда Хазырет Ғалы бұл құранның аятымен бекіткен хадисті оқып: «Яғни, әркім өз халін білмесе, халақ болды», – дейді. Бұл Түркістан уәлаятына жетеді. Түркістанда бір ғалым бар еді, ол ғалымның аты – Ғабдұлғалым, бұл ғалым оны естіп Ұрым шаһарына келеді. «Түркістаннан бір ғалым келіп тұр» деген хабар Мәликеге жетеді. Мәлике алдына шақырып алып:

– Не жұмыспен келдіңіз? – деп сұрапты, ол:

– Сұрағыңызға жауап бергелі келдім, – депті. Қыз:

– Ей, жігіт, сен сияқты көп жігіт өлді, сен де өлерсің, қой, бұл пиғылдан қайт, өзің қайдан келесің? – депті. Жігіт:

– Мен құранды көрдім, атаның белінен, ананың құрсағынан келемін, – дегенде, қыз: «Дәлел керек, – дейді де, – қайда барасың?» – деп сұрайды, оған жігіт:

– Ләмақанға барамын, – деп жауап береді.

– Қайда тұрасың?

– Көрстанда тұрамын, жерге кіруге, – депті жігіт. Сонымен жігіт қыздың жүз сұрағына мүдірмей жауап береді, соңында қыз:

– Ұстазыңнан садаға кетейін, – деп орнынан созылып түрегеліп, ғалымға тағзым етіп бас иеді де:

– Енді мен сенің неқағында болдым, – дейді, Түркістанды Ғабдұлғалымға береді, Ғабдұлғалым Түркістанға падиша болды, неше күн ойын-той өткізіп, бұлар мұратына жетіпті.

1 қазан 1986 жыл, түнгі сағат 12





Сұлтанмахмұт Торайғыровтың жазған балалық шағы

Мен – бала, мейірімді ана құшағында,
Ақ мамасын сүйемін, құшамын да.
Алтын ана жек көрер дәрмені жоқ,
Былғанам ба, мейлі құсамын да.
Балалық, сенен артық күнім бар ма?
Бала күнде бойымда мінім бар ма?
Бәріне жетем деймін, алам деймін,
Тоқтайтын жас қиялда тыным бар ма?
Балаға жоқ көрінер бай мен кедей,
Сүйеді жақсы, жаман, надан демей.
Күнә, сұмдық дегенді ол білмейді,
Айырмасыз ер-әйел – бәрі бірдей.
Жақсы, жаман деп білмес алалауды,
Ақ жауып жаланы, қаралауды.
Өмір, өлім не нәрсе – ол білмейді,
Ол білмейді бақ, күндеу мен табалауды.
Қайғы, қызық не нәрсе дәмін білмес,
Байлық, бақыт дегенді көзіне ілмес.
Жақсы, жаман сөздердің парқын айырып,
Не десең де таңданып құлақ түрмес.
Шіркін-ай, балалық шақ, өтесің-ау,
Артыңа қайырылмастай кетесің-ау.
Жігіттікті кәрілік басып озып,
Ажалдыға кешікпей жетесің-ау.
Қызықты, қайран өмір, өтесің-ау,
Алдыңнан ажал түсіп, кетесің-ау!
Туғанда қызықтаған қайран жанды
Бір күні тумағандай етесің-ау!



Торайғыр бидің толғауы

Бұл дүниенің баласы

Алды-артыңа қарашы:
Ата-анаңның ақылы,
Қазылған қара жолмен тең.
Ағайының көп болса,
Ұлы әскер қолмен тең.
Қарсы келген кәрілік
Жайып қойған тормен тең.
Жақсы болса алғаның,
Жұмақтағы хормен тең.
Байларда қайыр жоқ болса,
Шөпті, сусыз шөлмен тең.
Жақсы ағаң бар болса,
Алдыңғы асу белмен тең.
Саясы жоқ бәйтерек,
Қайырып салса – ақ сұңқар,
Қаз ілмесе – қарғамен тең.
Жақсылардан сабақ ал,
Алуа шекер балмен тең.
Пайдасыз байға жалынба,
Асау семіз малмен тең.
Еліңде болса жомарт бай,
Қарындағы маймен тең.
Кей адамның мінезі –
Жарлы да болса баймен тең.
Кей адамның баласы
Ақылды болса – данасы.
Көкірегі саналы,
Бұлтсыз туған аймен тең.
Кей адамның баласы,
Бойында ақылы болмаса,
Ербиіп тұрған бір байғұс
Өлі жүнді таймен тең.



Көп жаманның ішінде
Бір жақсысы болмаса,
Қарап тұрсаң халқына,
Серкесі жоқ қоймен тең.
Жақсының айтқан ақылы
Гауһар шырақ шаммен тең.
Жақсының берген үлгісі
Сарғая атқан таңмен тең.
Жамандар тыныш жүрмейді,
Айтар сөзін білмейді.
Ұлық алдына келгенде,
Ажалы жеткен аңмен тең.
Атадан жақсы ұл туса,
Айналасыз бір туса,
Жақсыны жалғыз деменіз,
Бір боп туса онмен тең.

Жанқұтты шешен мен Абай

Жанқұтты шешен, руы – Қаракесек, бір бас қосқанда Абайға төмендегідей сұрақ қояды, Абай қолма-қол жауа беріп отырады.

Жанқұтты: Адам неменеге сүйенеді?

Абай: Адам үмітке сүйенеді.

Жанқұтты: Көздің көрмесі бола ма?

Абай: Көз қабағын көрмейді.

Жанқұтты: Шам жарығы түспесі бола ма?

Абай: Шам жарығы табағына түспейді.

Жанқұтты: Болат пышақтың кеспесі бола ма?

Абай: Болат пышақ өз сабын өзі кеспейді.

Жанқұтты: Дүниеде өз тамағына тартпайтын мақұлық бола ма?

Абай: Болмайды.

Жанқұтты: «Осы айтылған сұрақ пен жауапты өлеңге айналдыршы» – депті, сонда Абай бөгелместен:

«Сіз сұңқар самғап ұшқан қиядағы,

Талпынған мен балапан ұядағы.

Өрнекті өлең сөзбен жауап берсем,

Дүниенің жалғы үміт тиянағы.



Түспейді шам жарығы табағына,
Көз көруі жетпейді қабағына.
Өз сабын болат пышақ өзі кеспес,

Мақұлық тартпай қоймас тамағына», – депті. Жанқұтты риза болып бата берген екен.

Жанқұттының Құнанбай, Алшынбай, Шорманның Мұсасына айтқаны

Бірде Құнанбай, Алшынбай, Мұса – үшеуі бірігіп ел арасында даулы мәселелер көбейіп кетті, барымта жиі қайталанатын болды деген себепті желеу етіп, ел жинап мәслихат өткізбек болады. Дуанбасылар шақыртқан соң халық жиналады, халық жиналып болғанмен, дуанбасылар келе қоймайды. Шілденің аптап ыстығында халық бірнеше күн тосып, ел арасында реніш сөздер шыға бастайды. Соны сезген Жанқұтты халықты дуанбасылар келмейтін болды деп таратып жібереді де, өзі үшеуінің алдынан шығады. Алшынбай тұрып:

– Е, Жанқұтты халық жиналды ма? – депті.

– Халық жиналмақ түгіл, жиылыс бітіп қалды, сіздер кешіккеннен кейін сырқаттанып қалды ма деп, жиылыста қаралатын төрт мәселенің біреуін өзім шешіп, үшеуін үшеуіңізге қалдырып, кейін бір кезі келгенде айтар деп, халықты таратып жібердім, – депті Жанқұтты.

– Оның дұрыс болған екен, бізге қайсысын қалдырдың? – депті Алшынбай. Сонда Жанқұтты тұрып:

– Мұсажан, асықтың қаржысының билігін саған қалдырдым, Алшеке, тақыр жердің билігін саған қалдырдым, Құнанбай, ақтобық атың шабысының билігін саған қалдырдым, – депті.

Шабанбай бидің Жанқұттыға берген батасы

Жанқұтты он жеті жасында әкесінің айтуымен Сырым елінің беделді биі – Шабанбайдан бата алуға келеді. Би Жанқұттының жайын сұрап білгеннен кейін:

– Шырағым, дүниеде не адал, әлемде не мықты? – деп сұрапты, сонда Жанқұтты:

– Адал болсаң, судай бол,
Су арамды кетіреді.





Мықты болсаң жердей бол,
Жер жаһанды көтереді, – деген екен, жауабына риза
болған Шабанбай бала Жанқұттыны бірнеше күн қонақ қылып, ба-
тасын беріпті:

«Аллаға жағам десең, азанды бол,
Ағайынға жағам десең, қазанды бол.
Халыққа жағам десең, әділ бол,
Жердей берік бол,
Судай таза бол.
Өмірің ұзақ болсын,
Аймағың суат болсын,
Сөзің халқыңа қуат болсын!».

Абай Жанқұттыдан сұраған екен:

– Арзан не, қымбат не, дауасыз не? Жанқұттының жауабы: ар-
зан – өтірік, қымбат – шындық, дауасыз – кәрілік.

Шашанбай шешен айтқан екен

Үш шырақ пен үш ит

Әділ болса, әкім – шырақ,
Ақылды болса, қатын – шырақ.
Аяңшыл болса, атың – шырақ.
Әділдігі болмаса, әкім – ит,
Ақылсыз болса, қатын – ит.
Аяңсыз болса, атың – ит.

Үш рия мен мылжың

Тыңдамасқа айқан сөз – рия,
Келмеске жылаған көз – рия,
Тоқта бедеуге бөз – рия.
Жоқ қараған – мылжың,
Әйелі өлген – мылжың,
Саудагер – мылжың.



Ишан қари мен Шәкира сұлу

Айдабол руы Еламан ішінде өсіп-өнген дін таратушы Ишан қаридың үлкен баласы Закарияның Шәкира деген сұлу қызын Ереймен Қанжығалысы – Түпки деген шалға малға сатып, тоқалдыққа береді. Шәкира жылап-сықтап үш жыл өмір өткізеді, одан кейін шыдай алмай әкесіне хабар айтады. Әкесі Закария қызын алып қайтады, жолшыбай келе жатқанда, Қарайғыр шатында руы Айдабол ішінде Көсте Біләл молланың баласына жеті қараға бермекші болады. Елге келген соң түбі Тама, Сәрсекейдің Әшірбегі деген пысықша жігітпен көңілі жарасып, Шәкира қашып кетеді. Біраз уақыт өткен соң Әшірбек опасыздық жасап, айырылысып кетіп, Күмісаяқ деген әйелге үйленеді. Мұнан кейін Шәкира Қылжырбайдың Шеттігінің баласы Жәкімге тұрмысқа шығып, ақырында Жәкімнің қолында қайтыс болады. Шәкираның бақытсыздыққа ұшырауына налып, Әшірбектің жасаған опасыздығын әшкерелеу үшін Айдабол ішінде руы Сары Мұқан молданың Шәкира боп шығарған өлеңі:

Баласы Қари Құран Закария,
Қызы едім Закарияның мен Шәкира.
Жасымнан малға сатып, шалға берген,
Ғамалым бар ма қылар, о, дариға!
Байым шал, аты – Түпки жетпіс бесте,
Баламын уылжыған мен он бесте.
Руы Қанжығалы Ерейменде,
Сол күнді ойлағанда түседі еске.
Қолында мұңлық болып тұрдым үш жыл,
Түпки жүр «ханым» деп, аты өшкір.
Құтылдым ашаланып ақырында,
Ішімнен тарқар ма екен қайғым мүшкіл.
Үйге келе жатқанда орта жолда,
Тұрғанда ықтиярым, тізгін қолда.
Долыққа жеті қара бермек болып,
«Балама бер», – деп сұрады Біләл молда.
Берген соң әкем уағда сөз байласып,
Бәлен күн бермек болды ыңғайласып.
Шікірейген бір мырза жетіп келіп,
«Маған ти, аламын, – деп, – болса нәсіп».



Қызықтым мен де оған тиейін деп,
Кез болды өзім теңдес күйеуім деп.
Ер деп етегінен ұстай алдым,
Ала алмасаң, езуіңе сиейін деп.
Ақмолада аты шыққан Күмісаяқ,
Білмейтін Күмісаяқты некен-саяқ.
Әшірбек, жаңа теңің табылыпты,
Қосылдың қайдан тауып жітікке саяқ.
Баста миың бар болса, бұл да жетер,
Атың жүрсе шауып қал, тұрма шаршап.
Бір кезде атқа міндің Жәшентай боп,
Мойныңа кескек байлап, жын-шайтан боп.
Әкең өліп жатқандай тұра шауып,
Мақсатың ел қыдырып, ет пен шай боп.
Көз салдың біреу мінген жақсы атына,
Сыйынып Әжібай деген ұстазыңа.
Төбеңнен жай түскендей ұрды әруақ,
Елдің ұшырап дәм, тұзы қарғысына.
Кем емес сенен кетіп барған жерім,
Ішімнен өлең айтсам, тарқар шерім.
Шеттік Қылжырбаев Жәкім мырза,
Өзімнің сүйіп, таңдап, тиген ерім.
Тұрған жерім Олжабай поселкесі,
Алар ма мендей сұлу осал кісі.
Әшірбек ақ тамырға сәлем айтып,
Шығарған Шәкираның мәселесі.

6 қазан 1986 жыл

Айдабол Мұқан молланың шығарған өлеңі

1921-1922 жылдары алғашқы ревком сайлауында Ыстықмұрт Жақып қажы күйеу баласы Жанкенің Төлеутайын ревком сайлауына кандидаттыққа ұсынады, бірақ сайлауда мүшелікке өтпей қалады. Сонда Жақып қажыны табалап, Мұқан молланың шығарған өлеңі:

Үй тар, дала қар,
Ойнаңдар, балалар.



Күн боран, жел теріс,
Қай жерге паналар.
Адаспай соқпақтан,
Жол сұрамай ақымақтан,
Айтыпты түк өнбес,
Мақаммен тақпақтап.
Оңынан жел шықты,
Кетерге қырсықты.
Құрылды тез ағаш,
Түзетер қисықты.
Құрылса тез ағаш,
Қонса оған шаһбаз,
Ойнаңдар, балалар,
Қар кетті, жаз шықты,
Бас қостың бес қасқа,
Біз пақыр дұғада.
Ойлаңдар ел қамын,
Мәртебе алғаның,
Боғына алданба
Бейопа жалғанның!
Түс ауғанда кешкіріп,
Жер ортасы – Көктөбе,
Боз айғырды кестіріп,
Боз айғыр тұрса арқырап,
Қорқушы едік қалтырап.
Мегежінді көк бұқа,
Сөйлеуші еді тантырап.
Мейманасы асқан,
Аяғын әсем басқан.
Үңіліп артына қарамай,
Ағын судай тасқан,
Көрпе салмай төрге,
Отырмаушы едің жерге.
Мегежінім, бұдан да
Кіргенің артық көрге.
Бұра тартып Ыстықмұрт,
Жүрген жерің қырсық жұрт.
Мұнан да жаман көрерсің,



Кел, пәлем, енді көтті қыс.
Жанқозының баласы,
Аласы жоқ құласы,
Төлебай Сары – егізім,
Кімнің бар оған таласы.
Сүлейменов Нұрғазы,
Жанқозының Шаһбазы,
Етегіне ел сыйған,
Сөзіне қанар құлақ құрышы.
Сұлтанмахмұт второй,
Шәкірттері еді первой,
Ұстазынан бата алған,
Жеткізді бір құдай мұны,
Әміре мырза третий,
Жақсыдан жұрнақ сілекей.
Сарыекеңнің әруағы,
Сүйреді деген мінекей.
Абдылхамит төртінші,
Жақсыдан қалған бір тілші,
Әбдікәрім мырза,
Саған да болдық ырза,
Құтты болсын айтамын,
Әбдіразақ құрбымызға.

*Мәненов Иманғалидан жазып алынды,
7 қазан 1986 жыл*

Сақау ақын мен Тоғжан қыздың айтысы

Сақау – Орманшы, Тоғжан – Қаракесек.

Сақау:

Ей, Тоғжан, жақсы болсаң, қарындасым,
Азабың жақсы болсаң арылмасын.
Мен жоқ жерде «Сақауды жеңдім» депсің,
Кәрі күң, дәмең болса кетер басың.

Тоғжан:

Тарттың ба маған қарай тамағыңды,
Сен қашан сыйлап едің өз ағаңды.



Ентелеңдей бермеші, сұртаңдай құл,
Асықпасаң берейін сыбағаңды.

Сақау:

Арманым жоқ, көп дәурен сүргеннен соң,
Үстіме парша, мақпал кигеннен соң.
Сақау да қайда қашып кетер дейсің,
Қос атпен Қызылтаудан келгеннен соң.

Тоғжан:

Кедей құл, жақсы болып, жай білмейсің,
Көңіліңе ине жіптей неге ілмейсің.
Екі қолым жағаңда қияметте,
Аулыма бойдақ болып бір келмейсің.

Сақау:

Шаншардың қонған жері қамал болды,
Жылқы атарда таудағы ат шабан болды.
Жақсы болсаң, ауылыңнан шықпас едім,
Нәсілің: кейкі тұмсық жаман болды.

Тоғжан:

Құлпы тон көп киген соң оңатұғын,
Адал ұл ата жолын қуатұғын.
Бетіме бар салығың сол ма, Сақау,
Өлеңім шырайымды жуатұғын.

Сақау:

Шықшытты, алқымым тоқ, орайлымын,
Болғанда қарным жуан, шұрайлымын.
Алып кел, алып келсең, жарығыңды,
Өзіңнен және қызылшырайлымын.

Тоғжан:

Базар бар, базар барсаң, елітерсің,
Биенді құлыны өлген телітерсің.
Сен – Сақау мен Тоғжанның заманында,
Бірінде екі сөздің кемітерсің.

Сақау:

Оқиды қажы кітап пір болған соң,
Тең тартыс терезесі тең болған соң.
Кемітпей кәрі күнді не қылайын,
Өзімнен және шолақ кем болған соң.





Тоғжан:

Қор болды қайғыменен есіл ерім,
Қашан бізден артық еді сенің елің?
Ақылсыздан сен мені кемітесің,
Аузы-мұрның қан болып шыққан жерің.

Сақау:

Қырқады байлар қойын күземменен,
Түседі шөп, жапырақ, изенменен.
Күлге аунап қай ұрғашы бала табады,
Бітеді ол да өзімнің тіземменен.

Тоғжан:

Кедей құл, елге қарар бетің бар ма,
Үйіңде тоя жейтін етің бар ма?
Қайныңның жеті атын бір түнде ұрлап,
Құдайға қарар, Сақау, бетің бар ма?

Сақау:

Қонғаны ауылымның Беген бе екен,
Орманшы Шыбар жайлап төмен бе екен.
Қараңғыда ұрыда көз жоқ, жылқыда тіл жоқ,
«Жеті атымын қайныңның» дегенменен.

Тоғжан:

Нұраны жағалап сен келмедің бе?
Салықты тас шоқыға салмадың ба?
Оның несін танасың, сұр таңдай құл,
Жеті атты көре, біле алмадың ба?

Сақау:

Жауғанда қара бұлт меңдей болар,
Кескенде жуан ағаш жеңдей болар.
Мен ұрлықты қояйын, сен ойнасты қой,
Ұрлық, ойнас екеуі бірдей болар.

Тоғжан:

Ей, Сақау, олай десен көңіліме тоқ,
Алланың аманатын бергенім жоқ.
Самайдың ақ ордасы қызыл кенше,
Дәнеме өлі күнге көргенім жоқ.

Сақау:

Сақау өлең айтады қанай-жанай,
Жүреді бойдақ жігіт қызды жанай.



Кәрі күң, көрмегендей мақтанасың,
Томпайған ішіңдегі балаң қалай?

Тоғжан:

Оннан асып кетті ме азаматың,
Саннан асып кетті ме салтанатың?
Бар салықты бетіме баспа, Сақау,
Ұл туса, ат ұстайтын қолғанатың.

Сақау:

Айттырған мұны саған Алла Тағалам,
Бұл үйді қылып отырсың несің панаң?
Өзімнен біткен болса, той қылмас па ем,
Бір біткен Ордабайдан арам балаң.

Тоғжан:

Не қылайын манаха-санаханы,
Түйенің жарда ойнақтар балақаны.
Жолда тұрған дарқанға көңілің ауса,
Кешке кел де, өзің сал қоналқаны.

Сақау:

Өктем-өктем сөйлейді малды кісі,
Балуанға түседі әлді кісі.
Кәрі күң, кемдігіңді еш білмейсің,
Жата ма кісі астына жанды кісі?

Тоғжан:

Жұлдыз жиі болмайды жыбырламай,
Жігіт мейірі қанбайды сыбырламай.
Бір кісіге бір кісі жан бере ме,
Өз пайдама жатамын қыбырламай.

Айтысқа қатысып отырған Алшынбай, Шоң би бас болып, Сақау жеңді, Тоғжан жеңілді десіп, Сақаудың үстіне қыздың шешесі шапан жауып, астына ат мінгізіпті.

Асубайдың уәжі

Қанжығалы Асубай бір үйге қонамын деп келсе, үй иесі «қонуға рұқсат жоқ» деп, теріс қарап, күбірлеп сөйлей беріпті, сонда Асубайдың айтқаны:

«Жолға қойған кірпісің,
Ықыласқа кедейсің.



Өзен толған малың бар,
Өзің де оны жемейсің.
Қонамыз деп біз тұрмыз,
«Қоныңыздар!», – демейсің.
Тілін алып шайтанның,
Жақсылыққа ермейсің.
Теріс қарап күбірлеп,
Жөніңді айтшы, не дейсің?».

Сонда үй иесі:

Сіз кім боласыз? – депті, оған Асубай:

«Мен едім Қанжығалы Асубайың,
Айт десең, ағызайын тілдің майын.
Үйіне келсе қонақ қондырмайтын,
Сарабал білуші едім байдың жайын.
Біздің ел қонақ келсе, «кет» демейді,
Қарсы алып, қойын сойып, «ал же» дейді.
Өзі жемей, өзгеге жегізбейтін,
Сондықтан оларды ешкім ит демейді», – деп жауап

беріпті.

Қарыбай болыс пен Қуат ақын

Ақмола ауданындағы Ереймен еліне көп жыл бойы Қарыбай болыс болыпты. Қарыбай тым мансапқор, айлакер, қу, өзі ұры ұстайтын әрі парақор болыс екен. Әкесін өзін «Әй, Қарыбай» дегені үшін: «Мені бүкіл Қанжығалы «Қараке» дейді, қартайғанша «Қараке» деуге сенің-ақ тілің келмеді ғой», – деп қатты сөгіпті. Бір күні Қуат ақынның Қарыбайдың үйіне баса-көктеп кіріп келуін ұнатпай, Қарыбай төңірегіндегі билерге:

– Мұның кім өзі? – депті, сонда Қуат ақын:

«Сен жаманның баласы Қарыбайсың,
Мен түгіл, өз әкеңді танымайсың.
Алдыңа екі даукер қатар келсе,

Пара бергенін құдаңдай жарылқайсың», – дегенде Қарыбай ұшып тұрып, ақынның қолын ұстап:

– Айып менде, арғы жағын айта көрме, – деп жалынып, атшапан айыбын беріпті.



Ақпан жырау

Қанжығалы Ақпан жырау Қарауыл Баймағамбет қажыныкінде жиырма жылдан астам жалшы болады, бай оның кейінгі он жылдық еңбегін «ас іштің, киім кидің» деп бермей қойыпты. Ақыры тұмса бұзаулаған ала құнажын береді. Ақпанның бәйбішесі Батпа сауғалы барғанда асау құнажын тепкілеп, маңына жолатпайды. Ақпан жырау сонда көптің көзінше Баймағамбетке былай депті:

«Ала сиыр Батпаны екі тепті,

«Енді келсең жаныма, өлдің», – депті.

Түбінде осы Батпа өліп кетсе,

Ақы түгіл, төлейсің құн мен кекті». Ақынның уытты сөзінен қаймығып, ертеңіне жуас сиыр беріпті.

Әздембайдың әзілі

Қыпшақтың бір басты адамының үйіне жаздыкүні Қанжығалы Олжабай болыс келіп түсе қалады, ақ үйдің іші толы кісі екен, дастархан жайылып, шайдың дәмін төккенде қара шыбын быжынап, қантқа жабыла кетеді, сонда Әздембай отырып:

«Ұшқан құс, жүгірген аң – бәрі – тамақ,

Тамақ үшін шаппайды кім анталап.

Билер мен болыстарға не өкпе бар,

Шыбынша өліп барады ернін жалап», – депті. Олжабай өте парақор, залым адам екен, Әздембайдың әзілі жанына батып, үйден ұялып шығып кетіпті.

Асанқайғының сөзі

Арғымаққа міндім деп, артқы топтан адаспа,

Күнінде өзім болдым деп, кең пейілге таласпа.

Артық үшін таласып, достарыңмен санаспа,

Ғылымым жұрттан асты деп, кеңессіз сөз бастама.

Жеңемін деп біреуді, өтірік сөзбен қостама.





Толғау

Құйрығы жоқ, жалы жоқ,
Құлан қайтіп күн көрер.
Аяғы жоқ, қолы жоқ,
Жылан қайтіп күн көрер.
Хан мен билер қысқанда,
Халық қайтіп күн көрер.
Онда халық түнерер,
Халыққа қысым күш берер,
Халықтың кегі күшке енер.

Хан мен Қазы

Хан Сырымның Қазы деген баласын тұтқынға алып: «Бес сұрақ беремін, соған жауап берсең, босатамын, – депті. – Қатын деген не, бала деген не, қыз деген не, мал деген не, инабат деген не?». Сонда Қазы: «Қатын тұрақ емес пе, бала шырақ емес пе, қыз өріс емес пе, мал керіс емес пе, инабат ердің азығы емес пе, ер жігіт елдің қазығы емес пе?» – дегенде, хан Қазыны босатыпты.

Досбол бидің сөздерінен

Бала би – Досбол : «Маған сөзі, өнері пар келетін жан бар ма екен!» деп жүрген бозбала күнінде «Кіші Шанышқылы елінде бір шешен қыз бар және жасы жиырмада, әлі ерге шықпаған, өзінен өнері, сөзі артық жанға тұрмысқа шықпақшы екен» дегенді естиді. Шанышқылы елі Досбол еліне құдандалы екен. Досбол он жігітпен қыздың ауылына барып кездесіпті, қыз далада ат үстінде тұр екен, Досбол былай дейді:

«Қайдан келе жатырсың,
Байталыңды қамшылап,
Аузыңнан су тамшылап?
Жолың болсын, құдаша,
Қай жаққа сіз барасыз,
Қамшыңызды қайшылап?».

Сонда қыз бөгелместен:



«Мен үйімнен келемін,
Байталымды қамшылап.
Әйел адам көрген соң,
Есің шығып кетті ме,
Мұрныңнан су тамшылап?
Әлей болсын, құдеке,
Бара жатқан жұмысым:
Сақал-мұртың өсіпті,
Алайын деп мен тұрмын,
Қайшыменен қайшылап», – деп жауап бергенде,

Досбол: «Тіліңді тәңір кессін!» – деп, сусын ішпестен ауылдан аттанып кетіпті.

10 қаңтар 1987 жылы «Жұлдыз» журналынан көшірдім

Сұраншыдан тіленші туады,
Соқырдан көрмес туады,
Сараңнан бермес туады,
Таздан жарғақ бас туады,
Кедейден мал бақпас туады,
Сегіз биесі жоқ,
Сексен сірге сайлайды,
Қалтасында пұлы жоқ,
Өзін-өзі би сайлайды.

Бала бидің (Досбол) күркесі өртенгенде

Бала бидің (Досбол) күркесі өртенгенде айтқаны:

«Құдай-ау, бай мен мырза танысың ба?
Бұл кедей жек көретін алысың ба?
Паналаған күркемді отқа өртеп,
Көпсінгенің бір құшақ қамысың ба?».

Досбол Қарауыл Ордабайды ертіп Екі Шектіге барады. Сөз арасында ретсіз күле беріпті, сонда Досбол шыдай алмай:

«Көлде жүрген қоңыр қаз,
Шөл қадірін не білсін.





Шөлде жүрген дуадақ,
Көл қадірін не білсін.
Тауда жүріп, таста өскен,
Ағайыннан басқа өскен,
Ордабай күлмей, кім күлсін», – деген екен.

Құдаша біз келген соң нан илейді

Орта жүз Атығайдан үш жігіт қыз таңдай шығып, Керей еліне келіп, бір үйге түседі, келсе үй иесі әйелімен тойға кетіп, үйде бойжеткен қызы ғана қалған екен. Қыз жігіттерге ас қамдамақ болып нан илеп жатқанда, астынан жел шығып кетеді. Жігіттердің үлкені – Мәмбет деген жігіт күлкіге шыдай алмай теріс қарап жата кетеді. Сонда жігіттердің бірі былай дейді:

«Құдаша біз келген соң нан илейді,
Үн салып үсті-үстіне тағы илейді.
Мылтығы құдашаның оқтаулы екен,
Қосауыз астындағы зар илейді», – десе, келесі жігіт:
«Құдаша біз келді деп нан қып жатыр,
Қонақтың жабдығына қам қып жатыр.
Құдашаның мылтығы түзу екен,
Оқ тиіп Мәмбет ағам зарлап жатыр», – депті, сонда қыз:
«Қапыда болмашы жел шығып кетті,
Үш жігіті Атығайдың қуып кетті.
Қамалап ортаға алып жүргенінде,
Екі көзін үлкенінің жырып кетті».

Мәмбеттің екі көзі жыртық екен, «Сендер жай отырсаңдар, қыздың менің көзімде не жұмысы бар еді, қызға әдейі тиісіп менің мінімді қоздырдыңдар», – деп, жолдастарына өкпелеп еліне қайтыпты.

Дуанбасы Ыбырай мен Ағыбайдың кездесуі

Ақмоланың дуанбасы Ыбырай төренің үйіне үсті қып-қызыл жүн, мойнында салпылдаған темірлері, найзасы бар, түйедей зор денелі Ағыбай батыр кіріп келеді. Үйдегілер ұшып түрегеліп қолын алып, шұбыртпалы Ағыбайға орын береді, Ыбырай оны танымағансып:



– Мына тондың кім еді, сонша абыржыдыңдар? – дегенде Ағыбай батыр Ыбырайға төне қарап, бір тізерлеп қанжарын суырып алып, былай деп ақырыпты:

«Үйге келген тонды ма?

Тонды кесір болды ма?

Бұқараны қор тұтқан,

Өзін-өзі зор тұтқан,

Төре тұқымы оңды ма? Осы қылығың үшін сенің қазір бүйіріңді тесіп, бүйрегіңді алсам ба екен, басыңды кесіп, табаныма салсам ба екен?» – деп тұра ұмтылады. Дуанбасы Ыбырай сасқанынан жылап жібереді, үйдегілер батырға жалынып, әзер арашалайды. Ыбырай айыбы үшін Ағыбайға тұлпар ат мінгізіп, үстіне қамқа тон жауып, зорға құтылады.

Қыз көретін жігітті біз көрейік

Балқашта бір сері жігіт қыз таңдап жүріп, елден еш қызды жақтырмапты. Ақыры Құдағы Қаракесек Шаншар ауылдарының біріне келеді. Мұнда бір шаруа адамның төрт қызы бар екен, төртеуі де сұлу әрі шешен екен. Жігіт қонған үйінің иесі жөн сұрағанда «қыз көрейін деп жүрмін» депті, бұл сөзді қыздар естіп, таңертең «қыз көретін жігітті біз көрейік деп келдік» деп, жігітпен танысады, жігіттің мұрны қоңқақ, жағы сопақтау екен, көре сала бірінші қыз: «Бәрекелді, міне, мұрын!» – дейді, екінші қыз: «Көрген жоқ па едің бұдан бұрын?» – дейді, үшінші қыз: «Үстіне шығып қарауыл қарар ма еді!» – дейді, төртінші қыз: «Е, қарасы көрінер еді Семейден Омбы бұрын», – депті. Қыз көретін жігіт ұялып үйден шығып кетіпті.

Шоқай сексен жаста қызға барған

Шоқай би сексен жасында бір үйге қоныпты, қонған үйдің бойжеткен қызы болады. Шоқай қызға түнде қол салады, «Бұл кім?» – дейді қыз. «Қонақпын», – дейді Шоқай. Қыз: «Қонақтың қайсысысың, кішісісің бе?» – дейді. Шоқай:

«Үлкені тұрғанда, кішіге жол қайда?

Сегізде тісім түсті,

Сексенде қызға ісім түсті.





Дүние өтер де, кетер,
Құдаша, көрпенді кетер.
Маған келген кәрілік
Сені де қуып жетер.
Саған да ешкім қарамай,
Сонда жастыққа көңілің кетер», – дейді.

«Сексенге келген сері шал,
Қайратың болса, қамданып қал.
Бауырыма қысып басыңнан сипайын,

Көңіл кең болса, көрпе жетер», – деп, қыз көрпесін ашыпты. Шоқай қызға ырза болып, ертеңіне алтын сақинасын беріпті. Не бітіргенін өзі біледі, Шоқай сексен жаста қызға барды деген сөз содан қалыпты.

Баласы Атығайдың Зілқара едім

Қарауыл Зілқара өте ақылды, шешен адам болған, қартайып өлген. Әбден шөгіп отырғанда халін білгелі Қанжығалы Бөгембай ба-тыр келіпті. «Халіңіз жақсы ма, қарт?» – дегенде Зілқара:

«Менен мұңлық жан бар ма?
Таптырған ата-ана жоқ.
Ойнап-күліп жүретін
Замандас, құрбы және жоқ.
Жайқалып тұрған жерлерді
Шайқалып басар шама жоқ.
Отырмын күтіп тағдырды,
Мұнан басқа шара жоқ.
Баласы Атығайдың Зілқара едім,
Өзім би, өзім шешен, ділмар едім.
Кешегі жиырма бес келсе қайтып,
Төрт бұрышын дүниенің шарлар едім», – депті.





Ақтайлақ би

Ақтайлақ би Қанай шешеннен: «Ер басында бақыт нешеу, кемдік нешеу, құлазу нешеу?» – деп сұрапты, сонда Қанай шешен: «Ер басында бақыт бесеу, кемдік үшеу, құлазу төртеу», – депті.

«Астыңдағы атың жүрдек болса, жалғанның пырағы,
Алғаның жақсы болса, үйің – досыңның тұрағы.
Әкең – асқар тау, шешең – қайнар бұлақ.

Балаң жақсы болса, екі көзіңнің шамшырағы, міне, осы бесеуі – бақытың.

Атың шабан болса, жалғанның азабы,
Алғаның жаман болса, дүниенің тозағы.

Балаң жаман болса, көрінгеннің мазағы, бұл – үш кемдік, ал:

Қалың ел көшсе – көл құлазиды,
Қаптаған мал кетсе бел құлазиды.
Парқын түсінбесе сөз құлазиды,

Қатарынан айырылған шал құлазиды, мұның төрт құлазу болады», – депті.

Өз Жәнібектің Жиреншеден сұраулары

Өз Жәнібек Жиреншеден: «Бұл дүниеде кім жетім?» деп сұрағанда, Жәнібек: «Ата, қонысынан ауған ел жетім, серісіз ер жетім, жаңбырсыз жер жетім», – депті. «Бұл жалған дүниеде кімнің төрт құбыласы тең болады?» – деген сұрағына: «Түзу мылтық, қыран құс, жүйрік аты, алғыр тазысы, мінсіз жақсы қатыны бар ердің төрт құбыласы тең болады», – депті.

Қарашаш өліп, Жиренше қартайып, ақылсыз әйел, парықсыз бала сыйламай, Жиреншеге бұзау баққызып, тезек тергізіп қояды. Әдейі көріскелі келген Өз Жәнібек Жиреншеге далада кездеседі де: «Уа, шешенім, тезек теріп жүргенің қалай?» – дегенде, Жиренше іркілместен:

«Қатын шайпау, ұл тентек,
Екеуледі, ей, ханым.
Кәрілік жеңді, мал тайды,
Төртеуледі, ей, ханым.



Басымнан бақыт тайғанын
Көрмейсің бе, ей, ханым!
Арқамдағы қу тезек,
Әркімге келер бір кезек», – депті.

Әз Жәнібек жолда біреуді көріп: «Мына баланың шашы қара, сақалының ағы қалай?» – дегенде, Жиренше: «Түзде тебінген, үйде кейіген, аты шабан, қатыны жаман бір байғұс шығар», – депті.

Әз Жәнібек пен Қарабас шешен

Әз Жәнібек хан халқын жиып алып: «Үш арсыз, үш ғайып, үш жетім деген не?» – деп сұрапты, жиналған жұрт көп дағдарып: «Үш арсыз: ұйқы, тамақ, күлкі; үш ғайып: қонақ, несібе, ажал», – деп шешіпті де, үш жетімді таба алмапты, сонда Қарабас шешен: «Үшеу емес, бесеу ғой», – депті.

«Оты жоқ жер жетім,
Басшысы жоқ ел жетім,
Елінен ауған ер жетім,
Тыңдаушысы жоқ сөз жетім,

Жоқтаусыз қыз жетім». Сонда Жәнібек: «Сенің атыңды қойған адам ақылсыз екен, «Қарабас» дегенше «Алтынбас» қою керек еді», – депті.

Әйтеке бидің сөздері

Төле би, Қазыбек би және Әйтеке би – үшеуі де тұстас өмір сүрген, жастары шамалас, үшеуі үш жүзге билік айтқан адамдар. Бұлардың уақытында Жәңгір ханның баласы Тәуке үш жүзге хан болып сайланады. Сол кезде халық арасында мынадай сөздер айтылады екен: «Әйтеке бауыздап, Қазыбек іреп, Төле мүшелеп береді». Сондай-ақ, халық тағы: «Әйтеке жарып айтады, Қазыбек қағып айтады, Төле тауып айтады» дейді екен.

Ұлы жүздің биі – Төле би.

Орта жүздің биі – Қаз дауысты Қазыбек.

Кіші жүздің биі – Әйтеке би.



Әйтеке бір жылдары құн даулап, Ұлы жүзге келеді. Төле би Әйтеке биді қарсы алып тұрып: «Биеке, жол болсын!» – дейді. «Айтқаныңыз келсін, би! Жол болмақ сізден болсын! Тірімен танысқалы келдік, өліге болысқалы келдік», – дейді Әйтеке. «Бұйрығыңызға құлдық, қылышыңыз болса, мойнымызға, құшағыңыз болса, қойнымызға», – деп, Төле орнынан тұрады. «Биеке, мойын бұра тұрыңызшы», – дейді Әйтеке би. «Жарлық сізден болған соң, жабдық бізден», – деп Төле би шығып кетеді. Төле би шығып кеткен соң Әйтеке би бірге келген жолдастарына қарап: «Ердің құны – екі ауыз сөз» деген осы, Төле би отау тігіп, қыз беретін болды», – дейді. «Оны қайдан білдіңіз?» – дегенде: «Қылышыңыз болса, мойнымызға» дегені – «айыбымызды мойындаймыз», «Құшағыңыз болса, қойнымызға» дегені «өлген кісінің құнына жасаулы қыз береміз» деген, мен тұспалдап «айнып қалмайсыз ба?» деп едім, «Сіз келіссеңіз, біз қамына кірісейік» деп шығып кетті», – дейді. Айтқанындай, Төле би құн даулап келген қонақтарына отаулап қыз беріп, екі-үш күн күтіп, разы етіп қайтарыпты.

Әйтеке бидің төрелігі

Ол заманда елдің дау-шары көп болған. Орта жүздің бір қызы айттырған жігітіне тимей, өз елінің бір жігітімен қашып кетеді. Соған намыстанған Ұлы жүздің жігіттері Орта жүз ауылдарынан барымталап жылқы айдап алып отырады. Ақыры Ұлы жүздің Төле биі мен Орта жүздің Қазыбек биі айтысып қалады.

«Аға болып алдымен туасың,

Алдымнан жылқымды неге қуасың?» – дейді Қазыбек, сонда Төле би іркілместен:

«Артымнан ерген еркесің,

Ағаңның көзінің тірісінде

Жеңгеңді неге ертесің?» – дейді. Төле би ашумен Қазыбекке қарапты. Сонда екі ағасының да сөзін тыңдап отырған Әйтеке би:

«Сабыр етіңіздер, билер, ашу бар жерде ақыл тұрмайды.

Ашу деген – ағын су,

Алдын ашсаң, арқырар.

Ақыл деген – дария,

Алдын тоссаң, тоқырар.

Кісі бірге туыспау керек,

Туысқан соң қуыспау керек.





Сөз қуған пәлеге жолығады,

Опасыз күнде құбылады.

Төле, сен жылқыны қайтар,

Қазыбек, сен жесірін қайтар», – деп төрелік айтыпты. Әйтекенің төрелігін екі жағы да қабыл алып, ауысқан адамы мен малдарын бір-біріне қайтарып, ел ішін тыныштандырыпты.

Осындай дау-шардың тағы бір түрі бар.

Төле би Әйтеке биге:

«Артымнан туғаның қалай,

Алдымнан жылқы қуғаның қалай?».

«Алдымда серкем – ағасың,

Тентекке жол саласың.

Жылқының отын бұзғаным рас,

Жесірімді неге аласың?» – дейді Әйтеке.

«Кісі бірге туыспау керек,

Туысқан соң жамандыққа қиыспау керек.

Теңім деп қалап қыз тисе,

Тентек үшін ел күйсе,

Артық-кемді қуыспау керек», – деп, Қазыбек би екеуін бітімге шақырыпты.

Әйтеке бидің сөзі

Суалмайтын суат жоқ,

Тартылмайтын бұлақ жоқ.

Құйрығы суда тұрса да,

Құрғамайтын құрақ жоқ.

Дүние деген фәни бұл,

Баласы жоқта мият жоқ.

Бәрінен қиын сол екен,

Артында қалған шырақ жоқ.



Ғазықан мен Шорман би

Бір жиында Арғын Ғазықан деген кісі:
«Өткір пышақ қынға қас,
Өтірік сөз жанға қас», – депті, сонда Шорман би:
«Өтірік сөз дауға пайда, жанға қас,
Өткір пышақ қолға пайда, қынға қас», – деген екен.

Тоқсан би мен қыздардың қақтығысы

Тоқсан би Әбіл байдың ауылының тұсынан өтіп бара жатып, ыстық күнде суға түсіп жатқан байдың үш қызын көріпті, сонда тұра қалып:

«Қамысы мына өзеннің қырық буын,
Естідім қамыс жақтан қыздың дуын.
Таң атпай ақшолақты суға салып,
Өзеннің бүлдірген кім аққан суын?» – дегенде, Әбілдің кіші қызы қолымен төсін басып тұрып:
«Деген-ау бұқа – буға, азбан – нуға,
Өзенді арамсынсаң, бетің жума.
Шешеңнің ұйытып қойған қатығындай,
Итаршы болғаның не ағын суға?!» – деп жауап беріпті.

Тоқсан бидің бір сөзі

Жақсы болса туғаның –
Күнде қызық, базарың.
Жаман болса туғаның –
Күнде өлім-ажалың.

Керей Тоқсан бидің үш сөзі

Тоқсан би ауырып, өлім халінде жатқанда, қасында отырған билер:

– Тоқа, жаман айтпай жақсы жоқ, о дүниелік боп кетсеңіз, бізге түк айтпай кетесіз бе? – деп болмапты, сонда Тоқсан би:

– Көрмеген жерге барамын,
Танымайтын елге барамын.

Тар лақат, қараңғы көрге барамын, ақылдарың болса, маған айтыңдар, – депті.



Тоқсан бидің төрт сөзі

Керей Тоқсан би Бәсентиін Қазанғап екеуі ер дауы бойынша бас қосады. Бәсентиін жағы Керейден жылқы алады, оған қарсы Керей жігіттері барымтаға барғанда арада жанжал шығып, Бәсентиін жағынан бір кісі өледі. Сол мәселеге байланысты жиында Қазанғап: «Әй, Тоқсан би, менің сөзім пұлсыз, ерім құнсыз болатын не жазығым бар?» – дейді. Сонда Тоқсан би айтыпты:

«Сөзің пұлды болсын,

Ерің құнды болсын.

Әуелі ыза кімнен,

Жаза кімнен?» – дегенде, Қазанғап «барымтаны бастаған өз жағымның кінәсі» деп, мойнына алып, жеңіліп қайтыпты.

Әнет бабадан Қазыбектің ақыл сұрауы

Тобықты Әнет баба оқымысты болыпты. Бұқарадан оқып, он екі пән ғылымды бітірген кісі екен. Арғын руындағы Қазыбектің жас кезі болса керек, «Баба, сізден мынадай сұрақ сұрайын деп келдім» – десе керек. Әнет баба:

– Сұра, шырағым, – дейді. Сонда Қазыбек:

– Баба, дүниені не бұзады? Күнә неден шығады? Адамшылық арды не бұзады? – деп сұрапты. Әнет баба:

– Шырағым, араб тілінде «хакім», қазақ тілінде «әкім» деген сөз бар, соны екі рет айтсаң, екі «к», екі «м» алты әріп болады, осы алты әріп алты ауыз сөздің басқы әрпі: әйел, алтын, кек, кесір, мақтан, мансап. Сенің сұраған сөзіңнің түбі – «әкім» деген бір-ақ сөз, осы сөзді жаттап ал, балам, адам осы алтауына қызығып дүниені бұзады, ар мен адамшылықтан аттайды, күнә да істейді, – депті.

Абылай ханның бір сөзі

Хан қарашасымен жарасады,

Қараша қатарласымен жарасады.

Ер жігіт баласымен жарасады,

Ханнан қадір кетсе,

Жусаннан аласа-ды.

Бәтуасыз елдің адамы

Бір-бірімен итше таласады.



Мөңке би мен Сырым

Мөңке би Сырымға үш сұрақ қойыпты:

– Таудан биік не бар, судан терең не бар, оттан өткір не бар?
Сырым былай деп жауап беріпті:

– Таудан биік көңіл бар, теңізден биік ғылым бар, оттан өткір қайғы бар.

Әлібай мен Садыр ақын

Әлібай деген байдың үйіне Садыр ақын қонуға келгенде, қонақасыға қойшысы лақ әкеп, бата сұрапты, сонда Садырдың берген бірінші батасында:

«Әкелгенің лақ па,

Құлағы жоқ шұнақ па?

Асататын майы жоқ,

Аш жататын жайым жоқ,

Қоя бер, бейшараны жылатпа», – деген соң, «қозы әкел»

десе, қойшы өзі арық егіздің сыңарын әкепті, ақынның оған да көңілі толмай:

«Әкелгенің егіз бе,

Қонаққа мұны жегізбе.

Аш жатқызып қонақты,

«Атаңа нәлет!» дегізбе», – деп бата беріпті, қойшы оны

қоя беріп, семіз марқа әкеледі, Садыр ақын көңілденіп:

«Әкелгенің марқа ма,

Жайылғаны Арқа ма?

Асататын май келді,

Әлеумет, енді тарқама», – деп бата беріпті.

Көбей би

Тобықты Көбей би – 1710-1785 жылдар аралығында өмір сүрген, шешен, әділ би болған адам. «Еңлік-Кебек» оқиғасының ішінде болып, жолсыз жазаға ұшыраған екі жастың өліміне қатты қайғырады. Ақырында «Мен – ғаріп» деген толғау жазыпты:

«Осы күні кім ғаріп?

Бірлігі жоқ ел – ғаріп.



Еркімен жайламай,
Құлазып тұрған жер – ғаріп.
Қаз-үйрек ұшып қонбаған,
Айдын шалқар көл – ғаріп.
Көмек тимей қорлықпен
Арманда өлген ер – ғаріп.
Мақсатына жете алмай,
Ерікті өмір ете алмай,
Көзінің жасы сел болып,
Зарлап өлген ару қыз,
Бәрінен де сол ғаріп.
Қадірін біліп ұқпаса,
Нақыл айтқан сөз – ғаріп.
Елін жөнге салмаған,
Қос қыршынды жалмаған,
Еспембеттей би – ғаріп.
Үш күн, үш түн жыладым,
Көзім жасын бұладым,
Буыным босап құладым.
Нахыл сезім өтпеген,
Тентек елге жетпеген,
Ақырында мен – ғаріп.
Аз болған соң еліміз,
Даулы болып жеріміз,
Екі қыршын қаза боп,
Үзілді ғой беліміз».

Жұмабайдың Шорман атануы

Жұмабай (Шорман) жоғалған жылқыларын қуып, Көкшетаудағы Уәли ханға барады, жақсылап сұхбаттасады. Жұмабайдың жас болса да ел ішінде беделі өрлеп келе жатқанын сырттай біледі екен. Құлын сойып, үш күн қонақ қып күтеді. Жұмабай жүруге ниет білдіргенде Уәли хан:

– Балам, бұйымтайыңды айт, – дейді, сонда Жұмабай айтыпты:
«Балапан едім, ұша алмай тұрмын,
Балдырған едім, ұйыса алмай тұрмын.
Терің сіңген киіміңді киейін,



Тебінгіңіз тиген атыңызды мінейін,
Сиырды аусыл – мәлік алды,
Қойды аққұлақ боран алды,
Жылқыны Тайқара – Бейбіт алды,

Осы мұң-мұқтажымды шағайын деп келдім», – депті. Жұмабайдың тақпақтап айтқан сөзіне көңілі түсіп, ырза болған Уәли хан:

– Шырағым, әуелі саған өзім ат қояйын, бұдан былай сенің атың Жұмабай емес, Шорман болсын, – депті. Содан соң өзі киіп жүрген таза шапанын, өзі мініп жүрген Ақтабан атын, жау алған жылқысының орнын толтыру үшін табыннан алғызып біраз жылқы беріпті. Содан Жұмабайдың дәулеті өсіп, бұрынғыдай сабасына түсіп, бақыты өсіп Шорман атанып кеткен екен.

4 сәуір 1987 жыл

Жыл екіге бөлінеді (ай-жұлдыз)

Әжират жылы. Ғайса пайғамбардың көкке ұшқан күні жұлдызбен есептеледі, жұлдыздың бірі 30-ға, бірі 31-ге бітеді.

Мыслия. Бұл Мұхаммед пайғамбардың Мәккеден Мәдинаға көшіп қоныстанған күнінен есептеледі, бұл аймен есептеледі, бірі 29-ға, бірі 30-ға бітеді.

Әр беттен алынған қысқа да нұсқа нақыл сөздер

Үш арсыз, үш дауасыз, үш қадірсіз:
Үш арсыздың бірі – ұйқы, бірі – тамақ, бірі – күлкі;
Үш дауасыздың бірі – мінез, бірі – кәрілік, бірі – ажал;
Үш қадірсіздің бірі – жігіттік, бірі – денсаулық, бірі – жақсы әйел.
Жол анасы – тұяқ,
Сөз анасы – құлақ,
Су анасы – бұлақ.
Дау мұраты – біту,
Қыз мұраты – кету,
Жол мұраты – жету.





«Бөксемнің дырдай болуы – құтым көп,
Басымның дырдай болуы – ақылым көп,
Белімнің қылдай болуы – қанағатым көп», – дейді екен құмы-
рысқа қомағай, дүниеқоңыз қоңызға.

Дастарханға бата

Айдағысыз малды бол,
Ағайынның алды бол,
Отыз ұлды орда бол,
Тамам жұрттың басы бол!
Ұлықпандай мың жаса,
Береке берсін басыңа,
Дұға тисін асыңа,
Жаз жайлауды жаусыз ет,
Ұл мен қызды мұңсыз ет,
Шыққанның есесін берсін,
Кіргеннің берекесін берсін!





АЛТЫНШЫ ДӘПТЕР





К. Ушинский

Ұлы педагог К. Ушинский: «Ана тілін жоғалтқан халық та жоғалады, өзінің дербес ана тілі бар халық ешқашан жоғалмайды», – деген. Расында өзінің ана тілін білмегеннен кейін ол ұлтымыздың тарихын да, мәдениетін де, әдебиетін де білмейді, Ш. Уәлихановты, Ы. Алтынсаринді, Абайды, М. Әуезовті, С. Сейфуллинді, Б. Майлинді, Ғ. Мүсіреповті, т. б. білмей, оқымай өскен жастардан не күтуге болады деп мен де ойланамын.

1987 жылы 15 маусым күні Мәшһүр Жүсіптің Пазыл деген баласынан туған ғылым докторы Қуандық Пазылов келіп 2-3 сағат әңгімелесіп, молланың біраз сөздерін жазып алып кетті. Семейге кетіп бара жатқан сапары екен.

Ж. Кәрібайұлы





Мәшһүр Жүсіп шығармаларынан

Алла адамды жаратты артық зерек

Алла адамды жаратты артық зерек,
Басқадан артықтығы оқшау бөлек.
Оған тағы жұрт құмар көрінеді,
Сүйегін алу үшін қылып керек.
Сүр асқызып, кейде біз тұз да қостық,
Желді азсынып, құйынның желін тостық.
«Дос ойласаң басыңа, жап етекті,
Жұрттың жақсы» дегенін білме достық.
Жап етекті дегенім – есіңді жи,
Есті жисаң, көресің сен де артық сый.
Ешкім ақша алмайды шаш алғанда,
Атақ, абырой ала алмас, бәрін де қи.
«Бой берме, – деген олар, – ар-намысқа,
Ұзап шырқап кетеді тіпті алысқа».
Қашқанменен алысқа кете алмайсың,
Қайда барса килігіп тұсамысқа.
«Бай болады, – деп айтқан сөз, – көтті қысқан»,
Жан-жағыңда досың аз, көп қой дұшпан.
Көп қамыстан қоянға пайда бар ма?
Жел тұрса, сыбдырынан үрейі ұшқан.
Білмейсің өзің қалай ұшқаныңды,
Жығылып, жерді қалай құшқаныңды.
Саған атақ, жел берген – қызыл тілің,
Өзіңе көбейттің ғой дұшпаныңды.
Жүре алмасаң, жаныңа кісі аларсың,
Астары жоқ киіміңе тыс аларсың.
Алған пайдаң, мақтаннан тапқан олжаң –
Дұшпандардың оғы мен нысанасың.
Оқу да жын есерге, өлең де жын,
Өнерің – өткір пышақ, сен – оған қын.
Өзіңді тілім-тілім дел-сал қылар
Өзгеге өтірік болса да, бұл сөзім – шын.
Өз сөзіңмен адамның басы болдың,
Артық сөйлеп Алланың қасы болдың.





Жұрт қолынан алғанда елеурейсің,
Қолға алғанда дойбының тасы болдың.
Әлде қандай боларсың бұрылмай бет,
Мастанасың шай ішіп, жегенге ет,
Бірде биге шығасың, бірде закот,
Бар болғаның осы ма, ту бәлекет.
Осымен таусылады Мәшһүр сөзі,
Сөзіне риза боп құлак, көзі.
Керексізді бір Алла жаратпаған,
Неге керек екенін біледі өзі.

Бірталай келіп қалдық біз де жасқа

Бірталай келіп қалдық біз де жасқа,
Әр түрлі күлкі болдық замандасқа.
Ай мен күн, күндіз бен түн бірқалыпты,
Болғанмен бұрынғыдан заман басқа.
Жамандық жақсылықтан жоғары асып,
Сөз болып шынға өтірік араласып.
Уағдада опа жоқ бұл заманда,
Ел-жұрттың ортасынан кеткен қашып.
Уағдада опа жоқ төгіліпті,
Бұл күнде жан деменің ондай итті.
Ол өзі кеткенмен жалғыз кетпей,
Меруерт сақилықты ала кетті.
Үшеуі мүлде кетті басын қосып,
Ие боп тоқталмай ешкім тосып.
Жан біткен құралақан бос қалған соң,
Болар деп заман қандай тұрмын шошып.
Жұртқа жақсы атанды зорлықпенен,
Ер атанды жамандар ұрлықпенен.
Қалғандары өтірікке ие болып,
Есіл өмір, өттің ғой қорлықпенен.
Мен жақсымын дегендер арын сатып,
Мал табам деп жамандар жарын сатып.
Бірін-бірі жеймін деп қалайша алдап,
Жаман-жақсы теп-тегіс жанын сатып.
Тірінің түгін қоймай тегіс тонап,
Өліктен ұялмастан кебін сұрап.



Жанның бәрі өнерлі болып кетті,
Теп-тегіс қолға тұрмас нағыз сынап.
Шебер қолын, шешенге сатып сөзін,
Ата-ана қолынан сатып туған қызын.
Бардан, жоқтан қанағат тегіс кетіп,
Тірідей жеп тауысып әркім өзін.
Риза болған жан жоқ иесіне,
Кіретұғын келмей тұр үй есіне.
Ишандар ишандығын айырбастап,
Бар халықтың аты мен түйесіне.
Ғалымдар білген ғылымын пұлға сатып,
Оқу бар, оқушы жоқ құдай атып.
Бұрқыраған тозаң шаң, жүрген аң-таң,
Жас-кәрі бәрі мең-зең басы қатып.
Былғарының орнына көн мен сірі,
Теріс қарар ұнатпай бірін-бірі.
«Ал, бер» деген сөз еді – екі ағайын,
«Ал» өліп, «бер» деген сөз тірі қалды.
Екі сөз бірі айтылып, бірі қалды,
Ұсақ ақша таусылып, ірі қалды.
«Бар» деген сөз аты өшіп, ұмытылды,
«Жоқ» деген сөз бұл күнде қалды тірі.
Жұрт жиылып ұйлыққан қойдай болды,
Ессіз жүрсе айт пен тойдай болды.
Ел билеуші қасқырдай күнде талап,
Жүрген жері «у» да «шу» ойбай болды.
Екі даукер бірін-бірі сөзбен ұрып,
Шырылдаған бақадай дымы құрып.
Етін шайнап, сүйегін күл-күл қылар,
Зәрін төгіп, жыландай тілмен сорып.
Айырылып жоқ жанынан, бар малынан,
Көне алмай ешкім хұзыр алғанынан.
Қан жұтып қайғыменен не шаһбаздар
Барады құтыла алмай зардабынан.
Көз жетті, міне, жұрттың оңбасына,
Не болды қожасы мен молдасына.
Түлкідей тышқан аулап біреулер жүр,
Қастық қып құдай дескен жолдасына.





Жыландай кейбіреудің сырты шұбар,
Көрген жан анадайдан болар құмар.
Бойына жуықтатып бір алған соң,
Аямай құйрығымен бір-ақ соғар.
«Сақал шықты, өкпелеп жүрсек мұртқа»,
Жатқан зардай іштегі шығып сыртқа.
Қызыл көрсек шабамыз айлық жерден,
Үймелеген қарғадай көшкен жұртқа.
Өсек сөзге күлісіп, желдей есіп,
Кісі ақысын адал ас біліп несіп.
Сауысқанша шықылықтап жүрген жан көп,
Сау жылқының арқасын еріксіз тесіп.
Бұл заманда көп қалды аз орнына,
Қырық күн шілде қыс қалды жаз орнына.
Қоразының тауықтың қызылы бар,
Әркімдердің басында тәж орнында.
Қарай қойшы тырнаның сасқандығын,
Қиқу салмай бастан ми қашқандығын.
Тау мен тастан өз басын ауыр қылып,
Жер ойылып кетер деп басқандығын.
Жаза берсем қағазға кетер сыймай,
Өрнек болсын соңғыға бұл бір шимай.
Ішпей-жемей дүние текке жиып,
Кейбіреулер өтеді көзі тоймай.
Жылы жаздың соңында бір қысы бар,
Өз басында әркімнің жұмысы бар.
Жаз болса үйрек-қазды қоймаймыз деп,
Сақтап жүрген әркімнің бір құсы бар.
Үрген қуық бұл күнде жұрттың басы,
Қабыл болса игі еді көздің жасы.
Таққа мініп астына тақ қойғанмен,
Иттің кетпес ойынан жерік асы.
Шыңы биік таулар бар бұлағы жоқ,
Қопалы көл мал жейтін құрағы жоқ.
Өңшең үрген қарынға душар болдық,
Зарлап тұрсаң еститін құлағы жоқ
Кешегі кетіп қалды-ау күнім өтіп,
Қайтарып, қайта ала алмай қуып жетіп.





Күні кеше алғаны есінде жоқ,
Ертең тағы келеді жылтың етіп.
Өзімді артық, өзгені кем көрмеймін,
Бір ат мініп, бір атты өңгермеймін.
«Менен асқан кім бар» деп лағып сөйлеп,
Ақымақтықты семіртіп жем бермеймін.
Сөзімде ойламаңыз бар деп жалған,
Аузыма сөздің шынын Аллаһ салған.
Дегендей жан семіреп жақсы сөзге,
Көңіл тірі, сөз бұрын өліп қалған.

Айтушы мен болайын, құлақ қой сен!

Айтушы мен болайын, құлақ қой сен!
Сөзде жоқ сен танырлық таңба мен ен.
Болғанда ұшы ұзын, түпсіз терең,
Таусылмас қанша айтсаң да ішкі сырын.
Ешкім жоқ топтан жеке озып шыққан,
Бос сөзді білімсіздер шындай ұққан.
Білуші зер қадірін зергер болса,
Сөз асыл гауһар тастай кеннен шыққан.
Аузына кейбір жанның қыдыр дарып,
Тұрады әрбір адам кеңес алып.
Болғанда ақыл – дана, ауыз – садақ,
Сөз – гауһар, сол садақтан алған жарып.
Тіл деген болат пышақ өткір келген,
Дәлелдеп қызыл қия тасты тілген.
Қатарлап жанжу менен маржан тізіп,
Тигізген атқан оғын кейбір мерген.
Жаманға біреу үлкен, біреу кіші,
Біледі болса кімнің ақыл-есі.
Сөз бір басқа жүк көтере алмас,
Жәбрәйіл әмин десе болған күші.
Білмейді мұны тегіс дүние жүзі,
Жоқтан бізді бар қылған тәңірім өзі.
Сөз басы қайдан шыққан деп ойласаң,
Емес пе қаламұшы хақтың сөзі?!





Мәшһүр Жүсіптің батасы

Әуелі құдай оңдасын,
Хақ Расул жәрдем қып,
Әулиелер қолдасын.
Сапарға шықсаң басшы боп,
Қызыр бабам қолдасын.
Шүкірлік Аллаға,
Пейіліңді құдай алмасын.
Тәуба қып жүр құдайға,
Риадан болмасын.
Тауық берсін бір Алла,
Арамға аузың салмасын.
Бақытты болсын ұл-қызың,
Жоғары болсын жұлдызың.
Разы болса мейманың,
Орнына келер жиғаның.
Таңда мақшар болғанда,
Алдыңнан шығар бергенің.
Көпшіліктен бата алсаң,
Мұратыңа жетерсің.
Жомартлық қылсаң тірлікте,
Қуанышпен өтерсің.
Қабыл болғай батамыз,
Кешіргей Алла қатеміз.
Пәлені дұға қайтарар,
Бұрынғыны айтамыз.
Ықыласқа тойдық біз,
Шақырған соң келдік біз,
Келмек – сүннет, қайтпақ – парыз,
Енді ұрықсат берсеңіз,
Келген ізбен қайтамыз.

Бар екен бір періште Қап тауында,
Аспанның басы жеткен жақтауына.
Сондай тау құласа сен жан сақтайсың,
Құдайдың тура келсе сақтауына.



Жылым – қой, биыл жасым жетпіс үште

Жылым қой, биыл жасым жетпіс үште,
Өң түгіл, маған жалған жоқ қой түс те.
Өткіздім өмір бойы текке шаршап,
Салумен ақ қағазға шимай кесте.
Жабысты он бесімде өлең маған,
Түстеніп, өлең аты қона алмаған.
Бектергідей босқа ұшып, болдым арық,
Бау ашпай көр балапан түк алмаған.
Көрінгенге мен болдым қызыл түлкі,
Талайдың жаңаланған тымақ бәркі.
Баяғыда болдың не, болмадың не,
Отырмыз көрінгенге болып күлкі.
Қыран боп іле алмаған аққу-қазды,
Өмірімде көрмей өттім жылы жазды.
Көздің жасын төгумен соған мәз боп,
Белшеден кешіп жүрміз батпақ сазды.
Бақ құсы маңайласпай басымызға,
Шаршадық жатқыза алмай қасымызға.
Қанша талып бос шаршау далақ-далақ,
Ұшырадық өзіміздің тасымызға.
Өмір бойы бұйырмай бізге молдық,
Табысымыз мол болса ат пен тондық.
Әкемізді өлтірген жаудай болды,
Кедейлік, кемтаршылық, қысқа қолдық.
Құдайым өзі өсірді бізді бағып,
Жалғанның қызығынан бізді қағып.
Өнер алды қызыл тіл дегенменен,
Беталды шаба бердім текке лағып.

Құлақ естігенді көз бір көрмек

Баяғы Нұх пайғамбар заманында дүние жүзін топан су қаптаған, су таудан қырық кез асты деуші еді, сол құлақ естігенді көзіміз көрді. Елде былтырғы өткен 1928 жылы январь айынан бастап науқан деген шығып, байлар жиған-терген мал-мүлкімен суға кетіп, толқын жұтып, мал да құрып, таусылып, тып-типыл болды. Бұрынғылардан қалған бір мысал: бір тамшыдан жиыла-жиыла дария болмақ. Бір пұлдан жиыла-жиыла дүния болмақ. Байлардың ешкімге беруге көзі қимай,





өздерін қарық қылды, бірақ апат өздерін де тұншықтырды, ал кедейлер сусыз шұқанақ еді, тасыған дария бөлініп-бөлініп бытырап әрбір шұқанақта қалды.

Мысал үшін өлең қылып сөйлеген Мәшһүрдің сөзі

Күн жайлатып, жаудырған қызыл туы,
Өткен жыл төгілген кез малдың шуы.
Тау-таудан қырық кез асып биіктігі,
Қаптады дүние жүзін топан суы.
Кеме қайда, жұрт мінді салды байлап,
Ағызды қоймай ерікке толқын айдап.
Су жұтып, қатты толқын тұншықтырды,
Салы суға кеткен боп соры қайнап.
Алай-дүлей ұйтқыған боран соғып,
Көп жылқы науыт болды боранға ығып.
Талай жұтқа болмаған жарықтықтар,
Шыбын-шіркей, быт-шыт боп кетті шығып.
Қалмай бақ пен дәулет қонған кісі,
Осылай болады екен тағдыр ісі.
Құдайдың құдайлықпен қылған ісін
Көзімен көреді екен тірі кісі.
Кедейге үлес болар құнан мен тай,
Теп-тегіс тып-типыл боп құрысын бай.
Дүние кезек деген аққа шығар,
Бәрін қылған өзіңсің, құдайым-ай.
Істің бәрі Аллаға аян болды,
Сөйлеушіге әңгіме баян болды.
Көзі қимай жинаған байдың мүлкі
Өзіне жылан менен шаян болды.
Бір тамшыдан су жинап, дария етті,
Тұзу қарап ешкімге бұрмай бетті.
Жел тұрып толқынды қатты қуалап,
Жиған бай өзі ғаріп боп суға кетті.
Ей, Мәшһүр, туа қастас болдың баймен,
Бай көрінсе қашумен қуалап саймен.
Байдың түбі боларын біліп мұндай,
Сөйлесіп қойғандай-ақ бір құдаймен.
Онан соңғы бір қасың – қожа-молда,





Олармен елдеспедің бұрын-соң да.
Жамандап бас-басына өлең жазып,
Жазған сөзің әр жерде жүрді қолда.
Қажы менен ишандарды түйрей шаныштын,
Бәрінен де бойыңды аулақ салып қаштын.
Аза бойың осылардан қаза болып,
Оларды жек көрсетер бар ма албастың.
Мәңгі-бақи бұл дүние тұрмақ емес,
Қалжыратып шаршатар бәрін тегіс.
Өлмеген құл көреді, асықпаңдар,
Бұл заманға таусылып болар көмес.
Жұрт көрді құдай ісі оңайлығын,
Қысы-жазы тығын жоқ, ыңғай шығын.
Пәнде асығып жеткенше тарығады,
Құдай өзі көрсетпек құдайлығын.
Кедейшілік болар ма мұнша қиын,
Ойын-күлкі, ас пен той, қалды жиын.
Естігенің – суық сөз, жаман хабар,
Жұмыртқадай шайқалар күнде миың.
Бұл құлақ естігенді көз бір көрмек,
Не нәрсе әуел бастан кезек келмес.
Кейінгіге мылжыңдап былшылдауға
Табылды заманада бізге де ермек.
Естіген бір сөз еді құлын жастан,
Таңбадай жоғалмайтын тасқа басқан.
Қошқардың ені үзіліп түседі деп,
Өліпті деген сөз бар қасқыр аштан.

15 маусым 1987 жыл

Еламанның баласы Тұрсынбай-ды

Еламанның баласы Тұрсынбай-ды
Көрмедім мұнан асқан мұңсыз байды.
Бәзілі – бай, Боштайы – аға сұлтан,
Бір құдайдан басқадан қымсынбайды, – деп 1907 жылы

жазыпты.





Мәшһүр Жүсіптің
«Құдайым жексенбі күн жер жаратты»
атты аңыз өлеңі

Құдайым жексенбі күн жер жаратты,
Жер-суды әуел бастап бір жаратты.
Тау мен тас, ағаш пен шөп, көл мен өзен,
Түріндей текеметтің түр жаратты.
Жерлерден аға берді бұлақ қайнап,
Гүлденіп бәйшешектер, бұлбұл сайрап.
Жексенбі, дүйсенбі мен – бұл екі күн,
Жер жүзін тегіс қылды түгел сайлап.
Сейсенбі – жер, сәрсенбі күн көкті қылды,
Құдіретпенен қылған ісін неше бөлді.
Көкті жерге пар қылып жарастырып,
Ай мен күн, жұлдыздан перде құрды.
Екі күн – Жер, екі күн Көк жаратты,
Бір-біріне екеуін жұп жаратты
Бір сағатта қылуға құдіреті бар,
«Пендеме ғибрат болсын» деп жаратты.
Кітаптан көргенімді айтпан теріс,
Құдіреттің қылған ісі тіпті келіс.
Ырзық, несіп-қоректі ішіп жейтін
Жаратты бейсенбі күн бәрін тегіс.
Аспан биік, Жер төмен, тау, тас қатты,
Ат аяқты болғанда құс қанатты.
Заһардан – бал, тікеннен гүл шығарып,
Жұма күні жаратты адамзатты.
Құдіретпен он сегіз мың ғалам болды,
Бәрі – қабық, маңызы адам болды.
Құдайдың құдайлықпен қылған ісі
Жаралып, алты күнде тамам болды.
Кім айтар: «Қылған ісім болмасын» деп,
«Орынға осы жұмыс тұрмасын» деп.
Сабырдан сабақ берген білген жанға,
«Асығыс пенделерім қылмасын» деп.
Жаратып он сегіз мың ғалам мүлкін,
Ешбірінің кем қылмай ажар, көркін.
Үстінде Құдірет өзі патша тұрып,



Өзді-өзінің бәріне қойды еркін.
Сонда жарлық түсірді Көк пен Жерге,
Тауға, қарға, алдыма кел деп бірге.
Ай, Күн, Жұлдыз, ағаш, шөп,-шашбауыңмен
Ажарланып көркейіп кір деп түрге.
Құдіреттің жарлығынан қатты састы,
Алдына құлдық бас, тәубе қойды басты,
Көк пен жер бірдей шулап қоя берді,
– Атына тағфин, – деп аузын ашты.
Аузы бар, жоқ болса да бас пен шеке,
Екеуі бірдей айтты, емес жеке.
«Сонда жердің ашылған аузы қай жер?»
Десеңдер, осы күнгі тұрған Мекке!
Мұнымды бекер деген кітап қарар,
Халқыма білгенімді айтсам жарар.
Көк пен жердің аузы сол болғандықтан,
Құдайға жылаушылар сонда барар.
Құдірет айтты: «Бәріне мен бердім дем!
Мен бермесем, кәнеки, беруші кім?
Мүлтіксіз қып жараттым тепе-тегіс,
Біріңді артық, біріңді қылмастан кем.
Ешбіріне сыяпат жоқ тарлығым,
Бұйрықты емес, кесімді бұл жарлығым.
Ортасына бұл көптің тастаған сөз,
Білінсін деп баршаға өз барлығым.
Ерік, ықтияр өзінде көк пенен жер,
Ай мен Күн, бұл кеңеске сендер де кір.
Тау мен тас, шалқып жатқан дария сулар,
Көремін алаламай бәріңді бір.
Мен қинап ешбіріңді зорламаймын,
Тозаққа түсірем деп торламаймын.
Біріңді – артық, біріңді кем көрмеймін,
Бәрі – өз мүлкім, жасытып, қорламаймын».
Қысылып жарлық сөз деп қалма дейді,
Ерік өзінде, жақпаса, алма дейді.
Сақтауға бір аманат ие болып,
Ішінде бір талапкер бар ма дейді.
Көркейген не нәрсе бар Адам келмей,





Немен адам болады, жүрсің білмей.
Болмаса алтын емес, күміс емес,
Жаралған жеті күннің бәрі бірдей.
Сөз деген – жайылған мал: далаға өрсе,
Кәне, қора табылып, соған кірсе.
Не нәрсе түссе көзге танылады,
Адам сол – адамдығын жұрты көрсе.
Нашарға жаның ашып, ішің күйсе,
Бейнетпенен мал тауып, пайдаң тисе.
Кем-кетік, жоқ-жітікке қарайласып,
Аш тойынып, жалаңаш киім кисе.
Жан жоқ болса, қаласың жерде жатып,
Маңайыңа келе алмас ешкім батып.
Жоқтан бар қып сол күнде берген Құдай,
Болмаса алып едің кімнен сатып.
Жанды ма, көрмейсің бе тау мен тасты?
Жансыздықтан болып тұр аяқ асты.
Жанға ие болғандықтан құрмет қылып,
Ешкім басып кете алмас титтей басты.
Жарастықты он екі бірдей мүше,
Бергенінің саны жоқ әлденеше.
Күннен-күнге артылып беріп жатыр,
Тіпті айтпайды: «Алдың, – деп, – күні кеше».
Бір қылып беріп тұр мал мен басты,
Жер менен су, билетіп тау мен тасты.
«Бергенімнің қызығын көрсін деп сол»
Және беріп қойыпты өмір, жасты.
Беріп қойды аямай денсаулықты,
Отырғызып қасыңа ақ жаулықты.
Саусаң бие, артуға түйе беріп,
Қотаныңнан өргізіп жүз саулықты.
Қой қорада, жылқың жонда болса,
Сиыр, түйе жазды-қыс қолда болса.
Қазақ байдың баласы тарықпайсың,
Бәрібір бес те болса, он да болса.
Кигіз бенен жарысып үйге шиің,
Қалтада ақша жасаумен толып үйің.



Бір малың екеу болып жылдан шығып,
Қай жеріңнен келмей тұр, айтшы, күйің?
Мұны айтқаным: Құдайдың бергенін біл,
Білсең, жиып есіңді, өзіңе кел.
Кем-кетік, жоқ-жітікке қарайласып,
Кәріп пенен қасерді көзіңе іл!
Зекеті бар, зекетті шығар былай,
Зекеті жоқ, қайыр қыл әлге қарай.
Орынсызға жұмсалып босқа кеткен
Ессіздерге қор болған есіл мал-ай.
Өзіміздей жаралған ол да адамзат,
Жат емес, Құдай құлы, адам ұлы.
Бұған құлақ қоймасаң, тілге нанып,
Тығып қойсаң ақшаңды кілтке салып.
Құр алақан қалдырып сені мақрұм,
Оп-оңай қоюына Құдірет алып.
Бергеніне Құдайым қолқа салмақ,
Қолқасына тұрмаса, қайтып алмақ.
Қолқасына Құдайдың тұрмаймын деп,
Алған жоқ па ақшасын өртеп Қалмақ?
Жаным ашып айтамын қатты-қатты,
Сараңдық қып жоғалтпа жоқ жерде атты.
«Құдай үшін аштарға жылу бер» деп,
Халқыма айтып жатырмын Қазақ заты.
Мұнан да артық дәулетті боласың бай,
Қой, жылқымен толады қораң мен сай.
Мұндай ізгі сауаптан мақрұм қалмай,
Ізгі дұға алыңдар, ағайын-ай!

*Жолмұрат Жүсіпұлының қолжазбасынан көшірілді,
көшіруші – Кәрібайұлы Жұқаш, 21 шілде 1987 жыл*

Қалмай ма әлі-ақ бір күн Мәшһүр өліп

Қалмай ма әлі-ақ Мәшһүр бір күн өліп,
Жалп етер жетсе қаза шамдай сөніп.
Азырақ іштің шерін тарқатайын,
Қызыл тіл тұрғанында жөнге келіп.





Жүзінде жалған дүние көп сөйледім,
Ақылға үйлестіріп дөп сөйледім.
Дүниеден біраз тұрып біз де өтерміз,
«Ат қамын кейінгіге» деп сөйледім.
Мінеді иманды құл алтын тақты,
Бекерге жібермейік білген шақты.
Денсаулық, тіршіліктің арқасымен,
Безедік біраз ғана тіл мен жақты.
Дүние үшін оқу оқып, болған молда,
Болғанда сәлде баста, кітап қолда.
Білгені өз басына пайда етпесе,
Масқара көп алдында болар сонда.
Бұлар сол оқып ұқпай босқа қалған,
Шын болмай, айтқан сөзі болған жалған.
Жұртқа айтып насихатты өзі тұтпай,
Қазақтың қой мен тайын алдап алған.

Мұрт пен сақал ауызда болғанменен

Мұрт пен сақал ауызда болғанменен,
Оныменен саналып болмайды адам.
Текеде де сақал бар, көр, нанбасаң,
Оныменен теңеліп болмайды адам.
Құмырысқа қимылдайды ол да жүрсе,
Жұрт құлағын салады ит хәм үрсе.
Құстың бәрі бір басты, екі аяқты,
Адам сол, адам болып санға кірсе.
Жалқаулық тастан ауыр бойды басып,
Күшті ақыл, өткір сезім ойды басып.
Қайраттың лапылдаған қызу отын
Надандық суын сеуіп қойды басып.
Кәләйміз аты бар бір қоңыздың,
Тазалап боғын жияр жапан түздің.
Әрқайсысын әр жерге кетер үйіп,
Кітаптан жазығы жоқ көрген көздің.



Сарыарқаның кімдікі екендігі (қазақтың осы күнгі әңгімесі)

Сөз шықты біздің қазақ даласына,
Петербург келіңіз деп қаласына.
Кеңшілік, ойлай берсең, келе жатыр,
Сахараның көшіп жүрген даласына.
Жақсылар, өнер болса енді аянба,
Қалмаңыз басқа жұрттың табасына.
Хұзыры патша ағзам рұқсат берді,
Халқының бас қосуға данасына.
Бұрынғы партиялық жұмыс қалсын,
Көңілдің бұл сыймайды аласына.
Ынтымақ, кеңеспенен болған істің
Кірмесін араздығы арасына.
Қолың бос, аузың еркін, не қылсаң да,
Қарайды әркім ойлап шамасына.
Пейілі патшамыздың кеңіп жатыр,
Алғай-ды бізді құдай панасына.
Құдайдың бір жарылғар уақыты келді,
Алаштың ұраны үш жүз баласына.
Айырылып қалып едің су мен жерден,
Қуат-күш кеткеннен соң әрбір ерден.
Біреуі айрылғаның – тау мен ағаш,
Мүлкіңнен шығып кеткен бәрі бірден.
Указбен түйе мұрынын теспе деген,
Белгіні көріп едің әрбір төрден.
Аяқты бір басқанда екі есе ақша,
Жапаны тартып ең ғой көр мен жерден.
Есіктен кіре алмайтын қара шекпен,
Орынды қақ жарып кеп алды төрден.
Тұтқында сорлы қазақ қалмап па едің,
Қол қойып ақ қағазға басқан мөрден.
Биылғы үмітті едің өткен күзден,
«Октябрь он жетінші» деген сөзден.
Жан-жақтан ұшпа бұлт көтерілді,
Қызғанып күннің көзін мұңды бізден.
«Келді, – деп, – басыңа сот!» – қорқытады,
Ілі ап бес-алты ауыз айтқан сөзден.





Жылаған алым үшін нашарлар көп,
Жас ағып, бейшара боп, екі көзден.
Жыл сайын жат бұйрықтар зәрені алып,
Адасып қалып едік бұрынғы ізден.
Мақсатқа шын түбінде жеткізуші,
Рақымын аяған жоқ құдай бізден.
Көз жасы жылаулының қабыл болып,
Мұсылман баласына тиді тізгін.
Ойға алсаң жақсылықты, кеңеске кір,
Жүре бер, жақсылықтан күдер үзсең.
Айырылған біздің қазақ Есілінен,
Өзінің болған емес кесірінен.
Жер-мүлкі шаруаның қызықты еді,
Қойнында құшақтаған жесірінен.
Адасып осы күнде қазақ қалды,
Бұрынғы ата-баба ресімінен.
Жылқыға керек жерге егін салып,
Жер жыртып, мұжық қалмас кәсібінен.
Жайлауы баратұғын тарылған соң,
Айырылды мал да, жан да несібінен.
Мұжықтың кесірінен қыс көбейіп,
Кеміді төрт түлік мал өсімінен.
Зынданда не шаһбаздар нақақ жатыр,
Ұлықтың қылған зорлық кесімінен.
Айырылды біздің қазақ Нұрасынан,
Атаның мекен салған мұрасынан.
Законды жылқышы мен қойшы білді,
Үйреніп мал қамайтын қорасынан.
Жұмысы партияның қуаттанды,
Халық-жұрттың жаман ырым жорасынан.
Ақша үшін аузы ашылған жүзқараның
Сөзі жоқ айтар түзу турасынан.
Әр түрлі қысымшылық болып еді,
Сасқандай жұрт жаңылып тобасынан.
Халқына махаббатты сөзін естіп,
Патшаны жұрт тастамас дұғасынан.
Орысқа мынау жерің керек десе,



Әркім-ақ жылап көшті ұясынан.
Ұлыққа бізден барып арыз айту
Шыңның да қиын еді-ау қиясынан.
Ұлықтың құзырына қалам тартқан,
Айта алсаң, болар едің сиясынан.
Қазақтан баса-көктеп жер алуды,
Әдет қып алып еді крестьян.
Қор болған біздің қазақ қолы жетпей,
Баруға басқа ұлыққа құны жетпей.
Жібермей тұншықтырып басушы бар,
Жүрген жоқ болмаса ат пен тоны жетпей.
Шарасыз амалсыздан жүрген сорлы,
Көруге жақсы ұлықты көзі жетпей.
Алды кең мархабатлы ұлықтарға
Баруға басып қадам ізі жетпей.
«Сары алтын – сабыр түбі» деген сөз бар,
Тілектің жүрген екен кезі жетпей.
Көшпес кент, ұшпас тауық болып қазақ,
Самұрыққа, қарлықты ғой, үні жетпей.
Қор қылып повесткалар, қамап тастап,
Өлді ғой бір босанар күні жетпей.
Көресің жақсылықты көрмесең де,
Жүресің кел жет десе, жүрмесең де.
Әркімге ғылым, білім керек дейді,
Білерсің, бұрын байқап білмесең де.
Сүйінші, жүрек жарып, сұрап жатыр,
Күлерсің, езу тартып күлмесең де.
Бұл жолға қажет үшін беру керек,
Пейілің тар, бұрын сараң, бермесең де.
Соңынан жүрген ердің бәрің шұбап,
Бұрынғы арсыздықпен ермесең де.
Құнына тұйғын құстың бағаң жетті,
Тауық боп бұндай тары термесең де.
Көруге көзіңе арман мекемеге,
Кіресің, бұрын барып кірмесең де.
Бұрынғы қысымшылық қапасынан
Өлуге жақын едің, өлмесең де,





Данышпан, ақыл, дана керек дейді,
Жиылып бәрің бірдей жүрмесен де.
Айтқан сөз, ақылға сал, жалған болса,
Немене естіп құлақ қанған болса.
Талабы талапты ердің қайда жатыр,
Әр тұстан әркім хабар алған болса?
Оянбай әлі күнге қазақ жатыр,
Арызға хат басқа жерден барған болса.
Айтушы: «Наныңыздар!» – деп айтады,
Бұл тілге мұсылмандар нанған болса.
Миллионға табылмайтын ақыл, кеңес,
Пұлында жүз теңгелік арзан болса.
Қазақтың осы жүрген баласына,
Бітеді, көңіліне алған арман болса.
Болды деп не қып бұлай ойламаңыз,
Шара не бір құдайдан пәрмен болса.
Халық-жұртты билеуші патша ағзам,
Халқына мархабат көз салған болса.
Мақсатқа кім жетеді ойындағы,
Бұл шаруаң қатыныңдай қойыңдағы.
Ертіс, Нұра, Есіл мен Еділ, Жайық,
Мұсылман бұл бес өзен бойындағы.
Жерлер де мұнан басқа толып жатыр,
Жатырмын оңайды айтып ойымдағы.
Білмесен өз пайдаңды, бауырларым,
Тұра бер тамағыңа тойын-дағы.
Ерінсең Омбы, Семей баруыңа,
Сол бөксең ауыр батпан шойын-дағы.
Құр қалсаң қарап тұрып махаббаттан,
Азабың арылмайды бойыңдағы.
Базардан маған өрік келеді деп,
Баладай алданбаңыз ойыңдағы.
Құдайдың беруі жоқ жай жатқанға,
Болмайды үйде отырып ойыңдағы.

Бір мың тоғыз жүз жылдан бес жыл асты деген уақытта, алтыншы жылдың он бесінші мартта сөйленген сөз екен. Сөйлеуші – Мәшһүр



Жүсіп Көпеев, Семей облысының, Павлодар уезінің, Қызыл тау елінің қазағы.

Бір мың тоғыз жүз жылдан асты бесі,
Бес түгіл, көрді алтыны тірі кісі.
Тиеді құлағыма еміс-еміс
Октябрь он жетінші манифесі.
Отырмыз, міне, марттың он бесінде,
Қазақтың дәнеме жоқ тіпті есінде.
Мархабат патшамыздан кеңдік бар деп,
Сөйлеген бір сөз жоқ боп ел ішінде.
Талай ер күйіп жатыр дегенменен,
Дәнеңе жоқ бұған опық жегенменен.
Манифест бар деп айтқан айтушыны,
Айта алмай ұстайды орыс дегенменен.
Орыстан біздің қазақ қойдай ықты,
Манифест бар дегенді бүктеп тықты.
Бар деушіні жазалы қылған жұмыс,
Әшкерә боп ғаламға қайдан шықты?
Ғаламға патша күндей нұрын шашып,
Халқына мархабаты мейірімі тасып.
Қазаққа бұл күнгеше есіттірмей,
Аты бар, өзі жоқ қып қойды басып.
Түңілді естіген жұрт мұнан таза,
Дәнеңе жоқ білмегенге, білгенге – аза!
Манифест бар деушілер тұтқын болып,
Кесілді еш себепсіз оған жаза.
Бар құдай, бізге жарық таңыңды атыр,
Болар ек, атса таңың, біз де батыр.
Қазаққа құлақ пен көз болған ерлер,
Тұтқында, білесіз бе, неден жатыр?
Мақал бар: «Халық сүйгенді тәңірі сүйді»,
Деп едік: «Бізге де бір дәурен тиді!».
Патшаның мархабаты жұртына бар,
Деп айтам деп шаһбаздар нақақ күйді.
Қазағым, өнер емес ұрлық-зорлық,
Қыласың бір-біріңе неге озбырлық?
Болғаннан алты ауызды, ынтымақсыз,





Басыңа келген жоқ па талай қорлық?
Жиылыс, дума деген хабар шықты,
Қайратты ерлер барар оған мықты.
Бас қамын, жан пайдасын ойлаңыздар,
Тастасып партия мен араздықты.
Думада анық болды сайлау бары,
Құны асар артылғанның сонда шары.
Бәрі де бір ауызды болып жатыр,
Оянып бізден басқа халықтың бәрі.
Бостандық болмақ болып әр руға,
Бас қосты бір ауызды боп тұруға.
Бір қазақтан басқа жұрт ыңғайланды,
Бірігіп өз жынысымен жұрт болуға.
Тауып ал тұман түспей тұстасыңды,
Жолдас боп сынап алып достасыңды.
Баласы дін мұсылман ұрандасып,
Қосыл кісі санына, қос басыңды.
Партия болысуды қоймадың ба?
Бұл істен көбің басты жоймадың ба?
Телміріп әр есікке тентіреуден
Жалығып, өмір бойы тоймадың ба?
Ашылмай, басымыздан тұман басты,
Сол үшін жол таба алмай жұрт адасты.
Мың сегіз жүз сол алпыс тоғыздан соң,
Қор болып, болмадың ба аяқ асты?
Даярлап күнде алдыңнан қақпан торын,
Шыңырау қып сексен құлаш қазған орын.
Құранды – қор, молданы бордай қылып,
Тырысты сөндіруге ислам нұрын.
Арзан боп Құран құны болып тиын,
Бас қосар ғұламаға болмай жиын.
Орысша тіл білгенді жұлдыз қылып,
Жоқ қылды шарифаттың құрмет, сыйын.
Мешітті сылтау қылып жауып тастап,
Сала алмай қазақ мешіт қайта бастап,
Кітапты чиновниктер жинап алып,
Жылаған күндер болды-ау көзді жастап.



Мешітті ас үй қылды молда сасып,
Көрген соң чиновникті құты қашып.
Кітапты тиеп алып шанасына,
Астына сол к...нің алды басып.
Деп айтшы: – «Кәне өтірік», – мұсылмандар,
Паналар жер таппады-ау қысылғандар.
Есіл аят, хадисті сөйткен шақта,
Денеді құр шықпаған қалды-ау жандар.
Тұл болды ерік алумен қыз бен қатын,
Міне алмай әркім баптап бір-бір атын.
Меншіктеп мекеніңді крестьян,
Не дейміз, қорлық демей мұның атын?
Байланып қорыққандықтан жүрді тілім,
Қазағым, қайран жұртым, халқым, елім.
Мұжық кеп қара шекпен, крестьян,
Жеріңді қылмады ма тілім-тілім?
Көкорай, көк шалғыннан еріксіз айдап,
Құлыныңды қор еттің шаңға байлап.
Никан жала жабысып, басың кетіп,
Жылап ең жағанды ұстап: «Я, құдайлап!».
Манифест, берді патша, басыңа ерік,
Барып қал хұзырына тауып серік.
Түсіңе үш ұйықтасаң кірмейтұғын
Сықылды табылатын асың жерік.
Басыңнан әрбір түрлі күндер өтті,
Құр жылап екі көзге әлің жетті.
Өзіңді өзіңменен ұстастырып,
Тоздырып, иттей қор қып, быт-шыт етті.
Халық аң-таң әлі күнге басы қатып,
Тұрғанын білген жан жоқ таңның атып.
Көп болды көз жасына қалған жандар
Зерлі шекпен, медальға жұртын сатып.
Ингам деп медаль, наград ала берді,
Өз басы аман, жұртты отқа сала берді.
Пайдасын үрім-бұтақ ойламады,
Кебепте кейінгілер қала берді.
Сөктелген тарыдай боп ақталыңдар,





Бәйге алсаң бұл жарыстан, мақтаныңдар.
Қулардан шекпен киіп, наград алған,
Мұсылман, бұдан былай сақтаныңдар.
Ер болсын уағдасын бұзбайтұғын,
Алданып сый-құрметке қызбайтұғын.
Пайдасын милләтінің түгел ұстап,
Жұрт қамын түптеп тартып қозғайтұғын.
Кеңшілік мемлекетке патша берді,
Қарақшы бас қосуға қылды жерді.
Тұқым-тұқым пайдасын ойлайтұғын,
Сенімді жіберіңдер бұған ерді.
Қылмаңдар жанжал, талас бұған іреу,
Түзу ағаш болады үйге тіреу.
Қазақтан сайланады депутатқа,
Теңдікке алса, екі жүз мыңнан біреу.
Бұл мәжіліс қызыл қия, шың болады,
Ескі қалып, жап-жаңа тың болады.
Семипалат қазағы, облысының,
Алты жүз және сексен мың болады.
Сайлауға депутаттар, жиылыңдар,
Дін, ғылым үшін ынтымақ қылысыңдар.
Мұсылманнан қосуға санын көп қып,
Тырмысып, талап қылып, тырмысыңдар.
Құдайдың шын нансаңдар бірлігіне,
Ерлердің күш қосыңдар ерлігіне.
Сарт демей, ноғай демей, қазақ демей,
Тілеу қыл дін мұсылман бірлігіне!
Сұраған мұсылман бар бізден бұрын,
Қазан, Қырым, Орал мен Орынборым,
Соңынан сол мұсылман сен де шұбал,
Көбейтіп, дін исламның көркейт нұрын.
Әр жұрттар қылған нұсқа баспасына,
Қылуға ауызбірлік бас-басына.
Өзіңменен ыңғайлас жұртпен бірік,
Пұл берсе, бұрма мойын басқасына.
Арызын былтыр айтқан түгел Қазан,
Жер мен су, басқа азаттық, мешіт, азан.



Тілегі, дәлелімен толып жатыр,
Қылайын қайсыбірін жарапазан.
Болып тұр мұсылманға Қазан басшы,
Сен де соған жейтұғын асыңды асшы.
Дін исламның бір болып ынтымағы,
Патшаның қол астында бір жарасшы.
Болатұғын мезгілің болды тірі,
Басшың тұр аузы жеткен алдыңда ірі.
Сол басшының соңынан ер бірісің,
Есепті санды алтаудың болдың бірі.
Шықпасаң, басың қалсын балағанда,
Жаның қалмас талай ит талағанда.
Империяға қараған дін мұсылман,
Алтыдан бір боп шығар санағанда.
Бұл бәйгеде талай ат шабылады,
Ашылған арт неменен жабылады?
Сенікіне муафиқ тілегені,
Айлас, мұңдас сол көптен табылады.
Тексерме, сірә, ешкімнің тек пен затын,
Оқып көр программа қылған хатын.
Өзіңменен тілеулес бір боп шықса,
Таныс бол сол арада сұрап атын.
Бесінші, мың тоғыз жүз, жыл ішінде,
Жұлдыздың август деген он бесінде.
Бас қосқан мәкаржеде мұсылмандар
Айтайын тұрған күнде мен де есімде.
Көп болар айырылатын ақыл-естен,
Шыққан сөз көпке бірдей отыз тістен.
Құлақпен естуменен бұлақ болдым,
Болмаса туғаным жоқ оқып іштен.
Жиылған мәкаржеге мың сан кісі,
Кем менен көптікке бар кімнің ісі?
Ынтымақ, ауызбірлік қылу үшін,
Бас қосқан мұсылманның білімдісі.
Кезгендер үйде отырып дүние жүзін,
Жан-жаққа салған ашып көңіл көзін.
Ұнатқан ғылым, білім иелері,





Жасаған программа Қазан сөзін.
Жігіттер, өнер алды – ғылым, білім,
Деген бас жан бұрмасын ислам дінін.
Жақсылар басын қосқан кеңес сөзін
Шеберлеп келтіре алмай жатыр тілім.
Патшаның құзырына тартып қалам,
Бас қосып өңшең жүйрік, білгіш адам.
Дін мен жалғыз жер емес сұраулары,
Сұраған хұрияты тегіс тамам.
Һәм жұртта не білімді, бар ғой зерек,
Зеректің күні туды болар керек.
Атпақ мұсылманның ынтымағы,
Бір жерден шықса екен деп қылды тілек.
Екінші, ие болсын дін мен жерге,
Тұрса да қай орында кіммен бірге.
Құтылып таршылықтан, кеңіп тыныс,
Ісіміз басса екен деп біздің өрге.
Жұрт бағынып патшаға қараса деп,
Халық ықыласы бек ұнап жараса деп.
Неке, талақ, мирастың дау-жанжалы,
Ғұламаның алдынан тараса деп.
Дін көркейіп, көзге бір көрінсе деп,
Мұнан шалқып басқалар үйренсе деп.
Шариғаттың тізгіні қолымызда,
Бостандық боп, қағусыз берілсе деп.
Ие болар табыншы бір табынға,
Баға алмаса қалмай ма сол заманға.
Имам болар кісіміз ішімізден,
Бармайтұғын болса деп экзаменға.
Дінімізді кемітіп қорламасын,
Көзімізді бақырайтып ұрламасын.
Басымызды билетсін өзімізге,
Оқытсын деп орысша зорламасын.
Кедергі талай бел бар жолымызда,
Жұмыс біздің оң менен солымызда.
Мешіт пен медресенің ықтияры
Болса екен өзіміздің қолымызда.



Салушы болса құлақ сөзімізге,
Сөйлейтін келдік қой біз кезімізге.
Бұрынғы ықтиярсыз қолдан кеткен,
Жер мен су қайтса екен деп өзімізге.
Қоялық өкінбей-ақ өткен күнге,
Надандық, білместікпен көндік кімге.
Шариғат низаммен қатарласып,
Бірдей боп келсе екен деп теңбе-теңге.
Қараңыз бұлбұлдардың сайрасына,
Бұлақтай, тастан аққан, қайнасына.
Бас та азат, орын да азат, форым да азат,
Еркімен жүрсе әркім пайдасына.
Азаттық бәрінде бар, дінде болса,
Сөйлеймін мылжыңдамақ менде болса.
Деуші жан: «Мұның қалай?» болмаса екен,
Жиын-той әңгімеміз күнде болса.
Бас қоссақ екеу-үшеу, деуші еді: «Қой!»,
Қоймасаң деген сөз бар: «Ал, көзін жой!».
Баста билік жоқтықтан тырп ете алмай,
Өлгенге ас бере алмадық, туғанға той.
Бір әріп қылдан тайып айтсаң өзге,
Абақты бұрылады даяр бізге.
Өзіміз ие болсақ деп тіленген,
Сөйленіп, аузымыздан шыққан сөзге.
Публик боп бұл манифест шашылса деп,
Күн көзі бұлт жоқ боп ашылса деп.
Кітабы мұсылманның «Жиған-терген»,
Ерікті боп, цензорсыз басылса деп.
Тірілей тықпаса екен бізді көрге,
Бас азат сұрасаң, дәурен жұртпен бірге.
Өзіміз ие болып отырсақ деп,
Күнелтіп үй орнымен тұрған жерге.
Келеді жаңа босап кірісіміз,
Өлдік қой оңға баспай бір ісіміз.
Ғылым, білім, өнерге кірісуге,
Болса деп көппен бірге жүрісіміз.
Шариғат ортамызда тұрса екен деп,
Бір дүкен дін ислам боп құрса екен деп.





Мешіт пен медресенің тексеруі
Құран кітап жөнімен болса екен деп.
Патша ойламас өз халқын оңбасын деп,
Тынышталып, рахаттанып тұрмасын деп.
Біздің мектеп, мешітке тілегіміз
Көруші инспектор болмасын деп.
Ғылым бар дін исламда жете білген,
Жоқтықтан ерік өзіңде қор боп жүрген.
Тізгіні шарифаттың қолға тисе,
Тамаша қылар еді-ау бізді көрген.
Шарифат қылса үкім қандай қатты,
Дер едік жарық сәуле, таң жаңа атты.
Қолына көптен бері тимеген соң,
Сағынды дін-мұсылман шарифатты.
Патшаға біз бағынып, ұсындық мойын,
Халқына қылса күнде айт пен тойын.
Әр түрлі өнерпаздар шығарса сөз,
Ашуға тұнып жатқан халықтың ойын.
Алайық қуанғаннан бастан бөрік,
Ғылым менен білімге әркім жерік.
Осындай әркім барын көрсетуге
Тоқтаусыз бостандық боп берілсе ерік.
Қазағы империяның – асыл затым,
Өзімді танытады жазған хатым.
Деушіге «Мынау сөзің жарамайды!»,
«Қайтейін, барым осы, азаматым!».
Депутат сайланады білімді ерден,
Талапты шығып жатыр әрбір жерден.
Ауызға алынған жан көрінбейді,
Кеңес қып мұндай сөзді бізден өрген.
Ужирщик бір-бір кісі болыс басы,
Сол кісің болсын асыл жүзік қасы.
Дін үшін жан кешетін ерлер болсын,
Қызбайтын көрінсе де жерік асы.
Алдында алтын жатса алмайтұғын,
Жан-жағын, қу болмасын, жалмайтұғын.
Өлген қоян терісін тұлып қылып,



Тартқан шырға көрінсе бармайтұғын.
Алланың ақ жолымен жүретұғын,
Ерік Аллада екенін білетұғын.
Қызыл жел, жемтікшілді жібермеңдер,
Ит сықылды жетекке еретұғын.
Бір ниеттің қамы үшін бастаңыздар,
Бұрынғы араздықты тастаңыздар.
Сайлаңдар депутатқа кісі тауып,
Айдалып, атылудан қашпаңыздар.
Дініңді кім қорласа, сол – өш-қасың,
Қорлықтан ақпап па еді көзден жасың?
Үйде өлген бір шіріктің бірі болмай,
Жұрт үшін арманың не кетсе басың?
Өз жұртын оңған бар ма жатқа сатқан?
Ерді елдің пайдасы үшін хақ жаратқан.
Ойлайтын елдің қамын ерді жібер,
Жерінен суырып алып көрде жатқан.
Күдер үз тірімін деп жүрген жаннан,
Бір тілім, құны аса алмай, қара наннан.
Білімді өліп, көрде мың жыл жатса,
Шықпайды сонда-дағы кісі сыннан.
Әр тілді депутатың болсын білген,
Бас қосқан мәжілістерге бұрын кірген.
Қазағым, жұрт емессің тіпті бақсыз,
Қолыңа сондай ерді құдай берген.
Патшаны көрмесін деп қазақ барып,
Жүрсін деп қолымызда болып ғаріп,
Жол тауып бас білетін ерімізді
Тірідей көмбеді ме көрге салып.
Көрсетіп сол баяғы зорлық үшін,
Қорлыққа көніп қазақ қалуы үшін.
Айласы адастыру бірді-бірді,
Болмаса іс қылған жоқ тауып ісін.
Ағайын: егіз туған ұрлық, зорлық,
Зорлығы – ағасында, ініде – ұрлық.
Бірі қойса, бірі де қояр еді,
Тауып тұр, қоймағаннан тегіс қорлық.





Зорлығын қоймай өзі, жаппай мінін,
Ініге алғыза алмас аға тілін.
Қасқырдай өз күшігін талаған жан
Түзетіп тыныш ұстайды қалайша елін?
Жыртылып, тарта берсе, кетер перде,
Иманның билігі бар талапты ерде.
Қорлықпен тірі болып жүргеннен де,
Жатқандық жақсы емес пе өліп көрде!
Кеңшілік болды уақыт жазғытұры,
Қар кетіп, лай, балшық жер болды құры.
Құтырған ит аспанға қарап үргенменен,
Кеми ме ай мен күннің онан нұры?
Болыңдар көтермеші жарысқанға,
Дұшпанмен жағаласып алысқанға.
Бір тиын онан құны кемімейді,
Салғанмен қанша кісен арыстанға.
Жолыңнан сыбағалы құр қалма,
Жақсыны аты естілген естен салма.
Халық-жұртының қамы үшін қайрат қылып,
Айдалып, атылсаң да, арман бар ма!
Түскен жоқ олжа болып шабындыдан,
Ұсталды деумен: «Кеңдік табылдыдан».
Жұрт үшін жорықта өлсе, арманы не?
Өлмей ме жаман да үйде қағындыдан.
Алысып өмір бойы жалғанменен,
Шындыққа бір жете алмай арманменен.
Ақырда бір жарыққа айналады,
Зынданға, қарая ма, салғанменен?
Бір туар тірі болса күн мен айы,
Болысар анық аққа бір құдайы.
Зындан жаман жер емес ақ кісіге –
Жақыпұлы Жүсіптің жатқан жайы.
Құл қылып бауырлары сатпады ма?
Зынданда он екі жыл жатпады ма?
Мысырға ақырында патша болып,
Жарқырап таңдай болып атпады ма?
Басы сол: кінәсі жоқ, аққа күйген,
Көз жасын жылаған соң тәңірім иген.



Сол Құдай – бәрімізге бірдей Құдай,
Дәурен деп, білсең керек, бізге тиген.
Дүниеқорда құлақ пен көз болмайды,
Есі бүтін кісіде сөз болмайды.
Ар жағынан келген соң судай ағып,
Тұра алмайды ақындар ауыз бағып.
Керсоқырлар танымай тез екенін:
«Қисық қой!» – деп, қор қылар отқа жағып.
Бар болсам да дүниеде, болдым жоқтай,
Сөйлейтұғын сөзімнен тоқтай-тоқтай.
Өзі қисық болса да, тез ағашы,
Талай қисық ағашты қылады оқтай.
Осы күнде көп болды оқып білген,
Дүние болып мақсаты, жиған-терген.
Қайда тойса қарыны, сонда тоқтап,
Егіншінің өгізі болып жүрген.
Демейміз біз ондайды тіпті білген,
Хайуан көп тамақ асырап күнін көрген.
Ойлаған халықтың қамын білімді – сол,
Қамы үшін ел-жұртының отқа кірген.
Жұртына білгенінен тисе пайда,
Ойлайтын халық пайдасын әрбір жайда.
Халық үшін жаннан кешкен шаһбаздарға
Қылатын жанын құрбан ерлер қайда?
Жан кешпей, көрген бар ма мақсат алып,
Көбелек түседі отқа тұрған жанып.
Жаннан жан аяулы емес, ойласайшы,
Не қылмақ онан аяп алып қалып?
Ағады күндіз-түні көзден жасым,
Түйіліп тамағымнан ішкен асым.
Қажеті аз тіріліктің өз басыма,
Кісіге керек қылған, міне, басым!
Көре алмай жарық сәуле, таңды көзім,
Қартайдым қараңғылық тұманда өзім.
Өткен күн, жасаған жас, бәрі аман бол!
Артымда бес-алты ауыз қалсын сөзім.
Асқынды, болып жара жауырларым,
Тіпті жоқ жазулы істі ауырларым.



Бірлік қыл, басыңды қос, пайданды ойла,
Қазағым, қайран халқым, бауырларым!
Халық қылып атандырды бізді қазақ,
Іргелі көп жұрт емес, өзі де аз-ақ.
Болғаннан алты ауызды ынтымақсыз,
Барасың көрінгенге болып мазақ.
Орынсыз мал шашасың сасқаныңнан,
Қасқырға қарай үркіп қашқаныңнан.
Құдайдың жақсылығын көтере алмай,
Кез болдың да бір асып, тасқаныңнан.
Береке, кетпес пейіл асыңда тұр,
Үлгі алсаң, үйретуші қасыңда тұр.
Далаға білмей өзің қаңғырасың,
Құдайдың жақсылығы басыңда тұр.
Сенде тұр жылқы мен қой, сиыр, түйе,
Бұлақтай саулап тұрған сүтті бие.
Болғаннан алты ауызды ынтымақсыз,
Басыңа малың менен әркім ие.
Айырылдым дәл он бесте ақыл-естен,
Жабысып бір дауасыз ауру төстен.
Көпеев Мәшһүр Жүсіп ғайыр мәфик,
Жасының үш жылы асты тоғыз «бестен».

Пайғамбар сөздері

Пайғамбар айтты: «Жеті түрлі кісінің дұғасы қабыл болмайды: өтірік сөйлеушінің, өсек айтқандардың, уағдаға опа қылғандардың, намаздың көпшілігін қаза қылғандардың, ерінің көңілін қалдырғандардың, зинақор адамдардың, қымбатшылық кезінде қолда барын сатпай отырғандардың».

Тағы да Пайғамбар айтты: «7 түрлі адам дүниеден шықпас бұрын кәусар шарабын ішер, олар: көршілерінің тілегін орындағандар, балаларын құран оқу үшін ұстазға бергендер, уағыз айтушыдан уағыздан ұққанын халыққа уағда қылып түсіндірушілер, бес намаздың уақытын күтіп, Аллаға сыйынып жүзін жерге қойып, тахауат, ғибадат етушілер, ерінің жамандық қылықтарына сабырлық қылған әйелдер,



ата-ананы құрметтеп сыйлағандар, мұсылмандарға ғылым-білім үйретіп, оған ақы алмағандар»).

Тағы да Пайғамбар сөзі:

Пайғамбар бір күні мәжілісте отырып сахабаларға айтқан екен:

– Бір күні мен Ібіліс малғұнға жолығып: «Я, малғұн, адам балаларының неше түрлісінен неге жиіркеніп, жек көресің?» – деп сұрадым, ол: «13 түрлісінен жиіркенемін, әуелі сенен, – деді, – Құран оқушыдан, Мүмин мұсылманнан, Алла Тағаланың бұйрығы бойынша іс қылғандардан, рақымшыл жұмсақ көңілділерден, түнде тұрып намаз оқушылардан, дәрет алып жүрушілерден. Ұйқысын бұзып, тағат қылушыдан, ұят, әдеппен жүрушілерден, опа қылғандардан, шын көңілімен тахаудат, ғибадат қылушылардан, бос сөзден тілін тыйғандардан»).

Жұдай хан мен Ақсақ Темірдің әңгімесі

Жұдай хан көңілі тасып, елтіп, қасына көп нөкерлері мен тазыларын ертіп, заңғар тауларды тінте қарап, түлкі іздеп келе жатады. Жұдай ханның көз ішінде елеңдеп, салт атпен кетіп бара жатқан бір әйелге көзі түседі. Ханның жолын әйел кесіп өтеді. Хан атын шешіп, нөкерлеріне:

– Менің алдымды кесіп өтіп бара жатқан бұл неғылған әйел? Барып ұстап алып келіңдер, – деп, шабармандарын жібереді. Бұлар келіп жолықса, өзі көркем, сұлу әйел екен, екіқабат, толғатып келеді екен, бұларға хал-жайын айтып түсіндіреді. Келген жігіттер:

– Шіркін-ай, мынау сияқты жары болса, адамның арманы бар ма?! – деп таң қалысыпты. Қоя берсек, хан қаһар қылар, алып барайық, өзі де босатар десіп, ханға алып келіпті. Әйел ханға хал-жағдайын түсіндіріп, «Өзім қысылып келе жатып, байқамай қалдым», – депті. Сонда хан:

– Байқамадым дегенің – өтірік, көзіңді ойып тастасам не дер едің? – депті. Сонда әйел:

«Көз оятын, не нәрсе, салтыңыз ба?

Ондай әдет бар ма еді халқымызда?

Күш көрсетпес әлсізге аса тарлан,

Мен айтамын бұл сөзді жалпыңызға», – депті. Жұдай хан:

«Сені мен не десең де босата алмаймын», – дегенде әйел:



«Дүниені ластаған көкірегің,
Дініне ұқсас залымның кеңірдегің.
Босатыңыз, өмірге бүгін келеді,
Нәрестенің атынан, өтінемін», – дейді.

Хан:

«Ешкім маған мұрындық бола алмайды,
Ал нәрестең жарық күн көре алмайды.
Жөн сөз айтып, бұл іске бөгет болып,
Бас қосып ешкім бірге тұра алмайды».

Әйел:

«Бұл сөзді адам айтпас, надан айтар,
Туған жан дүниеден бәрі қайтар.
Бұл істі өз басыңа кез келтірсін,
Ей, падиша, осы – сөзім саған айтар».
Қаһарлы хан осылай қаһар септі,
Қаһар шашып барды да, іштен тепті.
Аттан түсіп, жүгіріп барды-дағы,
Іштен теуіп құлатты келіншекті.
Зұлымдыққа куә боп дала жатты,
Өз жолымен хан кетіп бара жатты.
Не шара бар жауызға жол берген соң,

Елсіз жерде шырылдап бала жатты. Әйелді өлтіріп хан кеткеннен кейін өліп жатқан әйелден туып, жылап жатқан баланы бір қойшы тауып алып, баласы жоқ Дарағай деген байға тарту етіпті. «Әйелім ер бала тапты» деп бай той қылыпты, бұл сырды қойшы өзінің жақын-жуықтарына айтып қояды. Дарағай «менің жасырын сырымды жұртқа айтып қояр» деп, бір түнде қойшы шалды өлтіріпті. Шешесін ішке теуіп аттан құлатқанда, ханның аяғы тиіп баланың бір аяғы ақсақ болыпты. 12-13 жасқа келгенде бала намыстанып, балаларға қосылып ойнамапты. Бір күні бір жаққа бара жатып, биік ағаштың көлеңкесінде дем алып отырса, бір жақ аяғы жоқ өрмекші ағаштың басына шығамын деп тырмысып, орталап қалғанда екі рет жығылып, үшіншіде ағаш басына шығып кетіпті. Мұны көріп Темір ойланып: «Не нәрсеге жету талаптан болады екен-ау, мынау өрмекші қажымай талаптанып еді, биік ағаштың басына шығып кетті ғой», – депті. Көп балаға қосылып ойнап жүріп балаларға былай депті: «Біз ортамыздан бірімізді патша сайлап, соған бағынып ойнасақ қайтеді?». Балалар келісіпті, «Кімді сайлаймыз?» – дегенде «Жарысайық, кім алды боп



келсе, соны сайлаймыз», – десіпті. Жарысқан балалар қаракшыға жақындағанда Темір екінші боп келе жатып, бөркін лақтырып жіберіп, бөркі бірінші бопты, бірақ ана бала келіспегенде Темір: «Адамның аяғы патша болмайды, басы патша болады, менің бөркім бірінші кірді, мен боламын», – дейді. Сонымен екеуі дауласып тұрғанда жандарынан өтіп бара жатқан ақсақалды көріп, соған жүгінеді. Ақсақал «Темірдің уәжі дұрыс, сол болады» деп кесім шығарады, содан былай Темір балаларға патша болып, 15-20-дан сапқа бөліп, бәріне бір-бір шыбықтан беріп, ақ шыбық – ақ ат, қара шыбық – қара ат, ала шыбық – ала ат деп тәртіп орнатып ойнап жүргенде, бір баланың шыбығы жоғалып: «Атым жоғалды», – деп патшасына арыз қыпты. Келесі күні әлгі бала бір баладан шыбығын танып, «Менің атымды ұрлаған – осы», – деп арызданады. Сұрастыра келе ол рас болып, баланы дарға асып өлтіріпті. Өлген баланың әкесі шын патшаға барып айтқан екен, патша: «Неге өлтірдің?» – дегенде Темір: «Сіздің өз әскеріңіз бірінің атын бірі ұрласа, өзіңіз қандай шара қолданар едіңіз?» – дегенде, хан ештеңе дей алмай, ақталып құтылыпты.

Күндердің бір күнінде патшаның баласы бір жай адамның баласын өлтіріп, халық бірнеше күн жиналып, бірақ ханға ешнәрсе айта алмай, Темірді шақырып, содан сұрау керек деп шешеді. Темірді шақырып сұрағанда, ол ілулі тұрған ханның қылышын алып, ханның баласының басын шауып жіберіп: «Міне, мұның жазасы», – депті. Оған ешкім ештеңе айта алмапты, осы қайғыдан хан өліпті. Халық жиналып Ақсақ Темірді патшаның орнына анық патша сайлапты, 17-18 жастағы Ақсақ Темір әйгілі бола бастайды. Ақсақ Темір аты шығып, халыққа білікті патша болғаннан кейін жанына бірсыпыра әскер алып, Жұдай хан шешесін өлтірген сайға келіп, кегін алмақ болып, Жұдай ханның жолын тосып жатыпты. Бір күні Жұдай ханмен кездесіпті.

Бұл-дағы біреулерді өкпелетті,
Біреулердің мерейі көкке жетті.
Біреулерді замана шетке теуіп,
Содан бері он жеті көктем өтті.
Мейрам айы көңілі нәсіп елтіп,
Нөкері мен тазысын қасына ертіп.
Оймен қарап, сәнденіп сұңқар тауды,
Келе жатыр Жұдай хан әуреленіп.
Қаһар кеткен, хал кеткен аяғынан,





Қос қолдап мықтап ұстап таяғынан.
Шашы ағарған, қартайған түрі кетіп,
Мінез-құлқы өзгермей баяғыдан.
Еске түсіп істері өткендегі,
Ой бір саты шарықтап көкке өрледі.
Анау төбе – зымырап қашқан жауды
Қуып жетіп, тас талқан еткен жері.
Анау белес – көп қызық еткен жер-ді,
Туысқанын арбаға жеккен жері.
Мынау бір сай – етікпен жүкті әйелді
Ішін теуіп өлтіргенше тепкен жері.
«Ей, ата, әйел жақсы бір керім, өндір екен,
Қайтті екен, ол қиналмай өлді ме екен.
Көз аша алмай, батар күн, атар таңға
Жайлы орынға сорлы барып жетті ме екен».
Алты адам кенет жерден ербелеңдеп,
Тұра қалды хан жолын көлденеңдеп.
«Бұл кім өзі, бұл кімнің мұзбалағы,
Қарақшы ма жайлаған түз даланы».
Хан нөкері қылышын суырғанша,
Тасадан шыға келді жүз қаралы.
Анау-мынау сөздерге қарамастан,
Ханның қолын көп әскер байлап алды.

Содан кейін ханды баяғы келіншекті өлтірген сайға апарды.

Топ жиын, қызық ойын бәрі сонда,
Қару-жарак, салтанат тұр қасында.
Жайылған кілем үстінде жігіт отыр,
Он жеті мен он сегіздің арасында.
Хан жігітке қарады көзін қадап,
«Ұнамай тұр ей, бала, бұл мінезің,
Кімді тәлкек етпексің, айтшы өзің?
Бұрын танымасаң, танып қой,
Осы өлкенің әміршісі Жұдай хан мен боламын! – деді.

Сонда жігіт:

«Тірлігіңде желігің басылмаған,
Хан едің сен сол үшін асыл маған.
Жоғары шық, әзірше қонағымсың,
Көп кешікпей, аздан соң басыңды алам.




Бөгеліп тұр ма, шалым, жоғары шық,
Бақыт бүгін басыңнан кетті ұшып.
Қайтпас сапар алдында әлденіп ал,
Ұлы ханның қолынан шарап ішіп».
Тұрғанда аяп, қадірлеп жанға санап,
Жігіт күліп ұсынды ханға шарап.
Сосын қайта жалғады әңгімесін:
«Солай, шалым, белгісіз болу қай жақ.
Алмас қылыш секілді халық екен,
Ұстай білу қиын ғой парықпенен.
Өз басыма келер деп ойламастан,
Алмас қылыш талайға жарық берген.
Ұстай білу – бір өнер,
Жұмсай білу – бір өнер.
Түзу ұстай білмесең,
Өз басыңа тіленер.
Сен осыны білмедің, милау шалым,
Ерте жетті сондықтан қирау шағың.
Ұсақ ләззат болды да бар арманың,
Ат басынан алысты көре алмадың.
Ал мен сенен қу болам әлдеқайда,
Төрт құбылам, бар денем толған айла.
Жүрегіңнің үрейлі дүрсілдерін,
Тыңдап тұрмын, барады әлдеқайда.
Бақыт бүгін басыңнан барады ұшып,
Әлденіп ал, бишара, шарап ішіп.
Қартайсаң да желігің басылмаған,
Өлгеніңше қорықпа зәрең ұшып.
Өз қамыңды ойлайтын болса санаң,
Құтылам деп бұл істен болма алаң.
Соның үшін өзіңе құрмет қылып,
Алтын сапты қылышпен басыңды алам».
«Бір үлекей екенсің дінің мықты,
Құтқармасын сеземін, күнім бітті.
Неше түлі айланы түгел біліп,
Қайдан оқып шыққансың зомбылықты», – дейді Жұдай

хан өз сағатының таусылғанын сезіп. Сонда жігіт:





Жас болсам, тұзын татып көргем,
Іздеп өтем өлгенше бақытты өрден.
Зұлымдықтың ең үлкен күшті жерін
Анамның құрсағында жатып көргем.
Анам байғұс жан екен сөзілікті,
Тірлік мәнін бірлік деп сезініпті.
Маған жүкті кезінде жолаушылап,
Бір еріккен залымға кезігіпті.
Әлгі залым аңғартып сусын дара,
Қан төгуді аңсапты құшырлана.
Ішке теуіп анамды өлтіріпті,
Алдын кесіп өткені үшін ғана.
Кеудесінде игілік мақсат төніп,
Өлерінде жатыпты сақ-сақ күліп.
Мен жатыппын іңгөлап, өлім тілеп,
Ұлы анамнан аяғым ақсақ туып.
Бағың жанса, басқа ұрар амал айла,
Айтса адам оны бағалай ма.
Содан мені бір қойшы тауып алып,
Тарту етіп тартыпты Дарабайға.
Ал Дарабай ежелден еркі мықты,
«Әйелім ұл тапты» деп той қылыпты.
Жұртқа жайып жүрер деп құпиямды,
Қойшы шалды бір түнде өлтіріпті.
Шақырғанмен қол бұлғап мақсат небір,
Талайға жарық бермей өтті-ау өмір.
Мен аңсадым анамнан тұмай жатып,
Содан қазір атандым Ақсақ Темір».
Жұдай ханның зәресі ұшып кетті,
Ақылы ауып, денесі ысып кетті.
Шарап толған қолында алтын кесе
Дірілдеген қолынан түсіп кетті.
Ақсақ Темір шығарды масқарасын,
Жауға алдырған кісі деп баспанасын.
Есі кетіп, аңырып отырды да,
Жалаңбастай сөйледі қасқа басын.
Уақыт жетті әр демін санаттырып,
Бақыт бұдан қашқандай балақ түріп.





Сәлден кейін ең соңғы сөзін айтты,
Жұдай ханға кіжіне қарап тұрып:
«Кім айтар табиғатты сезімсіз деп,
Таппай қоймас бір күні өзіңді іздеп.
Өзгеге еткен зұлымдық бара берсін,
Ал дайындал, басыңа келді кезек».

Сонда Жұдай хан:

«Қорықпаймын жазаның қандайынан,
Айтсам, сипай қоймассың маңдайымнан.
Айтпас едім, бәрібір өлтіресің,
Айтайын шындығымды жағдайымнан.
Шындық ит жата бермес босағада,
Тура қара, жүзіңді тасалама,
Бұдан бұрын он жеті көктем өтті,
Мен өлтірген анаңды дәл осы ара».
Күйіп кетті ойға алып өткен шақты,
Қылыш сонда жарқ етті алтын сапты.
Күнбатысқа созылған терең саймен
Ханның басы домалап бара жатты.
Біреуге тие көрме текке деген,
Өзіңді іздеп табады бір күн деген.
Ақсақ Темір осылай кек алыпты,
Бақыттың арқасында Құдай берген.

9 сәуір 1987 жыл

АҚЫЛ СӨЗ – НАҚЫЛ СӨЗ

Жігіт өз үйіне сыйлы болмай, қадірлі болмайды.
Жігітке ақылды әйел – тірек,
Сұлу әйел – жүрек.
Кербез әйел – есер,
Шайпау әйел – кесел.
Балаң жақсы болса – мұрат,
Қызың жақсы болса – жұрат.
Жаман болса балаң – азап,
Қызың болар мазақ.





Қыздың шешеден озам деуі – көргенсіздік, көргенсіздік – туа емес, жүре жабысатын кесел.

Теңдік салыстырған әйел, күйеуін кемдікке апарады.

Ерін сыйламаған әйелден ел қашады.

Есер әйел күйеуінен есе қайыруды ойлайды.

Әйелдің әулекілігіне сабырыңды қоя біл.

Әйелің ақылды болса, ағайынға қадірлі боласың,

Ақымақ болса, қарсы жүріп тозасың.

Әйелде аналық мейірім болмаса, баладан ізгілік кетеді.

Жігіттің әйелге өкіректей беруі – өктемдік емес, кері кеткендік.

Жібек болмас, сабындап жуғанмен бөз,

Сыйламаған ағаны ініден без.

Ақылбайдың тоны (ел аузынан)

Ақылбай – Абайдың үлкен ұлы, Ділдәдан туған. Үлкен әкесі Құнанбайдың қолында тәрбиеленген, өз шешесінен тудым деп санамай, ерке болып өскен. Өте зерек, талантты, әрі ақын, әрі композитор болумен қатар, аңқау, аңғал, бала мінезді адам екен. Дойбыны да өте жақсы ойнаған. Ақылбай жазған 1-2 дастан да бар. Ақылбайдың өз шешесі он қара тоқтының терісін илеп, Шыңғыс тауының жылтыр қызыл сары қынасымен бояп, адам қызығарлықтай тон тігіп отырғанда Ақылбай көріп:

– Осы тоныңызды маған беріңіз, – деп қиылады. Ақылбайдың өзін шешем деп білмейтініне орай тоң мінезді Ділдә:

– Өзімді жақсы көрген балалардың біріне берем, саған тон табылмай ма, әрі жүр, – деп, тонды бермепті. Сонда Ақылбай отыра қалып өлеңдете жөнеліпті:

Қазыбек арғы атаң әулие өткен,
Дүниеден пәни жалған ол да кеткен.
Қиыр шеттен бір адам бабам десе,
Әруағы сол сағатта келіп жеткен.
Бекболат туып қалды артық заттан,
Ол-дағы қарағанын дереу атқан.
Орта жүзді билеген Абылайға,
Қаймығып ақыл алған Бекболаттан.



Тіленші одан туып, ел билеген,
Одан қорқып Арғынға жау тимеген.
Алдына барған жанға әділ екен.
Тентекті, тәртіпсізді нанша илеген.
Алшынбай одан туған орны басқа,
Ешбір жан сөз асырмас жүйрік қасқа.
Алқа қотан халқына ақыл айтса,
Теріс деп тұзақ тартып шайқамас та.
Онан соң мырза Жүсіп – нағашы атам,
Сөзімді сөкпеңіздер, болса қатем.
Арғы-бергі әулетін түгел айтып,
Апама осы өлеңді тонға сатам.

Абай:

– Тонның құны жетерлік болды, Ділдә, – депті. Ділдә көзіне жас алып, Ақылбайдың мойнынан иіскеп, тонды өз қолымен кигізіпті.

9 маусым 1987 жыл

Әсеттің Кемпірбайдың көңілін сұрауы

Әсет (руы – Қаракесек) нағашысының қолында өседі.

Әсеттің айтқаны:

Ассалаумағалейкум, нар Кемпірбай,

Дертіңе шипа берсін патша Құдай.

Алыстан сізді ауру деп естіген соң,

Әдейі іздеп келдім көңілің сұрай!

Сонда Кемпірбай:

Көңілімді Әсет келді көтергелі,

Кеуде, шіркін, жібермейді жөтелгелі.

Артыма бір-екі ауыз сөз тастайын,

Қу тақтай, екі ішекті әпер бері.

Мен білем, осы аурудан өлем, білем,

Алланың аманатын берем, білем.

Қолымнан көк ала үйрек «Қош» деп ұшты,

Сол, шіркін, кәрі жолдас – өлең білем.

Халиолла Теміржан баласынан жазылды.

18 маусым 1979 жыл





Шөже ақынның сөздері

Шөженің Кемпірбаймен айтысы

Шөже Кемпірбаймен айтысқанда, Шөже жеңерде мынадай бір ауыз өлең айтқан екен:

Қап-қара Қаракесек күннен туған,
Би болып Қазыбегі белін буған.
Ежелден аға сыйлап көрмеген ит,
Қалай-қалай сөйлейді мына антұрған.

Шөже ақынның Мұса мырзаға айтқаны

Туғаннан Едігеге Қыдыр жолдас,
Төлебайға құдай берген мал менен бас.
Мұсаға барғанменен не береді,
Асықтың қаржауынан келген Қаржас.
Үш жүзге Едіге би үлгі шашқан,
Сөзінен Едігенің шайтан қашқан.
Жазасын әркімдердің тәңірім берер,
Шайтанның осы асуына араласқан.

Шөженің отты сөздері

Бірде Шорманның Мұсасы ақын Шөжені ертіп бір байдың үйіне түстікке барыпты. Үйдің иесі дәулетті, дәуірі жүріп тұрған бай адам екен. Жалғыз міні басы жалтыр таз екен де, онысын өзі намыс көріп жасырады екен. Бұлар келгенде үйде бір молда, бір қожа және байдың Жақып деген жарлы көршісі отырады. Үй иесі Мұсаға төрден орын ұсынып, Шөжеге көңіл бөлмейді, қожа мен молда да қағысып орын бермейді. Шөже оған қарамастан, Мұсамен бірге ере шығады да:

– Елімізде екі жақсы қасиет бар еді, топ салт атты келе жатқанда біреуі бөгелсе, қалғаны түгел тоқтай қалып жолдасын күтіп алатын, ендігі игі жақсыларымыз жолдасы орда жығылып жатса да қарамайтын болыпты. Қазақ үйге қонақ келгенде «Жоғары шық!» деп төрден орын беруші еді, бұл үйде білетін жан қалмаған ба, төрде жақсылар отырушы еді, – деп, үй иесін кекетеді. Үйдегілер сөзден ұтылып, үндемей құтылыпты. Үй иесі сөзді басқаға аударып, Жақыпқа айтады:



– Сен менің билігім бойынша кеткен әйеліңнің төркінінен төрт қара қайтарып алдың, сол 4 қараның бірі менікі емес пе, мына отырған жақсылардың алдында не айтасың? – депті. Жақыптың қысылуына шыдай алмай Шөже:

– Бұл алса өзі берген қалың малын алды ғой, – дейді. Үй иесі:

– Сен жайыңа отыр, жөн айтарлық жол молданыкі, – деп Шөжені кемсітіпті. Сонда Шөже:

«Таздан жаман болыпты, көзден соқыр,
Молда біткен Құранды теріс оқыр.
Дәлін айтса шарифат пара алғанның,
Өлгеннен соң төбесін қарға шоқыр», – деп қоя береді,

бай бұлқан-талқан ашуланып, итаршыларына:

– Сок, мынаны, – дегенде, шабармандары Шөжеге қамшы жадыра бастапты, сонда Шөже:

«Мынау кім, бұл немене тарсылдаған,
Төрдегі төбет ит пе арсылдаған?
Басыңды құрт жегенде мен бар ма едім,

Дәл төбенді ұрайын жарқылдаған», – деп, тілін тартпай тайталасыпты, сол кезде сөз етіне өтіп, сүйегіне жеткен байдың бәйбішесі Шөжеге ашуланып:

– Ойбай, соқыр неме, қайдан келіп еді! – дейді. Бәйбішенің бір жақ танауы кетік екен, Шөже:

«Төр алдында отырған қонақ екен,
Бәйбішенің мүшесі мол-ақ екен.
Пұшық інген секілді жырық танау,

Жаратушың шынымен олақ екен», – қызыл тілі қырқылмай тұрып Шөже жеңілер ме, жеңгізер ме, – Одан да маған соқтықпағандарың жөн», – дейді де:

«Шорман бидің баласы, атың – Мұса,
Тазды құдай көрмеп пе сендей қылса.

Қызыл тілге келтірсе құдай алдын,

Жұмаққа да барармыз дәм бұйырса», – деп сөзін аяқтапты.

5 қыркүйек 1987 жыл





Шөже мен Орынбай ақынның айтысы

Шөже мен Орынбайды айтыстырмақ болып, Орынбайды Шөже отырған үйге алып келеді, сезімтал Шөже Орынбайдың жай келмей, айтысуға келгенін сезіп, бірден сөз бастап кетеді.

Шөже:

Алыстан ат терлетіп Шөже келді,
Атығай, Қарауылды кезе келді.
Орынбай, атыңды естіп көрмеп едім,
Берейін сөз сөйлесең кезегіңді.

Орынбай:

Келіп ем сәлем бере, Шөже, дарқан,
Кезіңде тап болдым ғой тартқан қартаң.
Жеңілу, жеңу-дағы оңай емес,
Айтыссақ боламыз ғой әуре-сарсаң.

Шөже:

Орынбай, сен де шешен, мен де шешен,
Басып айт, тосып айтпай, мені жеңсең.
Соқырдың шеңгеліне түспе деген,
Бір түссен, құтылмайсың аман-есен.

Орынбай:

Дегенде дауыл соқты, тына қалды,
Алтынды тастан өлшеп, сынап алды.
Кемтарсың, жасың үлкен, аяймын ғой,
Әйтпесе берер едім сыбағанды.

Шөже:

Орынбай, мен сезімтал, сен көреген,
Сонда сен сыбағама не берер ең?
Бірін бер екі көздің, мені аясаң,
Бір басқа жалғыз көз де жетер деген.

Орынбай: «Мына шапанды көзімдей көріп киіп жүр», – деп Шөженің иығына шапан жауып, оның кім екенін таныған соң үлкен айтысқа бармаған екен.



Шөже мен таз бала

Шөже ақын Алтай елінде қыдырып жүріп «бір кедей қойшы таз бала бар, өткір шешен, сөзден жеңілмеген» деп естиді, баланың әкесі ақсақ, шешесі соқыр, өзі таз, жезтаңдай екен, қой бағып жүрген сол балаға кездесіп қалған Шөже:

«Басыңда тас тақияң кішкене екен,
Қолы сынғыр бір олақ пішкен екен.
Әкең ақсақ болғанда, шешең соқыр,
Құдайым құр соңыңа түскен екен», – деп тиісе бастапты,

сонда бала:

«Әзілдесіп қалайық әзі сөзбен,
Өлсек, орап қояды мақта бөзбен.
Алтайға аласұрып келіп едің,
Не таптық екеуара жалғыз көзбен, – дегенде, Шөже

сасқалақтап:

– Сенің де бір көзің жоқ па еді, неге айтпадың? – деп балаға риза болып, батасын беріп жүріп кетіпті.

Шөженің тапқырлығы

1849 жылы Құнанбай, Алшынбай және ояз – үшеуінің үстіне Шөже келіп қалады, олар мәжіліс құрып отырса керек. Алшынбай Шөженің келгенін жақтырмай:

– Шық, әкет мына соқырыңды, – депті, сонда Шөже ашуланып:

«Қайтады құс алдынан қараша қаз,
Баласы Тіленшінің Алшынбай таз.
Таз еді деп Алшынбай, ашулансаң,
Доктор әкеп Семейден басыңды жаз», – дегенде, Ал-

шынбай жүгіре тұрып, ояздың көзінше оны қамшымен тартып-тартып жібереді, сонда Шөже өршеленіп былай депті:

«Тақсыр-ау, бұл немене тарсылдаған,
Қара төбет төрдегі арсылдаған.
Келгенде алпыс беске қамшы соғып,

Бұл не деген таз еді басылмаған?!». Арада біраз жыл өткенде Алшынбай мен Құнанбайдың үстіне Шөже кездеседі, Алшынбай Шөжеге ит айтақтайды, сонда Шөже:



«Құранды молда, сопы теріс оқыр,
Кеуденді өлгеннен соң құзғын шоқыр.
Ордаға үміт қылып келіп едім,
Бұл үйде неғып отыр таз бен соқыр», – депті.

Шоң бидің қардың кетуіне бір айтқан сөзі

Бір жылы жел көп болып, боран қатты болып, Сүйіндіктің жеті жүз жылқысы ығып Ертіске түсіп, әркім олжаланып кеткен соң, даулап, Шоң Торайғыр би бес жүзін алып, екі жүзі қалып бара жатқан соң мына қалған екі жүз жылқымызды түгелдей бер деп Тәтін төренің үйіне келіп жатып алды дейді.

Сонда күннің бораны ашылмай, үсті-үстіне қар жауып, жел терісінен шығып, мал дауламақ түгіл, жолаушылар астына мінген бір-бір аттарының аман қалуына уайымдауда болыпты. Далаға жіберейін десе ішінен от кеткен жылқы баласы ұшып кетеді, шөп салып қоюға жолаушы түгіл, тұрғын елдің өз малына шөп болмапты. Өлшеп салған асына қонақ келсе, қатыны күңкілдейтін күйге ұшырады дейді. Сонда Шоң би: «Өзгесі тоқымын, киімін жапса да далаға бақсын, менің атыма шөп бер, атым өліп қалса, басқа мал мені елге жеткізе алмайды», – депті. Сонда Тәтін төре: «Сенің атыңа шөп жоқ, өзің боранды, суықты ала келдің, би, сіз есеп айтады деуші еді, сол есебіңнің пайдасын қашан көреміз? Өзің есебіңді айт та, қарды кетір, екі жүз жылқыңды суын сүт қылып алып берейін, егер есебің дәнемеге жарамаса, бұл қарды кетіре алмасаң, өзі жұтап жатқан елдің қыржайын кесіп аласың ба? Атыңды мұнда өлтіргенше жаяулап-жалпылап жүріп жолда өлтір, әрі өзіңді, әрі бізді жұтатпай елге қайт, – депті. Сонда Шоң би бармағымен маңдайымен тіреп бір отырып, көзін жұмып, әрі-беріден соң көзін ашып: «Күн қай уақыт болды екен?» – деп сұрапты, отырған жұрт: «Бесін уақыты шығар, түс ауған шығар», – деседі. «Олай болса, күн қанша бораса борай берсін, құдай боратып қойған, мен тоқтата алам ба, құдай біледі, жел шығады, бұлт шығады да, қардың буын-буынын босатады. Күн алтын көрігін қолына алады, бүгінгі бесінді қояйын, ертең бесінде үйіңнің ту сыртындағы үйеңкі ағашқа бір ақ бас Күшеген қалай келіп қонбас екен. Егер де ол келіп қонса, бесіннен төмен, намаздыгерден жоғары есігіңнің алдындағы татырауға екі сары ала қалай келіп қонбайды. Бұл айтылғандар бола қалса, ертең не бүрсігүні насыбайға салар-



лықтай қап қала қоймас. Қар керек болса, төрем, ертеңнен бастап қарды үйіп-жиып алып қал, иншалла бүрсігүні құдай жаратқан дала-сынан емге қар таба алмайсың, – депті. Сонда өзінің інісі Торайғыр би жағасын ұстап: «Астағпыралла, тәуба, қарап отырып діннен шықты-ау!» – деп, шыдай алмай киімін жамылып далаға шығып кетіпті. Тәтін төре сықақ қылып күліп: «Жарайды, биім, 1-2 күнде ашылатын, қар кететін күннің түрі мұндай бола ма?» – депті.

Сонымен бүгін бесіннен басталған боран ертеңгі бесінге дейін соғыпты, дәл бесін болғанда жел де, бұлт та бұзылып, күннің көзі шақырая шығып, жердегі қар суға түскен канттай іріп-шіріп, ақбас күшеген үйеңкінің басына келіп қонып, шақырып отырғанын, Шоң бидің айтқан сөзін естіген адамдардың бәрінің көзі көріп, таңғалыпты. Бесін мен намаздыгердің арасында қар ери бастайды, Шоң би айтқандай, есіктің алдындағы татырауынға сиыр су ішетіндей су жиналып, екі сары ала қаз келіп, шалшық суға қонып «ыр-ыр» деп отырғанын көпшілік көріпті. Жұрт жағасын ұстап, бұрынғы кінәні былай қойып, Шоң бидің сыртынан айтқан қиянат сөздеріне тәуба қылып, қара жерді басыпты. Уәде бойынша қалған екі жүз жылқысын суын сүт қылып алып беріп, риза қылып Шоң биді қайтарған екен.

Жанқұттының қартайған шағында айтқаны

Не жетім?
Ел қонбаса – жер жетім,
Құс қонбаса – көл жетім,
Кемпірі жоқ шал жетім,
Иесі жоқ мал жетім.
Соқыр болса – көз жетім,
Доссыз қалса – ер жетім.
Жау қолында ел жетім,
Тыңдаушысыз дана жетім.
Ата-анасыз бала жетім,
Қағазсыз қалам жетім,
Ақылсыз адам жетім.
Бір сөз айтсаң жақсыға –
Аталы сөзге тоқтайды.
Бір сөз айтсаң жаманға –
Өмірінде ұқпайды.



Надандықтың белгісі –
Өзін-өзі мақтайды.
Көкірегі соқырға
Өмірде таң атпайды.

Біржанның Мұса мырзаға айтқаны

Бір жылы Шорманның Мұсасы Омбыға барады. Сол тұста Біржан да Омбыда болады. Отырғандар Мұсаның үстіне кіріп келген Біржанға орын береді, сонда Мұса тұрып:

– Бұл ән де сала ма екен? – дейді. Оны естіген Біржан домбырасын ала салып, ойланбастан:

«Мүсеке, біздің әнге кенелерсің,
Даусымды естігенде бұлбұл дерсің.
Көтеріп көкке қарай мен шырқасам,
Бұл үйдің сындырармын терезесін», – деп жауап беріпті, Мұса үндей алмапты.

Абай сөздері

Абай мен Байқұлақ шешен

Абайдың Мағауия деген баласы өлгенде, көп ел жиналып Абайға көңіл айтуға барыпты. Сол көптің ішінен Байқұлақ:

«Ақсұңқар көлден ұшты, бәрінен тағдыр күшті», – депті. Абай:
«Бұл Мағаш маған да жоқ, саған да жоқ,
Мағаштай бала тумас көңілге тоқ.
Аз күнде дүниеден мен де кетем,
Маған да зар боларсың, жиылған топ», – деген екен.

Көңіл айту

Абай, Мағауия, Ақылбай – үшеуі де қайтыс болып, көңіл айту үшін Әлмағамбет домбырашы «Ассалаумағаләйкум» деп кіріп келгенде, Шәкәрім жылап отырып:

«Уағаләйкумуссалам, Әлмағамбет,
Түк қоймай төңірегін жалмаған бет.



Абай, Мағаш, Ақылбай – бәрін жұтып,
Елге қарар бет-түрі қалмаған бет», – дегенде Әлмағам-
бет үйде отырған адамдармен көрісіп, көңіл айтып болған соң Әй-
герімге:

«Әкелші, домбыраны, тартайын күй,

Қайғының үніменен жаңғырсын үй.

Айырдың, ажал сұмырай, Абайдан да,

Ащы уды аямаған маған да құй!» – деп Абай, Мағауия,
Ақылбай үшеуіне күй шығарған деседі.

Абайдың замандастарын сынауы

Абайдың 1-2 замандас, дос-құрдастары келіп, «Бізді сынашы», –
депті, Абай біреуіне: «Желбір танау, жел көтен, жеңілтектің тым бө-
тен», – десе, екіншісіне: «Талпақ танау тағайынсыз, жолдас болдым
амалсыз», – депті. «Ал енді өзіңді сынашы» дегенде: «Бұғы мойын, ма-
рал бас, ешкім сені ала алмас», – депті.

*Руы – Сатылған Әшімұлы Нысап Шарапатовтан жазып алдым,
17 қыркүйек 1988 жыл*

Абай мен Байкөкше ақын

Абай болыс болып тұрған кезінде жуан ағайындары жерін тар-
тып алған Байкөкше ақынды арызын қарауға екі рет шақырса да кел-
мей, үшінші шақырғанда келеді, сонысы көңіліне келген жас болыс
Абай бір нәрсе айтқысы келіп:

«Тебендеп ойпаң жерге шөп бітеді,

Кей адамға мал мен бас көп бітеді», – дегенде, Байкөк-
ше киіп кетіп:

«Жастардан жасөспірім болыс қойсаң,

Қашан түсіп қалғанша жеп бітеді», – деп жас болыстың
өзіне тиеседі. Оған Абай: «Тілің қандай ащы еді!» – депті, сонда Бай-
көкше:

Атам азғын Қабаспын, туысым – ол,

Мырза менен Мамайдың зорлығы мол.

Екі өкпемнен екеуі қысқаннан соң,

Тілім ащы болатын себебі сол», – деп жауап беріпті.





Абайдың баласы – Мағауияның сөзі

Тобықтыда сол күнде Кеңгірбай би,
Қыз қайнынан алыпты астыртын сый.
Айтады «қыз қайнына» бітім жерді,
Әуелі ұстап алып қызыңды тый.
Қылжырлықтан атандың, биім, Қабан,
Қабан түбі доңыз ғой, білсең, надан.
Үлкен билік алдында сөйлесерміз,
Жазасы не болады бидің арам.

Еңлік-Кебектен қалған Ермек есімді сәби туралы:
Балаға ешбір пенде қарамапты,
Тобықты неткен жандар діні қатты.
Шеткі Ақшоқының басында бесігімен
Деседі бір күн бойы жылап бала жатты.

Тобықты Әнет бабадан қалған бір ауыз сөз

Қазақ жолы – қанағат,
Ол да жолдан адаспас.
Қасаңдау емі – шарифат,
Оған ешкім таласпас.

Кім сұлу?

Еріккен Әз Жәнібек бір күні елді жинап алып, мынадай сауал сұрапты: «Уа, халайық, хан сұлу ма, әлде қараша сұлу ма, еркек сұлу ма, әлде әйел сұлу ма?». Уәзірлер Әз Жәнібекке бастарын иіп: «Ақылыңа құлдық, хан ием, хан тұрғанда қараша қайдан сұлу болсын, әрине, хан сұлу, «Алтын басты әйелден бақыр басты еркек артық» деген емес пе, әрине, еркек танаға не жетсін, өмірдің көркі солар ғой», – деп шуласыпты. Осы кезде жиналған топтың ішінде тұрған Жиреншенің әйелі Қарашаш шығып, былай депті: «Уа, тақсыр хан ием, хан сұлу емес, қараша халық сұлу, себебі халық болмаса, қара басыңыз кімге хан болар едіңіз? Еркек көрікті емес, әйел көрікті, әйел болмаса, мына өзіңіздей еркек қайдан шығар еді?» – депті. Хан үндемей келісіпті.



Неде қасиет жоқ?

Бал болмаса – ара қасиетсіз,
Жанбай қалған шала қасиетсіз.
Әдепсіз болса – бала қасиетсіз,
Әділетсіз болса – дана қасиетсіз.
Ащысы жоқ тұз қасиетсіз,
Ұяты жоқ қыз қасиетсіз.
Көк шықпаса – жер қасиетсіз,
Ойсыз болса – ер қасиетсіз.

Қазына – білімдінің басында

Абылай Бұқар жыраудан:

- Осы қазына кімде? – деп сұрапты.
- Бізден сөз кетті ғой, өзің айта берсейші, – депті Бұқар.
- Мен айтсам: қазына байда, кімде болушы еді? – депті Абылай.

Бұқар:

– Е, білмедің, үш жұттан байдан қазына қалмайды, жау үш шапқанда, байдан қазына тағы қалмайды, қазына – білімдінің басында, оның бір езуі алтын, бір езуі күміс емес пе, – депті.

Достық екі түрлі

Айтқыштықпен аты шыққан Әйтімбетке бір отырыста замандастары: «Достық нешеу?» – деген сауал қояды, сонда Әйтімбет: «Достық екі түрлі болады: адал достық, амал достық, адал достық өмірлік нұсқа болады, амал достықтың өмірі қысқа болады», – депті.

Шәкәрім Құдайбердиевтің өлеңдерінен үзінді

Біреу маған: «От жақ!», – деп қылды бұйрық,
Жағайын деп ұмтылдым, көңіл жүйрік.
От жаққалы жатқаным – бір үлкен үй,
Отын жиып қойыпты талай күндік.



Шақпақ шағып жібердім, қауға түсті,
Тұтандырып алуым болды күшті.
Қызыл өңеш болғанда әзер жанып,
Соған дейін асығып, ішім пысты.
Отқа әкеліп отынды салып еді,
Жалын шығып лапылдап жанып еді.
Үй жылынса қайтейін, залал да көп,
Жалын барып талайды шалып еді.
Жалын кетіп аздан соң шок болды құр,
Ойын бітті, үрсем де жана алмай тұр.
Жалыны оттай жайнаған, қайран өмір,
Шоқ сөнген соң қап-қара болды көмір.
Үш-ақ түрлі өмір бар, бәрі де мас,
Бір рәуішті болады шал менен жас.
Ең керекті дегенің – ортаншы өмір,
Түгел қолың жетпейтін бір жанталас.
Қапы өткізбе сол кездің бір сағатын,
Өкініш боп қалмайды, кетсе ағатын.
Күні-түні тыным көрме, ғылым ізде,
Қалсын десең артыңда адам атың!
Өмірдің басы – бала, ортасы – адам,
Қартайып шал болған соң кетті шамаң.
Мақтап жүрген өмірің осы болса,
Үш-ақ ауыз өлеңмен болды тәмам.

Жас өтті тынымсыз

Жас өтті тынымсыз,
Өнерсіз, ғылымсыз.
Надандық жолымен
Кетті-ау білімсіз.
Оқытпай баламды,
Ол да өтті тыюсыз.
Бақ қайда қисынсыз,
Бос тілек сыйымсыз.
Қазақты қажытты,
Күні жоқ жиынсыз.
Бір жол бар келгісіз,
Қайта өмір көргісіз.
Ізім жоқ, түзім жоқ,
Өттім-ау белгісіз.



Қазағым – жолдасым,
Қаламым – сырласым.
Өлген соң белгілі
Қайта кеп тұрмасым.
Тіл сорлы жырласын,
Бекерге тұрмасын.
Алдымнан жарылқап,
Алла кәр қылмасын.
Ел анау, мен мынау,
Қайтейін бір басым.
Аман бол, ағайын,
Татуым, қимасым.
Надандық жаман ғой,
Оқыған адам ғой.
Ізденіп көріңіз,
Ғылымды заман ғой.
Насихат тегін ғой,
Салулы егін ғой.
Еңбек қыл, ерінбе,
Араздық кегің ғой.
Ғылым бір кенің ғой.
Ауырсаң емің ғой.
Бәріңе жетеді,
Таусылмас кенің ғой.
Мен қайғы жедім ғой,
Қапы өттім дедім ғой.
Қазағым, қам ойла,
Сен адам едің ғой.

Қыз бен жігіт

Кедей жігіт байдың қызымен көңіл қосады, бірақ оны алуға шамасы келмейді. Бір байдың баласы мол қалың беріп алып кетеді. Сүйгенінен зорлықпен айырылған қыз байдың баласына жылай-жылай кете барады. Арада бірнеше айлар өткенде жігіт сол елге барып, келіншекпен тілдеспекші болады. Келсе үй іші шай ішіп, шайды қыз құйып отыр екен. Жігіттің келгенін қызбен амандасқаннан-ақ үйдегілер ұнатпаған сыңай танытады. Осыған ызаланған жігіт нақ сүйерімен бір-екі ауыз тіл қатысыпты, жігіт:





«Алтайдың аң құтылмас мергенінен,
Білерсің шалғай жолдан келгенімнен.
Алыстан ат терлетіп келгенімде,
Не қалды өз көзімнің көргенінен?».

Қыз:

«Басында саусағымның – жез оймағым,
Алыстап қашсам-дағы, сен, қоймадың.
Көріндей әкесінің қазып жатыр,
Білмеймін несі қалып, не қойғанын».

20 мамыр 1988 жыл

Қыз бен жігіт әзілі

Қыз:

Қайың оқтау көнерсе, көсеу болар,
Ер жігіт малы кетсе, мешеу болар.
Сөз есептен жаңылмас жыршы жігіт,
Аспанда жұлдыз саны нешеу болар?

Жігіт:

Ен дария өткізбес, мұз болмаса,
Келмейді астың дәмі, тұз болмаса.
Жұлдызды аспандағы кім санапты,
Көп жатқан шалқасынан қыз болмаса.

23 мамыр 1988 жыл

Қопа шешен мен Саққұлақ

Бір күні Қопа шешен қадірлі шежіре Саққұлақ ақсақалға сәлем бере келеді, Саққұлақ оған:

– Тоқта, бір ауыз сөз айт, сосын үйге кір, – дегенде Қопа:

«Сөз сұрасаң Қопадан,
Тартысты жерден тартынба.
Емен, ағаш, бәйтерек,
Бұтағым көкке шарпылған.
Керегің болса, сұрап қал,
Тіршілікте мына мен тұрған.
Қадірін білмей айырылма,
Қолыңдағы алтыннан», – депті.



Сонда Саққұлақ тағы да:

– Сенің атыңды Қопа деп қойғаны несі? Қозған руында ұры көп болатын еді, олар саған келіп паналағаны ма? – деп сұрапты. Қопа:

– Атымның Қопа екені рас, Қозғанда ұрының көп екені де рас, бірақ маған паналауға келгендерді саққұлақ иттер арсылдап қуып шыға береді, – депті, сөзден ұтылған Саққұлақ:

– Қопаке, енді дем алыңыз, – депті сасқанынан.

Қопа мен Алшынбай

Қопа селдір сақалды кісі екен. Бір күні Семейде жүріп, Алшынбай мен Құнанбайға кездесіп қалады. Алшынбай бір қағытуды ойлап: «Баянда жүн-жұрқа жинаушы көп деуші еді, Қопаке, сақалыңды алдыртып, сатып жібермедіңіз бе?» – депті. Сонда Қопа:

– Сақалды сақтағанша, абыройды сақтаңдар, – депті. – Кеше Қараойға барып параға жеті бие жедің, сенің тұтамдай сақалың құдай алдында жеті бие үшін жауап бере ала ма? – деп тағы бір сынапты. Алшынбай Қопаға айыбым деп 25 сом тастайды, сонда Қопа:

– «Ат жақсысы боз болар, ер жақсысы таз болар» депті де, бұл да Алшынбайдың білгендігі деп, 25 сомды қалтасына салып алыпты. Екеуі құдандалы болғанымен, араларында бақталастық болса керек, Алшынбайдың басын сөз қылғанға сүйсінген Құнанбай:

– Қопаке, Алшынбай құлағына қолыңызды апармаңыз, ол кісінің басы асау еді, – деп бір күліп алады. Сонда Қопа:

– Соқыр мен төбелдің құлағынан Қопа жаңа ұстап жүр дейсің бе? – деп, күлкісін баса алмай отырған Құнанбайға қарайды. Қопа шешеннің Құнанбайды да соқыр деп түйрей кеткеніне сүйсінген Алшынбай:

– Саған да сол керек, сені де түрткен 25 сом ғой, – деп сақылдап күледі. Құнанбай ұялғанынан қызарып, езу тартып күледі де, Қопаның алдына 25 сомды тастай салады.

Өмір туралы

Он жастан жиырма деген келдік жасқа,
Жоқ болды жұмысымыз қыздан басқа.
Кісіні қырықтағы шал деуші едік,
Бұл күнде соның бәрі келді басқа.





Жиырмадан шыққаннан соң отыз бардық,
Сол күнде қабындады ұрлық-қарлық.
Шұбардың арғымағын місе тұтпай,
Ат бар деп теке жәуміт шамбыл бардық.
Отыздан шығып бардық дәл қырыққа,
Сол күнде таныс болдық барлық жұртқа.
Буынып алмас қылыш қолыма алып,
Қайратым бойға сыймай шықтым сыртқа.
Елуде қол тапсырдым кәміл пірге,
Болсын деп бір шапағат күнәмызға.
Күнам көп, сауабым аз мен бір пақыр,
Жылаймын тәубаны айт деп қайран тілге.
Елуден шыққаннан соң, келді алпыс,
Жігіттік пен кәрілік қылды тартыс.
Алпысқа жетпіс келіп күш берген соң,
Жігіттік хош айтысып қалды қалыс.
Жетпістен шыққаннан соң сексен келді,
Бекітіп кәрілікке будық белді.
Қимыл жоқ жастағыдай қолдан келер,
Әншейін тарқатпасақ іштен шерді.
Толтырар тоқсан келсе жастың қырын,
Ұстанар иманды құл пірдің жолын.
Кісідей пері соққан сандалақтап,
Сөйлеуге ауыз, ұстауға қолың келмей.
Бұл күнде ойлағанмен дерегі жоқ,
Таңдағы ақ өлімнен бөлегі жоқ.
Қызығы тоқсаныңның мынау болса,
Жүзіңді сұрамаймын, керегі жоқ.
Өтерсің бұл дүниеден бай мен манап,
Бес күндік қу жалғанға біз бір қанық.
Дүние өз бергенін алып қалар,
Шығарда жантәсілім жаудай тонап.
Жалғанның жолдас еттік несін біліп,
Бір жан жоқ тәуба қылған есі кіріп.
Жалғанға жалаңаш кеп, кеттік жаяу,
Мойынға төрт қары бөз тесіп іліп.
Бай бармас жанға жайлы жорғасымен,
Жан бармас жанындағы жолдасымен.
Біреуге біреу қамқор болмақ түгіл,
Болады әркім әлек өз басымен.



Байдалы бидің сөзі

Тарақты елі мен Қуандық елі қоныстас болып, жерге, жесірге, малға таласып, айтыс-тартыста бола беретін кезі болса керек. Бір жолы Алтай жағының бір жігіті Тарақты жағына ауысқан жылқысын ала қашады, жолда өкшелей қуған жылқышылардан қорқып, тасып жатқан өзенге түсіп, суға кетеді. Алтайлықтар Тарақты жағынан құн даулайды. «Сенің құдыққа құлап, жыраға жығылған ұры-қарыңа құн төлей беретін мені кімдеп жүрсің», – деп Тарақты Байқозы батыр құн төлеуден бас тартады. Сонда Байдалы би:

«Атың бар, құсаң – жетесің,
Атаның бар, қазылған ордан өтесің.
Артыңнан жау құса,
Алдыңнан Нұра буса –
Суға кетпей не етесің.
Сен алған малың айтылған,
Уақытында қайтарсаң, менің Нұрада нем бар,

Нұрадан аққан жырада нем бар?!» – депті. Айтыстың арты жанжалға айналып, Байқозы Байдалыға қол жұмсайды, Байдалы байсалды, сабырлы кісі екен, алтайлық жігіттер Байқозыға тұра ұмтылғанда:

«Би – биік жартас, батыр жарға,
Секірген лак, орнықты адам орнында.

Орынсыз адам өстіп селтендеп жүреді, сабыр жігіттер», – деп, батырға тигізбепті, бірақ құл алып тыныпты.

Абылай хан мен Бекболат би

Абылай хан бір жорыққа бара жатып, жолында Қаз дауысты Қазыбектің елінде бір жиын асқа кез болыпты. Қазыбектің інісі Балапан ханның артында тұрып, байқаусызда басындағы құндыз бөркін ыбықпен қағып түсіріпті. Абылай артына қарап:

– «Ішкен мас, жеген тоқ деген осы екен-ау», – деп, бөрікті жерден алмай жүріп кетеді. Кейін Қызылжарда болған жәрмеңкеге базарлап барған Қаракесек жігіттерінен екі адамын байлап алып қалады. Біріншісі – Ботақан, екіншісі – Жанай (Шаншар тұқымы) баяғы бөркін қағып түсірген кісі болса керек. Ботақанды зынданға салғызып, Жанайды байлатып үйіне келеді. Ханымы: «Қайдан келдіңіз?» – дегенде: «Ботақанды тірідей көрге салғызып келдім», – дейді хан. «Сұмдық-ай,





не дейсіз, онда бұдан былай Орта жүзден бізге дәм бұйырмайды екен, шығара көріңіз», – дейді ханым. Абылай ойланып, Ботақанды зынданнан шығарып әкелуге деп үш рет кісі жібереді, бірақ Ботақан ызақор адам екен, зынданнан шықпайды, ақыры Абылайдың өзі келіп «шық» деп қолынан тартады, «Үйге кірген құр шықпайды, көрге кірген тірі шықпайды» деп, өзін-өзі пышақтап өлтіріпті. Елге «Абылай Ботақанды өлтіріпті, Жанайды байлап алып қалыпты» деген хабар жетеді, бұл хабарды естіген соң бүкіл бес Мейрам жиылып Абылайды шаппақшы болады. Бекболаттың алпыс бес жастағы, Едігенің жиырма жастағы кезі болса керек, хабарды естіп Бекболат пен Едіге атқа мінеді. Ел жинауға бүкіл бес Мейрамға кісі шаптырады. Күлік Шобалай баласы Жаңабатырға «Дұғағөй болып ортамызда жүрсін» деп кісі жібереді. Сонда Жаңабатыр: «Мен қартайдым, өмір бойы отырған жұртыма өрт салып өткенім жарамас, мен бармаймын, сен бар», – деп, баласы Жанақты жібереді. «Бекболат пен Едігеге сәлем айт, ханын жаулаған қалмақ оңбады, халық қадірін білмесе, халық тартпақшы сазайын, Абылаймен ұрыс-соғыс қыламыз демесін, сөйлесіп бітімге келсін, жарассын, сен арашашы бол, балам», – деп сәлемін жолдапты. Үш мың кісі болып бес Мейрам көтеріліп атқа қонып аттанады, мұны естіген Абылай асыға көшіп жатқанда, ханға ханымы: «Бекболат би алпыс беске келгенде атқа тегін отырған жоқ, «Абылайдың басын аламын, қатынын аттың сауырына салып, қара қазанын қақ айырамын», – деп келеді, сондықтан асулы қазанды, қара малдарды қалдырайық, қара малды сойып жеп, ашуын басар», – депті. «Жауласпайық, елдесейік, енді ханға елші жіберейік», – десіп, Орманшы Ақсары Шотананы жібермек болады. Шотана ер көңілді, о жарлау кісі екен, Бекболат пен Едіге: «Саған Абылайға айтатын сөз үйретейік пе, әлде өзің-ақ кезекті сөзіне жауап тауып айта аласың ба?» – депті. «Екеуің азар болса он бес ауыздан отыз ауыз сөз үйретерсіңдер, ол таусылып қалса, аңырып қалармын, құдайдың аузыма салғанын өзім-ақ айтармын», – депті. Ханнан қайтып келген соң Бекболат пен Едіге Шотананы ортаға алып: «Кәне, ол не деді, сен не дедің?» – деседі. Шотана: «Жандарына бардық, «алдияр тақсыр» деп сәлем бердік, «бес Мейрам болып атқа мінді, үш мың кісі қол келді, қолдың басшылары – Бекболат пен Едіге жіберді және мынадай сәлем айтты: «Бақ деген – бір таяқ, оған сүйеніш болуға ырыс керек, құт керек, Түркістанда жүріп хан болсаң, көзің көрмеді ме, қолың тимеді ме, «Дүние бұзылса Бұқарға сыяды, бұқара бұзылса дүниеге сыймайды» деуші еді, Бұқарға сыймай жалаң аяқ, жалаң бас қашып келіп едің, енді Сарыарқаға сыймадың ба? «Ер толқыса, ел сүйейді, су толқыса,



жар сүйейді» демекші, ер толқыған су емес пе, хан деген оған сүйеу болатын жар емес пе? Лақтың ойнақтағанына құлаған жар суға сүйеу болар ма? Ботақанның құнын берсін, Жанайды босатсын, мың кісінің жолына жетім бастаған тоғыз, мың кісінің жолына түйе бастаған тоғыз, мың кісіге мың ат, мың шапан берсін, оны істемесе тұрысатын жерін, ұрысатын ерін айтсын дедім», – дейді Шотана. Сонда Бекболат би: «Сені тапқан анаңнан да айналайын, соны айтқан аузыңнан да айналайын», – депті. Ханнан: «Ертең Жолдыөзектің бойынан табысайық» – деген хабар келеді. Ертеңіне айтылмыш жерде кездеседі, жоғарыда айтылған талаптардың бәрін орындайды, Бекболат пен Едігені және жанындағы батырларын түгел риза қылып, татуласады. Ел аузындағы «Сарыарқа деген елміз, Абылай аспас белміз» дейтіні осыдан қалыпты деседі. Бітімге кездескенде арғы жақтан Абылай мен Тұрсынбай, бергі жақтан Бекболат пен Едігелер келгенде Абылай хан: «Қолтығымнан көтерген де өзің, қойныма қол салған да өзің», – депті Бекболатқа. Сонда Көтеш ақынның бала күні екен, тақпақтап Абылайға:

– Абылай, Ботақанды сен өлтірдің,
Есіл ер жазығы жоқ, неге өлтірдің?
Хан басың қарашамен даулы болып,
Үстіне ақ орданың қол келтірдің.
Абылай, күйіп кетсін салған қалаң,
Мейрамға бұл не деген жапқан жалаң?
Жанайды дәл бүгіннен босатпасаң,
Болады ертең жесір қатын-балаң, – депті.

Сұлтанмахмұт Торайғыров

Адам – керуен

Адам – керуен, дүние – бір кең сарай,
Келген адам жолаушы әлдеқалай.
Біреу туып, біреулер өліп жатыр,
Оларға дейтін жан жоқ «мұның қалай?».
Өлмейтіндей көресің кімді, кісім?
Туу-өлу өзгермес бір сен үшін.
Сен секілді талайлар бұрын өтті,
Олар не алып кетті, білемісің?
Аз күн тірлік дүниеде бейнет үшін,



Рахатқа жете алмай құрыр мысың,
Тудың-өлдің, бір керуен келді-кетті,
Сен кетті деп қайғырып кім не қылсын?
Оны білсең, өкінбе өлгеніңе,
Разы бол қара жерге көмгеніне.
Артыңнан кім не сөйлеп жатса-дағы,
Бір сөзі де естілмес көрдегіге.
Тірлікте абырой, атақ неге керек,
Бірінші міндетің ғой мұны білмек.
Сен өлсең де артқылар ауызға алып,
«Мынадай елге еңбегі сіңді» демек.
Одан саған келетін пайда бар ма?
Пайда сол – сен абырой балаларға.
Өлмес атақ қолыңнан келмей қалса,
Ең керегі – артқыға зиян салма.
Зиян сол – жаман атақ, білмейсің бе?
Бұрын өлген жаманды көрмейсің бе?
Халыққа кесірің тисе, жаман атың,
Мен кепіл сен өлсең де өлмейтінге.
Ол уақытта тұқымыңа у сепкенің,
Дән орнына қарамық шөп еккенің.
Жақсы атақ әркімге қона бермес,
Жақсы болар зиянсыз жай кеткенің.

Әркімнің тіршілікте бір сыйынар тірегі бар (С. Торайғыров)

Адам өмірге келеді, жарық дүниемен қоштасып көз жұмады, табиғат заңы солай. Сұлтанмахмұт ақсақалдармен шарифат жөнінде айтысқанда былай депті:

– Әркімнің тіршілікте бір сыйынар тірегі бар, ол құдай емес, өмірің нені меңзеп, көңілің нені қаласа, сол – тәңір. Дәл қазір менің пірім – сауып отырған қара бие. Ал оның өзек нәрі – шөп. Көрдiңдер ме дүние тірегі не екенін...



МӘШЕКЕҢ ЖАЙЫНДА
БІЛЕТІНДЕРІМНЕН





Жұқаш Кәрібаев ақсақалдың әңгімелерінен

Жұқаш аға 1915 жылы қазіргі Мәшһүр Жүсіп ауылының Құмдыкөл деген жерінде туған. Бабасы Мұсабай інісі Исабаймен қажылыққа барып, екеуі де сонда қайтыс болған: Мұсабай – Меккеде, Исабай – Мәдинада. Осы Жұқаш ағаның бабалары туралы Мәшекең өзінің «Қажыларға» деген поэмасында былай деген:

Ойға алған өңшең ерлер бір Құдайды,
Әркімге мұндай өлім табылмайды.
«Өлді, – деп, – Мәдинаның жауырында»,
Есіттім Құдиярұлы Мұсабайды.
Мұсабай, Исабай деп аты шыққан,
Насихат, ғалымдардың сөзін ұққан.
Туысқан ақыреттік бауыр екен,
Ағасын іздеп барып сол жолыққан.
Жалған деп күдер үзген бұл дүниеден,
Жай алған ерте барып ол дүниеден.
Өтіпті ақырында қоныс қарап,
Бірі – Мекке, бірі – Мәдинадан

(М.Ж. Көпеев 1-том, 216-бет)

Жұқаш аға Мәшекеңді көзі көрген. Бала кезінде атасы Мәшіраппен Құмдыкөлден Ескелдіге ылғи еріп барып, Мәшекеңнің немересі Төлеубаймен бірге ойнап өскен адам. Құмдыкөл мен Ескелдінің арасы 8-9 шақырымдай жер. Жұқаш аға бертін 2007 жылы наурыз айында 93 жасқа қараған шағында ауырмай-сырқамай қайтыс болды.

Өзі: «Ұлы Отан соғысынан ауыр жараланып келмегенде, 100 жасар едім», – деп айтып отыратын. Атасы да, әкесі де Мәшекеңнен бата алған адамдар. Өмірінің соңғы күндеріне дейін Мәшекеңнің шығармаларын жатқа айтып отыратын. Мәшекеңнің көптомдықта-рындағы біраз деректер сол кісіден алынған. Мен сол Жұқаш ағадан біраз әңгімелерді тыңдап, өз аузынан жазып алған едім. Енді солардың біразын айта отырайын.



Қызылқожа әңгімесі

1921 жылдары Совет Үкіметінде В.И. Лениннің жарлығымен «Жаңа экономикалық саясат заңы» қабылданады. Бұл заңның талабы бойынша сол кездегі үлкен байларды азық-түлік салығын төлеуге мәжбүрлейді де, ұсақ шаруаларға Ленин тиіскізбеген. Осы заңның күзиреті 7-8 жылдай жүріпті. 1928-1929 жылдар кезі болуы керек, Баянауыл төңірегінде Мәукей деген байда 3000-дай жылқы болыпты. Ал Боштайдың Мәлігінде 1800-дей жылқы болыпты.

Сол уақытта Қызылқожа деген Қожа руынан шыққан бір момын, ешкімге зияны жоқ, қақ-соқпен шаруасы болмаған кедей адам өмір сүрген екен. Қойдың қуығынан илеген насыбай шақшасы бар, арқасы жауыр бір торы атпен ел аралап жүретін көрінеді. Бір жылан жылы Қызылқожаны Мәукей де, Мәлік те үйлеріне қондырмай, «Өзіміз үкіметке салық төлеп, жұтап отырмыз», – деп, қуып жібереді. Сонсоң Қызылқожа қатты ренжіп, осы болған оқиғаны Мәшекеңе келіп айтқанда, Мәшекең сол екі байдың сараңдығына өлең арнап былай деген екен:

Қаршыға алған көп жүріп қамалында,
Талай ақын тапталған табанында.
Жұрт көзіне ілінген Мәшһүр едім,
Мұса менен Секербай заманында.
Басына көп моланың оқып «Ясин»,
Көп мыжып кемпір менен шалдың басын.
Секербай мен Мұса боп жүрген кезде
Керейде Сағынайдың көрдік асын.
Алладан тағдыр келіп, олар да өтті,
Бұрынғылар жоқ болып бәрі бітті.
Кейінгі қалғандарға наз айтамыз,
Болсайшы деп, болсаң жан солар ретті.
Жаңа шыққан кезі еді сақалдарың,
Бәрін жаттап ескі сөз, мақалдардың.
Заманын біз жоқтамай өлең қылдық:
Құсайын, Тәнті, Әкімбек, Мақандардың.
Хош, онан соң олар да кете барды,
Білмейтін өңшең көкжал ықты, жарды.
Тайшық, Білел, Жұпар мен Омар, Ақтай –
Бірсыпыра бұлар да ойран салды.



Үш түрлі жұрт боп өтті ылайымен,
Бірінен соң біреуі жұбайымен.
Орыс пенен болысқа арқа сүйеп,
Ешкім үйір болмады Құдайымен.
Құдаймын деп зорайды жанды-жақты,
Кішігірім Құдай боп болған малды.
Байлар сау боп отырып арын тартпай,
Кедейлерді жылатып алым салды.
Байдан шықты сұмдықтың қара басы,
Түске жетпей таусылып болып асы.
Сұмдық шықты әр жерден естімеген,
Мылтықсызға бермейтін қонақасы.
Әуелден-ақ бұл пейіл оңалмаған,
Шын сөзімді надандар ұға алмаған.
Мәлік пенен Мәукейге жылан жылы
Жалғыз атты Қожалар қона алмаған.

Мәшекең қияңқы, сараң адамдарға құран оқымаған

«Мәшекең менің бабам Мұсабай қажының інісі Исабай қажының әйелінің зиратына дұға оқымайды екен. Сосын өзінің қайын енесі, яғни, Шегебай қажының кемпіріне де оқымайтын көрінеді. Бұл әңгімелерді Мәшекеңнің туған жиені, бізге де туыс болып келетін Қасенғали ағамыздың өз аузынан естіп едім», – деді Жұқаш аға. Оның себебі былай екен. Исабай қажы ақкөңіл, мырза адам болған да, кемпірі долы, қолы қатты, сараңдау адам болса керек.

Исабай қажы үйінің жанынан бір жолаушылар өтіп бара жатса, танымаса да үйіне шақырып кіргізіп, ақырғы тамағы болса да аямай адал көңілімен сыйлап жіберетін адам болыпты кезінде. Бір күні Исабай қажы үйіндегі бар тамағын бір жолаушыларға беріп қойғанда әйелі келіп, Исекеңнің бетін тырнап тастапты. Соны білетін Мәшекең Исабай қажының кемпірі жерленген төмпешікке арқасын беріп, сол қорымдағы басқа әруақтарға құран оқып, аттарын атап, қолын жаяды екен де, Исабай қажының кемпіріне қол да жаймай, атын да атамайды екен. Сонда Қасенғали Мәшекең атасынан: «Ана кісіге неге құран оқып қол жаймайсыз?» – десе: «Исабайдай діндар, момын, мырза кісінің тірісінде бетін тырнаған бедірей-бетпаққа құран жүрмейді», – дейді екен.





Екінші, өз қайын енесіне де сөйтеді екен. Мәшекең 1905 жылы бірінші орыс революциясына арнап патша үкіметінің саясатын әшкерелейтін «Қанды жексенбі» атты өлең жазады. Мұны патша жан-дармериясы естіп қойып, Мәшекеңе іздеу салады ғой. Сонда Мәшекең ақырын жылыстап өзінің бұрыннан таныс, оқыған жерлері: Бұқара, Ташкент жаққа кетіп қалады. Біраз уақыт іздеу басылғанша сол жақта бола тұрады. Сол кездерде елде қалған Мәшекеңнің бала-шағасына қайын атасы Шегебай қажы қарайласып тұрған ғой. Бірде Шегебай қажының бәйбішесі: «Күйеу бала қаңғып жүріп алды ғой, балаларын біздің мойнымызға артып тастап...» – деп айтып қалса керек. Мұны елге оралған Мәшекең естіп қалса керек, кейін енесі қартайып қайтыс болып, жерленген қорымға барып, сол қорымдағы басқа әруақтарға арнап құран оқып, аттарын атап қол жайса, қайын енесі жерленген төмпешіктің үстіне арқасын қарата жартылай отырып алып, атын да атамайды екен. Сонда «Әжемізге неге құран оқымадыңыз?» – деген Қасенғалиға: «Сараңға дұға жүрмейді», – дейді екен.

Мәшекең атасының осындай тосын қылықтарын немересі Төлеубай да айтып отырушы еді, – деп еді Жұқаш аға.

Мұса Мырзаның асында

«Мұса мырза 1818 жылы туып, 1884 жылдың аяғында қайтыс болған екен», – деп бастады әңгімесін Жұқаш аға.

Асына Мәшекең кешіректеу келсе керек. Сонда Мәшекең құран оқып, «Ықылас» сүресін үш-ақ рет қайтарып қолын жайыпты. Аста отырғандар «аз оқыдыңыз ғой» дегенде: «Құранда 114 сүре, 6666 аят бар, соның ішіндегі абзалы – осы «Ықылас» сүресі, ал Мұса мырза адамзаттың абзалы болатын, сондықтан екі абзалды бір-біріне табыстырып отырмын, одан артық сендерге немене керек?» – деген екен.

«Баянтау» газетінің 1919 жылғы 1 маусымдағы № 38 санына жариялатқан: Абай Төлеубайұлы Шарапиев

Тілеубайға тұмар беруі

Бірде Екібастұз қаласының қарт тұрғыны, Ұлы Отан соғысының ардагері – 86 жастағы Жұқаш Кәрібаев ақсақалдан Мәшһүр Жүсіп атамның көріпкелдік, әулиелік қасиеттері туралы төмендегідей әңгімелерін жазып алған едім.



Жұқаш ағам: «Біздің бұрынғы Айдабол-Еламан ауылында Жанболды атасынан тарайтын Тілеубай деген ақсақал сүйсіне отырып Мәшекеңнің бір әңгімесін өзіме айтып еді», – деді.

Онда Тілеубай көптен бері перзент көре алмай, дүниеге келген балалары бірінен соң бірі шетіней беріпті. Содан ниет етіп, батасын алуға Ескелді ауылындағы Сарыбұлақтың қасында тұрып жатқан Мәшекеңнің үйіне барған. Тілеубай Мәшекеңнің үйіне балалары мен күтушілерінен рұқсат алып кіре бергенде, төргі бөлмеде Мәшекең намаз оқып жатыр екен. Тілеубай ол кісі намазын оқып болғанша босағада күтіп отырады.

Мәшекең намазын оқып болып, Тілеубайдың сәлемін алғаннан соң, одан қандай шаруамен келгені туралы ештеңе де сұрамай, бірден өзінің аласа келген дөңгелек жазу үстеліне отырады да, қауырсын қаламын алып бір парақ қағазға арабша жаза бастайды. Жазып болған соң Тілеубайға: «Мен сенің не үшін келіп отырғаныңды біліп отырмын, саған тұмар жазып, отқа салса жанбайтын, суға салса батпайтын бір баланы Алладан сұрап беремін, сол баланың атын Тұмар деп қой, тек қана келінге қылуыңды біл!» – депті.

Сол Тілеубайдың Тұмарбегі балалы-шағалы болып, 1985 жылы дүниеден қайтты. Қазір оның баласы Төлеген Тұмарбекұлы Тілеубаев Баянауыл ауданы Жаңажол селолық округінің әкімі қызметінде, Абылай, Қасым деген ұлдарынан туған ұрпақтары Мәшһүр Жүсіп ауылында, Екібастұз қаласында тұрып жатыр.

Абай Төлеубайұлы Шарапиев, 2001 жыл

Бір келіншекке жазған ішірткі

Бірде Жұқаш ағам Мәшһүр атамның Баянауыл төңірегінде Үш ата Қозған руы ауылында болған уақиғаға қатысты әңгімесін айтып берді.

Баянауылдың күнбатыс жағында Басшілік, Орташілік, Аяқшілік деген ауылдарды ертеде Айдабол Сары, Үш ата Қозғандар мекен еткен кезде Басшілікте тұрып жатқан Үш ата Қозғанның ауылында бір келіншек толғатып, баласы туады да, жолдасы түспей қатты қиналады. Сол ауылдың молда, емшілері жаңағы келіншекке қолдарынан келген ем-домдарын жасаса да, еш нәтиже болмаған соң, сол ауылдың молдасы көмекке Мәшекеңді алдыртпақшы болып, Құрмандоңғалақ деген жерде жайлап отырған Мәшекең ауылына шауып жөнеледі. Басшілік пен Құрмандоңғалақтың арасы – 15-20 шақырымдай жер.





Жолға түсіп жаңағы молда шауып келе жатса, Мәшекең құдай айдап пар ат жеккен трашпенке арбасында, жанында атқосшысымен Баянауылға бара жатқан беті екен. Молда жігіт Мәшекеңмен қарсы кездескеніне қуанып, сәлем бергеннен соң, мән-жайды айтып, көмек беруін өтінеді. Мәшекең молдаға: «Мен Баянға шаруамен жол жүріп барамын, құдай жолында сапардағы жолаушының жолын бөгеуге болмайды, бірақ мен саған бір ішірткі жазып берейін, осыны бір кесе суға салып сиясы езілген соң ішкізіңдер, Алла сәтін салса жолдасы түсер», – дейді де, қолма-қол сөмкесін ашып, қағаз-қаламын ала тізесіне қойып, арбаның үстінде отырып ішірткі жазып береді. Айтқанындай, әлгі ішірткіден соң келіншектің жолдасы түсіп, аман-есен жаны қалыпты.

Жазып алған: Абай Шарапиев, 2001 жыл

Құлбайға бата беруі

Ертеде бауыр елі бойында Қанжығалы руының бір 50 жас шамасындағы Құлбай деген ауқатты ел ағасы өмір сүріпті. Бір күні Мәшекең дәм жазып, сол Құлбайдың ауылына келеді. Ауылына келгенін естіп, Құлбай да өзінің бабаларымен сыйлас болған Мәшекеңе құрмет көрсетіп, үйіне дәмге шақырады. Дастархан басында Құлбай Мәшекеңе өзінің намаз оқу білмейтінін, дін сабағынан еш сауаты жоқтығын, адамдар қайтыс болғанда жаназасын шығарарда өзі құралыптас діннен хабары бар замандастары сапқа тұрып, иман айтып жатқанда, Құлбай ешбір діни рәсімдерге қатыса алмай қысылатынын, дәулеті болса да зеректікті Алла бермегенін, орта жастан асқанда енді не істеу керектігін білмей дал болып жүргенін, молдалардан «бұған не амал жасау қажет?» деп сұраса әрқайсысы әр түрлі жауап беретінін, қалған ғұмырында осы олқылықтарын немен толтыратынын қинала отырып айтып, сауал қояды. Сонда Мәшекең: «Ақ пен қара түсті қойларың бар ма?» – деп сұрайды. Құлбай: «Әрине, бар ғой», – деп жауап береді. Мәшекең: «Ендеше күн сайын дәретіңді үзбей алып, былай деп шамаң келгенше тақпақтап бірнеше рет айта бер, қалған ғұмырыңда әліпті таяқ деп білмейтін сен сияқты байғұсқа намаз, шарифат үйрену деген – болмайтын қиын шаруа, оттаған дүмше молдасымақтар былшылдай берсін, олардың сәуегейлігін еш көңіліңе алма», – депті. Сондағы Мәшекеңнің күн сайын айта бер дегені:



«Ақ қойдың кеудесі, қара қойдың кеудесі,
Мен құдайдың пендесі, Лә илаһа илла Алла!

«Тек қана мұны әрбір қайталағанда жүрегің баланың көңіліндей таза болсын. Осы өсиетімді мұқият орындасан, 90-ға келіп ораза уақытында, еш қиналмай жұма күні қайтыс боласың. Бұл айтқаным дәл келмесе, менің сәлемімді алма да, Мәшһүр атымды атама!» – депті. Құлбайдың бабалары заманында аккөңіл, мырза, ешбір адамға зияны жоқ қайырымды адамдар болса керек.

Мәшекең кетерінде Құлбайға төмендегідей:

Құлбай, Құлбай десейші,
Құлбайдың қамын Құдай жесейші.
Құлбайды бұлай қинамай,

Періштелер әмин десейші! – деп қолын жайып бата берген екен. Сол Құлбай Мәшекең өсиет еткендей бақытты ғұмыр кешіп, 90 жасында ораза ішінде жұма күні ұрпақтарының алдында, жайнамазға басын тигізіп, Мәшекеңнің: Құлбай, Құлбай десейші,

Құлбайдың қамын Құдай жесейші,

Ла илаһа илла Алла! – дегенін қайталап жатып, төсек азабын көрмей дүниеден өтіпті.

***91 жастағы Жұқаш Кәрібаев ағадан жазып алған:
Абай Шарапиев, 27 қыркүйек 2006 жыл***

Майданға апарған тұмар

Мәшһүр атамыздың Баянда тұратын бір Бутаков Яков деген тамыр орыс досы болыпты. Атамыз арасында Баянға сол Яшканың (Яков) моншасына шомылуға барып тұрады екен. Толықша келген Рая (Раиса) атты сары бәйбішесі үлкен сары самаурынын қайнатып, моншаға жуынып шыққан Мәшекең атамды құрақ ұшып күтетін көрінеді. Өздерінде ұл бала жоқ, үш қыз балалары бар, бір күні әкелерімен бірге атамыздың алдына қаздай тізіліп тұра қалып: «Бізге соңымыздан еретін бір ұл бала берсеңіз!» – деп бата сұрапты. Атамыз: «Қап, мына орысқа немді беремін, қорада қамап қойған балам жоқ еді, ей, Алла, өзіңнің айтқаныңнан шықпаушы едім, мыналардың ниеттері дұрыс екен, тілектерін, Алла қабыл ет!» – деп, бата қайырып, Иманғали атқосшысына сөмкесінен қағаз-қаламын алдыртып, бір жапырақ ақ қағазға тұмар жазып береді де, шешелерінің мойнына тағып қоюды тапсырады. Айтқаны айдай келіп, келер жылы Яшка-





ның әйелі торсықтай ұл бала туған ғой. Кейін сол бала ержетіп, екінші дүниежүзілік соғысқа шақыртылады. Соғысқа аттанарда анасы бойындағы Мәшһүр атам жазып берген тұмарды шешіп, баласының мойнына тағып тұрып: «Мына тұмарды шамаң келгенше ешқашан мойныңнан шешуші болма, қайда жүрсең де жаныңда болсын!» – деп тапсырады.

Содан әлгі бала соғыста жүргенде окопта Баяннан барған жерлес қазақ солдаттармен кездескенде: «Сен кімнің баласысың?» – деп сұрағанда, «Мен Мәшһүр атаның баласымын!» – дейді ғой. Олар «мына орыс өтірік айтып тұр» деп сенбеген соң мойнындағы тұмарды шешіп алып, ашып оқытса:

«Ей Алла, сен мені шын Мәшһүр десең,

Мына орыстан бір ұлыңды аяма!» деп жазылған екен. Сол бала бір ұрыста иығына оқ тиіп қатты жараланып, госпитальға түседі де, сондағы медбикелер қан тиген іш киімдерімен бірге мойнындағы тұмарды да шешіп алып лақтырып тастаған болуы керек, әлгі тұмарын жоғалтып алады. Госпитальдан жазылып шыққан соң тұмарын іздеп сұраса, ешкім білмейді, соған қатты өкініп үйіне хат жазғанда «Емделіп шықтым, қайтадан ұрысқа кірейін деп жатырмыз, енді аман болам ба, болмаймын ба, бұл менің соңғы жазып отырған хатым шығар» деп үйіне хат келген ғой.

Осы хаттан кейін сол баладан еш хабар-ошар болмапты. Мұны кейін Имекең соғыстан кейінгі жылдары сол Бутаков Яшканың Баяндағы үлкен қызының үйіне ескі таныстықпен барып жүргенде естіген екен.

*Иманғалидан естігенін айтқан
Жұқаш Кәрібаев, одан жазып алған:
Абай Шарапиев*

Шақаттың Жұқаш ағаға айтқан әңгімесі

Шегебай қажы – Мәшһүр бабамыздың қайынатасы. Шегебай қажыдан ұлдары Ілияс, Баязит, қыздары Бәтима (Әбжанның Құдышының шешесі), Өзипа (Тайдың Мейрамының шешесі), Рәбиға (Мәшекеңнің бәйбішесі) туған. Шегебай қажының ұлы Баязиттен Шақат туады. Шақаттың әйелі – атақты Шорманның Зәркешінің қызы. Баязиттің осы келіні аяқ астынан талма ауруымен сырқаттанып, баласы



Шақат екеуі Әмірханның Ақшиінде қыстап отырған Мәшекеңе келеді ғой. Амандасқаннан кейін жағдайларын айтады. Мәшекең тыңдап болған соң Шақатқа қарап: «Саған қоятын үш шартым бар, бірінші шартым – қатыныңмен қырық күн бойы төсекте қосылмайсың, екінші шартым – әкең мен шешеңді үш күн, үш түн маған күтуші қыласың, үшінші шартым – мына әкең мен екеуінде мыңнан аса жылқы бар ғой, соның ішінен атаң өлсе атамайтын, қалыңмалға матамайтын бір жақсысын арбамның жетегіне байлайсың, осы үш шартымды орындасаң, сенің қатыныңның ауруының емі мен үшін Құлмағамбет ұстаның самауыр соққанынан оңай. Жарайды, Алла жазса, бүрсігүні барайын, – депті. Құлмағамбет деген кісі сол кезде Баянауыл төңірегіндегі мықты зергер, темірден түйін түйген атышулы ұсталардың бірі екен. Айтқанындай, уәделескен күні пар ат жеккен арба үйдің жанына сыр етіп тоқтап, ішінен Мәшекең түсіп, үйге кірген соң амандық жоқ, бірден жүгініп отыра қалып дұға оқуға кірісті дейді. Дәл сол мезетте Шақаттың әйелінің сырқаты меңдеп, аузы көпіріп талып жатқан екен. Мәшекеңнің оқыған дұғасынан кейін терлеп, маужырап ұйықтап кетеді. Амандасқаннан соң Шақатқа: «Жарайды, жылы орап қымтап тастаңдар, ұйықтасын», – дейді. Шақаттың әке-шешесі зыр жүгіріп Мәшекеңді күтіп жүр. Сонымен Шақаттың әйелін үш күн бойы емдеп болған соң Мәшекең: «Ал енді уәделескен жылқыңды алып кеп, арбамның жетегіне байла», – дейді. Шақат жалма-жан босағасында жүрген жалшысы – Қосшығұлдың Әбенін шақырып алып: «Жылқышыға бар да, ана қара көк айғырдың үйіріндегі үлкен қара көк байталды ұстап әкеп, Мәшекем жездемнің жетегіне байлайсың», – дейді. Бірер сағаттан соң айтқанындай ойнақтап тұрған семіз қара көк байталды Әбен жетектеп әкеп Мәшекеңнің арбасына байлайын деп жатқанда, Мәшекең Әбенді жанына шақырып алып: «Әй Әбен, сен осы Баязит пен оның ұлы Шақаттың босағасында бәлен жыл жалшы-сушы боп жүрсің ғой, саған осылар еңбекақыңды қайбір дұрыстап төледі дейсің, осы байталды сенің көзіңе көрсетуге де қызғанушы еді, саған байладым», – депті. Шақат биесін өзінің жалшысына беріп жатқанын қимай, сасқанынан: «Жезде, менің әйелімнің сырқаты енді қалай болады, жазыла ма?» – дегенде, Мәшекең: «Әй Шақат, сенің әйелің басқа аурудан өліп кетсе шаруам жоқ, ал осы аурудан өлсе, менің Мәшһүр атымды атама», – деген екен. Осы әңгімені Жұқаш ағаға Шақат ақсақал жылап отырып 1971 жылы айтқан





көрінеді. Сосын Жұқаш аға Шәкеңе: «Иә, қазір сол бәйбішеңіз аман ба?» – дегенде, Шақат ақсақал: «Жарықтық Мәшекең жездеміздің сол емінен соң бәйбішем бір де ауырған емес, тек кәріліктен аздап тізесі ғана сырқырайды, әйтпесе әлі шауып жүр», – депті.

Абай Шарапиев

Ұста Кәрібайды емдеуі

Менің әкем Кәрібай 1926 жылы аяқ астынан қатты ауырып, төсек тартып жатып қалды. Сол кезде біздің ауыл Құмдыкөлде болатын, бүкіл ел біздің ауылды («ұсталар ауылы») деп атайтын, өйткені атам Мәшірап та, әкем Кәрібай да ұсталықпен айналысатын. Әкем сұлық боп әлсіреп төсекте жата берді, нәр де татпады, ішетіні бір-екі қасық су ғана. Атам:

– Қой, болмас, мен Мәшекеңе барып жағдайды айтып, алып келейін, – деп, атына мінді де, Мәшһүр атамның ауылы – Ескелдіге қарай шауып кетті. Екі ауылдың арасы 20 шақырымға да толмайды, жақын болатын. Көп уақыт өткен жоқ, іле Мәшһүр атам да пар ат жеккен арбасымен біздің үйге келіп жетті. Амандасты да, әкемнің жанына барып дұға оқып үшкіріп, Мәшірап атама бір жұдырықтай қорғасынды табаға салып жанып тұрған отқа балқыттырып, әкемнің басынан аяғына дейін табамен бірнеше рет айналдырып, жерге кішкене ұра қазғызып, соған құйды. Балқыған қорғасын дөңгеленіп қазылған ұраға судай ағып құйылды да, суыған соң Мәшһүр атам әлгі қорғасынды киізге орап дұға оқып, әкем жатқан төсектің жоғарғы жағына тұмар қып ілгізіп қойғызды. Сосын Мәшірап атама қарап:

– Балаңа көз тиген екен, ештеңе етпейді, жазылады, – деді. Айтқанындай, әкем бірер күн өткен соң беті бері қарап, тәуір бола бастады. Жарықтық Мәшһүр атамның сол емдегенінен кейін әкем бір де ауырған емес. Кейін «Сол Мәшһүр атам киізге орап үшкіріп берген қорғасын қайда?» – деп анам Бәтимадан сұрағанда, «Ау-малы-төкпелі заманда онда-мұнда көшіп жүріп жоғалтып алдық қой, өзім де соған әлі күнге дейін өкінем», – деп еді.

91 жастағы Жұқаш Кәрібаев атадан жазып алған:

Абай Шарапиев



Ой бойы сапары

Мәшһүр атамыз бір жылдары Ой бойына сапарлап барған ғой (Павлодар облысының төменгі жағын Баян елі ертеде Ой бойы деп атайды екен – автор). Атамызды ол жақтың игі-жақсылары құрметтеп қарсы алады, күнде бір үй мал сойып, қонақ етіп күтеді. Содан осы елдің ауқатты бір байы Мәшекең атамызға сәлем бере келе:

– Сізді бір кездестіре алмай жүр едім, ертең менің үйіме шақыра келдім, бір дәм таттырып, батаңызды алсам деп едім, – дейді. Мәшекең атамыз:

– Жақсы, ертең Алла жазса барып қаламын, – деп уәделесіпті. Әлгі бай бір малын сойып қарсы алып, Мәшекең атамыздың алдына бар дәмін жайып күтеді. Астан соң әлгі бай бата тілегенде Мәшекең атамыз қысқаша ғана мынадай бата беріпті: «Ынсапты таупық берсін». Бұл қысқа батаға әлгі байдың көңілі толмай: «Мәшеке, сізді әдейілеп дәмге шақырып, бір ұзақ бата аламын ба?» деп едім, мына батаңызға көңілім толмай отыр» деген ғой, сонда Мәшекең: «Ал ендеше саған Алла нысапсыз таупық берсін», – депті. Кейін бай кәмпескеге ілініп, мал-мүлкі талан-тараж боп, өзі жер аударылып кеткен екен.

*Жұқаш Кәрібаев ақсақалдан жазып алған:
Абай Шарапиев, 2001 жыл*

Мәшекең мен Мәшірап

Екібастұз қаласының тұрғыны, Ұлы Отан соғысының ардагері Жұқаш Кәрібайұлы ақсақал сексеннің сеңгіріне шығып отырса да, әлі күнге дейін әңгімеден қалған жоқ. Ол – Мәшһүр Жүсіпті, Мәшекеңнің балалары Шарапиден мен Пазылды, Шарапидің бәйбішесі Зейнепті өз көзімен көрген адам. Сондықтан да көнекөз қарияның жас ұрпаққа Мәшекең туралы айтар әңгімесі ұшан-теңіз. Төменде Жұқаш Кәрібайұлының Мәшһүр Жүсіп Көпеев туралы бір топ естеліктерін жариялап отырмыз.

– Менің атам Мәшірап он саусағынан өнер тамған, Ақбеттау болысы қазақтарының арасында алғашқылардың бірі болып өз қолымен жел диірмен салған кісі еді. Әкем Кәрібай ұста болды. Ал Мәшһүр Жүсіп табиғатынан өнерлі адамдарды жақсы көретін. Сондықтан ба, әлде тағы бір себептері болды ма, кім білсін, молланың атам Мәшірапқа деген ықыласы алабөтен еді.





Мәшекеңнің ауылы Ескелдіде болды. Біздің ауыл сол Ескелдіден 15-20 шақырымдай жерде, Құмдыкөлде еді. Екі ауыл араласып-құраласып тұрдық. Бұл 1924-1925 жылдар болатын. Атам анда-санда Ескелдіге арнайы барып Мәшекеңнің шашын алып беріп тұрады. Бұл іске ол мұқият дайындалатын. Ұстарасын қайта-қайта қайрап, жүзін қайта-қайта тексеріп әбігер болушы еді. Содан соң маған аттың делбесін ұстатып жолға шығатын.

Мәшһүр ақсары, келбетті адам болатын. Көбіне көңілді отыратын. Ол кісі сөйлегенде төңірегіндегілер тілдерін жұтып қойғандай тым-тырыс бола қалатын.

Мәшекеңнің қолына су құйып, үнемі барып кел-шауып келінде жүретін немересі Төлеубай екеуіміздің жасымыз шамалас. Ал әкелеріміз Шарапи мен Кәрібай да қатарлас адамдар. Олар бірін-бірі қатты құрметтейтін. Біз Төлеубай екеуіміз шұрқыраса кездесіп, бірден ойнап кететінбіз. Сонда Шарапи ағай сүйсіне қарап тұрушы еді. Шәкең қушыкештеу адам болды. Ол кісі де ақын деп еститінмін. Бірақ өлеңдері есімде қалмапты. Мәшһүр мен Мәшіраптың жақсы сыйласқандары соншалық, дүние салар алдында айтқан өсиетінде Мәшекең өзінің сүйегіне түсетін, жер қойнына тапсыратын адамдардың қатарында Мәшірапты да атаған ғой.

Мәшһүрден Мәшірап кіші, 1931 жылы Мәшекең 73 жасында дүние салды. Ал Мәшірап 1935 жылы 63 жасында дүниеден қайтты. Мәшірап діни сауатты болмағанымен, діндар адам еді.

Молла 1931 жылы қайтыс болғанда мен 15-16 жастағы бала едім. Біздің Еламан руында атақты адамдардың бірі Базыл деген кісі болыпты. Одан Шегебай қажы, Досқара қажы, Әбіш қажы тарайды.

Шегебай қажының үш қызы болыпты. Олардың есімдері: Бәтиқа, Бәтима және Рәбиға. Рәбиға кейін Рәпіш атанып кетіпті. Мәшекең Қарақозы ішінен (қазіргі Жаяу Мұса атындағы шаруашылық) біздің елге келгенде Шегебай қажы Рәбиғаны Мәшһүрге қалыңсыз берген. Сол Рәбиғадан Шарापиден, Мұхамедәмен, Пазыл және Әмина, Бәтима деген екі қыз туады. Мен Мәшекеңнің Мұхамедәменнен басқа балаларының бәрін де көрдім. Өкінішке орай, Мұхамедәменді көруді құдай жазбады. Ол сол кездегі қазақтың ең мықты, оқыған азаматтарының бірі болыпты. Ташкентте қызмет істеп жүрген кезінде кісі қолынан қаза тауыпты. Мәшекең оны «Бір ұлым бар өзімнен аса туған» деп мақтан етіп отырушы еді. Сол ұлының қазасын естігенде қатты қайғырып, 12 шумақ өлең шығарған.



Мәшһүр аузының дуалылығы туралы бірер сөз

Жәпектің Сүлеймені деген азаматты Мәшһүр жақсы көреді екен. Сүлеймен кеңес өкіметі орнаған жылдары болыс (Ревком) мүшесі болыпты. Сүлейменнің бәйбішесінен бала болмаған. Сөйтіп жүріп Сүлеймен тоқал алып, сол тоқалдан бала туған.

Мәшекең бір жақтан келе жатып әлгі Сүлейменнің ауылына соқпақ болады. Ауылға жақындағанында алдынан Сүлеймен шығады. Амандық-саулықтан соң: «Иә, кішкентайлы болыпсың, қайырлы болсын, бірақ атын Қазыбек деп қойған екенсің, ол әруақты ат қой, балаң көп жасамайды, мен саған бір бала берейін, атын Сағидолла қоярсың, өмір жасы ұзақ болады», – депті Мәшекең. Айтқанындай, Сүлейменнің Қазыбек деген баласы алты айлығында өледі де, бір жылдан соң екінші ұл туады, атын Сағидолла қояды. Сол Сағидолла бүгінге дейін Баянауылда тұрады.

Еламан Көпей

– Біздің Еламан руында Көпей деген адам болды. Шорабай деген жерді қыстады. Ер баласы болмады. Сол Көпей Ескелдіде отырған Мәшекеңе барады ғой, бала сұрап. Сонда оған: «Бір ұл көресің, атын Ақжігіт қой», – депті. Ақжігіт жақсы азамат болып өсті. Бертін қайтыс болды. Мәшекеңнің шарапаты туралы ел ішінде мұндай әңгімелер көп. Ол көзі тірісінің өзінде аңызға айналған адам еді ғой. Сол аңыздың бәрі – шындық. Өйткені Мәшһүр туралы өтірік айтқан адам оңбайды, жұрт содан сескенеді. Айта берсек, әңгіме көп, әзірше осы да жетер, балам, – деп сөзін аяқтады Жұқаш аға.

***Жазып алып, «Отарқа» газетінің
1998 жылғы 31 шілдедегі № 31,32 сандарына
жариялаған Абай Шарапиев***



Ескелдіге көшіп келді

Мәшекең 1926-1927 жылдары Ескелдіге көшіп келді. Әбілғазы молла Ерейменнен қасына көшіп келді (лақап аты – Шүбетек молла), көк жорға жүйрік аты болды. Ашаршылық жайлаған 1932 жылдары Ерейментау жақтағы Ажы-Бозталда тұратын туыстарына бара жатқанда жүйрік атына қызығып жолда ұрылар өлтіріп кеткен. Изәтима соның әйелі болды. Шатаның Әйтiмi – Изәтиманың екiншi күйеуi. Әйтiмнiң руы – Қақсал. Дәрет алғанда жәрдемдескен Әйтiмге Мәшекең былай деп бата бередi екен:

– Қарғаларың аман болсын, аяқ-қолыңа дерт бермесiн!

«Шүбетек молланың әйелiн алып нем бар едi, Моллекем (Мәшекем) наразы болған соң ұрпақсыз кетiп барам!» – деген екен кейiн Әйтiм Жұқаңа (Жұқаш Кәрiбайұлына – автор).

Мәшекеңнiң қызы Әмина көркем адам едi. Қасенғали жиенiне осы Әминаны қосқан. Әмина – Мәшекеңнiң кiшi қызы. Қасекең 83 жасында қайтыс болды. Қайыржан деген қыз сол Әминадан туған, тағы бiрнеше ер балалары болған, олар ашаршылық жылдары қайтыс болыпты. Түлкi молла (Жүсiп) алған Мәшекеңнiң қарындасы – Мәдина. Бәтима – Мәшекеңнiң үлкен қызы, бала көтермеген, Мақан деген байшыкеш Топбасыда (қазiргi «Жаңажол» совхозының 2-шi фермасы) тұрған, Айдабол-Мамыт руынан, соған тоқалдыққа берген. Мақан 1932 жылы қайтыс болған. Содан Қойбақ деген байлардың жалшысы Бәтиманы алады, одан бiр қыз бала болған, бiрақ жастай қайтыс болыпты.

Түлкi молла мен Мәдинадан ер балалар: Қасенғали, Жолмұрат, Әдеш, Шадым (Шадияр), Қаражiгiт туады, қыздар: Шәмшиқан, Бақа (Шәкiманов Мағаздың шешесi), Бәкiш, Бәтима, Кенжетайлар туған. Мәдинаның осы қыздарынан Алматы, тағы басқа жақта ұрпақ бар деп естiмiн, бiрақ аттарын бiлмеймiн.

Мәшекеңнiң үлкен ұлы Шарапи 1885 жылы туған. 1887 жылы ортаншы ұлы Мұхамедәмен туған. Үлкен қызы Бәтима 1889 жылы туған. 1891 жылы кенже ұлы Пазыл туған. Кенже қызы Әминаның туған жылы белгiсiз.

***Жұқаш Кәрiбайұлының өз аузынан жазып алған:
Шарапиев Абай, 2002 жыл***



Үш Жүсіп, бір Мәшірап

Жуырда бір зейнеткер қарт адамнан хат алдым. Ол: «Бұдан бұрын бір-бірімізбен хат алысқан адам емеспіз ғой, – деп бастапты да, – дауасыз кәріліктің алапаты жақсылап торлады, Атығай Зілқара айтқандай:

Менен мұңды жан бар ма?
Таптырған ата-ана жоқ.
Қадірді білер замандас,
Құрбы-құрдас және жоқ.
Жайқалып жатқан жерімді
Шалқандай басар халім жоқ.
Отырмыз күтіп тағдырды,

Онан басқа айла жоқ», – деп хатын аяқтапты. Әрине, бұл адамды өмірден түңілген жан деп айтуға болмас, өйткені, тағы өзі айтқандай, екі аяғы – жалшы, екі қолы қамшы болып жүрген бала-шағасы баршылық екен. Оның үстіне, тәрбиеден де қағажу көріп отырған жан емес.

Иә, Жұқаң (Жұқаш Кәрібайұлы) сонау ел басына қауіп төнген шақта майданға ең алғашқылардың бірі болып аттанып еді. Араға аз жыл салып, ауыр жаралы болып елге оралған. Сонда ол: «Өз қатарластарымның бәрі майданда жүр, ал мен болсам...», – деп біртүрлі мұңайып отыратын.

Бала кезімде «Жұқаң әңгіме айтып отыр» дегенде, біздің есіктен сығалауға ғана шамамыз келетін. Сондағы бір есте қалғаны:

– Атақонысымыз – Құмдыкөл маңы. Бала кезім. Бір күні Мәшһүр Жүсіп келіп, ұлы атам Мәшірапқа: «Әй, Мәшірап, сенің темірден түйін түйгендігің белгілі ғой. Енді жел диірмен орнатыпты дегенді естіп, әдейі келдім, көне, көрсетші» деп, ат басын диірмен орналасқан жерге тіреген еді. Сонда бабам Мәшірап тұрып: «Әй, Мәшһүр-ай, орнатуын орнаттым-ау, бірақ атқамінерлер келіп: «Сен орыстың үлгісін елге тараттың, бұл жерден кетесің» деп мазамды алып жүр» деп шағынады. Сонда Мәшекең: «Олар былшылдай берсін, өнер орыс, қазақ деп бөлініп жатпайды, ал сенің диірменің тіпті олардыкіндей жел де іздеп тұрған жоқ, қарашы, мына көл жақтан жай ғана ескен самал желге өзі-ақ тербеліп тұр, түбі осы – ел ырзығы болатын жер» деп көңілдендіріп кетеді.





Расында, Құмдыкөл күні бүгінге дейін осы Жаңажол елді мекенінің соқа суырмас, жерге түскен дәні қамбаға астық толтырмай қоймас егінжайға айналып отыр. Әрине, бұл Жұқаңның балалық шағын еске алғаны ғой.

Бұл жерде айта кететін бір жай: Мәшірап ұста Мәшһүрдің көзі тірісінде өзін ақ жуып, арулап қоюға рұқсат еткен адамдардың бірі болыпты.

«Қасиетті қара көрік иесісің ғой, менің денемді ақ арулап жуатын бес адамның бірі сен боласың» деген екен. Ал қалған үшеуі өзінің адастары, Еламан ұрпақтары болса керек. Мәшекең: «Төрт Жүсіп, бір Мәшірап», – деп күліп отырады екен.

Ташкенттегі ортаншы баласы Әмен опат болып, оны Жүсіпбек Аймауытовтың жазған хаты арқылы білгенде: «Ауырыңды жеңілдететін де, жоғыңды жоқтайтын да ағайын ғой, келіп менің қайғымды бөлісіңдер» – деп, ең алдымен сол төрт адасын шақырып алған екен. Ал үлкен келіні Ақзейнеп дәрет суын дайындап беріп тұрыпты. Ол кісі де ақыреттік орнын сол жерден тапты. Міне, Жұқаң бұл жайды да үлкен сыр қып шертер еді.

Сөз соңында Кәрібайұлы Жұқаш ақсақалға әлі де денсаулық тілей келе, «асыл тасын» жерге көміп тастамауын қалар едік. Арамыздан сиреп бара жатқан осындай қарттарымызға демеуші де болайық дегенді айтпақпыз. Онымыз жылы лебіз, кішілік сәлем, інілік құрмет қой.

*Т. Шарапиев, С. Көпеев,
«Ғұлама ғұмыры», Павлодар, 2007 жыл*

Белгілі қаламгер Әбілмәжін Жұмабаевтың Жұқаш Кәрібаевқа жазған хаты

Қадірменді Жұқа, жақсы аға!

Мен соғыс жылдары қаршадай бала күнімде почтальон-хат тасушы болып істедім ғой. Сонда майданнан келетін үшбұрышты солдат хаттарын сағыныштан сарғайып жүрген қарияларға сыдыртып тез оқып бере қоюшы едім. Енді қазір қарап отырсам, жас келгендіктен бе, шау тартып тартып қалғандықтан ба, біртүрлі мойын жар бермейді. Осында Алматыға Роза (Жұқаш атаның қызы – Ж.К.) Серікті (атаның немересі – Ж.К.) республикалық жарысқа әкеліпті дегенді



естіп, дереу сізге хат жазуға отырдым. «Бітер істің басына, жақсы келер қасынаның» кері ғой, баяғы.

Сонау өткен жылдың күзінде Гүлекеңді (Жұқаш атаның бәйбішесі Гүлнәбира апайды жерлеуге келгенін айтып отыр – Ж.К.) бакилық сапарына шығарып салғаннан кейін, қазақ атамыздың шетсіз-шексіз сары даласын көктеп өтіп, Ұлы жүз Үйсіндердің ежелгі атақонысы (тарихшы ғалымдар 2,5 мың жылдық өріс-қонысы дейді ғой) – жер жәннаты – Жетісу-Алматыға салдыртып жеттік қой, аман-есен. Содан қары қалың, аязы да баршылық, салпы етек ұзақ қыстан, міне, наурыз келгенше әлі құтыла қойған жоқпыз, қала көшелерінің теріскей беттерінде әлі де алағат қар-мұз бар. Күн жылынуын жылынады-ау, бірақ түн баласы әлі салқын, себебі таудың қары әлі белуардан, сіресіп жатыр. Қазір қаладан тау жаққа бейсауат кісілерді жібермейді. Бұрын жексенбі сайын ағылып жататын жұрт, некен-саяқ болмаса, толастаған жайы бар, өйткені қар көшкінінен сескенеді. Ал енді өзіміздің жай-күйіміз орташа, қоңыртөбел тірлік. Роза екеуіміз өзіңіз көрген қалпымызда, балалардың тілеуін бір құдайдан тілеп, сау-саламат жүріп жатырмыз. Қызымыз Баянның аяғы ауыр ғой, қыс бойы бізбен бірге, аздап дімкәстау, әсіресе, Роза. Күйеу баламыз Әлібектің бизнесі компьютер ғой, соның қам-қарекетімен көптен бері Біріккен Араб Әмірліктерінде жүріп жатыр. Амандық болса, айдың аяғында келіп те қалатын шығар, Алла жар болсын!

Немерелеріміз Дәулет, Әсел (Айдар мен Айгүлдің балалары, біздің еркетайларымыз) демалыс күндерінде біздікінде, үйдің астан-кестеңін шығарады, жандарына жүрім берсін. Айдардың өзі радио-телевидениеде «Хабарда», «НТК» тәуелсіз телеканалында – президент, әйелі радио жағында. Шүкіршілік, қызметтерінде абыройлы, ақ жүзді көрінеді. Біз сол «баласы атқа шапқанда, үйде отырып тақымын қысадының» кебін киіп жүріп жатырмыз. Дәулет екінші класта, үздік оқиды, Әсел балабақшада.

Дәуреніміз Канадамен бірлескен бір қазақтың жекеменшік кәсіпорнында менеджер, оның жұбайының аты да Айгүл, құдай бізді Айгүлдерден жарылқап тұр, әйтеуір тіл-көзден сақтасын жаратушымыз. Айман деген титтей сүйкімді балапаны бар, аталап келіп тұрады, балаларымызға ризамыз, тәуба.

Менің туған інім Абылай, келініміз Алтын 1-ші Алматының түбіндегі Қарасу деген жерден, Алмас пен Алмат деген екі баласы бар, осы қалада тұрады, үлкені ұлттық университеттің филология факультетін-





де оқиды, кішісі 10-шы сыныпта. Немере інім Шархан, әйелі Мәрия екеуі де финансистер, бір ұл, бір қызы бар, мектепте оқиды. Бәрі жұмыста, әйтеуір жиі телефонмен сөйлесіп тұрамыз. Тап бүгін, 24 наурыз, жұма күні сағат 2-де жоғарыда айтылған Қарасуда әкім болып істейтін Ораз есімді құдамыз жүрек ауруынан көз жұмған екен, 49 жасында, соның жаназасында болып қайттық. Өте ақылды, ұстамды, сұлу жігіт еді, Алла Тағаламыз да әуелі жақсыларды ала ма деймін. Өзім жарытып ештеңе жасай алмадым, көрген-білгендерімді, бастан кешкен жайттарды түртіп жүрген жай бар, бірақ мардымсыз, құдай ғұмыр берсе, көреміз-дағы.

Үміт Динасымен, Іңкәрмен, Сұлушаш пен Еркін әлі Америкада, ағайдың кара шаңырағына ие болып жүріп жатыр. Ертеден кешке дейін мектепте жұмыста, өзі өте тындырымды, сыртқа сыр білдірмей, үн-түнсіз шаруасын жайғастырып жүретін ер мінезді бала ғой. Біздерге біраздан бері әйгілі Иманжүсіптің Нұрқан деген кенже ұлының қызы, әдебиетші, ғылым кандидаты Раушан атты қызы келіп жүр. Докторлық диссертациясын бітірмекші, оның мақсаты ұмыт бола бастаған атасының атын шығарып, тіріліп, бір мүшел тойын өткізу көрінеді. Біздің ағайдың – Зекеңнің (Зейтін Ақышев – Ж.К.) «Иманжүсібін» қайта бастыру секілді бірсыпыра шаруаларды жүзеге асырмақшы. Өте пысық, өткір, сөзі түзу, әр нәрсенің парқы мен нарқын білетін тәрізді. Бізден ол ағайдың сол романды жазу тарихын, сал-серіні білетін қандай кісілермен сөйлескенін, ақын өмір сүрген ел-жұрт, жер-сумен қалай танысқанын қағазға түсіріп беруімізді сұрайды. Біз Роза екеуіміз ағайдың бір чемодан блокноттарын ақтарып қарап, мұқият тексеріп, романның кейбір оқиғалары мен кейіпкерлердің аттары, аңшылық, сал-серілік, адамгершілік қадыр-қасиеттері туралы, қайда барып, кімдермен кездесіп сөйлескені туралы қысқаша 5-6 беттей материалды машинкаға бастырып даярлап қойдық. Баланың талабы өте дұрыс, Астанаға барып, Президент төңірегіндегі біраз кісілермен, ішінде Әбіш Кекілбаев бар, сөйлесіп қайтыпты. Олар қыздың мақсат-мұратын құптап, көмектесуге уәде беріпті. Қалғанын уақыт көрсетеді, Раушанның өзі Астана жақтан қызмет тауып, көшпек ойы бар тәрізді.

Ал енді Надяға келсек, Марселі – Тарбағатай жағында шекарашы, басшы, жұмысы жақсы, ақпанда демалысқа келіп кетті. Еділі қолында, жұмыс істейді. Заңғары семьясымен Астанада КГБ-да қызметте ғой. Сара мен Орынжанның Мадияры мен Ажары оқула-



рында, аман-сау, Салтанат пен Сапарлар да өз тіршілігімен, Әселі мен Әсеті бой түзеп, ел қатарына қосылып қалды. Олардың әкесі Жұмабай Ахметов инсульт болып, жүре алмай қалған, балалары күтіп отыр, ол үйдегі апай дүние салған, естіген боларсыз. Менің ел жақтағы ағайындарым түгелдей сау-саламат. Тек бір шаңыраққа ие болып отырған Мұқар деген інім 40 жасында о дүниелік болды. Артында әйелі, үш баласы қалды, қиын-ақ, қайтеміз, басқа салса баспақшыл болып жатырмыз. Алматы халқының жалпы хал-ахуалы, жағдайы мәз емес қой. Тұрмыс тар, табыс аз, халықтың пейілі апшып барады. Бұрынғыдай емес, қонақ шақыру, қонаққа бару азайған, жұрттың басым көпшілігінің көрген күні – құрсақтың қамы. Бұрын қазақта «Пайдаңды, жақсы болсаң, халқың көрсін, ылаждай ит те асырайды жалғыз басын» деген өлең болушы еді, қазір оны жұрт ұмытқан. Тіпті қалталы «жаңа байлардың» өзі қара бастарының қызығынан, ақша қуалаудан басқаны білмейтін сияқты. Тегі, әлі құлқындары тоймаса, толмаса керек. Тек өзін ғана емес, өзгені ойлау үшін, тағы да бір екі-үш буын ұрпақ ауыспай, ізгілік ауылы жақындамайтын шығар.

Ардақты Жұқа! Көк аспанды қара жерге төндіріп жібердім білем, артық-ауыс сөз бола береді ғой. Сіздің бала-шағаға бас-көз болып, әлі де сау-саламат жасай беруіңізге тілектеспіз. «Қартың болса үйінде, жазулы тұрған хатпен тең» деуші еді ғой. Біз де, міне, қарттық жасына келіп, сол белестен асып түсіп, өзіңізге қарай жақындап барамыз. Алла бәрімізді аман қылсын! Әманда туыс, дос пейілмен көрісуге жазсын. Көп жаңалықты Роза арқалап жеткізеді ғой.

*Тілеулес ініңіз Әбілмәжін,
24 наурыз, жұма, 2000 жыл*

Қазақ мемлекеттік университетінің түлегі Әбілмәжін Жұмабайұлы еңбек жолын 1950 жылы республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінің редакциясында бастап, бүкіл шығармашылық ғұмырының 13 жылын тілші-журналистің маңызды да мазасыз ісіне арнады. Оның тың және тыңайған жерлерді игеру, Қазақстан Магниткасының тууы, еңбек адамдарының ерен еңбектері, халық ісмерлері туралы очерктері республикалық баспасөз беттерінде ұдайы жарияланып тұрды. «Твои огни, Караганда», «Алыптың адымдары» секілді кітаптарда басылды. С.Бақбергенов, Ә. Нұршайықов сынды қаламгерлермен





бірлесіп «Менің Қазақстаным» атты кітап жазды, республикалық газет-журналдарда жарияланған әдеби-сын мақалалары қаншама. Қазақ оқырмандарының қалың тобы Ә. Жұмабаевты әлем және орыс классикасының, қазіргі заман әдебиетінің туындыларын ана тіліне аударушы ретінде жақсы біледі. Ол аударған Л.Толстой мен И.Тургеневтің, Дж. Лондонның әңгімелері мен повестері туған әдебиетіміздің ортақ қорына қосылды.

Ол – «Социалистік Қазақстан» газеті редакциясында әдеби қызметкер, «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Жұлдыз» журналы, «Заман-Қазақстан», «Түркістан» газеттерінде жауапты хатшы, бас редактордың орынбасары, ұзақ жылдар бойы «Жазушы» баспасы мен Қазақ КСР Мемлекеттік кітап палатасының директоры болып істеген көрнекті қайраткер. Ә.Жұмабаев – «Құрмет белгісі» орденімен, басқа да орден, медальдармен марапатталған танымал тұлға, республикаға еңбегі сіңген мәдениет қайраткері.

Кітап авторы Жұқаш Кәрібаевтың туған қайынбикесі Жақай – белгілі жазушы Зейтін Ақышевтың зайыбы, сол Жақай апай мен Зейтін Ақышевтың тұңғыш қыздары Роза Әбілмәжін Жұмабаевқа тұрмысқа шыққан, сол себепті араларындағы туысқандық қарым-қатынас үзілмей жалғасқан сыңайлы.

Мәшһүр бабамыздың қара қылышының қасиеті туралы әңгіме

Серкен Кенебаевтың хаты:

Абай қалқам! Мынау естелігімді өзіңе жіберіп отырмын, сол жақтағы басылымдардың біреуіне, Алла нәсіп етсе, шығарарсың. Үй-іштеріңе, ағайын-туыстарыңа және «Жаңажол», «Алексеевка» ауылдарының азаматтарына менен дұғай сәлем. Алла нәсіп етсе, әлі де болса кездесіп, Мәшһүр атамыздың басына да барып қалармыз. Хабарласып тұрайық.

Жұқаш ағайдың балаларын көрсен, менен сәлем айт, көңіл айт. Роза, Жұмкен дейтін балалары бар еді, ұлының атын ұмытып қалдым.

Сәлеммен, Серкен ағай, 6 қараша 2009 жыл



Қазақтың Сарыарқасында да ғұлама ғалым, ақын-жыраулар, батырлар, діни ғалымдар, қасиетті көріпкел адамдар өмірден өтті ғой. Соның бірі және бірегейі Мәшһүр Жүсіп екені даусыз. Осындай адамдардың бірталайы – Баянауыл өңірінен шыққандар. 1963 жылы Семей дәрігерлік институтын бітіріп, осы Баянауыл өңіріне жолдама алып, «Александровкада» («Қанды Қарасу» ауылы, 1964 жылдан Торайғыров атындағы кеңшар), «Алексеевкада» («Құмдыкөл» ауылы) аурухана бас дәрігері болып 6 жыл жұмыс істедім. «Александровкада» Армия атты ағайдан, «Алексеевкада» Жұқаш Кәрібаев ағайдан Баянауылдың қасиетті адамдары жөнінде әңгімелер еститінмін. Әсіресе, Жұқаш ағай Мәшһүр Жүсіп жөнінде көп айтушы еді. «Алексеевкада» жүргенде Қ. Сәтбаев атындағы совхоз, «Жаңажол» совхоздарының тұрғындарына дәрігерлік көмек бізден болғандықтан (оларда медпункт қана еді), сол ауылдарға жол түсіп тұратын. Сол бір сәтті пайдаланып, Мәшһүр Жүсіптің зиратына әдейі барып, тағзым етіп көріп қайтқам. Бұл әуелгі жатқан жерін бұзып, топырағы үйіліп жабылған зират екен. Басына кәдімгі шифермен жабылған қарапайым бір бөлме үй салынған екен, сонда да кісілер тәуіп қылып бара береді екен: ошақтың орны, садақа салатын орындар бар. Бәлкім адал еңбегіммен қатар осы қадамымның сауабы да шығар: өршіл де, сыншыл да, өжет те қайсар елі бар Баянауыл өңіріне сыйлы адам болдым. «Алексеевка» тұрғындары мені үйлі-баранды қылып, сый-сияпатымен, Жұқаш ағай мен Күлнәбира тәтей бас болып еліме шығарып салды. Осы өңірде өз өмірімде бірінші де соңғы рет қазақтың қара қылышын Баянның «Жаңажол» ауылынан көріп едім.

1965 жылдың күзіне таман түнгі сағат 1-2-нің кезінде шұғыл шақырумен «Жаңажолға» келдім, өйткені бір жас әйел босанып, жолдасы түспей, ауыр халде еді. Хирург жұмысына бейімделіп жүрсем де, әйел босандыру жағынан бірінші кездескен жайт еді, ауданға телефон шалып гинеколог шақырып, сол жердегі фельдшер Нина Шевченко екеуіміз гинеколог келгенше әлгі әйелдің қасында болдық, қанды ұйытып тоқтататын дәрі-дәрмектерімізді беріп жатырмыз, бірақ әлсін-әлсін әйел қиналып ышқынғанда 100-150 грамдай қан кетіп отырды. Қол салып көмек көрсетуге екеуіміздің де батылымыз бармады. Амалсыздан Аллаға да, әруаққа да сыйынып отырмын, бір уақытта ақ киім киген егделеу әйел адам көрші бөлмеден шығып, бір үлкен, ұзындығы 1 метрге таяу, көне, қайқы қара қылышты алып кеп, бірдемелерді сыбырлап айтты да, әйелдің бас жағына қойды.





Әлгі қылышты көргенде денем тітіркеніп, арқам мұздағандай болды. Бұған дейін науқасқа 3-4 рет уколдарымызды бергенбіз, енді не істер екенбіз деп отырғанбыз, бірақ әлгі әжейдің әрекетінен кейін науқас біраз тынышталды, ұйықтағандай болды, ышқыну болған жоқ, қан кеткен жоқ, солай бір сағаттан асқандай уақыт өтті, науқас та есін жинай бастады. Ауданнан гинеколог Роза Қалиева да келіп жетті. Сөйтіп әйел аман қалды. Сөйтсем, әлгі тәуіп әйел Мәшһүр Жүсіптің үлкен келіні, Шарапиден деген баласының әйелі екен. Жаңажолға кейінірек тағы да осындай жағдаймен бір әйелге қол салып көмек көрсетіп, аман қалды, Табылдина... дейтін бәйбіше, шемен ауруы боп ауырған. Бір жарым жылдай 4-5 рет барып парацентез жасап, ішінен су алып тұрдым, уколмен де су кетіріп отырдық. Ол кісінің де өзім кеткенше жаманатын естігем жоқ. Осындай қиын жағдайлардағы жастай және жалғыз болып алғашқы жасаған дәрігерлік амалдарымның биттей де болса септігі болғандығы, осындай қасиетті әруақтарымыздың шарапатынан шығар.

Мәшһүр Жүсіп атамызға Астанадан көрнекті діни ғимараттардың бірін не солар орналасқан көшені атасақ, артық емес. Ол кісінің қалдырған шығармаларын оқып, танысу – қазіргі де кейінгі де ұрпаққа қасиетті аманат.

Серкен Ерғалиұлы Кенебаев, зейнеткер

**Мазмұны**

Алғысөз.....	3
Жұқаш Кәрібаев	4
Кәрібаевтар әулеті	6

БІРІНШІ ДӘПТЕР

Қазақ халқының үш жүзге бөлінуі.....	11
Қазақтың жаңа аталарының аты	16
Мейрамның таралуы	18
Төртуыл атанғаны туралы.....	20
Күліктің таралуы	21
Бұқар жырау мен Көтеш әңгімелері	24
8-хикая. Дос батыр туралы	25
9-хикая. Абылай хан	26
10-хикая. Шоң мен Тіленші бидің бас қосуы	27
12-хикая. Абылай хан мен билері	28
13-хикая. Қасен баласынан	30
14-хикая. Шыңғыс ханды хан көтергені	30
15-хикая. Мөңке бидің сөзі	30
Мәшһүр Жүсіптің бес жаста медресеге оқуға барғаны.....	32
Күліктің ең үлкені – Тілеуімбет	44
Тіл мен көз (Мәшһүр Жүсіптен)	45
Ел аузынан. Жетес бидің тоқтамы	45
Ақылды әуелі Алла мыңға бөлген	46
Мәшһүр Жүсіптің 1918 жылы байлар туралы айтқандарынан үзінді	47
Қожалар туралы	47
Мәшһүр Жүсіптің суыр аулаған Қозғандарға шығарған өлеңі.....	48
Мұхамедәмен туралы.....	50
Қаршыға мен бұлбұлдың айтысқаны	52
Мәшһүр Жүсіптің қожа мен молдаларға шығарғаны	54
Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының сөзі: «Ақ қағаз, қалам, сия келді бізге»	57

ЕКІНШІ ДӘПТЕР

Жерлес ағайыны Тастыбай Сәкенұлының құттықтауы.....	64
Саққұлақ би, Мұса мырза және Қопа бидің сөздері	65
Қопа бидің сөзі	66
Қопаның Керей Тұрлыбекке айтқаны	67
Татыбай деген адам айтыпты	67
Мәшһүр Жүсіп шығармаларынан	69
Мәшһүр Жүсіп – «Ала Дәуір жібі» жөнінде.....	84
Абай: «Алланың өзі де рас, сөзі де рас»	85
Қазыбек бидің сұраққа жауабы	86
Едіге би отыз сегіз жасында өлгенде Шөже ақынның айтқан көңілі	87
Шоң, Торайғыр өкпесі	88
Сұлтанмахмұттың Бөкейхановқа берген сәлемі	89
Қуандық Қорысбай асында Сақау ақынның айтқаны	89
Қаз дауысты Қазыбектің қалмақтың ханы	
Қонтажыға елшілікке барғанда айтқаны:	89
Керей Тұрлыбек және Үкібай би	90
Ахмет Байтұрсыновтың «Қырық мысал» кітабынан үзінділер	91
Құнанбай мен Алшынбай құда боларда	91





Абай. «Ішім өлген, сыртым сау»	93
Керей Зілқараның кәрілікке айтқаны	94
Біржан салдың өлеңдерінен	94
Дастарханға жасалатын баталар	95
Қызылжарлық Науан хазыретке өлер алдында	
Ақан серінің жазған мінежаты	96
Жазушылар ел аралағанда	97

ҮШІНШІ ДӘПТЕР

Ол күндер бүгінгідей ұмытылмас	100
Ел аузынан. «Алыста не алыс?»	101
Әубәкір жыршы	101
Байдалы бидің сөзі	103
Естайдың өлер алдында жазып кеткені	104
Енді көр менің хәлімді	105
Саққұлақ шешен	106
Жолдан тайса, кімнен сұрайды?	106
Мәшһүр Жүсіп шығармашылығынан	107
Накыл сөздер	129
Әшірбай Есмырзаның сөзі	130
Абай сөздері:	131
Жарқынбайдың Абайға сұрағы	133
Ахмет Байтұрсынұлының сөзі	134
Қобыланды батыр сөзі	135
Әубәкір молланың айтқаны	136
Ақыл мен нәпсі	136
Дүниеде мұңсыз бар ма?	137
Шәкәрім қажының айтқаны	137
Бозбайдың кәрілік туралы айтқаны	138
Жетес ақсақалдың сөзі	138
Саққұлақтың немересі Олжабайдың өлеңдері	139
Данышпан Сүленнің сөйлеген сөзі	146
Ақан Серінің он үш «жетімі»	148
Шал Құлекеұлы: Кәрілік туралы	149
Асан қайғы айтыпты	151
Әр бетте жазылған қысқа нұсқа өлең жолдары, мәліметтер:	151

ТӨРТІНШІ ДӘПТЕР

Қобылан Бәрібайұлы (1760-1840)	155
Орынбай Кертағыұлы	159
Құлтума Сарымұратұлы (1840-1915)	159
Құлыншақ Кемелұлы (1840-1911)	160
Базар жырау Өтемісов (1842-1911)	161
Шәже Қаржаубайұлы (1808-1895)	166
Біржан сал Қожағұлұлы (1834-1894)	174
Шал ақын	175
Мәшһүр Жүсіп	178
Қуандық Ақтайлақ бидің сөзі	185
Әлібай мен Хадиша сұлу	185
Екі ел арасындағы дау	186
Жақып қажының сегіз тілегі	187





Торайғыр бидің он ауыз тақпағы.....	187
Бұқар жырау	188
Қазыбек би	191
Едіге бидің Жәңгір ханға айтқан көңілі	194
Тезек төрені хан сайлағанда	195
Қаржас Үкібай бидің төрелік айтуы	197
Қанжығалы Нұралыұлы Олжабайдың елге сәлемі	198
Дулат Бабатайұлы	199
Дәулет би мен Мырза бидің кездесуі	202
Әсет Найманбайұлының сөзінен	202
Жастарға бір-екі ауыз сын	203

БЕСІНШІ ДӘПТЕР

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтен	207
Қозыбай мен Бекболат	223
Байдалы бидің сөздерінен	224
Жұпар ақын мен Сағал мырза	225
Байсын мен Байжан	226
Мәлике қыз бен Ғабдұлғалым қысасы	226
Сұлтанмахмұт Торайғыровтың жазған балалық шағы	228
Торайғыр бидің толғауы	229
Жанқұтты шешен мен Абай	230
Жанқұттының Құнанбай, Алшынбай, Шорманның Мұсасына айтқаны	231
Шабанбай бидің Жанқұттыға берген батасы	231
Шашанбай шешен айтқан екен.....	232
Ишан қари мен Шәкира сұлу	233
Айдабол Мұқан молланың шығарған өлеңі	234
Сақау ақын мен Тоғжан қыздың айтысы	236
Асубайдың уәжі	239
Қарыбай болыс пен Қуат ақын	240
Ақпан жырау	241
Әздембайдың әзілі	241
Асанқайғының сөзі	241
Толғау	242
Хан мен Қазы	242
Досбол бидің сөздерінен	242
Құдаша біз келген соң нан илейді	244
Дуанбасы Ыбырай мен Ағыбайдың кездесуі	244
Қыз көретін жігітті біз көрейік	245
Шоқай сексен жаста қызға барған	245
Баласы Атығайдың Зілқара едім	246
Ақтайлақ би	247
Әз Жәнібектің Жиреншеден сұраулары	247
Әз Жәнібек пен Қарабас шешен	248
Әйтеке бидің сөздері	248
Ғазықан мен Шорман би	251
Тоқсан би мен қыздардың қақтығысы	251
Әнет бабадан Қазыбектің ақыл сұрауы	252
Абылай ханның бір сөзі	252
Мөңке би мен Сырым	253
Әлібай мен Садыр ақын	253





Көбей би	253
Жұмабайдың Шорман атануы	254
Жыл екіге бөлінеді (ай-жұлдыз)	255
Әр беттен алынған қысқа да нұсқа нақыл сөздер	255
Дастарханға бата	256

АЛТЫНШЫ ДӘПТЕР

Мәшһүр Жүсіп шығармаларынан	259
Пайғамбар сөздері.....	288
Жұдай хан мен Ақсақ Темірдің әңгімесі	289
Ақыл сөз – нақыл сөз	295
Ақылбайдың тоны (ел аузынан)	296
Әсеттің Кемпірбайдың көңілін сұрауы	297
Шөже ақынның сөздері	298
Шоң бидің қардың кетуіне бір айтқан сөзі	302
Жанқұттының қартайған шағында айтқаны	303
Біржанның Мұса мырзаға айтқаны	304
Абай сөздері.....	304
Кім сұлу?.....	306
Неде қасиет жоқ?	307
Қазына – білімдінің басында	307
Достық екі түрлі	307
Шәкәрім Құдайбердиевтің өлеңдерінен үзінді	307
Қыз бен жігіт	309
Қыз бен жігіт әзілі	310
Қопа шешен мен Саққұлақ	310
Қопа мен Алшынбай	311
Өмір туралы	311
Байдалы бидің сөзі	313
Абылай хан мен Бекболат би	313
Сұлтанмахмұт Торайғыров	315

МӘШЕКЕҢ ЖАЙЫНДА БІЛЕТІНДЕРІМНЕН

Жұқаш Кәрібаев ақсақалдың әңгімелерінен	319
Ескелдіге көшіп келді	332
Үш Жүсіп, бір Мәшірап.....	333
Белгілі қаламгер Әбілмәжін Жұмабаевтың Жұқаш Кәрібаевқа жазған хаты.....	334
Мәшһүр бабамыздың қара қылышының қасиеті туралы әңгіме	338

Жұмагүл Жұқашқызы Кәрібаева

Жұқаш Кәрібайұлының жиған-тергені

Баспаға дайындаған: Ж. Мейірман

17.04.2025 ж. басуға қол қойылды. Көлемі 60x84/16. Офсеттік басылым. Қаріп түрі KZ Century Gothic. Шартты баспа табағы 20,5. Таралымы 300 дана. ЖК «Сытин А.А.» баспаханасында басылған. Қазақстан Республикасы, 140000, Павлодар к., 29 Ноябрьр к., 2, Тел.: 8 (7182) 61-82-13, 61-82-12



*Карыбаев
Нуржан*

ЗА ХРАБРОСТЬ, СТОЙКОСТЬ И МУЖЕСТВО,
ПРОЯВЛЕННЫЕ В БОРЬБЕ С НЕМЕЦКО-
ФАШИСТСКИМИ ЗАХВАТЧИКАМИ,
И В ОЗНАМЕНОВАНИЕ 40-ЛЕТИЯ
ПОБЕДЫ СОВЕТСКОГО НАРОДА
В БЕЛКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЕ
1941—1945 ГОДОВ

УКАЗОМ ПРЕЗИДИУМА
ВЕРХОВНОГО СОВЕТА СССР

от 13 марта 1985 г.
НАГРАЖДЕН Орденом
ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ
1 степени

Секретари Президиума
Верховного Совета СССР
№ дасна *2686583*

в № 400285

„ДВАДЦАТЬ ЛЕТ ПОБЕДЫ
В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЕ
1941—1945 гг.“



„ЗА ПОБЕДУ НАД ГЕРМАНИЕЙ
В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЕ
1941—1945 гг.“

УДОСТОВЕРЕНИЕ

За участие в Великой
Отечественной войне

*Красноармеец
Жарабаев
Мухамед*

УКАЗОМ ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО
СОВЕТА СССР от 9 мая 1945 года
НАГРАЖДЕН МЕДАЛЬЮ

„ЗА ПОБЕДУ НАД ГЕРМАНИЕЙ
В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ
ВОЙНЕ 1941—1945 гг.“

От имени ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО
СОВЕТА СССР МЕДАЛЬ ВРУЧЕНА

31 мая 1945 г.
М. П. *Молотов* *Андреев*

„СОРОК ЛЕТ ПОБЕДЫ
В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЕ
1941—1945 гг.“



УЧАСТНИКУ ВОЙНЫ



„60 лет ВООРУЖЕННЫХ СИЛ СССР“

Награжден медалью:

„за отвагу“ *Ж.*

ИЗВЛЕЧЕНИЯ

из „Важности о медали „За отвагу“
(Утверждено Указом Президиума Верховного Совета
СССР от 17 октября 1938 г.).

1. Медалью „за отвагу“ награждаются
воинслужащие рядового, командного и
начальствующего состава Рабоче-Крестьян-
ской Красной Армии, Военно-Морского
Флота и Войск пограничной охраны за
личное мужество и отвагу в боях с врагами
Советского Союза на театре военных дей-
ствий, при защите неприкосновенности
государственных границ или при борьбе
с диверсантами, шпионами и прочими вра-
гами Советского государства.

2. Награждение медалью производится
Президиумом Верховного Совета СССР.

3. Награжденные медалью должны пода-
вать личный пример храбрости, мужества
и отваги в борьбе с врагами Советского
государства и служить образцом для других
граждан при исполнении государственных
обязанностей.



Ж № 718786

УДОСТОВЕРЕНИЕ

*Карибаев
Жукаш*

В соответствии с Указом Президиума
Верховного Совета СССР

от **7 мая** 1963 года

награжден юбилейной медалью

**«ДВАДЦАТЬ ЛЕТ ПОБЕДЫ
В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ
ВОЙНЕ 1941—1945 гг.»**

От имени Президиума Верховного
Совета СССР медаль вручена



14 декабря 1967 года
Бала-Буцакши уланган
М.Д. [Signature]

**«ТРИЦАТЬ ЛЕТ ПОБЕДЫ
В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЕ
1941—1945 гг.»**



АСТНИКУ ВОЙНЫ

УДОСТОВЕРЕНИЕ

*Карибаев
Жукаш*

В соответствии с Указом Президиума
Верховного Совета СССР
от 25 апреля 1975 года
награжден юбилейной медалью

**«ТРИЦАТЬ ЛЕТ ПОБЕДЫ
В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ
ВОЙНЕ 1941—1945 гг.»**

От имени Президиума Верховного
Совета СССР медаль вручена



19 июля 1977 года
Бала-Буцакши уланган
М.Д. [Signature]

УДОСТОВЕРЕНИЕ

*Карибаев
Жукаш*

В соответствии с Указом Президиума
Верховного Совета СССР

от 12 апреля 1985 года

награжден юбилейной медалью

**«СОРОК ЛЕТ ПОБЕДЫ
В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ
ВОЙНЕ 1941—1945 гг.»**

От имени Президиума Верховного
Совета СССР медаль вручена



8 апреля 1985 года
Бала-Буцакши уланган
М.Д. [Signature]

«50 лет Вооруженных Сил СССР»



УДОСТОВЕРЕНИЕ


*Карибаев
Жукаш*

В соответствии с Указом Президиума
Верховного Совета СССР

от 26 декабря 1987 года

награжден юбилейной медалью
**«50 ЛЕТ ВООРУЖЕННЫХ
СИЛ СССР»**

От имени Президиума Верховного
Совета СССР медаль вручена



24. декабрь 1987 года
Бала-Буцакши уланган
М.Д. [Signature]

УДОСТОВЕРЕНИЕ

*Карибаев
Жукаш*

В соответствии с Указом Президиума
Верховного Совета СССР

от 28 января 1978 года

награжден юбилейной медалью

**«60 ЛЕТ ВООРУЖЕННЫХ
СИЛ СССР»**

От имени Президиума Верховного
Совета СССР медаль вручена



29 января 1978 года
Бала-Буцакши уланган
М.Д. [Signature]

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2004 жылғы 14 қыркүйектегі
№ 1439 Жарлығы бойынша

**Қарыбаев
Жұкаш**

**«1941-1945 жж.
Ұлы Отан соғысындағы
Жеңіске 60 жыл»**
мерекесі аяраімен наградалды



14 қыркүйек 2004 жыл
Бала-Буцакши уланган
М.Д. [Signature]



Жұмагүл Жұқашқызы Кәрібаева
1948 жылы 5 желтоқсанда
Павлодар облысы Баянауыл
ауданы «Алексеевка»
кеңшарында дүниеге келген.
1974 жылы Алматы ауыл
шаруашылығы
институтының экономика
факультетін бітірді.
33 жыл қаржы саласында еңбек
етіп, 23 жыл Екібастұз қаласы
әкімдігінің қаржы бөлімін
басқарды.
«Екібастұз қаласы алдында
сіңірген еңбегі үшін»,
«Павлодар облысы алдында
сіңірген еңбегі үшін»
төсбелгілерінің иегері.
Екібастұз қаласының
Құрметті азаматы.

